



100  Halyk

Жылдық есеп
2023

МАЗМҰНЫ

1. Глоссарий	3	11. Қаржылық қызметтің нәтижелеріне шолу	45
2. Halyk Bank-ке қысқаша шолу	5	12. Қызметтің негізгі бағыттарына шолу	48
3. Бизнес-үлгі	9	13. Тәуекелдерді басқару	62
4. Директорлар кеңесі Төрағасының сөзі	12	14. Корпоративтік басқару туралы есеп	69
5. Басқарма Төрағасының сөзі	16	15. Әлеуметтік есеп	89
6. Директорлар кеңесі	20	16. Жауапкершілік туралы мәлімдеме	99
7. Басқарма	25	17. Даму перспективалары	101
8. Негізгі оқиғалар	32	18. 2023 жылғы аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілік (Тәуелсіз аудиторлар есебін қоса алғанда), 2023 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер	104
9. Марапаттар	37	19. Акционерлерге арналған ақпарат	259
10. Қазақстан Республикасының макроэкономикасына және банктік секторына шолу	40		

«Altyn Bank» АҚ	«Altyn Bank» АҚ (China Citic Bank Corporation Ltd ЕБ)
ҚНРА	Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі
ЕДБ	Екінші деңгейдегі банк
АЖЖЖ	Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы
«Halyk» тобы, Топ	«Қазақстан Халық Банкі» АҚ компаниялар тобы
Бизнестің жол картасы-2025	«Бизнестің жол картасы-2025» кәсіпкерлікті қолдау мен бизнесті дамытудың бірыңғай бағдарламасы
АҚ	Ақпараттық қауіпсіздік
АЖ	Ақпараттық жүйе
АТ	Ақпараттық технологиялар
КБ	Корпоративтік бизнес
КД	Банктің Коммерциялық дирекциясы
ФКК	Филиалдың кредиттік комитеті
ФЖКК	Филиал желісінің кредиттік комитеті
АПКМ	Активтер мен пассивтерді басқару комитеті
ШБ	Шағын бизнес
ФШКК	Облыстық/өңірлік филиалдың шағын кредиттік комитеті
ШОБ	Шағын және орта бизнес
Halyk Bank, Банк	«Қазақстан Халық Банкі» АҚ
ҚРҰБ	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

ҰКП	Ұлттық кәсіпкерлер палатасы
ҰҚ	Қазақстан Республикасының Ұлттық Қоры
ОПЕРБ	Операциялық басқарма
КАБҰ	«Халық Актив» ЖШС, «КУСА Халық» ЖШС
ОФ/ӨФ	Облыстық филиал / Өңірлік филиал
ҚКЗ/ТҚ	Заңсыз жолмен алынған кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл
ББ	Бөлшек бизнес
БКК	Бас банктің Бөлшек кредиттік комитеті
ЕКҚК	Есептік-кассалық қызмет көрсету
ОБ	Орта бизнес
ҚОЖ	Қашықтан оқыту жүйесі
БАҚ	Бұқаралық ақпарат құралдары
ШОКС	Шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі
«Даму» қоры	«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
ШҚО	Шешімдерді қабылдау орталығы
AIX	«Астана» халықаралық қаржы орталығының биржасы
GDR	Global Depositary Receipt / Жаһандық депозитарлық қолхат
GMV	Gross Merchandise Value / Тауар айналымының жалпы көлемі
KASE	Қазақстан қор биржасы
LSE	Лондон қор биржасы
SKU	Stock Keeping Unit / Қойма Есебінің Бірлігі



Halyk Bank қысқаша шолу



ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН НЕГІЗДЕ ҚЫЗМЕТТІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Halyk Bank қысқаша шолу

Көрсеткіш	01.01.2024		01.01.2023	
	млн. теңге	млн. АҚШ долл.*	млн. теңге	млн. АҚШ долл.*
Клиенттерге берілетін заемдар	9 284 872	20 426,1	7 857 902	17 046,1
Активтер жиыны	15 494 368	34 086,5	14 395 102	31 227,2
Клиенттердің қаражаты	10 929 504	24 044,1	10 512 048	22 803,6
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	653 393	1 437,4	462 817	1 004,0
Кредиттік мекемелердің қаражаты	778 311	1 712,2	878 665	1 906,1
Меншікті капитал жиыны	2 476 954	5 449,1	2 012 242	4 365,1

Көрсеткіш	2023		2022	
	млн. теңге	млн. АҚШ долл.**	млн. теңге	млн. АҚШ долл.**
Таза пайыздық кіріс	719 832	1 577,5	562 537	1 221,6
Қызметтер мен комиссиялар бойынша кіріс	200 060	438,4	180 066	391,0
Операциялық шығыстар (қаржылық емес активтердің құнсыздануынан залалдарды есепке алғанда)	(216 405)	(474,2)	(188 959)***	(410,4)
Таза кіріс	693 436	1 519,7	569 478	1 293,9

* Тиісті күнге ҚРҰБ ресми бағамы бойынша аударғанда.

** Тиісті кезең үшін ҚРҰБ орташа ресми бағамы бойынша аударғанда.

*** Оның ішінде 5,103 млн теңге сомасына «Өзге кредиттік залалдар бойынша қалпына келтіру/(кредиттік залалдар бойынша өзге шығыстар)».

Көрсеткіш	2023	2022
Орташа меншікті капиталға қайтарым	32,5%	32,4%
Орташа активтерге қайтарым	4,8%	4,3%
Таза пайыздық маржа	6,2%	5,6%
Операциялық шығыстар / операциялық кірістер	19,2%	19,0%
Операциялық шығыстар / активтер	1,5%	1,4%
Негізгі капитал жеткіліктілігінің коэффициенті (CET)	19,3%	19,2%
Бірінші деңгейдегі капитал жеткіліктілігінің коэффициенті	19,3%	19,2%
Меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициенті	19,6%	19,5%

Клиенттер/шоттар саны

Көрсеткіш	01.01.2024	01.01.2023
Бөлшек бизнес клиенттері (белсенді), мың	10 188	9 852
ЕКҚК-дағы ШОБ-тың белсенді клиенттері, мың	369	310,7
Белсенді корпоративтік клиенттер, мың	2,3	2,3
Төлем карталары, мың дана	20 118	17 456
Бөлшек кредиттер, мың дана	2 531	2 181
Ипотекалық кредиттер, мың дана	42	43
Өзге тұтынушылық кепілді және кепілсіз кредиттер, мың дана	2 489	2 138
Интернет-банкінгі пайдаланушылар саны, мың		
- жеке тұлғалар	10 188	9 416
- заңды тұлғалар	514,7	418

Halyk Bank қысқаша
шолу


Halyk Bank	570 қызмет көрсету орны, оған қоса:
	- 25 қалалық, облыстық және өңірлік филиал
	- 119 аудандық басқарма
	- 329 дербес сервис орталығы (ДСО)
	- 3 VIP-сервис орталығы
	- 48 банктік қызмет көрсету орталығы (БҚКО)
	- 13 есептік-кассалық бөлімше (ЕКБ)
	- 33 бизнес орталығы (ЗТ қызмет көрсету)
	4 579 банкомат
	330 847 POS-терминал
	941 төлем терминалы

«Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ	18 филиал, 40 астам сауда орны
«Халық-Life» АҚ	20 филиал, және 7 өкілдік
«Halyk Finance» АҚ	1 филиал
«Halyk Инкассация» ЖШС	20 филиал, 34 бөлімше
«Халық Банк Қырғызстан» ААҚ	10 филиал, 8 жинақ кассасы, 6 көшпелі касса
«Халық Банк Грузия» АҚ	8 филиал, 1 бөлімше
«Tenge Bank» АҚ	18 филиал (6 БҚО және 12 БСО), 46 әмбебап касса
«Қазтелепорт» АҚ	Өзбекстан Республикасында 1 филиал, 1 еншілес ұйым
«Halyk Finservice» ЖШС	Өзбекстан Республикасында 1 еншілес ұйым
«Халық Актив» ЖШС	Ресей Федерациясында 1 филиал
«КУСА Халық» ЖШС	Ресей Федерациясында 1 филиал

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Halyk» тобы толық жұмыспен қамтылу баламасындағы саны 16 833 қызметкерді құрады.

«HALYK» ТОБЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Halyk Bank қысқаша шолу



Осы жылдық есепті жариялау күніндегі жағдай бойынша:

- Halyk Bank-тің «Altyn Bank» (China Citic Bank Corporation Ltd EB) АҚ-ның акционерлік капиталына қатысу үлесі 40%-ды құрайды;
- Halyk Bank-тің «Бірінші кредиттік бюро» ЖШС-нің капиталына қатысу үлесі 38,8%-ды құрайды.
- Open Networks Ltd. жеке компаниясының капиталына қатысу үлесі 50%-ды құрайды.

* Осы есеп жарияланған күні Банк «Халық Банк Қырғызстан» ААҚ-ның 100% акциясын сату бойынша мәмілені аяқтады

** Банктің жай акциялары 1998 жылы Қазақстан Қор Биржасының ресми тізіміне енгізілді, Банктің жай акциялары 2006 жылы Лондон Қор Биржасының ресми тізіміне жаһандық депозитарлық қолхаттар нысанында енгізілді, Банктің жай акциялары 2019 жылы Astana International Exchange ресми тізіміне енгізілді.

2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың орналастырылған жай акцияларының (бұдан әрі – акция) кемінде 5%-на иеленетін «Halyk» тобының акционерлері туралы мәліметтер**:

№	Атауы	Иеліктегі акциялардың жиыны, дана	Иеліктегі акциялардың жиыны айналымдағы акциялар жиынының %-ы түрінде
1	Жарияланған акциялардың барлығы	25 000 000 000	-
2	«АЛМЭКС» холдингік тобы» АҚ	7 583 538 228	69,6%
3	ЖДҚ ұстаушылары (ISIN: US46627J3023/US46627J2033)	3 109 586 880	28,5%
4	Басқалары	209 046 483	1,9%
5	Айналымдағы акциялардың барлығы	10 902 171 591	100,0%
6	Банк құнын өтеп сатып алған акциялар	(2 539 270 930)	-
7	Топ компаниялары ұстап тұрған акциялар	(6 102 261)	-
8	Орналасырылған акциялардың барлығы	13 447 544 782	-
9	Еркін айналымдағы акциялардың барлығы (KASE-нің листингтік ережелеріне сәйкес)	3 324 735 624	-
10	Акцияның нарықтық бағасы, теңге ***	160,5	-
11	Жаһандық депозитарлық қолхаттардың (GDR) нарықтық бағасы, теңге / АҚШ доллары****	15,16	-

«АЛМЭКС» холдингік тобы» АҚ «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акцияларының бақылау пакетін иеленетін холдингік компания болып табылады.

*** 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша KASE айқындайтын және KASE-нің интернет сайтында (www.kase.kz) жариялайтын акцияның нарықтық бағасы.

**** Лондон қор биржасының (LSE) мәліметтері бойынша 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Жаһандық депозитарлық қолхаттардың (GDR) нарықтық бағасы.



Бизнес-үлгі



Макроэкономикалық сын-қатерлер жағдайындағы сенімді қаржылық жағдай

- Макротәуекелдерге төзімді бизнес-үлгі (2014–2023 жж. RoAE, Cost-to-Income және COR орташа мәні 27,3%, 26,2% және 0,7%);
- капиталдандырудың жоғарғы деңгейі: негізгі капитал жеткіліктілігінің коэффициенті (CET1) – 19,3%, бірінші деңгейдегі капитал жеткіліктілігінің коэффициенті (Tier 1 capital) – 19,3%, меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициенті (Total capital) – 19,6%;
- акционерлердің кірістілігін ұстап тұратын өтімділіктің жоғары деңгейі (2023 ж. үшін RoAE мәні 32,5%);
- өтімділіктің айтарлықтай деңгейі: жалпы активтерге өтімді активтер – 24,3%, қолжетімді тұрақты қорландырудың талап етілетін тұрақты қорландыруға қатынасының коэффициенті (NSFR) – 1,198;
- қорландырудың жоғарғы сапалы базасы: кредиттер / депозиттер – 85 %;
- екінші деңгейдегі банктер арасында қорландырудың ең төмен мөлшерлемелерінің бірі;
- депозиттер міндеттемелердің жалпы сомасының 84 % құрайды, олардың 25,5 % нөлдік немесе төмен мөлшерлемесі бар ағымдағы шоттарды білдіреді;
- төмен борыштық жүктеме – борыштық бағалы қағаздар міндеттемелердің жалпы сомасының 5 % ғана құрайды. 2023 жылдың аяғында Банктің борыштық бағалы қағаздарына тек жергілікті нарықта шығарылған облигациялар кіреді;
- тиімді тәуекел-менеджмент, активтердің сапасын жақсарту бойынша тұрақты жұмыс: жұмыс істемейтін кредиттердің үлесі (мерзімі 90 күн және одан да көп) бір жыл ішінде – 2,1%-дан 2,4%-ға дейін аздал есті, 3-кезеңдегі заемдардың үлесі 7,5% деңгейінде сақталды; резервтермен өтеу – 67,0%-ды құрады; тәуекел құнының көрсеткіші заемдар бойынша кредиттік залалдар бойынша шығыстардың неғұрлым қалыпқа келтірілген деңгейін көрсете отырып 1,0% деңгейіне жетті;
- төңгерімді валюталық позиция – валюталық активтердің үлесі 31,5% құрайды, валюталық міндеттемелердің үлесі 32,6% құрайды;
- табыстылықты қосымша қолдауды қамтамасыз ететін жоғары операциялық тиімділікті қолдау – 2023 жылы операциялық шығыстардың операциялық кірістерге арақатынасының көрсеткіші 19,2 % құрады;
- 2008–2009, 2015–2016 жылдары, коронавирустық пандемия дағдарысы кезінде, сондай-ақ 2022–2023 жылдары бұрын-соңды болмаған ішкі және аймақтық макрошөк пен аймақтағы геосаяси шиеленісті ескере отырып, Банкті сәтті басқарған тәжірибелі менеджмент тобы;

○ операциялық ортаның жаһандық және өңірлік нашарлауына қарамастан, халықаралық рейтингтік агенттіктер растаған шетелдік қатысусыз қазақстандық екінші деңгейдегі банктер арасындағы ең жоғары ұзақ мерзімді кредиттік рейтингтер. Moody's Investor Services агенттігінің бағалауы бойынша Банктің рейтингі тәуелсіз деңгейде.

- Moody's Investor Services – Baa2 (позитивті, 2023 ж. 01 қараша);
- Standard&Poor's – BB+ (позитивті, 2024 ж. 19 наурыз);
- Fitch Ratings – BBB- (тұрақты, 2024 ж. 20 наурыз).

Нарықтағы күшті позиция және жүйелік маңызы жоғары жетекші аймақтық қаржы институты

- ең ірі клиенттік базасы және сату арналарының желісі бар Қазақстанның жетекші әмбебап қаржы тобы: белсенді бөлшек бизнес клиенттерінің саны – 10,2 млн және корпоративтік блок пен ШОБ белсенді клиенттерінің саны 371 мың; Halyk Super-App бөлшек клиенттеріне арналған онлайн-банкінг клиенттерінің саны 10,2 млн және Onlinebank КБ және ШОБ клиенттеріне арналған онлайн-банкінг клиенттерінің саны 514,7 мың; ірі филиалдар желі – 570 қызмет көрсету орны. 4 579 банкомат (нарық үлесі – 36%), 330 847 POS-терминал (нарық үлесі – 32%);
- Halyk Bank активтерінің көлемі (нарықтағы жиынтық үлесі 29%), меншікті капиталдың мөлшері – 34,9 %, таза пайда көлемі – 28,4%, бөлшек депозиттер мөлшері – 27,4 %, заңды тұлғалар депозиттерінің мөлшері – 36,5 %; брутто заемдары – 32,0% және нетто заемдары – 32,8% бойынша Қазақстанда көшбасшы болып табылады;
- еліміздің ең ірі транзакциялық банкі: 2023 жылы Банк клиенттері 121,2 трлн теңге сомасына транзакциялар жүргізді, 2023 жылы Банктің клиенттері 121,2 трлн теңге сомасына транзакциялар жүргізді, оның ішінде бөлшек бизнес клиенттері 11,7 трлн теңге сомасына транзакциялар жүргізді, бұл 2022 жылғы көрсеткіштен 48%-ға артық; ал заңды тұлғалар 109,5 трлн теңге сомасына транзакциялар жүргізді, бұл 2022 жылғы көрсеткіштен 20%-ға артық;
- зейнетақы мен әлеуметтік төлемдерді төлеу бойынша ең ірі төлем агенті – 2.5 миллион клиент;
- кәсіпкерлер мен халықты қолдау жөніндегі мемлекеттік бағдарламалардың белсенді қатысушысы – халықты және кәсіпкерлерді қолдаудың барлық мемлекеттік бағдарламаларына қатысу;
- 2018 жылдан бастап Банк өзінің «Бизнесіге әйелдер» бағдарламасын қаржыландырып келеді, оның шеңберінде 570-ке жуық бизнес-ханым жылдығы 5-7% сыйақы мөлшерлемесімен шамамен 5,6 млрд теңгеге жеңілдікті кредиттер алды.

* СҚКҚ ескере отырып

Цифрлық қызмет көрсету арналарын үздіксіз дамыту

- **Halyk Super-App** > Қазақстандағы бөлшек бизнес клиенттері үшін жетекші интернет-банкінг платформаларының бірі болып табылады: 7,9 млн MAU (ай сайынғы белсенді пайдаланушылар) / 2,3 млн DAU (күнделікті белсенді пайдаланушылар) – жылдан жылға 46,2%-ға өсім / жылдан жылға 34,9%-ға өсім;
- **Күнделік** — kundelik.kz сайтында тіркелген 5-11 сынып оқушыларына арналған мотивациялық бағдарлама Halyk Bank-пен бірлесіп іске асырылды. Әрбір «10» балл үшін оқушы Halyk Easy банктік картасына 100 бонус ала алады;
- Бөлшек және корпоративтік бизнестің синергиясы цифрлық автокредиттеудің айтарлықтай өсуіне әкелді: 2023 жылы берілген автокредиттер көлемі өткен жылмен салыстырғанда 2,5 есе болды; 2023 жылғы желтоқсанда автокредиттеу нарығының үлесі 24,4% құрады;
- КБ мен ШОБ клиенттері үшін **Onlinebank** – 514,7 мың онлайн-банкінг клиенті, қосымшаның WEB және мобильді нұсқасында 274,2 мың MAU (жылдан жылға өсім 8,1%).
- Цифрлық банктік тендерлік кепілдіктер 2023 жылы айтарлықтай өсім көрсетті, осылайша берілген кепілдіктер көлемі 4,6 есе, ал саны 3,7 есе өсті.

Елдегі ең кең ашық экожүйені дамыту

- **Halyk Market** интернетінде сауда жасау үшін технологиялық шешім жақсы өсу қарқынын көрсетеді – 63,9 млрд теңге GMV (2023 жылғы өсім 2,7 есе), серіктестер саны – 4 557 (2022 жылдың соңында 2 385 серіктес). Біз ең жақсы клиенттік тәжірибені қамтамасыз ету үшін көбірек серіктестер тартып, SKU базасын жақсартудамыз – 874,3 мың SKU (2022 жылдың аяғында 495,8 мың SKU);
- әуе, т/ж және қалааралық автобус билеттерін іздеуге, салыстыруға және сатып алуға арналған **Halyk Travel** қосымшасы – 7 681 млн теңгеге билет сатылды (жылдан жылға өсім 20,4%);
- **Kino.kz** қызметі - пайдаланушылар ойын-сауықтың барлық түрлеріне билеттерді таба және сатып ала алады – 2,8 млн MAU (2022 жылдың аяғында 2,2 млн MAU). Нарық үлесі 37,3%-ға дейін өсті, бұл өткен жылмен салыстырғанда 9,3%-ға жоғары.
- **онлайн автосақтандыру** – GMV-нің 4,0 млрд теңгеге дейін сенімді өсуін қамтамасыз етуді жалғастыруда (жылдан жылға өсім 1,8 есе), ал полистер саны 346,9 мың, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 1,6 есе артық.
- **Онлайн мемлекеттік қызметтер**. ЕДБ арасында мемлекеттік онлайн-қызметтердің ең көбі Банкте қолжетімді – 2023 жылдың аяғында клиенттер үшін 52 мемлекеттік қызмет (жақын баскелесте 35). 2023 жылы мемлекеттік қызметтерді 13 млн рет пайдаланды;
- Клиенттік базаның және **Halyk Invest және Halyk Finance брокерлік сервистері бойынша** мамілер көлемінің, оның ішінде Банктің бөлшек клиенттерін қамтудың арқасында белсенді өсуі. Клиенттер саны 677,6 мыңға жетті (өсім 1,7 есе). 2023 жылы Halyk Finance зейнетақы активтерін басқарудың жаңа нарығына шығып, 51% үлеске жетті, ал басқару бойынша активтер бір жылда 63%-ға өсті.

Halyk Invest және Halyk Finance – SPO және IPO орналастыру кезінде негізгі брокерлік платформалар болып табылады. 2023 жылғы 3-тоқсанда «KEGOC» АҚ акцияларының қайталама жария ұсынысы (SPO) шеңберінде «KEGOC» АҚ SPO жалпы көлемінің 9,2 млрд теңгесі немесе 40,8%-ы «Halyk» тобының брокерлік платформалары арқылы орналастырылды. 2024 жылғы ақпанда «Air Astana» АҚ акцияларының бастапқы жария ұсынысы (IPO) шеңберінде 65 млн USD немесе «Air Astana» АҚ IPO жалпы жергілікті көлемінің 30,4% Halyk Invest және Halyk Finance арқылы орналастырылды.

Халықаралық экспансия аясында Өзбекстанға стратегиялық назар аудару

- Өзбекстанмен серіктестік - біздің басты бағытымыз болып қала береді.
- Halyk және Tenge Bank балансынан Өзбекстанға берілген несиелер портфелі 477,1 млрд теңгені құрайды.
- «Tenge Bank» АҚБ еншілес банкінің табысты дамуы және Өзбекстандағы қазақстандық бизнестің саудасы мен трансшекаралық экспансиясын қолдаудағы жан-жақты тәсіл.
- «Halyk» тобы 3 жыл ішінде Өзбекстаннан 92,5 млрд теңге пайыздық және комиссиялық кіріс алды.
- Halyk Қазақстан мен Өзбекстан арасында жасалатын төлемдер үшін маңызды арна жасайды. 2023 жылы екі ел арасында 1,1 трлн теңгеден астам қаражат аударылды.

ESG үздік тәжірибелерін сақтау

- 2020 жылдан бастап Halyk Bank Банктің экологиялық, әлеуметтік жауапкершілік және корпоративтік басқару саласындағы қызметінің негізгі аспектілерін ашатын GRI халықаралық стандарттарына сәйкес Орнықты даму туралы есепті жариялайды.
- 2022-2024 жылдарға арналған Топтың бекітілген стратегиясы шеңберінде біз БҰҰ-ның орнықты дамуының 17 мақсатының ішінен Банкке сәйкес келетін 11 ОДМ таңдап, орнықты даму саласындағы стратегиялық басымдықтарды айқындадық.
- Жанама әсері бөлігінде күн тәртібін іске асыру үшін Halyk Bank:
 - ESG-ді тәуекелдерді басқару жүйесіне біріктірді;
 - жауапты қаржыландыру қағидаттарын енгізуді жалғастыруда.
- Halyk Bank БҰҰ-ның жаһандық шартына қосылған Қазақстандағы алғашқы банк болды.
- Halyk Bank Task Force on Climate-related Financial Disclosures (TCFD) ұсынымдарына сәйкес ESG есебін 2022 жылы жариялады.



Директорлар кеңесінің
Төрағасы сөзі



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ А.С. ПАВЛОВТЫҢ СӨЗІ

Құрметті акционерлер, клиенттер мен серіктестер!

2023 жыл Шығыс пен Батыс арасындағы геосаяси шиеленістің күшеюімен, экономикалық өсудің жаһандық баяулауымен және халықаралық логистикадағы үзілістермен есте қалды. Көмірсутектерді негізгі тұтынушы елдердегі экономикалық белсенділіктің баяулауы, өз кезегінде, мұнай бағасына теріс әсер етті, ол бір жылда 17%-ға төмендеді.

Алайда, макроэкономикалық және энергетикалық тұрақсыздықтың сыртқы факторларының, Украинадағы әскери қақтығыс салдарының, отандық мұнай өндірудегі жоспарланбаған үзілістердің және дәнді дақылдардың әлсіз өнімінің теріс әсеріне қарамастан, Қазақстан экономикасы 2023 жылдың қорытындысы бойынша ЖІӨ-нің 5,1%-ға өскенін көрсетіп, Дүниежүзілік банк пен Халықаралық валюта қорының жалпы әлемдік және елдік болжамдарынан айтарлықтай асып түсті. Бұл ретте аграрлық саланы қоспағанда, ел экономикасының барлық негізгі салаларында оң динамика байқалды: құрылыста өсім 13,3%, саудада – 11,3%, ақпарат және байланыс саласында – 7,1%, көлік саласында – 6,9%, өнеркәсіпте – 4,3%. Мұндай жеделдетудің негізгі драйверлері төртінші тоқсанда ішкі мұнай өндіруді қалпына келтіру, экономикаға Ұлттық қордан қосымша 1,3 трлн теңге құю және сауда белсенділігін арттыру болды. Сонымен қатар, монетарлық реттеуші қатаң ақша-кредит саясатын іске асыру есебінен жылдық инфляцияны 9,8%-ға дейін төмендете алды, ал үкімет «мұнай инъекцияларының» арқасында негізгі капиталға инвестициялар көлемін 13,7%-ға, 39,5 млрд АҚШ долларына дейін ұлғайта алды.



Қазақстанның қаржы секторының дамуы біршама баяулап, органикалық кезеңге өтті, бұл Halyk тобына стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге және негізгі бизнес-бағыттарды дамыту, Қазақстан, Өзбекстан және Грузия нарықтарында қатысуын кеңейту жөніндегі міндеттерді шешуге кедергі болмады. Айта кету керек, халықаралық санкция режимін қатаңдатуға байланысты түпекелдердің өсуі және қазақстандық компанияларға қайталама санкциялар салу қаупі Банктен жаңа клиенттердің төлемдері мен шоттарын бақылау жөніндегі ішкі рәсімдер мен бизнес-процестерді барабар өзгертуді, барлық комплаенс-қызметті ауқымды қайта құруды, комплаенс-бақылау және валюталық бақылау департаменттерінің штатын күшейтуді талап етті. Біздің ойымызша, бұл тәсіл бізге Банктің бизнесіне төнетін барлық қауіп-қатерлерді барынша азайтуға мүмкіндік береді және оның беделін халықаралық инвестициялық қоғамдастықтың, рейтингтік агенттіктердің және сыртқы аудиторлардың көз алдында сақтауға көмектеседі.

2023 жылдың қорытындысы бойынша Halyk тобының таза пайдасы 21,8%-ға 693 млрд. теңгеге дейін өсті, ал Топтың шоғырландырылған активтері 15,5 трлн. теңгені құрады, бұл есепті кезеңде клиенттердің қаражаты мен шығарылған борыштық бағалы қағаздардың ұлғаюы есебінен 7,6%-ға өскенін көрсетті. Halyk тобы әлі де көшбасшы болып табылады, активтер бойынша нарықтың 29%-ын иеленді және жақын бәсекелестердің тиісті көрсеткіштерінен едәуір озады. Halyk тобының активтері көлемінің шамамен 60%-ы 2023 жылы 9,3 трлн теңгені құрайтын несиелі портфельін құрайды. Клиенттерге қарыз көлемі бойынша (нетто-негізде) Halyk тобы ұлттық экономиканың ірі коммерциялық кредитор банкі бола отырып, 32,8%-ын иеленді.

Топтың кредиттік портфеліндегі ең үлкен жылдық өсім 25,1% - Қазақстан ШОБ субъектілеріне қарыздар көрсетті, бұл Қазақстанның экономикалық өсуін жеделдету үшін негізгі шарттар ретінде нақты секторға кредит беруді кеңейту жөніндегі мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру бойынша жүйелі жұмыссыздың нәтижесі болды. Бұл жерде банктің отандық бизнесті қолдаудың барлық мемлекеттік бағдарламаларына белсенді қатысатынын атап өту маңызды.

Банктің корпоративтік клиенттеріне 2023 жылы қарыздардың өсуі инфляцияның баяулауы және базалық мөлшерлеменің төмендеуі нәтижесінде кредиттеу құнының төмендеуіне ірі бизнестік күтулерін көрсете отырып, 13,4%-ды құрады. Несиелі портфельінің бөлшек сегменті 22,7%-ға өсті.

Көптеген заңды тұлғалар үшін негізгі серіктес және қызметтердің толық спектрін ұсынатын жалғыз дерлік банк бола отырып, біз күш-жігерімізді банктік қызметтерді барынша цифрландыруға, клиенттік тәжірибені жетілдіруге және заңды тұлғаларға арналған Onlinebank мобильді қосымшасының функционалдығын кеңейтуге жұмылдырамыз. Өткен жылы қосымша арқылы қолжетімді сервистер желісі жаңа цифрлық өнімдер мен қызметтермен толықтырылды, осы орайда Halyk Bank цифрлық тәндерлік кепілдіктері ерекше танымал - олардың саны 2023 жылы 3,7 есе, ал көлемі 4,6 есе өсті. Транзакциялық бизнесте де өсерлі нәтижелерге қол жеткіздік: біздің заңды тұлғалар-клиенттеріміздің транзакциялар көлемі 109,5 трлн теңгеге жетті, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 20%-ға өсімді көрсетті.

Onlinebank қосымшасының танымалдылығының артуы, оның көп функционалдылығы, жоғары қауіпсіздік деңгейі, кәсіпкерлердің қаржысын басқару қызметтерінің әртүрлілігі мен қолжетімділігі 2024 жылы SME Banking Agency беделді ақпараттық-талдау агенттігі тарапынан тағы да жоғары бағаланды. 130-дан астам мамандандырылған мобильді қосымшалар бағаланған Business Mobile Banking 2024 зерттеуінің нәтижелері бойынша Onlinebank Қазақстандағы бизнеске арналған мобильді банктер арасында көшбасшы болып танылды. Onlinebank 2022 жылдың мамыр айында осындай жоғары бағаға ие болды.

Кәсіпкерлерге арналған сервистерді жетілдіру бойынша жұмыстармен қатар біз жеке клиенттерге арналған супер-қосымшаның – Halyk Super App функционалдығын кеңейтуге белсенді инвестиция саламыз. Түрлі қаржылық және қаржылық емес сервистердің кең ауқымының арқасында ол Қазақстандағы бөлшек бизнес клиенттеріне арналған интернет-банкінгің жетекші платформаларының бірі болып табылады. Өткен жылы ғана қосымшаның ай сайынғы белсенді қолданушылары (MAU) 7,9 миллионға жетті, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 46,2% өсім көрсетті. Осы кезеңде қосымшаның күнделікті белсенді қолданушыларының саны (DAU) 34,9%-ға өсті. Қазақстандықтар арасында Halyk Super App танымалдылығының мұндай қарқынды өсуі «бірыңғай терезе» қағидаты бойынша жеке тұлғаларға қызмет көрсетуге жасалған тәсіл деп білеміз, мұнда интеграцияланған қаржы эхожүйесі шеңберінде онлайн-сақтандыру қызметтерін, брокерлік сервистерді, неғұрлым танымал мемлекеттік қызметтерді, сондай-ақ белсенді өмір салтын ұстанатын клиенттерге бағытталған бірқатар бірегей сервистерді толықтыратын қашықтан форматтағы банк қызметтерінің барлық дерлік спектрі ұсынылады. Олардың ішінде – біздің нарықтағы үлестің 37%-ын құрайтын ойын-сауық іс-шараларына билеттерді сату бойынша Kino.ck сервисі; өткен жылы сату көлемі 20%-ға ұлғайған авиа-, теміржол, автобус билеттерін сату бойынша Halyk travel сервисі. Сондай-ақ, Halyk Marketplace электрондық сауда алаңы да кіреді, ол арқылы сатып алу көлемі 2022 жылмен салыстырғанда 2,7 есе өсті. Halyk Super App платформасында іске асырылған Halyk Bank-тің тағы бір бірегей жаңалығы kundelik.ck сайынғанда тіркелген 5-11 сынып оқушыларына арналған мотивациялық бағдарлама болды. Әрбір тамаша үлгерімі үшін оқушы Halyk Easy банк картасына 100 бонус ала алады. Бұған қоса, Halyk Super App арқылы қазақстандықтарға 50-ден астам түрлі мемлекеттік онлайн-қызметтер қолжетімді – бұл елдегі кез келген басқа коммерциялық банкке қарағанда әлдеқайда көп. Нәтижесінде, біздің клиенттер Halyk Super App арқылы мемлекеттік қызметтерді 13 млн-нан астам рет пайдаланды.

Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы ынтымақтастықты кеңейту және сауда байланыстарын нығайту перспективаларын жоғары бағалай отырып, Halyk тобы көрші елді өз бизнесін стратегиялық дамыту үшін басым нарықтардың бірі ретінде қарастырады және еншілес банктің Өзбекстанда болу кезеңінде еншілес Tenge Bank капиталына 100 млн АҚШ долларынан астам инвестиция салған. Halyk Bank балансынан 2023 жылдың аяғында ірі жергілікті жобаларды несиелуге берілген несиелер портфелі шамамен 690 миллион долларды құрады. Осы нарықта жұмыс істеген төрт жылдан астам уақыт ішінде біздің еншілес банктің Өзбекстандағы активтері 556 миллион АҚШ долларынан асты. Бұл ретте өткен жылдың өзінде банктің активтері 161,3 млн АҚШ долларына ұлғайды, оның 83,9%-ы кредиттік портфельдің өсімін құрады. Tenge Bank

жұмысының осындай әсерлі нәтижелеріне бизнес-процестерді автоматтандыруға, заманауи цифрлық технологияларды пайдалануға және мобилді банкингке және Tenge Market толыққанды маркетингін енгізуге баса назар аудара отырып, қашықтан қызмет көрсету арналарын дамытуға негізделген тиімді бизнес-модельдің арқасында қол жеткізілді.

Halyk тобының бизнесін географиялық кеңейтудің тағы бір маңызды бағыты Грузия болып табылады, онда 15 жылдан астам уақыт бойы біздің еншілес құрылыммыз табысты жұмыс істеп келеді. Тауарлардың өсіп келе жатқан айналымы, транзиттік жолдардың белсенді дамуы, логистикалық хабтардың құрылысы және елдеріміз арасындағы туристік ағынның өсуі бізді Грузиядағы еншілес банктің дамуына инвестиция салуға ынталандырады. Өткен жылдың тамыз айында ғана Халық Банк Грузияға 11 млн АҚШ доллары инвестиция салынды, бұл жоғары халықаралық стандарттармен, Halyk тобының үлкен тәжірибесімен және сенімді сараптамасымен, сондай-ақ ең жоғары банктік рейтингімен бірге бізге бизнес көлемін жоспарлы түрде ұлғайтуға, озық технологиялық шешімдерді енгізуге және осы елдің жоғары бәсекеге қабілетті банк нарығында клиенттердің өсіп келе жатқан сұраныстарын қанағаттандыруға мүмкіндік береді. Өткен жылдың қорытындысы бойынша банктің активтері 336 млн АҚШ долларынан асты, меншікті капиталы 88 млн АҚШ долларын құрады, ал таза пайданың өсуі алдыңғы есепті кезеңмен салыстырғанда 40% құрады.

Ресей мен Тәжікстандағы еншілес банктердің капиталынан шыққаннан кейін көрші елдердің нарықтарына инвестицияларының рентабельділігін бағалау бойынша жұмысты жалғастыра отырып, Halyk тобы 2023 жылы Халық Банк Қырғызстанның 100% акциясын сату туралы шешім қабылдады.

Halyk тобы мемлекет пен азаматтарға өзекті мәселелерді шешуге көмектесіп, қазақстандық қоғамның өміріне белсенді қатысуды жалғастыруда. Абай облысында өрт сөндіру кезінде қаза тапқан орман шаруашылығы қызметкерлерінің отбасыларының тағдырын жеңілдету мақсатында біз зардап шеккен отбасыларға үш миллион теңгеден аудардық және олардың Halyk Bank-тегі қолданыстағы несиелерін есептен шығардық. Іске асыруға 2023 жылы Halyk Bank белсенді түрде қосылған тағы бір маңызды бастама - Amanat партиясы қазақстандықтардың қаржылық сауаттылық деңгейін арттыру үшін ұсынған «Қарыссыз қоғам» («Общество без долгов») республикалық жобасы болды. Ұлттық экономиканың ірі коммерциялық кредиторы бола отырып, Halyk Bank отандық қарыз алушылардың кредитті ұтымды тұтыну мәдениетін қалыптастыруға қатысу, кредиттер алу және оларға қызмет көрсету процесіне жауапкершілікпен қарауды ынталандыру өзінің міндеті деп санайды. Қаржылық білімнің жетіспеушілігі ауылдық жерлерде қатты сезілетіндіктен, Halyk Bank бұл дұрыс жобаны қаржыландырды ғана емес, сонымен қатар өз мамандарын кәсіпкерлер мен шалғайдағы ауыл тұрғындарын қаржылық сауаттылық негіздеріне үйретуге жіберді. Жобаға қатысушы азаматтар жеке қаржыны тиімді басқаруды, шығыстары мен кірістерін оңтайландыруды, өздерін алаяқтардан қорғауды үйренді, ал ісін жаңа бастаған кәсіпкерлер компания бюджетін қалай дұрыс қалыптастыру керектігін, салық есептілігін тапсыруды және жеңілдетілген несиелеудің мемлекеттік бағдарламаларының артықшылықтарын пайдалануды үйренді.

Halyk тобының 2023 жылғы басқа да маңызды жетістіктерінің қатарына беделді халықаралық сарапшылар тарапынан Halyk Bank топ-менеджменті жұмысының жоғары бағалары жатады. Банктің Басқарма төрағасы Үміт Шаяхметова бірден екі тәуелсіз сараптамалық қауымдастықтан беделді марапаттарға ие болғаны ерекше қуантады. Осылайша, International Banker халықаралық басылымы Halyk Bank басшысының күрделі макроэкономикалық жағдайларда қаржы институтын дамытуға қосқан үлесін, сондай-ақ несие портфельінің сапасын сақтай отырып, белсенді өсу мен тәуекелдерді басқару арасындағы теңгерімді сақтауды атап өтіп, оған «2023 жылы Шығыс Еуропадағы жылдың үздік банкірі» атағын берді. Өз кезегінде, Өзбекстаннан келген «Юксалиш» жалпыұлттық қозғалысы Әлеуметтік және экономикалық бастамалар институтымен бірге Үміт Шаяхметованы Орталық Азияның TOP-40 әйел көшбасшысына қосып, оның аймақтағы қаржы қоғамдастығын дамытуға қосқан үлесін, сондай-ақ оның бизнес, білім беру, спорт және қоғамдық өмір салаларына елеулі әсерін назарға алды.

Өткен жылдың қиындықтарына қарамастан, Halyk тобы күрделі экономикалық және геосаяси жағдайларда да құрылымдық ұйымның жақсы реттелген корпоративтік басқару жүйесі мен кәсіби менеджменті бар жұмысы өте тиімді және айтарлықтай жеміс беретінін тағы да көрсетті. Біз болашаққа оптимистік көзқараспен қараймыз және Halyk тобының командасы қазіргі стратегиямен анықталған кез келген өр мақсаттарға қол жеткізе алатынына сенімдіміз.

Қорытындылай келе, Директорлар кеңесі атынан акционерлерге, клиенттерге, серіктестерге және барлық әріптестерге ынтымақтастығы, Halyk тобының стратегиялық даму курсын түсініп, қолдау көрсеткендері үшін ризашылығымды білдіргім келеді.

Құрметпен,

**«Қазақстан Халық Банкі» АҚ
Директорлар кеңесінің Төрағасы**

АЛЕКСАНДР ПАВЛОВ



Басқарма Төрағасы сөзі



БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ Ү.Б. ШАЯХМЕТОВАНЫҢ СӨЗІ

**ҚҰРМЕТТІ ХАНЫМДАР МЕН МЫРЗАЛАР!
ҚҰРМЕТТІ КЛИЕНТТЕР, СЕРІКТЕСТЕР, АКЦИОНЕРЛЕР!**

Қазақстанның көптеген мемлекеттік институттары мен жеке ұйымдары үшін 2023 жылдың негізгі лейтмотиві бағаның жаһандық өсуіне, Ресей мен Украина арасындағы әскери қақтығыстың өршуінің салдарына, халықаралық санкциялық режимнің қатаңдауына, геосаяси шиеленістің артуына, жаһандық логистикалық тізбектердің үзілуіне және экономикалық өсудің жалпы әлемдік баяулауына байланысты қиындықтарды бірлесіп еңсеру болды.

Үкімет пен Ұлттық Банктің 2023 жыл ішінде іске асырылған және Қазақстан экономикасына қолайсыз факторлардың теріс әсерін нивелирлеуге мүмкіндік берген тиімді қарсы шараларының ішінде қатаң ақша-кредит саясатын жүргізуді, негізгі капиталға инвестицияларды рекордтық 18 трлн теңгеге дейін ұлғайтуды, ішкі өндіріс көлемін арттыруды, өңдеуші өнеркәсіптегі жобалар үшін қолжетімді қаржыландыруды ұсынуды, монополияға қарсы және сыртқы сауданы реттеу шараларын, бағаны бақылауды және логистика мен бөлшек сауданы оңтайландыруды атап көрсетуге болады.



Осы мақсатты кешенді күш-жігердің нәтижесі Қазақстандағы жылдық инфляцияның 9,8%-ға дейін төмендеуі және жалпы ішкі өнімнің 5,1%-ға өсуі болды, бұл экономиканың жалғасып жатқан жаһандық баяулауы аясында сақтықпен оптимизмге себеп болатын үмітті нәтиже бола алады. Бұл, атап айтқанда, инфляцияның басталған баяулауын, сондай-ақ экономикадағы инвестициялық белсенділіктің жалпы өсуін, іс жүзінде барлық секторлардағы іскерлік белсенділіктің артуын және бизнесті кредиттеу қарқынының жеделдеуін көрсететін ақша-кредит жағдайларының біртіндеп бәсеңдеуімен айғақталады. Ағымдағы жылдың соңына қарай инфляция шамамен 8,5%-ды құрайды, базалық мөлшерлеме 12%-ға дейін төмендейді, ал Қазақстанның ЖІӨ-нің өсуі әртүрлі бағалаулар бойынша 4-5% деңгейінде қалыптасады деп күтеміз.

Қазақстандық банк секторы 2023 жылы күшті инфляциялық қысым мен өтімділікті тартудың жоғары құнын, реттеушілік қадағалауды күшейтуді, салық жүктемесін ұлғайтуды және кредиттеуге қойылатын талаптарды қатаңдату, сондай-ақ геосаяси тәуекелдердің елеулі өсуін және комплаенс саласындағы жүктемені бірнеше рет арттыруды қоса алғанда, операциялық ортаның өзгерістеріне жедел бейімделуі өзіндік тұрақтылығы мен қабілетін тағы да көрсетті. 2023 жылдың қорытындысы бойынша банк секторының жиынтық таза пайдасы 2,2 трлн теңгеге деңгейінде қалыптасты, бұл 2022 жылғы қаржылық нәтижеден 50%-ға артық. Банкер пайдасының өсуі несиелік портфель бойынша провизиялардың өсуінің бес есе баяулауымен бірге секторды капиталдандырудың 31,3%-ға, 6,9 трлн теңгеге дейін өсуіне оң әсерін тигізді.

Halyk Bank өткен жылы жылдам өзгеретін макроэкономикалық орта жағдайында алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу, жаңа, неғұрлым күрделі қиындықтарға жауап беру, тәуекелдерді тиімді басқару және нарықтың барлық сегменттерінде бизнесті белсенді дамыту қабілетін тағы да дәлелдеді. Клиенттер қаражатының және шығарылған борыштық бағалы қағаздардың өсуінің арқасында банктің активтері 2023 жылы 7,6%-ға ұлғайды және 2024 жылғы 1 қаңтарға 15,494 трлн теңгеге құрады. Банк активтері мөлшерінің шамамен 63%-ы клиенттік қарыздар портфелін құрайды, олар есепті кезеңде корпоративтік сегментті 13,4%-ға, ШОБ портфелін 25,1%-ға және бөлшек портфельді 22,7%-ға ұлғайту есебінен 18%-ға (брутто) өсті. Бұл ретте клиенттердің қаражаты 4%-ға өсті. Жыл соңында заңды тұлғалардың теңгемен номиналданған депозиттерінің үлесі 72,9% (+12,3 п.т.), бөлшек сауда теңгелік депозиттерінің үлесі 63,4% (+10,8 п.т.) құрады. Кредиттік және транзакциялық бизнестің айтарлықтай өсуі банкке әсерлі қаржылық нәтиже алуға мүмкіндік берді – өткен жылы таза пайда 693,4 млрд теңгеге құрады, бұл 2022 жылғы көрсеткіштен 21,8%-ға артық. Таза пайданың өсуі өз кезегінде банктің меншікті капиталын 23,1%-ға – 2,477 трлн теңгеге дейін ұлғайту үшін негіз болды, бұл банкке ықтимал сыртқы күйзелістерді сіңіруге және ағымдағы құбылмалылық жағдайында бизнесті сенімді дамытуға мүмкіндік береді.

Объективті қаржылық көрсеткіштерден басқа, Halyk Bank-тің жоғары тұрақтылығы мен жақсы даму перспективаларын Standard&Poor's, Fitch Ratings және Moody's Investors Service халықаралық рейтингтік агенттіктерінің бағалауы куәландырады, олар 2023 жылы Halyk Bank рейтингтерін ағымдағы жоғары деңгейде растап, банктің мықты жақтарының қатарында оның жеткілікті

қауіпсіздік қорын, мықты клиенттік базасын және банк нарығындағы үстем жағдайды, сондай-ақ табыстылықтың ұзақ тарихын, күшті капиталдандыруды және өтімділіктің жақсы қорын атап өтті. Moody's Halyk Bank болжамын «тұрақтыдан» «позитивтіге» өзгертті, бұл операциялық ортаның байқалған жақсаруы банкке жоғары тәуекелдерді қабылдамай дамуға, қорландыру базасының құбылмалылығын төмендетуге және кредит қабілетілігінің негізгі көрсеткіштерді жақсартуға мүмкіндік береді деген болжауларды көрсетеді. Бұған қоса, 2024 жылдың наурыз айында Standard&Poor' s агенттігі Halyk Bank рейтингтері бойынша болжамды «тұрақтыдан» «позитивтіге» қайта қарады, банктің халықаралық «BB+/B» шкаласы бойынша рейтингтерін растады және ұлттық шкала бойынша рейтингтерді «kzAA»-дан «kzAA+»-ға дейін жақсартты.

Соңғы бірнеше жылда Halyk Bank бизнесін табысты дамытудың негізгі шарты клиенттерге қызмет көрсетуге тұтас көзқарас, сондай-ақ банк қызметінің дәстүрлі моделінен финтех-компания қағидаты бойынша жұмыс істейтін интеграцияланған сервисік экожүйеге көшу болып табылады. 10 миллионнан астам бөлшек бизнес клиенттері бар өзінің кең ауқымды клиенттік базасын цифрлық ортаға біріктіруге ұмтыла отырып, Банк заманауи бағдарламалық шешімдерді әзірлеуге қомақты ресурстарды инвестициялайды, жеке және заңды тұлғаларға арналған мобильді қосымшаларында қолжетімді өнімдер, қызметтер мен қызметтер спектрін үнемі кеңейтіп отырады. Банктің IT-жүйелерін мемлекеттік органдардың дерекқорларымен интеграциялау есебінен Halyk мобильдік қосымшасы бүгінде клиенттердің комиссиясыз 6 мыңнан астам төлемдерге, 52 түрлі мемлекеттік қызметтерге, сондай-ақ кредиттеу, депозиттер, ақша аударымдары, сақтандыру, бағалы қағаздар нарығындағы инвестициялар және тауарларды бөліп-бөліп сатып алу сияқты онлайн-сервисстердің кең мүмкіндіктеріне қол жеткізудің қамтамасыз ете отырып, біріншай терезе қағидаты бойынша жұмыс істейді. Қызмет көрсетудің біртұтас тәсілі және мемлекеттік дерекқорларға қол жеткізу, өз кезегінде, банкке олардың өміріндегі маңызды оқиғалар туралы ақпарат негізінде клиенттерді профильдеуге мүмкіндік береді — мысалы, некеге тұру, балалы болу – және жеке қызметтер жиынтығын ұсыну, осылайша тұтынушы базасының қатысуын, қанағаттануын және адалдығын арттыру. Бұл Halyk Super-App қосымшасының танымалдылығының өсуін қамтамасыз етеді – сервисік бірегей пайдаланушыларының саны өткен жылы бір айда 46,2%-ға, 7,9 млн адамға дейін өсті, мұндай пайдаланушылардың саны бір күнде 2,3 млн адамға жетті (+34,9%).

Заманауи цифрлық технологияларды енгізуге баса назар аудару және банктің нарық қажеттіліктерінен озық өнімдерді ұсынуға деген ұмтылысы Halyk Bank-тың дәстүрлі мүдделер саласы – қайырымдылықпен үйлесімді толықтырылады. Банк өзінің жүз жылдық мерейтойында «100 игі іс» дәстүрлі қайырымдылық марафонын өткізді, оның шеңберінде білім беру, мәдениет, денсаулық сақтау және экология саласындағы ауқымды әлеуметтік жобалар іске асырылды. Банк пен оның еншілес «Халық» қайырымдылық қоры 2023 жыл ішінде аударған демеушілік және қайырымдылық көмек көлемі 3 млрд 982 млн теңгеге құрады.

Бұқаралық спортты қолдауға арналған іс-шараларға елдің барлық аймақтарындағы барлық

адамдар үшін дәстүрлі тегін мұз айдындары кірді. «Халық лигасы» әлеуметтік жобасы аясында Банк жаттығулар өткізуді, спорттық киімдер мен спорттық керек-жарақтарды сатып алуды, сондай-ақ балалар үйлері мен қарамағындағы ұйымдардың балаларына арналған «Үміт Кубогы» чемпионатын ұйымдастыруды қаржыландырды. Бұған қоса, Банк 2023 жылғы Астана жартылай марафонының бас серіктесі ретінде сөз сөйледі, оған 2 мыңнан астам адам, оның ішінде банктің 100 қызметкері қатысты.

Halyk Bank Қазақстанның барлық өңірлерінде тақырыптық киіз үйлер орнатып Наурыз мейрамын тойлауды, «Азия Дауысы» культтік музыкалық фестивалін жандандырды, Алматы, Ақтау, Семей және Ақтөбеде «Сүйікті қаладағы жаз музыкасы» ашық аспан астындағы классикалық музыка фестивалін ұйымдастыруды қоса алғанда, бірқатар мәдени жобаларды қолдады.

Банктің тікелей қатысуымен іске асырылған маңызды әлеуметтік бастамалардың қатарында Аманат партиясымен бірге іске асырылған және 65 мың ауыл тұрғынын қаржылық сауаттылыққа оқытуға бағытталған «Қарызсыз қоғам» («Общество без долгов») бірегей жобасы; әлеуметтік осал санатқа жататын Алматы және Астана тұрғындарының жеке үйлерін газдандыру; Ұлы Отан соғысының ардагерлері үшін қайырымдылық акциясы; Қазақстанның 13 қаласында мүмкіндігі шектеулі жандардың өңірлік қоғамдарына сыйға тартылған ерекше қажеттіліктері бар адамдарға арналған арнайы автомобильдер. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі күш-жігер аясында Банк БҰҰ-мен бірлесіп отандық суретшілер мен дизайнерлердің экологиялық жобаларын қолдап, қазақстандық қоғамның назарын экологиялық проблемаларға аударуға арналған «Reuse. Recycle. Reduce» іс-шарасын ұйымдастыруға көмектесті.

Ең кішкентай азаматтар үшін Банк балаларды қорғау күніне орай балалар суреті конкурсын ұйымдастырды, сондай-ақ «Мектепке жол» жобасы шеңберінде аз қамтылған және көп балалы

отбасылардан шыққан бірінші сынып оқушыларына көмек көрсетілді, Қазақстанның жеті өңірінде балалар спорттық-ойын алаңдары салынды.

Біз үшін банк тарихындағы жүз жылдық мерейтой – бұл қорытындылауға және маңызды сабақтар алуға себеп. Біз болашаққа ұқыпты оптимизммен қараймыз, макроэкономикалық және геосаяси жағдайларды мұқият талдауға негізделген жоспарлар жасаймыз, ықтимал сценарийлерді пысықтау арқылы барлық ықтимал тәуекелдерді ескереміз. Дәл осы тәсіл қазір банктің 2024–2027 жылдардағы келесі орта мерзімді циклге арналған жаңа стратегиясын құрудың негізі болып табылады. Қазірдің өзінде банкті және Halyk тобын цифрландырудың үздіксіз дамуы, клиентке бағдарлану, жаңа өнімдерді енгізу – тек банктік емес, сонымен қатар банктік емес бағыттар, көпфункционалды экожүйені құру өзгеріссіз қалады деп айта аламыз. Біздің ең маңызды мақсатымыз өзгеріссіз қалады – қаржылық тұрақтылықты, жетекші позицияларды және банктің де, жалпы Halyk тобының да жоғары нәтижелерін сақтау.

*Ізгі ниетпен,
Басқарма Төрағасы*

ҮМІТ ШАЯХМЕТОВА



Директорлар кеңесі





Александр Сергеевич Павлов
(1953 ж.т.) 71 жаста

*Директорлар кеңесінің Төрағасы,
Тәуелсіз директор*

Александр Сергеевич Павлов Halyk Bank Директорлар кеңесінің Төрағасы болып 2004 жылғы наурызда сайланды және көрсетілген лауазымға 2023 жылғы мамырда қайта сайланды. Өз мансабының әр жылдарында мемлекеттік аппараттарда Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің бірінші орынбасары, Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары - Қаржы министрі, Бас салық инспекциясының бастығы – Қаржы министрінің бірінші орынбасары сияқты жоғары лауазымдарда қызмет еткен. Сондай-ақ Қазақстан Республикасы экономикасының машина жасау және шикізат секторының ірі коммерциялық компанияларында басшы лауазымдарында қызмет жасаған. Түрлі халықаралық ұйымдарда Қазақстанның мүдделеріне екілдік еткен.

Александр Сергеевич Беларусь мемлекеттік халықшаруашылығы институтын «Экономика» мамандығы бойынша (1970-1974), сондай-ақ КОКП ОК жанындағы Қоғамдық ғылымдар академиясын «Саясаттану» (1991) мамандығы бойынша бітірген.



Арман Ғалиасқарұлы Дунаев
(1966 ж.т.) 58 жаста

*Директорлар кеңесінің мүшесі,
Тәуелсіз директор*

Арман Ғалиасқарұлы Дунаев 2013 жылғы қыркүйекте Halyk Bank Директорлар кеңесіне мүше болып сайланды және көрсетілген лауазымға 2023 жылғы мамырда қайта сайланды.

ҚР бірінші қаржы вице министрі, ҚР Қаржы министрі, ҚР Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігінің төрағасы сияқты жауапты мемлекеттік лауазымдарда жұмыс тәжірибесі бар. Квазимемлекеттік секторда басшылық позицияларда жұмыс істеген. Дунаев мырза қазіргі кезде Halyk Bank-тің бірқатар еншілес ұйымдарында Директорлар кеңесінің мүшесі уәкіл табылады.

Арман Ғалиасқарұлы С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін «Саяси экономика» мамандығы бойынша және М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетін экономика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесімен бітірген.



Фрэнк Кайларс
(1958 ж.т.) 66 жаста

*Директорлар кеңесінің мүшесі,
Тәуелсіз директор*

Фрэнк Кайларс 2009 жылғы сәуірде Halyk Bank Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды және көрсетілген лауазымға 2023 жылғы мамырда қайта сайланды. 1990 және 2007 жылдар аралығында ABN AMRO Bank N.V. және кейін RBS-те бірқатар жоғары лауазымдарды иеленді: Бельгияда Корпоративтік және Инвестициялық банкинг басшысы, Бразилияда өңірлік менеджер, Ресейде және Аргентинада ел бойынша менеджер. Кайларс мырза Ресейде, Қазақстанда және Өзбекстанда Бақылаушы Кеңестің мүшесі болды. 2001 жылы ол Корпоративтік Атқарушы вице-президент лауазымына тағайындалғаннан кейін ғаламдық энергетика мәселелеріне жетекшілік етумен қатар Еуропа, Орталық және Шығыс Еуропа, Таяу Шығыс және Африка елдері бойынша, сондай-ақ Корпоративтік және Инвестициялық банкинг жөніндегі атқару комитеттерінің мүшесі болды.

Ол бірнеше халықаралық ұйымда кеңесші болып табылады және ұзақ уақыттан бері Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесінің мүшесі болды. Кайларс мырза «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ-тың Директорлар кеңесінің төрағасы, тәуелсіз директоры, сондай-ақ Amsterdam Trade Bank N.V. Қадағалау кеңесінің тәуелсіз атқарушы емес директоры, тәуелсіз мүшесі болып табылады. Кайларс мырза Eureka (Energy) Ventures B.V. меншіктенушісі мен басқарушы директоры болып табылады.

Фрэнк Кайларс Роттердам қаласындағы (Нидерланды) Эразм Университетін «Құқық магистрі» дәрежесімен бітірді, Голландияның банктер мен сақтандыру компаниялары институтында оқыды, Фонтенбло (Франция), Кембридж (Ұлыбритания), Гарвард Бизнес-Мектебі (АҚШ) секілді халықаралық институттарда дипломнан кейінгі бірқатар бағдарламалардан өтті.



Жомарт Досанқұлұлы Нұрабаев
(1971 ж.т.) 53 жаста

*Директорлар кеңесінің мүшесі,
«АЛМЭКС» холдингтік тобы» АҚ өкілі*

Жомарт Досанқұлұлы Нұрабаев 2023 жылғы желтоқсанда Halyk Bank Директорлар кеңесінің мүшесі, «АЛМЭКС» холдингтік тобы» АҚ өкілі болып сайланды.

«Halyk Global Markets» АҚ Директорлар кеңесі мүшесінің функцияларын 2023 жылғы қыркүйектен бастап қазіргі уақытқа дейін орындайды.

Еңбек мансабының әртүрлі жылдарында: Алматы қаласының Жетісу, Алмалы және Медеу ауданы бойынша Салық комитеті төрағасының орынбасары; Алматы қаласы бойынша Салық комитетінің салық төлеушілермен жұмыс жөніндегі басқармасының бастығы; Алматы қаласы бойынша Салық басқармасының заңды тұлғалардың табыстарына салық салу бөлімінің бастығы, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Бас салық инспекциясының салық заңнамасының сақталуын инспекциялау және бақылау бөлімінің 1-санатты маманы, салық инспекторы, аға салық инспекторы сияқты жауапты мемлекеттік лауазымдарда жұмыс істеді. Сондай-ақ Жомарт Досанқұлұлы қаржы және коммерциялық ұйымдарда басшылық қызметтер атқарды.

2014 жылғы ақпаннан 2024 жылғы ақпанға дейін – «АЛМЭКС» холдингтік тобы» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары.

2024 жылғы ақпаннан бастап қазіргі уақытқа дейін – «АЛМЭКС» холдингтік тобы» АҚ Басқарма Төрағасы.

Жомарт Досанқұлұлы Қазақ мемлекеттік басқару академиясын «экономист» біліктілігімен, сондай-ақ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетін «заңгер» біліктілігімен бітірген.



**Жақсыбек Әбдірахметұлы
Күлекеев**

(1957 ж.т.) 67 жаста

*Директорлар кеңесінің мүшесі,
Тәуелсіз директор*

Жақсыбек Әбдірахметұлы 2023 жылғы желтоқсанда Halyk Bank Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі, Қазақстан Республикасының Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің төрағасы, Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрі, Қазақстан Республикасының Экономика министрі, Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің төрағасы сияқты жауапты мемлекеттік лауазымдарда жұмыс тәжірибесі бар. Квазимемлекеттік секторда («Қазақстан темір жолы» ҰК АҚ, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ) басшылық позицияларда жұмыс істеді.

Сондай-ақ, Жақсыбек Әбдірахметұлы 2023 жылғы маусымнан бастап қазіргі уақытқа дейін – «ҚазАзот» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директоры; 2022 жылғы қазаннан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КЕАҚ Директорлар кеңесінің төрағасы; 2020 жылғы қаңтардан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директоры; 2010 жылғы қазаннан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Applied Economics Research Centre» ЖШС ғылыми жетекшісі;

Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетінде (Алматы халық шаруашылығы институты) оқытушы, аға оқытушы, доцент және «Микроэкономика» кафедрасының меңгерушісі ретінде жұмыс істеді. Азия Даму Банкінің Басқарушысы және Басқарушының орынбасары қызметін атқарды.

Жақсыбек Әбдірахметұлы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін «математик» біліктілігімен бітірген, Алматы халық шаруашылығы институтында диссертация қорғап, «экономика ғылымдарының кандидаты» дәрежесін алды. «Қолданбалы математика» бағыты бойынша КСРО Мемлекеттік білім комитетінде доцент аттестатын алды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Жоғары аттестаттау комитеті Жақсыбек Әбдірахметұлына «экономика профессоры» атағын берді.



Герман Тишендорф
(1971 ж.т.) 53 жаста

*Директорлар кеңесінің мүшесі,
Тәуелсіз директор*

Герман Тишендорф 2023 жылдың мамырында Halyk Bank Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.

2012 жылғы мамырдан 2016 жылғы қазанға дейін Алматы, Қазақстанда «Еуразиялық Банк» АҚ-та Ақпараттық технологиялар жөніндегі директор (CIO), Басқарушы директор, Басқарма мүшесі болды. 2017 жылғы қазаннан 2019 жылғы тамызға дейін Хошимин, Вьетнамда SMARTNet LLC (SmartPay) компаниясының Техникалық директоры (CDO), Атқарушы комитеттің мүшесі - техникалық директоры болды. 2018 жылғы қазаннан 2019 жылғы тамызға дейін Хошимин, Вьетнамда FEC VPBank Finance Company LLC-де IT-директор (CIO), АТ-бөлімшесінің басшысы, Атқарушы кеңестің мүшесі (SMARTnet/SmartPay иесі-компания) болды. 2019 жылғы қарашадан 2021 жылғы шілдеге дейін Рига, Латвияда 4Finance Group компаниясының техникалық директоры (CTO), Атқарушы кеңесінің мүшесі болды.

2016 жылдың қазан айынан бастап қазіргі уақытқа дейін Нью-Йорк және Джексонвилл, АҚШ-та MARFOR International Advisory-да аға серіктес, техникалық директор (Акционер) болды.

2019 жылдың қараша айынан бастап қазіргі уақытқа дейін Оңтүстік Африка Республикасы, Йоханнесбургте MTN Group-та техникалық директор (CTO), Атқарушы кеңесінің мүшесі болды.

Герман Тишендорф: операциялық зерттеулер мен Karl-Franzens-Universität Graz-тың ақпарат/деректер ғылымдарына маманданған экономика магистрі дәрежесі (1998). 1997 жылы Лос-Анджелесте Калифорния университетін, Андерсон менеджмент мектебін бітірді, экономика, халықаралық қаржы, ақша нарықтары, макроэкономика, сонымен қатар финтех-революция бағыты: трансформациялық қаржылық қызметтер және стратегиялар бойынша Wharton School мектебінде жоғары білім алды (2021ж.).



Пётр Романовски
(1969 ж.т.) 55 жаста

*Директорлар кеңесінің мүшесі,
Тәуелсіз директор*

Пётр Романовски 2020 жылғы мамырда Halyk Bank Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды және аталған лауазымға 2023 жылғы мамырда қайта сайланды.

1998 жылдан бастап 2008 жылды қоса алған кезеңде Польша, Варшава, McKinsey & Company консалтингтік компаниясында жұмыс істеді. 1998 жылдан бастап 2004 жылды қоса алған кезеңде менеджер/аға менеджер, 2005 жылдан бастап 2008 жылды қоса алған кезеңде компанияның серіктесі болды. 2008 жылдан бастап 2009 жылды қоса алған кезеңде Басқарма мүшесі болып сайланып, Польша, Варшава, Миллениум Банкінде корпоративтік банктік бөлімшеге жетекшілік етті. 2009 жылдан бастап Польша, Краков, Selvita & Ryvu Therapeutics компаниясында бірінші сыртқы инвестор. 2011 жылдан бастап Қадағалау кеңесінің Төрағасы болып табылады. 2011 жылдан бастап 2014 жылды қоса алған кезеңде Польша, Варшавада Орталық және Шығыс Еуропа елдерінің/ТМД-ның РwC-дағы қаржы қызметтері саласында жетекші қызметкері, серіктес болды. Сонымен қатар 2014 жылдан бастап 2018 жылды қоса алған кезеңде Орталық және Шығыс Еуропа /ТМД елдері бойынша РwC кеңесшісі және 2017 жылдан бастап 2018 жылды қоса алған кезеңде ТМД елдері нарығында клиенттерді сүйемелдеу және қызмет көрсету жөніндегі тәжірибені басқарды. 2021 жылғы ақпаннан бастап Kevin EU, UAB (Литва) компаниясында директорлар кеңесінің төрағасы.

2017 жылы АҚШ, Массачусетс, Кембридж, Гарвард бизнес мектебін деректерді талдау бағдарламасы (data analytics program) бойынша бітірді. 2016 жылы АҚШ, Калифорния, Маунтин-Вью, Сингулярлық университетінің басшыларға арналған бағдарламасын (executive program) аяқтады. 1995 жылдан бастап 1997 жылды қоса алған кезеңде Ұлыбритания, Кембридж, Кембридж университетінде білім алды. Wellcome / CRC ғылыми-зерттеу институтының молекулярлық биология саласында философия докторы дәрежесін алды.

1987 жылдан бастап 1994 жылды қоса алған кезеңде Польша, Гданьск, Гдань медициналық академиясында оқыды. 1995 жылғы мамырда обыр ауруларының генетикасы бойынша философия докторының дәрежесіне ие болды.



**Үміт Болатханқызы
Шаяхметова**
(1969 ж.т.) 55 жаста

*Директорлар кеңесінің мүшесі,
Басқарма Төрайымы*

2009 жылғы 22 қаңтарда Үміт Болатханқызы Шаяхметова Halyk Bank Басқарма Төрайымы болып тағайындалды, 2009 жылғы сәуірде Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды және көрсетілген лауазымға 2023 жылғы мамырда қайта сайланды. Әр жылдарда ол «ABN AMRO Asset Management» ЗАБК Басқарма Төрайымы, «АБН AMRO Банк Қазақстан» ЕБ ЖАҚ Басқарма Төрағасының орынбасары сияқты лауазымдарда жұмыс істеді. 2004 жылдың қараша айынан бері Halyk Bank Басқарма Төрағасының орынбасары лауазымында қызмет атқарды. 2011 жылғы мамыр айынан бастап 2021 жылғы ақпанды қоса алған кезең аралығында Қазақстанның гимнастика федерациясының президенті болып табылды. 2015 жылғы маусым айында Алматы қаласы кәсіпкерлерінің палатасы тұсындағы Іскер әйелдердің өңірлік кеңесінің Төрайымы болып тағайындалды. 2016 жылғы маусымда «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Төрақасының Қаржы секторы комитетінің Төрайымы болып және UnionPay International Шығыс Еуропа, Орталық Азия және Кавказ бойынша өңірлік кеңесінің төрайымы болып сайланды. 2018 жылғы маусым айынан бастап «Altyn Bank» АҚ-та Директорлар кеңесінің мүшесі, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ өкілі болып табылады.

Үміт Болатханқызы П.Лумумба атындағы Халықтар Достығы Университетін «Экономика ғылымдарының бакалавры» біліктілігімен және Rutgers University (АҚШ) «Іскерлік әкімшілендіру магистрі» дәрежесімен тәмамдады.



Басқарма





**Үміт Болатханқызы
Шаяхметова**
(1969 ж.т.)

Басқарма Төрағасы

Өмірбаянын «Директорлар кеңесі» бөлімінен қараңыз.



**Мұрат Ұзақбайұлы Көшенов,
CFA, FRM**
(1973 ж.т.)

*Басқарма Төрағасының орынбасары:
Халықаралық қызмет және ESG,
Қаржы және бухгалтерлік есеп,
Еншілес компаниялар, Комплаенс*

Мұрат Ұзақбайұлы Көшенов қаржы-банк жүйесінде 2000 жылдан бастап қызмет етеді. 2000-2010 жылдары мына лауазымдарды атқарды: «ABN AMRO Asset Management» ЗАБК ЖАҚ-тың брокерлік-дилерлік бөлімінің бастығы, «ДАБ «ABN AMRO Bank Қазақстан» АҚ тәуекел-менеджер, Тәуекел-менеджмент басқармасының бастығы, Басқарма Төрағасының орынбасары (кейінірек «RBS (Қазақстан)» ЕБ АҚ).

Halyk Bank жүйесінде 2010 жылғы қаңтардан бастап Тәуекел-менеджменттің басшысы, Compliance-бақылаушы лауазымдарында болды. 2014 жылғы қыркүйектен бастап қазіргі уақытқа дейін Halyk Bank Басқарма Төрағасының орынбасары, 2019 жылғы тамыздан бастап қазіргі күнге дейін – «Tenge Bank» АҚБ Байқау кеңесінің Төрағасы болып табылады.

Мұрат Ұзақбайұлы Көшенов Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін «Физика» мамандығы бойынша бітірген, сондай-ақ Қазақстан менеджмент, экономика және болжау институтын «Іскерлік әкімшілендіру магистрі» дәрежесімен тәмамдады.



Ольга Владимировна Вурoc
(1983 ж.т.)

*Басқарма Төрағасының орынбасары:
Корпоративтік бизнес*

Ольга Владимировна Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетін «Халықаралық экономика» мамандығы бойынша бітірген. Халықаралық бизнес академиясының «Менеджмент» мамандығы бойынша MBA дәрежесіне ие.

Әр уақытта ол: Корпоративтік клиенттермен жұмыс департаментінің директоры, Корпоративтік клиенттермен жұмыс департаментінің Басқарма бастығы, Корпоративтік клиенттермен жұмыс департаментінің №1 Басқармасының бас менеджері, Корпоративтік клиенттермен жұмыс департаментінің №1 Басқармасының аға менеджері қызметтерін атқарды.

2022 жылдың 1 сәуірінен бастап «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары қызметіне тағайындалды және Басқарма мүшесі болып сайланды.



Дәурен Жанкісейұлы Сартаяев
(1982 ж.т.)

*Басқарма Төрағасының орынбасары:
Шағын және орта бизнес,*

Дәурен Жанкісейұлы Алматы қ. Қазақ гуманитарлық-заң университетінің «Құқықтану» мамандығының түлегі. «МИРБИС» Мәскеу халықаралық жоғары бизнес мектебінің стратегиялық менеджмент және кәсіпкерлік саласында, сондай-ақ Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетінің «МВА стратегиялық менеджменті» мамандығы бойынша MBA дәрежесінің иегері.

Банк қызметін «Казкоммерцбанк» АҚ-та 2004 жылы бастады. Шағын және орта бизнес бөлімінің менеджері, басшысы, Шағын бизнес басқармасы басшысы лауазымдарын атқарды. 2010 ж. бастап 2012 ж. дейін «Темірбанк» АҚ-та еңбек етті – Кредиттік тәуекелдер басқармасының басшысы, филиал директоры, Проблемалық кредиттермен жұмыс департаменті директорының лауазымдарында қызмет етті. 2016 жылдың маусым айынан бастап «Казкоммерцбанк» АҚ-тың Басқарма мүшесі, басқарушы директоры болып тағайындалды, корпоративтік кредиттеуге, ШОБ секторы мен филиал желісіне жетекшілік етті. 2017 жылғы шілдеден бастап «Казкоммерцбанк» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары болып тағайындалды. Одан бұрын «Kcell» АҚ-та жұмыс жасады, ол жерде Шымкент қаласындағы филиалын басқарды, сондай-ақ Алматы қ. және Алматы облысындағы офистің жұмысына жетекшілік жасады. Сонымен қатар Ernst&Young халықаралық аудиторлық компаниясының қазақстандық өкілдігінде қызмет атқарды.

2018 жылғы шілдеден бастап «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың Басқарма Төрағасының орынбасары болып тағайындалды. 2019 жылғы 15 мамырда «Халық-Лизинг» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайланды. 2023 жылғы наурыздан бастап қазіргі уақытқа дейін «Tenge Bank» АҚБ Байқау кеңесінің мүшесі болып табылады.



**Жұмабек Жарылқасынұлы
Мамытов**
(1982 ж.т.)

*Басқарма Төрағасының орынбасары:
Бөлшек бизнес*

Жұмабек Жарылқасынұлы Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетін «Статистика» мамандығы бойынша бітірген.

Жұмабек Жарылқасынұлы Мамытов банк саласында 2004 жылдан бері жұмыс істейді. 2004 жылдан бастап 2008 жылды қоса алған аралықта: «ABN AMRO Банк Қазақстан» «Заңғар» ЕБ АҚ филиалының директоры, Бөлшек бизнес департаменті бөлшек бизнес бөлімшесінің басшысы, «ABN AMRO Банк Қазақстан» ЕБ АҚ бизнесті дамыту менеджері, «ABN AMRO КаспийМұнайГаз Қазақстан» ЖЗҚ АҚ-та Маркетинг департаментінің филиалдарымен жұмыс жөніндегі маман лауазымдарын иеленді. 2008 жыл мен 2009 жыл аралығында «Казинвестбанк» АҚ Эксклюзивті клиенттермен жұмыс жөніндегі департаменті сату басқармасының және Өңірлік басқармасының басшысы қызметтерін атқарды. 2010 жылғы қаңтардан бастап 2014 жылғы қаңтарды қоса алған, 2015 жылғы шілдеден бастап 2017 жылғы мамырды қоса алған кезеңдерде «Казкоммерцбанк» АҚ-та жұмыс істеді және Басқарма Аппаратының басқарушы директоры, атқарушы директоры, Карта бизнесін дамыту департаментінің атқарушы директоры, Банк карталары департаментінің атқарушы директоры, Басқарма Аппараты Басқарма Төрағасының кеңесшісі, Атқарушы дирекция Басқарма Төрағасының кеңесшісі, Бөлшек бизнес департаментінің директоры лауазымдарын иеленді. 2014 жылғы ақпаннан бастап 2015 жылғы шілдені қоса алған аралықта «Сбербанк» ЕБ АҚ Бөлшек бизнес стратегиясын жоспарлау және орындауын бақылау департаментінің директоры лауазымында жұмыс істеді. 2017 жылғы мамырдан бастап 2018 жылғы ақпанды қоса алған аралықта «Банк Kassa Nova» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары лауазымын иеленіп, Басқарма мүшесі болып сайланды, «Nova Лизинг» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары лауазымында қызмет етті. 2018 жылғы ақпаннан бастап 2019 жылғы қазанды қоса алған кезеңде «Forte Bank» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары лауазымын иеленіп, Басқарма мүшесі болып сайланды.

2019 жылғы 28 қазаннан бастап Halyk Bank Басқарма Төрағасының орынбасары лауазымына тағайындалды және Басқарма мүшесі болып сайланды. 2021 жылғы 4 қарашада «Halyk Finservice» ЖШС Байқау кеңесінің мүшесі болып сайланды. 2019 жылғы тамыздан бастап «Бірінші кредиттік бюро» ЖШС Байқау кеңесінің мүшесі. 2023 жылғы қаңтарда «Халық Life» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайланды.



Нариман Нұрланұлы Мұқышев
(1984 ж.т.)

*Басқарма Төрағасының орынбасары:
Цифрлық мемлекеттік сервистер
және экожүйелер блогы*

Нариман Нұрланұлы Сүлейман Демирел атындағы университетті «есептеу техникасы мен желілерін бағдарламалық және аппараттық қамтамасыз ету» мамандығы бойынша, сондай-ақ Халықаралық бизнес академиясын «менеджмент» мамандығы бойынша бітірген, іскерлік әкімшілендіру магистрі дәрежесіне ие.

Нариман Нұрланұлы Halyk Bank жүйесінде 2021 жылғы мамырдан бастап Басқарушы директор қызметін атқарды, 2022 жылғы 1 сәуірден бастап Басқарма Төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі лауазымына ауыстырылды. 2023 жылдың сәуір айынан бастап «Halyk Finservice» ЖШС Байқау кеңесінің Төрағасы болып сайланды. 2023 жылғы қарашада бірлескен компанияның - Open Networks Ltd жеке компаниясының Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.

Бұрын Банкке дейін мынадай лауазымдарды атқарған: еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі, бизнесті трансформациялау жөніндегі басқарушы директор және Басқарманың АТ-мүшесі, инновациялар жөніндегі басқарушы директор және Басқарманың АТ-мүшесі, АТ жөніндегі бас директор, «Қазпошта» АҚ Ақпараттық технологиялар департаментінің басқарушы директоры, директоры, «Казкоммерцбанк» АҚ Инновациялық технологиялар департаментінің маман лауазымынан директорына дейін.



Ертай Исмаилұлы Сәлімов
(1974 ж.т.)

*Басқарма Төрағасының орынбасары:
ОПЕРБ блогы, Кеңсе департаменті,
Ресурстар, Байланыс орталығы,
Қазынашылық.*

Ертай Исмаилұлы Сәлімов Halyk Bank жүйесінде 1995 жылғы тамыздан бастап жұмыс істейді. Әр уақытта: Валюталық операциялар департаментінің саудалық емес операциялар бөлімі басшысының орынбасары, валюталық операциялар департаментінің қымбат металдармен жұмыс жөніндегі бөлім басшысының орынбасары, Халықаралық операциялар департаментінің қымбат металдармен жұмыс жөніндегі бөлімнің жетекші банкирі, Халықаралық операциялар департаментінің қымбат металдар бөлімнің жетекші банкирі, Саудалық қаржыландыру департаментінің Commodity бөлімінің бас банкирі, коммерциялық департаменттің Commodity бөлімінің бас банкирі, қазынашылықтың аға дилері, Forex, Money market қазынашылық операциялары басқармасының басшысы, қазынашылықтың саудалық операциялар басқармасының басшысы, қазынашылық директорының орынбасары, қазынашылық директоры, бас ОПЕРБ басшысы, бас операциялық директор лауазымдарында қызмет атқарған. «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың Директорлар кеңесі мүшесі – тәуелсіз директоры және «Halyk Finance» АҚ-тың Директорлар кеңесінің Төрағасы болып жұмыс жасаған. 2015 жылғы ақпаннан бастап 2019 жылғы қазанды қоса алған аралықта Halyk Bank Басқарма Төрағасының орынбасары болып қызмет етті және Басқарма мүшесі болып сайланды,

2019 жылғы қазаннан бастап 2020 жылғы 31 тамызға дейін Басқарма Төрағасының орынбасары – Астана өңірлік филиалының директоры лауазымдарын иеленіп, Басқарма мүшесі болып сайланды. 2020 жылғы 1 қыркүйектен бастап Басқарма Төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі лауазымына ауыстырылды. 2018 жылғы тамыздан бастап 2022 жылғы қарашаны қоса алған кезеңде «Халық Банк Тәжікстан» ЖАҚ-тың Байқау кеңесінің мүшесі болды. 2021 жылғы наурыздан бастап 2022 жылғы ақпанды қоса алған кезеңде – «Halyk Инкассация» ЖШС Байқау кеңесінің Төрағасы. 2019 жылғы 8 тамызда «Halyk Finance» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды. 2021 жылғы шілдеден бастап қазіргі уақытқа дейін «Қазақстан қор биржасы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады. 2023 жылғы 27 қарашада «Halyk Global Markets» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.

Ертай Исмаилұлы Қазақ мемлекеттік басқару академиясын «Қаржы және кредит» мамандығы бойынша бітірді.



Роман Александр Машчик
(1966 ж.т.)

*Басқарма Төрағасының орынбасары,
Тәуекел-менеджмент басшысы:
Тәуекелдер және Data Science.*

Роман Halyk Bank жүйесінде 2020 жылдың қазан айынан бастап мынадай қызметтерді атқарып келеді: Цифрлық кредиттеу тәуекелдері департаментінің директоры-жоба жетекшісі, Chief Data Scientist офисінің директоры, 2022 жылдың 1 сәуірінен бастап Басқарма Төрағасының орынбасары, Бас комплаенс-бақылаушы қызметіне ауыстырылды және Басқарма мүшесі болып сайланды. 2023 жылғы 15 қыркүйектен бастап тәуекел-менеджмент басшысы болып тағайындалды және Басқарма Төрағасының орынбасары, Бас комплаенс-бақылаушы, 2024 жылғы 1 наурыздан бастап – Басқарма Төрағасының орынбасары, Тәуекел-менеджмент басшысы лауазымдарын қоса атқарды.

Бұрын Банкке дейін: «БанкЦентрКредит» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары, Тәуекелдер департаментінің директоры, Asseco Kazakhstan коммерциялық директоры, CRO Басқарма Төрағасының орынбасары, Еуразиялық Банк АҚ Басқарма Төрағасының кеңесшісі, Bank Pocztowy Кеңесі Төрағасының кеңесшісі, PKO BP SA Польша Басқарма Төрағасының кеңесшісі, тәуекелдер бойынша, Тәуекелдер басқармасының басқарушы директоры, Басқарма Төрағасының орынбасары, CRO Nadra Банк, Киев қ., Украина, Президенттің тәуекелдер жөніндегі бас кеңесшісі, Атқарушы комитеттің мүшесі, CRO «Траст» Ұлттық Банкі, Мәскеу қ. Ресей, тәуекелдер бойынша, тәуекелдер басқармасының басқарушы директоры, PKO BP SA Банк, Қадағалау кеңесінің мүшесі, PKO BP SA Банк, PKO-Inwestycje, Bankowy Fundusz Leasingowy Варшава қ., Қаржылық тәуекелдер департаментінің директоры, PKO BP SA Банк, банк операциялары бойынша аға талдаушы, Қазынашылық Банк Handlowy, активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі бас талдаушы, Бақылау және қаржылық талдау факультеті, BISE S.A. Банк, Варшава университетінің физика факультетінің профессоры қызметтерін атқарған.

Білімі бойынша Роман мынадай дәрежелерге ие:

- Варшава университетінің ғылым магистрі, «теориялық физика» мамандығы бойынша;
- Оксфорд университетінің аспирантурасы, «математика» мамандығы бойынша;
- Варшава университетінің ғылым докторы, «теориялық физика» мамандығы бойынша,
- Варшаваның «банк ісі және қаржы» жоғары мектебінің аспирантурасы, «банк ісі» мамандығы бойынша.



Айвар Жиреншеұлы Боданов
(1962 ж.т.)

*Басқарма Төрағасының орынбасары:
Қауіпсіздік және Проблемалық
кредиттер*

1984 жылы Айвар Жиреншеұлы Жамбыл гидромелиоративтік құрылыс институтын «Өзен құрылыстарының және гидроэлектростанциялардың гидротехникалық құрылысы» мамандығы бойынша, 1996 жылы ҚР ИИМ Қарағанды жоғарғы мектебін «Құқықтану» мамандығы бойынша бітірген.

Айвар Жиреншеұлы өзінің еңбек жолын 1984 жылы Жамбыл электржелілерін таратушы кәсіпорнындағы жоғары вольттік әуе жүйесінің шебері қызметінен бастады. 1985 жылы «Гражданстрой» ҚБ-да шебер, жұмыстардың аға өндірушісі болып еңбек етті. 1986-1988 жж. – «Джамбулстрой» тресінің «Кульбытстрой» ҚБ-да бас инженер. 1988-1989 жж. КСРО ИИМ Свердлов жоғарғы курстарының тыңдаушысы болды.

1990-2014 жылдары: ішкі істер, мемлекеттік тергеу комитеті органдарында, салық және қаржы полициясында қызмет атқарды. Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы) Төрағасының орынбасары, Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің Алматы, Батыс Қазақстан облыстары бойынша департаментінің басшысы; Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің Экономикалық және қаржылық қылмыстарды ашу бойынша департаментінің басшысы, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан және Атырау облыстары бойынша Қаржы полициясы департаменті басшысының орынбасары лауазымдарында жұмыс жасады және басқа лауазымдарда еңбек етті. 2017 жылдың мамыр айынан бастап 2017 жылдың желтоқсан айына дейін – ҚР Бас прокуратурасының

Ішкі тергеу департаменті басшысы, үшінші қызметтің басшысы, 2018 ж. ақпаннан бастап наурызға дейін Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің ішкі қауіпсіздік және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарды. Қаржы полициясының генерал-майоры атағына ие.

Айвар Жиреншеұлы Боданов бұдан бұрын Halyk Bank-те 2014 ж. қыркүйектен бастап 2017 ж. мамыр айына дейін Қауіпсіздік департаменті директоры, Halyk Bank Басқарма Төрағасының орынбасары лауазымдарында қызмет етті. 2018 жылғы 26 наурызда Басқарма Төрағасының орынбасары лауазымына қайта қабылданып, Басқарма мүшесі болып сайланды. 2021 жылғы 19 наурызда «Halyk Инкассация» ЖШС Байқау кеңесінің мүшесі болып сайланды, 2022 жылғы ақпаннан бастап «Halyk Инкассация» ЖШС Байқау кеңесінің төрағасы болып сайланды. 2018 жылғы 28 тамызда «Халық Актив» ЖШС және «КУСА Халық» ЖШС Байқау кеңесінің төрағасы болып сайланды.



Негізгі оқиғалар



Харизма оқиғалар

Қаңтар айында:

- Halyk Bank БҰҰ-ның жаһандық шартына (UN Global Compact) қосылған Қазақстандағы алғашқы банк болды.
- Банк 100 жылдықты мерекелеу аясындағы ауқымды шаралардың бірі – бүкіл Қазақстан бойынша қаңтар айындағы жаппай тегін сырғанау.
- Halyk Bank корпоративтік ашық кодты бағдарламалық жасақтама негізінде орналастырылған ModelOps-платформаны енгізді. Жобаның авторы Databorg халықаралық интегратор компаниясының сарапшылар тобы болды. Шешім ML модельдерін өнеркәсіптік пайдалануға (time-to-market) шығару уақытын кем дегенде екі есе қысқартуға мүмкіндік берді.
- ҚР Әділет министрлігінің қолдауымен Halyk Super-App мобильді қосымшасында жаңа сервис іске асырылды, соның арқасында заңды тұлғаның атауын, мемлекеттік тіркеу орны мен күнін, басшының және құрылтайшының (құрылтайшылардың) деректерін, ұйымның қызмет түрін, сондай-ақ елдегі филиалдар мен өкілдіктер туралы ақпаратты тексеруге болады. Бұл ақпарат сенімді серіктес немесе сенімді жұмыс берушіні іздеуде пайдалы.
- «Халық-Life» АҚ Алматы қаласында «Өзгерістер дәуірі» атты форум ұйымдастырды, оған Қазақстан өңірлерінен 100-ден астам мықты сақтандыру агенттері қатысты.
- «Халық-Life» АҚ қаржылық қорғауды қамтамасыз етуге, қаражатты ұзақ мерзімді жинақтауға және қосымша табыс алуға бағдарланған «Бәйтерек» бағдарламасы, Банк менеджерлері арқылы сату бойынша Halyk Bank жобасын іске қосты.
- «Халық-Life» АҚ қатысуымен онлайн-сақтандыру процесін модельдеу бойынша Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығының алаңында бірқатар кездесулер өткізілді, өмірді сақтандыру компаниялары, Мемлекеттік кредиттік бюро және Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры арасында зейнетақы аннуитеті шартын жасасу және бұзу процесінде деректермен алмасудың ыңғайлы процесі туралы уағдаластықтарға қол жеткізілді;
- «Халық-Life» АҚ-да өмірді жинақтаушы сақтандыру өнімдері бойынша «Gamisoft» оқыту платформасы іске қосылды.

Ақпан айында:

- Halyk Super-App-та қазақстандықтардың мемлекеттік қызметтерді алуын жеңілдетуге арналған кезекті сервис іске қосылды. Енді қосымша арқылы некені тіркеуге өтініш беруге болады. Мұны қалыңдық та, күйеу жігіт те жасай алады.
- Halyk Halyk Super-App қосымшасында шетелдік автокөлікті заңдастыруға өтінім беру мүмкіндігін іске асырды. Мұны істеу үшін қосымшада алдыңғы иесі мен көлік құралының барлық деректерін толтыру жеткілікті. Өтінімге қол қойылғаннан кейін ол алдын ала тексеру үшін ИІМ-ге жіберіледі. Нәтиже өтініш берушіге push-хабарлама түрінде жіберіледі.

- Банктің ақша түрінде қосымша салым салуы арқылы «Halyk Инкассация» ЖШС жарғылық капиталының мөлшерін 1 млрд 260 млн теңгеге (1 млрд 666 млн теңгеге дейін) ұлғайтты.
- «Халық-Life» АҚ мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі шеңберінде өмірді жинақтаушы сақтандырудың жаңа өнімі – «Bilim-Life» шығарды.
- «Халық-Life» АҚ-да «МБЖЖ» жаңа өнімі, сондай-ақ Bilim-Life (МБЖЖ) өнімі бойынша шартты ресімдеудің цифрлық процесі іске қосылды.

Наурыз айында:

- «Halyk Finservice» ЖШС Өзбекстан Республикасында еншілес ұйымды тіркеді.
- «Халық Банкі Қырғызстан» АҚ мобильді интернет-банкінге бейне арқылы қашықтан сәйкестендіруді іске қосты.
- «Қазтелепорт» АҚ Ташкент қаласында Өзбекстан Республикасында бұлтты қызметтерді сатуды іске қосты.
- «Halyk Finance» ЖШС «Акциялар нарығының көшбасшысы» және «Акциялар нарығындағы жылдың андеррайтері» атты KASE биржасының марапаттарына ие болды.
- «Halyk Finance» АҚ «Борыштық құралдар нарығындағы үздік брокер» атты AIX биржасының марапатын алды.
- «Halyk Finance» АҚ Global Finance халықаралық басылымының нұсқасы бойынша Қазақстанның үздік инвестициялық банкі деп танылды.
- S&P Global Ratings рейтингтік агенттігі «Халық-Life» АҚ рейтингтері бойынша болжамды халықаралық «BBB-» шкаласы бойынша негативтен тұрақтыға, ұлттық «kzAAA» шкаласы бойынша қайта қарады. Бұл рейтингтер S&P Global Ratings шкаласы бойынша ел деңгейіне сәйкес келеді.
- AM Best халықаралық агенттігі «Халық-Life» АҚ-ның қаржылық тұрақтылық рейтингін «В+»-тен «В++»-ке дейін, сондай-ақ эмитенттің ұзақ мерзімді кредиттік рейтингін «bbb-»-тен «bbb»-ге дейін көтерді. Рейтингтер бойынша болжам «Тұрақты». Бұл рейтинг өмірді сақтандыру компаниялары арасында ең жоғары болып табылады.
- Tenge Bank «MasterCard» ХТЖ-дан «Үздік технологиялық серіктес» марапатына ие болды.

Сәуір айында:

- Halyk Сертификатталған қаржы менеджерлері институтынан (ICFM) «2022 жылдың үздік жұмыс берушісі» және Luca Awards (Лука Пачоли) мүсіншесін алды. Институт Halyk өз қызметкерлерінің кәсіби дамуы мен жоғары біліктілігін қолдайтын ең жауапты жұмыс беруші екенін атап өтті.
- Fitch Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі Halyk Finance эмитенттің «тұрақты» болжамымен «BBB-» инвестициялық деңгейіндегі шетел және ұлттық валютадағы дефолттың ұзақ мерзімді рейтингтерін растады.
- «Жаңа өмірдің жүз өскіні» экологиялық акциясы аясында «Халық-Life» АҚ қызметкерлері Алматы қаласындағы «Атакент» ҚҚО аумағында 70 шаған көшетін отырғызды. Акцияға Қарағанды, Жезқазған, Петропавл, Костанай, Семей, Өскемен, Орал қалаларындағы филиалдардың қызметкерлері қуана қосылды.
- «Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ тіркеу рәсімінен өтіп, Үндістанда қайта сақтандырушы (Cross-Border Reinsurer) болып тіркелді, бұл Үндістаннан келетін қайта сақтандыру бойынша тәуекелдер мен сыйлықақылар портфелін ұлғайтуға мүмкіндік берді. 2023 жылғы алғашқы қадамдар 2023 жылғы жиналған қайта сақтандыру сыйлықақыларының жалпы көлемімен 251 млн теңге көлемінде іске асырылды.

Мамыр айында:

- Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында Halyk Bank қызметінің 2022 жылғы қорытындысы бойынша Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданды.
- Жұмысынан айырылған жағдайда әлеуметтік төлемдерді алу қызметі Halyk цифрлық экожүйесінде қолжетімді болды. Сервис Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен, Қазақстан Республикасының цифрлық даму және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен, «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ және «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-мен бірлесіп іске асырылды.
- S&P Global Ratings Halyk Bank рейтингтерін – BB+/B, k2AA деңгейінде растады, болжам «Тұрақты».
- «Halyk Finservice» ЖШС-де маркетингте ресімделген тапсырыстарды жеткізу сервисін, поштаматтар мен тапсырыстарды беру пункттерінің кеңейтілген желісін ұйымдастыруды көздейтін «Halyk Логистика» жаңа жобасы іске қосылды.
- «Halyk Finance» АҚ 1 жыл айналым мерзімімен 10 млрд теңге көлемінде «КМФ» МҚҰ» ЖШС облигациялар шығарылымының қаржылық кеңесшісі және андеррайтері ретінде әрекет етті.
- Алматы қаласында өткен «Өзгерістер мен сынақтар кезеңі» XIX Халықаралық PR-форумында «Халық-Life ІНФО» корпоративтік жарнама жаршысы «Үздік корпоративтік журнал» номинациясы бойынша корпоративтік БАҚ арасындағы байқаудың жеңімпазы атанды.

- «Халық-Life» АҚ өмірді сақтандыру бойынша барлық компаниялар арасында 2022 жылғы орнықты даму жөніндегі есепті бірінші болып шығарды.
- Tenge Bank Андижан қаласында «Андижан» банктік қызмет көрсету орталығын ашты.
- Tenge Bank «Visa» ХТЖ-да Принципал лицензиясын алды - банктің мобильді қосымшасында Өзбекстаннан Қазақстанға аударымдарды жіберу мүмкіндігі пайда болды.

Маусымда:

- Атауының толық өзгеруіне байланысты «Қазақстан Халық жинақ банкі» акционерлік қоғамын «Қазақстан Халық Банкі» акционерлік қоғамына қайта тіркеу жүзеге асырылды.
- Halyk 2022 жылға дивидендтер төлеу шеңберінде 28,4 млрд теңге мөлшерінде мемлекеттік көмекті мерзімінен бұрын ішінара қайтару туралы хабарлады.
- Абай облысында өртті сөндіру кезінде қаза тапқандардың отбасылары Halyk-тен үш миллион теңгеден ақша алды. Сонымен қатар, қаза тапқандардың және олардың отбасы мүшелерінің Halyk Bank-тегі қолданыстағы несиелері есептен шығарылды.
- Halyk Bank Green Finance Awards-тан Best Green Investment Bank номинациясында жасыл құндылықтарды ұстанғаны және орнықты даму қағидаттарын тиімді енгізгені үшін марапатқа ие болды.
- Жүргізуші куәлігін қайта шығару бойынша сервис ҚР Ішкі істер министрлігімен бірлесіп Halyk қосымшасында іске асырылды.
- 2022 жылдың қорытындысы бойынша «Халық-Life» АҚ өмірді жинақтаушы сақтандырудың 24 мың шарты арасында сақтандыру дивидендтері түріндегі инвестициялық қызметтен 69,9 млн теңге пайданы бөледі жүзеге асырды.

Шілде айында:

- Halyk Bank Алматы облысының Қонаев қаласында филиал ашты. Ол халыққа және ұйымдарға банктік қызметтердің барлық спектрін, соның ішінде кредиттік және депозиттік өнімдердің барлық желісін ұсынды, мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде шағын және орта бизнес субъектілерін қаржыландыру бойынша тиімді шешімдерді, операциялық және есеп айырысу-кассалық қызмет көрсетуді, сондай-ақ жалақы жобаларын сүйемелдеуді ұсынады.
- EuroMoney Halyk-ты Қазақстандағы ең үздік банк деп таныды.
- Halyk Bank «Азия Дауысы» аңызға айналған фестивалінің ұйымдастырушысы болды. Үлкен концерт 19 жылдан кейін Алматыға оралды.

- «Halyk Finance» АҚ «Қазақстанның үздік инвестициялық банкі», «Қазақстанның үздік басқарушы компаниясы», «Қазақстанның облигациялар нарығы бойынша үздік аналитика» номинациялары бойынша Cbonds Awards-тан үш марапаттың иегері атанды.
- «Halyk Finance» АҚ «Қазақстандағы үздік инвестициялық банк», «Қазақстандағы үздік брокер» және «Орталық және Шығыс Еуропадағы акциялар нарығындағы үздік инвестициялық банк» номинациялары бойынша EMEA Finance халықаралық басылымының наградаларының иегері атанды.
- «Halyk Finance» АҚ «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ-ның 2 жыл айналыс мерзімімен 118,9 млрд теңге көлеміндегі облигацияларды орналастырудың бірлескен андеррайтері болды.
- «Halyk-Life-пен бизнесті кеңейту» тақырыбында «ASTANA FORUM-2023» республикалық форумы ұйымдастырылды, оған Қазақстанның барлық өңірлерінен 300-ден астам агент қатысты.

Тамыз айында:

- Halyk Onlinebank қосымшасында жеке тұлғаның активтері мен міндеттемелері туралы 250-ші нысан бойынша салық декларациясын тапсыру бойынша сервис іске қосылды. Қызмет ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетімен ынтымақтастықта іске асырылды.
- «Халық Банк Қырғызстан» ААҚ жеке кәсіпкерлер үшін «Yourbi» мобильді интернет-банкінгісін іске қосты, сондай-ақ бөлшек бизнестің автоматтандырылған Soft-Collection енгізілді.
- «Халық-Life» АҚ FORBES KAZAKHSTAN нұсқасы бойынша сақтандыру компанияларының 2022 жылғы рейтингін басқарды.
- «Халық-Life» АҚ «TOUR OF WORLD CLASS ALMATY 2023» веложарысының барлық қатысушыларын жарыс уақытындағы жазатайым оқиғалардан сақтандырды.
- «Халық-Life» АҚ Halyk тобының ұйымдары арасында Алматы қаласының қалалық қан орталығының қатысуымен жыл сайынғы «Донор күні» қайырымдылық акциясын ұйымдастырды, оған 75 адам қатысты.
- S&P Global Ratings рейтингтік агенттігі «Халық-Life» АҚ «BBB-» деңгейіндегі қаржылық тұрақтылықтың ұзақ мерзімді рейтингін (елдік рейтинг) және «kzAAA» қазақстандық ұлттық шкаласы бойынша рейтингті, «Тұрақты» болжамын растады.
- «Халық-Life» АҚ-да «Halyk Super-App» мобильді қосымшасында «Халық Қазына» сақтандыру шартын жасасудың онлайн-процесі енгізілді.

Қыркүйек айында:

- «Halyk Finance» АҚ 2024 жылғы қыркүйекте өтеу мерзімі бар 13,5 млн АҚШ доллары көлеміндегі AIX-te Bi Development купондық облигацияларын орналастырудың бірлескен букраннері рөлін атқарды.
- «Халық-Life» АҚ қоғамға экологиялық мінез-құлықты трансляциялау аясында Алматы қаласы маңындағы табиғи аумақтарды табиғатта демалушылар қалдырған қоқыстардан тазарту бойынша ауқымды экологиялық сенбілік өткізді.
- «Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ бейне қоңырау арқылы сайттың web нұсқасы (<https://797.polisonline.kz>) арқылы HALYK KACKO (Стандарт және VIP) өнімін онлайн ресімдеуді іске қосты.

Қазан айында:

- «Халық-Life» АҚ-да «Халық Қазына» өнімі «Altyn Bank» АҚ (Altyn-I) және Halyk Bank мобильді қосымшаларына шығарылды, сондай-ақ «Life-Рента+» (электрондық досымен) пайдасына қатыса отырып, ерікті кейінге қалдырылған аннуитет бойынша сақтандыру шарттарын жасасудың цифрлық процесі енгізілді.
- Fitch Ratings рейтингтік агенттігі «Халық Банк Грузия» АҚ-ның «BB+» деңгейіндегі ұзақ мерзімді рейтингін, «Тұрақты» болжамын растады.
- Halyk Bank Open Networks Ltd жеке компаниясының жарғылық капиталындағы 50% үлесін сатып алды.
- Tenge Bank пен Bank of New York Mellon арасында корреспонденттік шот ашуға келісім жасалды.

Қараша айында:

- Үміт Шахметова Орталық Азияның TOP-40 көшбасшы-әйелдері қатарына кірді. «ІОксалиш» жалпыұлттық қозғалысы (Өзбекстан Республикасы) Әлеуметтік және экономикалық бастамалар институтымен бірлесіп, сарапшылардың қолдауымен «Орталық Азияның көшбасшы-әйелдері» рейтингін дайындады.
- Halyk Bank Visor International DMCC ("Visor") инвестициялық тобының құрамына кіретін сатып алушылар консорциумымен «Халық Банк Қырғызстан» ААҚ-ның 100%-н сату туралы уағдаластыққа қол жеткізілгенін жариялады.
- «Halyk Finance» АҚ жеке басқарушы компаниялар арасында басқарудағы зейнетақы активтерінің көлемі мен кірістілігі бойынша көшбасшы болды.
- «Halyk Finance» АҚ «Самұрық-Қазына» АҚ және «KEGOC» АҚ-ның KASE және AIX акцияларының бірлескен үйлестірушісі және букраннері ретінде әрекет етті. Halyk тобы сонымен қатар бөлшек инвесторларды тарту бойынша көшбасшы болды.
- «Халық-Life» АҚ-да өмірді ерікті сақтандыру бойынша «Life-жол» (шетелге шығатын) сақтандыру шарттарын жасасудың цифрлық процесі енгізілді, сондай-ақ сақтанушының ЖОМС

Нәтижелері оқиғалар

өнімі бойынша онлайн сақтандыру жағдайы туралы хабарлама беруінің цифрлық процесі енгізілді.

- «Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ-да «Трэвел» (саяхатшы) түрісін медициналық сақтандыру бойынша жаңа өнім әзірленіп, енгізілді;
- «Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ-да «Тойота Иншуранс Менеджмент (сақтандыру брокерлері)» ЖШС және «Мұнай сақтандыру компаниясы» АҚ серіктестерімен «Тойота Файнаншл Сервисес Қазақстан» іске асыру арнасы бойынша сақтандыру пулы іске асырылды.
- «Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ-да қаржылық тұрақтылық рейтингі жоғары (рейтингі SP бойынша А-дан төмен емес) қытайлық қайта сақтандырушыларда тәуекелдерді одан әрі қайта сақтандырумен жергілікті серіктес-сақтандырушы ретінде қытай нарығымен ынтымақтастық басталды. Алғашқы мәмілелер 2023 жылдың желтоқсанында жасалды.

Желтоқсан айында:

- Halyk Bank жарнасы 2015 жылы Қазкоммерцбанк алған тарихи мемлекеттік көмектің 40 млрд теңгесін мерзімінен бұрын өтеген.
- International Banker беделді халықаралық басылымы 2023 Best Banking Award дәстүрлі сыйлықақысын қорытындылады. Оның қорытындысы бойынша, Halyk басшысы Үміт Шаяхметова «Шығыс Еуропадағы 2023 жылдың үздік банкирі» (Best Banking CEO of the Year Eastern Europe 2023) номинациясы бойынша жеңімпаз атанды.
- Halyk Bank қаржы секторындағы ESG ақпаратын жақсы ашқаны үшін PwC дипломын алды.
- Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының қорытындысы бойынша, Halyk Bank Директорлар кеңесінің мүшесі Мәжит Төлеубекұлы Есенбаевтың өкілеттігі 2023 жылғы 1 желтоқсаннан бастап өз бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылды. Директорлар кеңесінің сандық құрамы 7 адамнан 8 адамға дейін ұлғайтылды, тәуелсіз директор ретінде Жақсыбек Әбдірахметұлы Күлекеев және «АІМЭКС» холдингілік тобы» АҚ өкілі ретінде Жомарт Досанқұлұлы Нұрабаев сайланды.
- «Қазтелепорт» АҚ Астана қаласындағы TIER III сенімділік деңгейіне жауап беретін 100 бағаналы жаңа ДӨӨ ғимаратын пайдалануға қабылдады.
- «Halyk Finance» АҚ жеке ИПБ арасында басқарудағы зейнетақы активтерінің көлемі бойынша және барлық зейнетақы жинақтарын басқарушылар арасында басқарудағы зейнетақы активтерінің кірістілігі бойынша көшбасшылықты сақтап қалды.
- 2023 жылдың қорытындысы бойынша Halyk Finance көлемі 657,7 млрд теңге және нарықтық үлесі 38,9% Қазақстан облигацияларының барлық шығарылымдарын, сондай-ақ облигациялар

шығарылымдарының жиынтық көлемі 394 млрд теңге және нарықтық үлесі 44,4% болатын Sbons басылымының нұсқасы бойынша Қазақстан облигацияларының нарықтық шығарылымдарын ұйымдастырушылар рэнкингінің көшбасшысы болды.

- «Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ Onlinebank web нұсқасында «сақтандыру» бөлімін екі өніммен іске қосты: ОГПО BTC және ОГПО Нотариус.
- Tenge Bank-тен Halyk Bank карталарына жедел аударымдар іске қосылды.

Жыл бойы:

- Қаржы сауаттылығын арттыру бағдарламасы аясында Халық-Life компаниясы ҚР-да өмірді сақтандыру туралы үздік материалға журналистер арасында Республикалық байқау өткізді. Байқау аясында сақтандыру нарығы туралы 51 материал арасында номинациялар бойынша 15 жеңімпазды марапаттау рәсімі ұйымдастырылды және өткізілді.
- «Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ қызметкерлері ESG шеңберінде 7 жоба ұйымдастырды және өткізді (сенбіліктер, ағаш отырғызу, қайырымдылық заттар жинауға арналған «жылу» боксы, қызметкерлердің балаларына арналған эко-жоба, құстарға арналған жемдер, алма жинау, қызметкерлерге қайта өңделген шикізаттан жасалған футболкалар).
- «Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ «Тұран» халықаралық қайта сақтандыру сыйымдылығын құру туралы меморандумға қол қойды. Мақсаты – меморандумға қатысушыларды жиынтық сыйымдылықты қалыптастыру және тәуекелдер портфелінің сапасын жақсарту бойынша біріктіру. Меморандумға қол қойған елдер арасында: Әзірбайжан, Грузия, Қазақстан және Өзбекстан. Енді барлық қазақстандық жалпы сақтандыру компаниялары осы елдердің нарықтарына шыға алады, ал тәуекелдердің бір бөлігін «Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ өз мойнына алады. Меморандумға қол қойған басқа компаниялар: AzRe Reinsurance (Әзірбайжан), «Алдаги» СК (Грузия) және Apex Insurance (Өзбекстан). Бұл сыйымдылықтың әкімшісі Marsh сақтандыру брокері болады.
- Тәуекел бойынша да, апатты оқиға бойынша да мүлктің тәуекелдері бойынша облигациялық қорғау сыйымдылығын 2 есеге 20 млрд теңгеге дейін ұлғайтты, бұл сақтандыру компаниялары арасындағы қазақстандық нарықтағы ең үлкен сыйымдылық болып табылады. Облигациялық қорғаудың бұл ұлғаюы «Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ-на тәуекелдер мен сыйлықақылардың үлкен көлемін ұстап қалуға, сондай-ақ нарықтағы басқа сақтандыру компаниялары арасында бәсекелестік артықшылыққа ие болуға мүмкіндік береді.



Марапаттар



HALYK BANK



Euromoney

Қазақстандағы үздік банк

Сертификатталған қаржы
менеджерлері институты
(ICFM)

2022 жылдың үздік жұмыс берушісі



Global CIO

GovTech: E-Government саласындағы
үздік IT-жоба

AIX

For the Development of Retail Segment
(2023)

AIFC

Best Green Investment Bank



PwC

2022 жылғы жылдық есеп / ESG-есебі
қаржы секторындағы компаниялар
арасында үздік деп танылды

KASE

МБҚ нарығын дамытуға қосқан үлесі
үшін (KASE-нің 30 жылдығы)

ESG стандарттарын енгізгені үшін

Акциялар нарығының көшбасшысы
(2023)Мемлекеттік бағалы қағаздар
нарығындағы жылдың үздік маркетинг
мейкері (2023)Бөлшек инвесторлар нарығын
дамытқаны үшін (KASE-нің 30
жылдығы)

Cbonds

Қазақстанның облигациялар нарығы
бойынша үздік талдауҚазақстанның үздік
инвестициялық банкіҚазақстанның үздік
басқарушы компаниясы

EMEA Finance

Қазақстандағы үздік брокер

Қазақстандағы үздік инвестициялық
банкОрталық және Шығыс Еуропадағы
акциялар нарығындағы үздік
инвестициялық банк

HALYK FINANCE



Global Finance

Қазақстандағы үздік инвестициялық
банк 2023

KASE

Акциялар нарығының көшбасшысы

Акциялар нарығындағы жылдың
андеррайтері

AIX

Борыштық құралдар нарығындағы
үздік брокер

TENGE BANK



AsiaMoney Awards

Нұсқасы бойынша үздік халықаралық банк, 2023



The Banker Awards

Өзбекстандағы жыл банкі, 2023



Visa Awards

Перспективалы жылға арналған стратегиялық ынтымақтастық



Mastercard Awards

Үздік технологиялық серіктес



Finance Derivative

Нұсқасы бойынша үздік халықаралық банк



PLUS Awards

Үздік техникалық шешім үшін «банк бизнесінің қолжетімділігі» — картوماتтар 2023

HALYK BANK KYRGYZSTAN



WasteNet.KG

Green Waste Leaders, 2023



SME Banking Agency

Қырғызстандағы бизнес үшін үздік үш интернет-банкінгің бірі болып танылды



USAID

Қырғыз Республикасының экономикасын дамытуға қосқан белсенді ынтымақтастығы және елеулі үлесі үшін



VISA


Special Award — Strategic synergy for a promising year ahead

HALYK LEASING



«Ұлттық ақпараттық-талдау орталығы» ЖШС

Медициналық жабдықтар мен техниканың қаржылық лизингінен басқа «Қаржы лизингі» саласы бөлінісінде елдің сенімді және әлеуметтік маңызы бар кәсіпорны туралы куәландыратын «Сала игілігі 2022» дипломы





Қазақстан Республикасының
макроэкономикасына және
банктік секторына шолу



2023 ЖЫЛҒЫ МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ АХУАЛ


Қазақстан
Республикасының
макроэкономикасы
на және банктік
секторына шолу

Өткен жылы қалыпты өсуден кейін экономика 2023 жылдың соңғы тоқсанында айтарлықтай жанданды, соның арқасында ЖІӨ өсімі 5,1% құрады. Ұлттық қордан экономикаға 1,3 трлн теңге көлемінде қосымша көзделмеген қаражатты құю, мұнай өндіруді қалпына келтіру сауда белсенділігінің қатар өсуімен жыл соңына қарай іскерлік белсенділікті жеделдетудің драйверлеріне айналды. Жалпы алғанда, ЖІӨ-нің небәрі 3,2% өсуімен өткен жылдың төмен базасын атап өткен жөн, бұл да экономиканың 2013 жылдан бері рекордтық өсіме қол жеткізуде маңызды рөл атқарды.

Сыртқы экономикалық жағдайлар геосаяси тұрақсыздықпен және негізгі орталық банктердің жоғары мөлшерлемелерімен ауырлатылды. Нәтижесінде жаһандық экономика қайтадан баяулады, бұл өткен жылы мұнай бағасы 17%-ға төмендеген көмірсутектер нарығына айтарлықтай әсер етті. Осылайша, ел үшін сауда шарттары айтарлықтай нашарлады, бұл экспорттық кірістерді минусқа алып тастады. Энергетикалық дағдарысты қамтитын экономиканың ішкі проблемалары – жанар-жағармайдың қымбаттауы және елдің энергетикалық жүйесіндегі ақаулар, сондай-ақ нашар өнім – қатты серпін алған экономиканың қарқынын едәуір шектеді.

Өткен жылы үлкен мұнай инъекциялары негізгі капиталға инвестицияларды ұлғайтуда шешуші рөл атқарды, бұл фонда өсуді 13,7%-ға дейін арттырды. Экономикалық өсудің драйвері ретінде инвестицияларға олардың долларлық баламалы мөлшері 39,5 миллиард АҚШ долларына еткендігі де әсер етті – бұл ел тарихындағы екінші ең жоғары көрсеткіш. Бұрын инвестициялардың ең жоғары көлемі 2013 жылы 39,9 млрд АҚШ долларын құраған болатын. Өткен жылы республикадағы инвестициялық серпіліс өзінің құрамымен де ерекшеленеді. Егер бұрын инвестициялық белсенділік негізінен мұнай секторының инвестицияларымен анықталса, өткен жылы коммуналдық салаға және көлік инфрақұрылымына инвестициялар алдыңғы қатарға шықты, онда бюджеттік қаражат басты рөл атқарды.

Қазақстан экономикасы және мұнай бағасы



Ақпарат көзі: БНС, Блумберг


Өз кезегінде, өткен жылы шетелдік тікелей инвестициялар айтарлықтай қысқарды, оған капитал нарықтарындағы қарыз алу құнының артуы әсер етті. Сонымен қатар, қайта инвестицияланған пайда көлемін ескере отырып, таза ақша ағыны қайтадан теріс болды. Республикада капиталдың теріс ағынының мұндай тұрақты үрдісі 2018 жылдан бері байқалып келеді.

Өздеріңіз білетіндей, баға белгілеу саласындағы мемлекеттік саясат көптеген жылдар бойы мемлекеттік монополиялардың шығындарын өтемітін төмен тарифтерді қамтамасыз етуге негізделді, бұл желілік инфрақұрылымның тозуына әкелді. Нәтижесінде мемлекет саланы күрделі жаңғырту үшін ресурстарды асығыс жұмылдыруға мәжбүр болды. Бұл, өз кезегінде, тарифтерді нарықтық деңгейлерге параллель көтеру кезінде алдағы жылдары тиісті инвестицияларды қолдайтын болады. Сонымен қатар, банктердің несиелеріне сұраныс жеткіліксіз болып қалатынын айта кету керек. Инвестициялық процестегі несиелердің үлесі 3,2%-дан 2,5%-ға дейін төмендеді.

Ұлттық валюта бағамының тамыз айындағы құлдырауына қарамастан, тұтастай алғанда теңге 2017 жылдан бері алғаш рет Ұлттық қордан валюта ұсынысының ұлғаюы тарапынан қолдау тауып, бір жыл ішінде нығайды. Ішінара, жылдың соңында ұлттық валютаның нығаюына рубльдің АҚШ долларына қарсы күшеюі де ықпал етті. Бірақ АҚШ долларының рубльге және теңгеге бағамдары әр түрлі пропорцияда өзгерді, бұл теңгенің рубльге позициясын күшейтті. Ұлттық валютаның нығаюы инфляция деңгейіне оң әсер етті, ол бір мәнді мәндерге дейін төмендеді. Жиынтығында бұл факторлар экономиканы бюджеттен толықтырумен бірге компаниялардың инвестициялары мен үй шаруашылығын тұтынуды ынталандыру арқылы ішкі сұранысты арттырды.

Мұнай сатудан түскен табыстың төмендеуіне қарамастан, жалпы мұнай секторы көмірсутек өндіру көлемінің ұлғаюына байланысты өткен жылы ел экономикасының өсуіне елеулі үлес қосты. Біздің бағалауымыз бойынша сектордың ЖІӨ-нің өсуіне қосқан үлесі шамамен 0,5 тт-ны құрады. Сонымен бірге, елдегі мұнай өндірісі 2019 жылдан бастап тұрақты түрде төмендеді, осылайша ол жалпы көрсеткішті айтарлықтай «тежеді». Мұндай жағдайда мұнай емес секторлардың динамикасын Ұлттық қор қаражатының үздіксіз құйылуы құтқарды, ол 2020 жылдан бастап жылына орта есеппен 10 млрд АҚШ долларынан асты.

Компоненттер бойынша ЖІӨ динамикасы



Ақпарат көзі: БНС

2023 жыл демография саласындағы жаңа рекордпен атап өтілді – ел халқы жыл соңында 20 млн белгіден өтті. Орташа алғанда, әр 4 жыл сайын республика халқына 1 млн адам қосылады. Әрине, халықтың өсуі жұмыс күші мен ішкі сұранысты кеңейту арқылы экономикалық белсенділіктің өсуіне ықпал етеді. Естеріңізге сала кетейік, 90-шы жылдардағы құлдыраудан кейін ел халқының саны 2000-шы жылдардың басында ғана тұрақтанды, содан кейін ол біртіндеп өсуге көшіп, 2010 жылы дағдарысқа дейінгі деңгейге жетті.


Тұрақты сыртқы сұраныс және Қазақстан экономикасының жалпы жандануы аясында 2023 жылғы қаңтар-желтоқсанда өнеркәсіп шығарылымы көлемінің 2022 жылғы ұқсас кезеңдегі ж/ж 1,1%-бен салыстырғанда ж/ж 4,3%-ға ұлғайуы байқалды. Өнеркәсіптегі өндіріс динамикасының өсуіне негізгі әсер тау-кен секторы болды (+4,6%). Өткен жылы өңдеу өнеркәсібіндегі өсу қарқыны (ж/ж +4,1%) да жақсы болды.

ҚРҰБ мәліметтері бойынша, 2023 жылы ағымдағы шоттың сальдосы 8,7 миллиард АҚШ доллары тапшылығымен қалыптасты – бұл 2020 жылдан бергі ең үлкен көрсеткіш. Ағымдағы шоттың теріс сальдосын қалыптастыруға негізгі әсер тауарлар мен қызметтер импортының елеулі өсуі болды, ол үш жыл қатарынан өсіп келеді. Мұнай өндірудің 7%-ға артуымен мұнай баға белгілеулерінің 20%-ға жуық төмендеуін ескере отырып, экспорт көлемінің қысқаруы 3,6% құрады. Нәтижесінде сыртқы сауда балансының профициті шамамен 50%-ға төмендеп, 19 миллиард АҚШ долларына дейін азайды.

Ағымдағы шоттың теріс сальдосы 9 миллиард АҚШ долларына жақындады. Салыстырмалы түрде оның мөлшері ЖІӨ-нің -3,3%-на жетті.

Импорттың өсуі мемлекеттік шығыстардың тоқтаусыз өсуін, сондай-ақ Ұлттық қордан валюта ағынының бенефициарына айналған теңгенің нығайған айырбас бағамын ынталандырады. Сондай-ақ, тұтынушылық несиелеудің екі таңбалы өсуін атап өтуге болады, соның арқасында халық жоғары инфляцияға байланысты түскен кірістерді өтейді және импорттық өнімге сұранысты арттырады.


Ағымдағы шоттың профициті/тапшылығы, млрд АҚШ доллары



Ақпарат көзі: ҚРҰБ

Тұтыну динамикасы көбінесе бөлшек сауда динамикасымен үндеседі – 2023 жылғы қаңтар-желтоқсанда бөлшек сауда көлемі 19,2 трлн теңге деңгейінде қалыптасты, 2022 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 14%-ға ұлғайды. Нақты мәнде тауар айналымының өсуі 2023 жылғы ЖІӨ динамикасынан едәуір озып, ж/ж 7,7% құрады. Бұл өсім азық-түлік емес тауарлар айналымының артуымен толық қамтамасыз етілді.

Бөлшек сауда көлемі



Ақпарат көзі: БНС

Салық түсімдерінің біршама «төмендеуіне» қарамастан, олардың 2023 жылдың қорытындысы бойынша жалпы өсімі 27%-ға жетті, бұл 2022 жылғы рекордтық көрсеткіштен төмен болды, бірақ алдыңғы 5 жылдағы мәндерден айтарлықтай жоғары. Сонымен қатар, нақты мәндегі ЖІӨ динамикасымен салыстырғанда салық кірістерінің көрсеткіштері постковидтік кезеңдегі өсудің жоғарылауымен ерекшеленді. Алайда, белгілі бір диссонанс өткен жылы ЖІӨ өсімі салық төлемдерінің ілеспе кеңеюіне толық көрсетілмеген кезде байқалды, дегенмен нақты өсім екі таңбалы деңгейде сақталды. Құрылымдық жағынан, өткен жылы ЖІӨ-нің өсуі мұнай емес секторына байланысты болды, ал мұнай секторы көмірсутектер бағамының төмендеуіне байланысты зардап шекті, оған ұлттық валюта бағамының нығайуы қосылды. Сондай-ақ, егінің нашар болуына байланысты ауыл шаруашылығындағы өндіріс төмендеді. Тиісінше салықтардың жетіспеушілігі мұнай компонентіне байланысты болды.


Ұлттық қордың мемлекеттік бюджетке трансферттерінің мөлшері 2022 жылмен салыстырғанда 0,6 трлн теңгеге 4 трлн теңгеге дейін қысқарды, алайда Ұлттық қордан қосымша қаражат алу 1,3 трлн теңгені құрады, яғни іс жүзінде бұл сол трансферттер, соның арқасында олардың жалпы сомасы 5,3 трлн теңгеге жетті.

Мемлекеттік бюджеттің жалпы кірістеріндегі трансферттердің үлесі 2020 жылдан бастап үздіксіз қысқарды, бұл салық түсімдерінің жақсы өсуін көрсетті. Өткен жылдың қорытындысы бойынша ол жаңа ең төменгі деңгейге 16%-ға төмендеді – трансферттерді пайдаланудың алғашқы жылынан басқа барлық уақыттағы ең жақсы көрсеткіш - 2007 жылы болды, ол кезде бюджет түсімдеріндегі трансферт небәрі 9% құраған еді.

2023 жылы мемлекеттік бюджеттің шығыс бөлігі 5 трлн теңгеге (+24,3%) өсіп, 26,8 трлн теңгеге жетті.

Бюджеттің шығыс бөлігі білім беруге, денсаулық сақтауға және әлеуметтік қамсыздандыруға салыстырмалы түрде қарапайым өсімге қарамастан, осы баптарға жұмсалатын шығыстардың үлесі бюджеттің барлық шығыстарының жартысынан асатын әлеуметтік сипатты сақтауды жалғастыруда.

Мемлекеттік бюджеттің көрсеткіштері




Ақпарат көзі: ҚР Қаржы министрлігі

2023 жылдың қорытындысы бойынша мемлекеттік бюджет тапшылығы үш жылдық ең жоғары 2,8 трлн теңгеге дейін шамамен 30%-ға күрт өсті. Мемлекеттік бюджет тапшылығының ұлғаюына шығыс бөлігінің озық өсуі ықпал етті, ал кірістер қысымға ұшырады.

2023 жылдың қорытындысы бойынша инфляция 2022 жылдың ақпан айынан бастап алғаш рет бір мәнді болып, 9,8% құрады. 2023 жыл ішінде инфляцияны біртіндеп тұрақтандырудың жалғасып келе жатқан үрдісі сыртқы қолайлы факторлардың да, мемлекеттің ішкі саясатының да арқасында қалыптасты. Біріншіден, теңгенің айырбас бағамы бірнеше рет нығайып, жыл соңына қарай 456,31 теңгені құрады, бұл 2022 жылғы жылдық бағамнан да төмен. Екіншіден, монетарлық реттеуші жыл бойы өте қатаң ақша-несие саясатын ұстанды, жылдың екінші жартысында ғана жұмсарту циклін бастады және базалық мөлшерлемені өте консервативті түрде – жылдың соңына қарай 1 тт-ға төмендетті. Үшіншіден, жоғарыда айтылғандай, бұл әлемдегі инфляциялық қысымның төмендеуі, негізінен энергия мен азық-түлік бағасының төмендеуіне және орталық банктердің қатаң шараларына байланысты болды.

Сонымен бірге, егер өткен жылдың ішінде Ұлттық қор қаражаты есебінен елдің үнемі артып отыратын шығыстарын қаржыландырған үкіметтің фискалдық ынталандыруы болмаса, инфляция одан да төмен деңгейде қалыптасуы мүмкін еді.

Инфляция және базалық мөлшерлеме динамикасы



Ақпарат көзі: БНС, ҚРҰБ

ҚРҰБ-тың ақша-кредит саясаты

2023 жылдың екінші жартыжылдығында ҚРҰБ жыл соңына қарай базалық мөлшерлемені 16,75%-дан 15,75%-ға дейін төмендетіп, АКС-ны біртіндеп жеңілдетте бастады. Бұл ретте, тұтыну инфляциясының қарқыны 2022 жылғы желтоқсандағы 20,3% ж/ж-дан 2023 жылғы желтоқсандағы 9,8% ж.ж-ға дейін айтарлықтай баяулады.

Жиынтық сұраныстың барлық компоненттерінен екі таңбалы өсу қарқыны байқалды. Бұл бөлшек саудаға, үй шаруашылығының тұтынушылық мақсаттарына арналған несиелерге, негізгі капиталға инвестицияларға және өткен жылы экономикаға инфляциялық қысым жасаған мемлекеттік бюджет шығындарына қатысты болды.

Жалпы, республикадағы инфляция экономиканың сыртқы күйзелістерге бейімделуі және әлемдегі инфляцияны қалыпқа келтіру аясында біртіндеп тұрақтануда. Бұл үдерісте ұлттық валютаны нығайту да маңызды рөл атқарды, оның айырбас бағамы 2017 жылдан бері алғаш рет нығайтуға көшті және жылына орта есеппен бір АҚШ доллары үшін 456,31 теңгені құрады (2022 жылы 460,5).

Қазақстанның банк секторы

2023 жылы екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфелі 22,4% ж/ж-ға 27 933 млрд теңгеге дейін ұлғайды – мұндай өсу қарқыны 2022 жылмен салыстырғанда (+23,3% ж/ж) сәл төмен қалыптасты және негізінен жеке тұлғалардың кредиттік портфелінің өсуі есебінен қамтамасыз етілді. 28,9% ж/ж (2022 жылы +31,8% ж/ж) және 18 247 млрд теңгені құрады, бұл заңды тұлғалардың портфелінен екі есе дерлік жоғары (9 686 млрд теңге), ол бір жылда 11,9% ж/ж (2022 жылы +11,5% ж/ж) өсті. Коммерциялық банктердің кредиттерінің жалпы портфеліндегі заңды тұлғалар портфелінің үлесі өткен жылы төмендеп, 34,7% құрады (2022 жылы 37,9%). Кредиттік портфельдің өсу серпіні негізінен ұлттық валютадағы кредиттеу көлемінің 23,0% ж/ж (2022 жылы +26,4% ж/ж) ұлғаюымен байланысты болды, ал шетел валютасындағы кредиттеу көлемі 16,3% ж/ж (2022 жылы -3,1% ж/ж) ұлғайды. Ұлттық валютадағы кредиттеу үлесі шетел валютасына қарағанда бірнеше есе жоғары деңгейде сақталады – тиісінше 92,3% және 7,7% (2022 жылы 91,9% және 8,1%).

Жеке тұлғаларға портфель құрылымында тұтынушылық кредиттеу өсу қарқыны бойынша да, көлемі бойынша да үстемдік етуді жалғастыруда: 2023 жылы тұтынушылық мақсаттарға арналған кредиттер портфелі 34,1% ж/ж (2022 жылы +25,2% ж/ж) өсті және 10 326 млрд теңгені (2022 жылы 7 698 млрд теңге) құрады. ЕДБ-нің жалпы кредиттік портфеліндегі тұтынушылық кредиттердің үлесі бір жыл ішінде өсіп, 2023 жылдың аяғында 37,0% құрады (2022 жылы 33,7%). Тұрғындардың тұрғын үй құрылысы мен сатып алуына кредит беру бір жылда 17,8%-ға ұлғайып, 5 547 млрд теңгені құрады (2022 жылы 4 709 млрд теңге). Осылайша, мұндай несиелендіру үлесі бір жыл ішінде 2022 жылғы 20,6%-дан 2023 жылдың аяғында 19,9%-ға дейін аздан төмендеді.

Жұмыс істемейтін несиелердің үлесі (NPL90+) 2023 жылдың соңындағы жағдай бойынша 2022 жылғы 3,4%-дан 2,9%-ға дейін қысқарды. Номиналды мәнде жұмыс істемейтін кредиттер көлемі 2022 жылы 814,6 млрд теңгеден 2022 жылы 863,8 млрд теңгеге дейін ж/ж 6%-ға (2022 жылы +21,8% ж/ж) ұлғайды.

2023 жылдың қорытындысы бойынша банктер депозиттері портфелінің ж/ж 12,0%-ға (2022 жылы ж/ж +14,2%) 34 663 млрд теңгеге (2022 жылы 30 935 млрд теңге) дейін өсуі байқалды. Өткен жылы депозиттердің жиынтық көлемінің ұлғаюы негізінен жеке тұлғалардың салымдарының ағыны есебінен ж/ж 20,4% (2022 жылы +18,0% ж/ж) 18 841 млрд теңгеге (2022 жылы 15 647 млрд теңге) дейін өсті, ал корпоративтік салымдар өткен жылы 3,5%-ға ж/ж 15 822 млрд теңгеге дейін өсті (2022 жылы 15 288 млрд теңге). Валюталар бөлінісінде 2023 жылы теңгедегі салымдар тарапынан депозиттік базаның ж/ж 25,8%-ға 26 605 млрд теңгеге дейін (2022 жылы 21 150 млрд теңге) кеңейіп байқалды, ал валюталық салымдар тарапынан ж/ж 17,7%-ға 8 057 млрд теңгеге дейін (2022 жылы 9 785 млрд теңге) айтарлықтай қысқару байқалды. 2023 жылы долларландыру деңгейі 1997 жылдан бастап ең төменгі деңгейге жетіп, 23,2% құрады (2022 жылы 31,6%).

ҚРҰБ алып қойған өтімділіктің жалпы көлемі 2023 жылдың қорытындысы бойынша жылдық мәнде 18,3%-ға өсіп, 4 434 млрд теңгені құрады. ҚРҰБ өтімділігін алудың негізгі қаржы депозиттік аукцион болды, ол бойынша мәмілелер көлемі ж/ж 157,2%-ға 2 475 млрд теңгеге дейін ұлғайды. Депозиттер арқылы алып қою ж/ж 17,1%-ға 1 048 млрд теңгеге дейін ұлғайды, ал қысқа мерзімді ноталар бойынша ж/ж 46,3%-ға 1 200 млрд теңгеге дейін қысқару байқалды. Осылайша, 2023 жылдың желтоқсан айының соңындағы зарарсыздандырылған өтімділік көлемі ақша массасы көлемінің 11,6% (2022 жылы 10,9%) және коммерциялық банктердің брутто-заемдары көлемінің 14,9% (2022 жылы 15,5%) құрады.

2023 жылдың соңында барлық коммерциялық банктер 2 185 млрд теңге деңгейінде қалыптасқан пайданы тіркеді, бұл 2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 49,0%-ға жоғары. Өткен жылы банк секторының таза пайыздық кірісі ж/ж 31,2%-ға ұлғайып, 2 728 млрд теңгені құрады, ал таза комиссиялық кірістер 727 млрд теңге (ж/ж +20,5%) деңгейінде қалыптасты. 2023 жылы резервтерді (провизияларды) қалпына келтіруден түскен кірістер ж/ж 25,9%-ға өсіп, 1 648 млрд теңгені құрады. Банктер активтерінің рентабельділігі 2022 жылғы 3,6%-дан 2023 жылы 4,6%-ға дейін өсті, ал екінші деңгейдегі банктердің капиталы ж/ж 31,3%-ға (2022 жылы +15,3%) 6 862 млрд теңгеге дейін өсті.



Қаржылық қызмет
нәтижелеріне шолу



Қаржылық қызмет
нәтижелеріне шолу

Жай акционерлерге таза пайда 2022 жылдың 12 айындағы 569,5 млрд теңгемен салыстырғанда 2023 жылдың 12 айда 21,8%-ға 693,4 млрд теңгеге дейін ұлғайды, бұл негізінен Банк 2023 жылғы желтоқсанда мерзімінен бұрын өтеген (2015 жылы ҚОҚ-нан депозит түрінде ККБ алған мемлекеттік қолдауды ішінара мерзімінен бұрын өтеу) Қазақстанның орықтылық қорының (ҚОҚ) депозиті бойынша жеделдетілген амортизациясының біржолғы теріс әсеріне қарамастан, кредиттік және транзакциялық бизнестің айтарлықтай өсуіне байланысты болды.

2023 жылдың 12 айындағы **пайыздық кірістер** 2022 жылдың 12 айымен салыстырғанда 33,8%-ға өсті, бұл негізінен орташа мөлшерлемеленің ұлғаюы және клиенттердің қарыздары бойынша орташа қалдықтардың өсуі есебінен болды.

2023 жылдың 12 айындағы **пайыздық шығыстар** 2022 жылдың 12 айымен салыстырғанда 48,6%-ға ұлғайды, бұл негізінен теңгеде көрсетілген клиенттер қаражатының орташа мөлшерлемесі мен үлесінің өсуі, сондай-ақ ҚОҚ депозиті бойынша дисконттың жоғарыда көрсетілген жеделдетілген амортизациясының біржолғы теріс әсері есебінен болды. Нәтижесінде 2023 жылдың 12 айындағы таза пайыздық кіріс 2022 жылдың 12 айымен салыстырғанда 21,1%-ға өсті.

2023 жылдың 12 айында **таза пайыздық маржаға** нарықтық пайыздық мөлшерлемелер өскеннен кейін клиенттердің заемдары бойынша да, клиенттердің қаражаты бойынша да орташа мөлшерлемелердің өсуі әсер етті. Сонымен қатар, клиенттерге жиынтық пайыздық активтердегі заем үлесі айтарлықтай өсті. Сонымен қатар, кредит мекемелеріндегі валюта қаражаттарының орташа мөлшерлемелері және АҚШ долларындағы пайыздық мөлшерлемелердің жаһандық өсуіне байланысты пайыздық кіріс әкелетін валюта қаражаттары мен олардың баламалары өсті. Нәтижесінде таза пайыздық маржа 2022 жылдың 12 айындағы жылдық 5,6%-бен салыстырғанда 2023 жылдың 12 айында жылдық 6,2%-ға дейін өсті.

Сонымен қатар, 2023 жылдың 12 айындағы және 2023 жылдың 4-тоқсанындағы **таза пайыздық маржаға** ҚОҚ депозиті бойынша дисконттың жоғарыда аталған жеделдетілген амортизациясы теріс әсер етті. Осы әсерді есепке алмағанда, таза пайыздық маржа 2023 жылдың 12 айында жылдық 6,5% және 2023 жылдың 4-тоқсанында 7,0% құрайтын болады.

2022 жылдың 12 айымен салыстырғанда 2023 жылдың 12 айында **комиссиялық кірістер мен шығыстардың** жалпы динамикасына клиенттер санының ұлғаюы және клиенттердің транзакциялар жасаудағы белсенділігінің өсуі әсер етті. **Қызметтер мен комиссиялар бойынша таза кірістер** 2023 жылдың 12 айында заңды және жеке тұлғалардың таза транзакциялық кірісін ұлғайту*, сондай-ақ кепілдіктер мен аккредитивтер шығарғаны үшін комиссиялардың өсуі есебінен 2022 жылғы 12 аймен салыстырғанда 19,5%-ға ұлғайды.

* Жеке тұлғалардың транзакциялық шығыстарын шегергенде және ниеттестік бағдарламасы бойынша бонустарды шегергенде жеке тұлғалардың транзакциялық кірістері;

** пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері мен міндеттемелері бойынша өзге де пайыздық емес кірістер (таза пайда/залал), өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтерінен таза өткізілген залал, шетел валютасымен операциялар бойынша таза пайда, қауымдасқан ұйымның

2023 жылдың 4-тоқсанындағы **қызметтер мен комиссиялар бойынша таза кірістер** 2022 жылдың 4-тоқсанымен салыстырғанда Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қорына салымдарды сақтандыру бойынша жарналар мен адалдық бағдарламасы бойынша бонустарға арналған шығыстарды ұлғайту есебінен 20,3%-ға төмендеді.

2023 жылғы 12 айдағы **өзге пайыздық емес кірістер**** 2022 жылдың 12 айымен салыстырғанда 17,3%-ға төмендеді, бұл негізінен 2022 жылдың 12 айындағы валюта бағамдары мен пайыздық мөлшерлемелердің жоғары құбылмалылығына байланысты шетел валютасымен операциялар бойынша таза пайданың төмендеуіне байланысты болды.

Сақтандыру қызметінен түскен таза табыс*** 2023 жылдың 12 айында өмірді сақтандыру және жалпы сақтандыру бойынша бизнестің өсуі есебінен 2022 жылдың 12 айымен салыстырғанда 89,2%-ға ұлғайды.

2023 жылғы 12 айдағы **операциялық шығыстар** 2022 жылғы 12 айға қарағанда негізінен 2023 жылғы 1 наурыздан бастап жалақы мен сыйлықақыларды индексстеу, сондай-ақ IT-ге инвестицияларды және карточкалық бизнесті дамытуға арналған шығыстарды ұлғайту есебінен 14,5%-ға ұлғайды. 2023 жылғы операциялық шығыстардың ішінде аудиторлық қызметтердің құны 506,2 млн теңгені құрады (2022 жылы – 467,5 млн теңге).

Клиенттердің 2023 жылғы 12 айдағы қарыздары бойынша тәуекел құны біздің жылдық болжамымыз шеңберінде қалыпқа келтірілген деңгейде болды және 1,0%-ды құрады.

2023 жылғы 12 айда операциялық шығыстардың **операциялық кіріске қатынасы** 2022 жылдың 12 айдағы 19%-бен салыстырғанда 19,2%-ды құрады, 2023 жылдың 12 айындағы операциялық шығыстардың неғұрлым жоғары деңгейіне байланысты.

2023 жылдың аяғындағы жағдай бойынша клиенттердің қаражаты мен шығарылған борыштық бағалы қағаздардың өсуі нәтижесінде **активтер** жыл басынан бері 7,6%-ға өсті.

2022 жылдың аяғымен салыстырғанда клиенттерге қарыздар жалпы негізде 18%-ға және таза негізде 18,2%-ға өсті. Жалпы негізде несие портфелінің ұлғаюы корпоративтік портфельдің 13,4%-ға, ШОБ портфелінің 25,1%-ға ұлғаюына және бөлшек сауда портфелінің тиісінше 22,7%-ға ұлғаюына байланысты болды.

Абсолютті мәнді біршама өскеніне қарамастан, **3-кезең коэффициенті** 2023 жылғы 4-тоқсанның соңында кредиттік портфельді ұлғайту есебінен 7,5%-ға дейін төмендеді.

2023 жылдың 3-тоқсанының аяғымен салыстырғанда **заңды тұлғалардың және жеке тұлғалардың қаражаты** Банк клиенттерінен қаражат ағыны есебінен тиісінше 11,2% және 9,3%-ға ұлғайды.

пайдасындағы үлес, банктік емес қызметтен түсетін кірістер, еншілес ұйымның шығуынан болған залал, сатуға арналған активтердің құнысздануынан болған залал;

***сақтандыру қызметтеріне арналған шығыстарды және қайта сақтандыру бойынша таза шығыстарды шегергендегі сақтандырудан түсетін кірістер.

2023 жылдың соңындағы жағдай бойынша теңгемен номиналданған заңды тұлғалардың депозиттерінің үлесі 2022 жылдың соңындағы жағдай бойынша 60,6%-бен салыстырғанда 72,9%-ды құрады, ал теңгемен номиналданған бөлшек депозиттердің үлесі 2022 жылдың соңындағы жағдай бойынша 52,6%-бен салыстырғанда 63,4%-ды құрады.

2023 жылдың аяғындағы жағдай бойынша *шығарылған бағалы қағаздар* 2022 жылдың аяғымен салыстырғанда 41,2%-ға өсті, бұл негізінен 2023 жылдың мамыры мен шілдесінде 3,5% купондық мөлшерлемесмен АИХ листингтік облигацияларын шығару есебінен болды. 2024 жылғы 15 наурызға Банктің борыштық бағалы қағаздар портфелі келесідей болды:

Борыштық құралдың атауы	Айналымдағы номиналды сомасы	Сыйақы мөлшерлемесі	Өтеу күні
Қазақстан заңнамасы бойынша шығарылған облигациялар	100 млрд теңге	жылдығы 7,5%	Қараша 2024
Қазақстан заңнамасы бойынша шығарылған облигациялар	131,7 млрд теңге	жылдығы 7,5%	Ақпан 2025
Реттелген купондық облигациялар	101,1 млрд теңге	жылдығы 9,5%	Қазан 2025
Astana International Exchange-де тіркелген облигациялар	185,5 млн АҚШ долл.	жылдығы 3,5%	Мамыр 2025
Astana International Exchange-де тіркелген облигациялар	299,9 млн АҚШ долл.	жылдығы 3,5%	Мамыр 2025
Astana International Exchange-де тіркелген облигациялар	229,5 млн АҚШ долл.	жылдығы 3,5%	Шілде 2025

2023 жылдың 12 айында *Банктің меншікті капиталы* 2023 жылдың 12 айында тапқан таза табысының нәтижесінде 2022 жылдың аяғымен салыстырғанда 464,7 млрд теңгеге немесе 23,1%-ға ұлғайды.

Банк капиталының жеткіліктілік коэффициенті мынаны құрады*:

	31-жел-23	30-қыр-23	30-мау-23	31-нау-23	31-жел-22
Капиталдың жеткіліктілік коэффициенті, шоғырландырылмаған:					
Halyk Bank					
k1-1	19,6%	18,6%	18,1%	20,2%	19,3%
k1-2	19,6%	18,6%	18,1%	20,2%	19,3%
k2	19,9%	19,0%	18,4%	20,6%	19,7%
Капиталдың жеткіліктілік коэффициенті, шоғырландырылған:					
негізгі капиталдың жеткіліктілік коэффициенті (CET 1)	19,3%	18,2%	17,9%	20,2%	19,2%
бірінші деңгейдегі капиталдың жеткіліктілік коэффициенті	19,3%	18,2%	17,9%	20,2%	19,2%
меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициенті	19,6%	18,5%	18,3%	20,5%	19,5%

* капитал жеткіліктілігіне қойылатын ең төмен реттеушілік талаптар: әрбір коэффициент үшін 3% консервациялық буфер мен 1% жүйелік буферді қосқанда k1 – 9,5%, k1-2 – 10,5% және k2 – 12%.



Қызметтің негізгі
бағыттарына шолу



Қызметтің негізгі бағыттарына шолу

Банктің негізгі қызметі бөлшек, корпоративтік және ШОБ клиенттеріне қызмет көрсетуге бағытталған. Банктің еншілес компаниялары ұсынатын қызметтерге сақтандыру, инкассация, активтерді басқару және брокерлік қызметтер, телекоммуникациялық қызметтері және лизинг кіреді.

Банктің бөлшек өнімдері

2023 жылы бөлшек сауда бизнесі тағы да керемет нәтиже көрсетті. Бөлшек бизнес блогының командасы цифрландыру, жаңа өнімдерді әзірлеу және қаржылық-тұтынушылық экожүйелік сервистерді құру шеңберінде белсенді жұмысын жалғастырды. Банктің «Digital» стратегиясы тұтынушылар нарығынан оң пікірлер алады. ЕДБ тарапынан үлкен бәсекелестікке қарамастан, бөлшек сауда өнімдері жыл бойы үлкен сұранысқа ие болды, Банк сервис пен қызмет көрсету сапасын жақсартуды жалғастыра отырып, біздің клиенттерден кері байланыс алды. Бұл ретте, Банктің рейтингі өсіп, көшбасшы позицияларды ұстап тұруды жалғастыруда. Табысқа жетудің басты критерийлерінің бірі – біздің клиенттеріміздің сенімі деп білеміз және солай болып қала бермек, Банк клиенттердің сенімін жоғары бағалайды және оны сақтап қана қоймай, арттыру үшін көп күш жұмсайды. Банк сонымен қатар жүйелердің қауіпсіздігіне байланысты процестерге назар аударады, бұл қазіргі уақытта Банкті таңдау және онымен одан әрі ынтымақтасу кезінде маңызды.

Банк 27,4% үлесімен нарықтағы депозиттер бойынша жетекші позицияларды сақтайды. Банктің портфельі 5,8 трлн теңгені құрады. «Салымды онлайн ашу» қызметі де танымал сервис болып қала береді, жыл қорытындысы бойынша онлайн ашылған салымдардың үлесі 78%-ды құрады.

Карточкалық бизнес бағыты бойынша 2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жақсы үрдіс сақталды, Банктің белсенді төлем карталарының саны 7 млн дананы құрады. Бұл ретте Банк 20% үлесімен осы нарықтағы көшбасшылардың бірі болып қала береді.

Төлем карталары бойынша сервисті кеңейту мақсатында Банк 2023 жылы банк бөлімшелерін өзін-өзі эмбоссерлермен жарақтандыру жөніндегі жұмысты жалғастырды. Филиалдық желі бойынша барлығы қосымша 52 эмбоссер орнатылды (бұл клиенттерге төлем карталарын өз бетінше шығаруға мүмкіндік береді). 2024 жылы Банк өзін-өзі эмбоссерлер желісін кеңейту жұмысын жалғастырады.

Қазақстан Республикасында ұлттық төлем жүйесін дамыту бағдарламасы шеңберінде 2023 жылғы қарашада Банк ҚРҰБ ұлттық төлем корпорациясымен бірлесіп «Цифрлық теңге» пилоттық жобасына алғашқылардың бірі болып қатысты. Пилоттық жоба кезінде АТМ арқылы қолма-қол ақша алу, Банктің және басқа ЕДБ-нің POS терминалы арқылы төлем жүргізу, сауда және сервис орындарында онлайн төлем жасау сияқты транзакциялар қолжетімді болды. Пилоттық жобаның мақсаты – Банк белсенді қатысуды жалғастыруды жоспарлап отырған Ұлттық төлем жүйесін одан әрі дамыту және жаңғырту.

Банктің негізгі стратегиялық қызметтерінің бірі жалақы жобалары болып табылатынын атап өтеміз. Жалақы жобаларының саны шамамен 33,2 мыңды құрайды, ал Банк карталары бойынша жалақы алатын клиенттер саны 2,9 млн адамды құрайды, бұл елдегі жұмыс істейтін халықтың 42% құрайды.

Оқуды ынталандыру және жақсарту, сондай-ақ банк клиенттерінің балаларына әлеуметтік қолдауды дамыту мақсатында «Мектептегі үздік бағалары үшін Halyk-тан бонустар алыңыздар» ұранымен 2023 жылдың қыркүйегінде жаңа «Күнделік» қызметі іске қосылды – бұл электронды күнделік, оның қатысушылары 5-11 сынып оқушылары болып табылады, олар алған үздік бағалары үшін Halyk қосымшасында бонустар ала алады, 10 балл - 100 бонус. Бонустарды алу мерзімі – <http://kundelik.kz/> журналында үздік формативтік бағаларды алу фактісі бойынша келесі жұмыс күні. Жоба аясында оқу жылының басынан бері 580 мыңнан астам Halyk Easy карталары ашылды – ата-ананың мобильді қосымшасы арқылы шығарылатын цифрлық балалар картасы, жыл соңындағы портфельдегі цифрлық карталардың үлесі 93%-ды құрады. Айта кету керек, бұл жоба 5 650 мектепті қамтиды, бұл елдегі мектептердің 73% құрайды.

Біздің клиенттерімізге ыңғайлы болу үшін Банк нарықта бірінші болып «Face Pay» инновациялық қызметін іске қосты – қоғамдық көлікте (метрополитенде) бет биометриясының көмегімен жыл журу ақысын төлеу. Face Pay – бұл картаны немесе смартфонды қажет етпейтін ыңғайлы, қауіпсіз және жылдам төлем әдісі. Face Pay терминалдары жасанды интеллектке негізделген, бұл процесс бірнеше секунд уақытты алады, бұл метрода қарбалас сәттерде өте маңызды. Желтоқсан айында Банк клиенттері үшін Алматы қаласының «Абай» және «Б.Момышұлы» екі метро станциясында пилоттық жоба басталды.

Айта кету керек, зейнеткерлер мен жәрдемақы алушылар барлық сервистерге сенуді және пайдалануды жалғастырып келеді, олардың саны жыл соңында 2,5 млн-ды құрады.

Кредит беру — белсенді дамып келе жатқан қызмет бағыты және бөлшек блоктың драйвері болып табылады. Банктің бөлшек сауда портфельі 2024 жылғы 1 қаңтарға 3 трлн теңгені құрады, нарықтағы үлесі 17,9%. 2023 жылы портфель өсімі 19% құрады. 2023 жылы сатылымдар санындағы онлайн-кредиттердің үлесі 84%-ды құрады.

Жыл жаңалығы 2023 жылдың қыркүйегінде іске қосылған жаңа жоба болды – серіктес Автосалондар арқылы цифрлық автокредит. Бұл Банктің корпоративтік клиенттерімен – елдің жетекші автодилерлерімен серіктестікте жасалды. Бұл жоба Банктің КБ және ББ арасындағы күшті синергияны тамаша көрсетеді, сондай-ақ берілген авто қарыздардың өткен жылмен салыстырғанда 2,5 есе өлуіне әкелді. Жобаның артықшылығы мынада: өтінім автосалон арқылы іске қосылады, банктік қарыз және көпші шарттарына қол қою мобильді қосымшада жүзеге асырылады, қарыз беру Банк менеджері мен кредиттік әкімшісінің қатысуынсыз онлайн жүргізіледі. Желтоқсан айында автокредиттер беру көлемі мен нарық үлесі бойынша тамаша нәтижеге қол жеткізілді — 24,4%.

Жақында Банк деректерді терең талдауға, оқиғалардың пайда болу ықтималдығын және ықтимал тәуекелдерді бағалауға, тенденцияларды болжауға, дұрыс жоспарлауға және салмақты шешім қабылдауға мүмкіндік беретін жетілдірілген аналитикамен айналысатын топ құрды. Жетілдірілген аналитика мәселелерін шешуде Банк бизнес-аналитиктер тобы мен data scientist-тердің тәжірибесіне сүйенеді, бұл ретте әрбір тапсырма үшін ең қолайлы аналитикалық әдістер, технологиялар және бағдарламалық жасақтама пайдаланылады.

Команда машиналық оқыту модельдерін құру және маркетингтік науқандарды бастау үшін қолданылатын өнімдер мен қызметтерді пайдалануда клиент деректеріне негізделген үлкен көлемдегі ақпаратты жинауға, өңдеуге және түсіндіруге маманданған, бұл біздің клиенттеріміз үшін ең жақсы ұсыныстар мен қызметтерді ұсынуға көмектеседі. Модельдер клиенттер базасын сегменттейді, олардың қажеттіліктерін, мінез-құлқын және нарығын жақсы түсінуге, сондай-ақ өнімдер мен қызметтердің бағасын оңтайландыруға көмектеседі.

Жетілдірілген аналитика деректердегі заңдылықтар мен тенденцияларды анықтау үшін машиналық оқыту мен жасанды интеллекттің статистикалық әдістері мен алгоритмдері қолданылады. Деректерді визуализациялау арқылы бизнес бөлімшелеріне нәтижелерді жақсырақ түсінуге және пайдалануға көмектесетін интерактивті ақпараттық тақталары жасалады.

Жоғарыда сипатталған барлық жетістіктерге пайдаланушылар үшін көптеген қызметтер мен мүмкіндіктерді бір жерде біріктіретін көпфункционалды қосымшамыздың арқасында қол жеткізілді. Halyk Super-App - бұл банктік құрал ғана емес, сонымен қатар бүкіл экожүйелік қызмет болып табылатын бірегей қосымша. Қосымша банктік операцияларды, төлемдерді, аударымдарды, шоттар мен карталарды басқаруды, сақтандырудың әртүрлі түрлерін сатып алу мүмкіндігін және бағалы қағаздармен сауда жасау мүмкіндігін, яғни қосымшада брокерлік платформаны ұсыну қоса алғанда, қаржылық қызметтердің кең ауқымын ұсынады. Біздің қосымшамыз сонымен қатар әуе, теміржол билеттері мен қалааралық автобус билеттерін сатып алу, тауарларға тапсырыс беру және сатып алу, іс-шараларға билеттерді сатып алу, мемлекеттік қызметтерді алу және т.б. қосымша қызметтерді біріктіреді. Біздің қосымша тек банктік қосымша ғана емес, сонымен қатар бір жерде ыңғайлылық пен қолжетімділікті ұсына отырып, қаржы және пайдаланушылардың күнделікті қажеттіліктері үшін сенімді серіктес болуға ұмтылады.

GovTech — мемлекеттік қызметтерді цифрландыру

Govtech бағыты Банк үшін стратегиялық бағыт болып қала береді. Бағыттың негізгі міндеті Банктің қосымшаларына мемлекеттік қызметтерді шығару, Банктің ішкі бизнес-процестерін автоматтандыру мақсатында мемлекеттік сервистермен интеграциялау, сондай-ақ цифрландыру мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау болып табылады.

Govtech құрылған сәттен бастап Банк 52 мемлекеттік сервисті/қызметті іске қосты. Бұл мемлекеттік

қызметтер іске асырылған ЕДБ арасында осы бағыттың көшбасшысы болып қалуға мүмкіндік береді. Іске қосылған қызметтер/сервистер Банк клиенттері арасында өте танымал, нәтижесінде 2023 жылдың қорытындысы бойынша оларды 13 млн-нан астам рет пайдаланды. Олардың ішіндегі ең танымалдары: цифрлық құжаттар, автокөлікті заңдастыру, медициналық сақтандыру мәртебесін тексеру және анықтамалардың/мәліметтердің барлық түрлері. Бұл қызметтердің кейбірі мемлекет басшысының қатысуымен Digital Bridge және Digital Almaty сияқты ірі IT форумдарда жоғары деңгейде таныстырылды. Мемлекеттік органдармен жұмыс істеу кезінде Банк өзін сенімді әрі жоғары технологиялық серіктес ретінде көрсетті және жаңа бастамаларды жоспарлау кезінде Банк өкілдеріне бірінші кезекте жүгінеді.

2024 жылы Банк бұдан әрі осы бағытты дамытуды және клиенттерден неғұрлым талап етілетін қызметтерді/сервистерді іске қосуды жоспарлап отыр.

Маркетплейс

Соңғы екі жылда Халық өмірді жеңілдететін және тұтынушыларымыздың қажеттіліктерін қанағаттандыратын экожүйенің вертикальдары арқылы өнімдер мен қызметтерді іске қосты. Басты назар Halyk Super-App қосымшасын жақсартуға бағытталған, ол біздің бөлшек клиенттерге арналған ұсынысымыздың негізін құрайды, оның бөлігі Halyk Маркетплейс болып табылады. Біздің Маркетплейс серіктестерімізден Halyk Bank-тің ең тиімді қаржылық өнімдерін пайдалана отырып, тауарларды сатып алуға мүмкіндік береді. Цифрландыру жылдамдығын, мінез-құлық пен қалаудағы өзгерістерді, тұтынушылардың қажеттіліктерінің өсуін ескере отырып, Банк әрбір клиентке ыңғайлылық, жылдамдық, қарапайымдылық және қауіпсіздік беру үшін процестерді біріктірді. Әрбір шешім үлкен деректерді талдауға негізделген және технологиялық платформаларды дамытуға бағытталған.

Банк клиенттері сату нүктелері арқылы да, онлайн форматта да сауда серіктестерінен бөлін-бөлін төлеу немесе кредитке сатып алу арқылы маркетплейсті белсенді пайдаланады.

2023 жылы Банк Қытай мен Түркиядан тікелей тауарларға тапсырыс беру мүмкіндігін сәтті жүзеге асырды, бұл осы елдердегі тауар өндірушілермен ынтымақтастықтың арқасында мүмкін болды. Ұсыныстың бұл түрі нарықта ерекше және төмендегі көрсеткіштерге пайдалы әсер етті.

Осылайша, 2023 жылы біздің Halyk Maket GMV 2,7 есе өсті. 2023 жылдың 4-тоқсанында Halyk Maket GMV өсімі рекордтық 34,1 млрд. теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда 4,3 есе өсті. Көрсеткіштердің айтарлықтай өсуі маркетингтік ілгерілету бойынша белсенді жұмыспен, тауар базасының 874 мың SKU-ға дейін өсуімен, сондай-ақ ірі бөлшек саудагерлерді тартумен және қазіргі серіктестер сататын тауарлар ассортиментін кеңейтумен байланысты. Сондай-ақ, жеке ставкасы бар кредит сияқты жаңа бірегей банктік өнімдердің іске қосылуын атап өткен жөн, олардың іске қосылуы алаң серіктестері үшін бәсекеге қабілетті тарифтерді ұсынуға мүмкіндік берді.

Шағын және орта бизнес*

Halyk Bank транзакциялық бизнесте де, кредиттеуде де ШОБ-пен жұмыс істеуде көшбасшы болды және болып қала береді. 2024 жылғы 1 қаңтарға Банкте 2023 жылы 75,1 мыңнан астам қарыз берілген 38,6 мыңнан астам қарыз алушыны қоса алғанда, ШОБ-тың 270,2 мыңға жуық белсенді клиенттеріне қызмет көрсетіледі. ШОБ клиенттерінің ағымдағы шоттарындағы салымдар мен қалдықтар 2022 жылмен салыстырғанда 19%-ға өсті, бұл Halyk Bank клиенттерінің жоғары сенімінің дәлелі.

2023 жылы Банк Onlinebank заңды тұлғаларына арналған мобильді қосымша сервистерінің тізбесін кеңейту бойынша жұмыс істеді, бұл қосымшаның кәсіпкерлер арасында танымалдылығының артуына және MAU санының артуына әкелді. Сондай-ақ, Банк Onlinebank заңды тұлғаларымен жұмыс істеу жүйесін жетілдіру, бизнес-клиенттер үшін мобильді қосымшаның дизайнын өзгерту бойынша белсенді жұмыс жүргізді, нәтижесінде MAU-ға DAU үлесінің 27,0% - дан 30,9% - ға дейін айтарлықтай өсуі байқалады.

Заңды тұлғалар үшін цифрлық қосымшаның дамуы Onlinebank арқылы жасалған төлемдер көлемінің ұлғаюына ықпал етті, осылайша төлемдер көлемі 20,3%-ға ұлғайды және 2023 жылы 109,5 трлн теңгеге жетті. Айта кету керек, бұл көрсеткіш соңғы екі жылда 2 есе өсті.

2023 жылы ШОБ цифрлық командасы ЖШС нысанында қызмет алатын заңды тұлғаларға кредит беруді белсенді дамытуды жалғастырды. Егер 2022 жылы цифрлық кредит іске қосылған сәттен бастап (2022 жылғы сәуірден бастап) ЖШС типі бойынша 608 компания қаржыландырылса, онда 2023 жылдың нәтижелері бойынша мұндай компаниялардың саны 2 315-ке дейін өсті, кредиттеудің жалпы көлемі шамамен 130 млрд теңгені құрады.


Осы өнімнің іске қосылуы арқасында кредиттелетін ЖШС саны 53,4%-ға артты. 2023 жылдың нәтижелері бойынша цифрлық кредит алған ЖШС қарыз алушыларының үлесі ЖШС қарыз алушыларының жалпы санында 44%-дан астамды құрайды. Мұндай нәтижелерге, соның ішінде клиенттер үшін кредит шарттарын жақсарту және өнім ұсынысын кеңейту арқылы қол жеткізілді.

Жеке кәсіпкерлерге арналған цифрлық кредит өнімдері бөлігінде жеткізу тізбегіне қатысушы клиенттерді қаржыландыру үшін өнім әзірленді және іске қосылды. Кредиттік өнімдер бойынша шешім қабылдау кезінде клиенттердің бизнесі мен кірістерін дәлірек бағалауға мүмкіндік беретін жаңа цифрлық қызметтер пайда болды. Клиенттерге онлайн режимінде өз кредиттерін басқаруға мүмкіндік беретін ыңғайлы қызметтер іске қосылды.

2023 жылдың қорытындысы бойынша ШОБ кредит беруде мынадай үрдістер байқалды:

- ШОБ кредиттік портфелінің** өсуі 25%-ды құрап, 1,6 трлн теңге деңгейіне жетті;
- Банктің ШОБ сегментін кредиттеу көлемі тұрақты түрде артып келеді, осылайша 2023 жылы ШОБ клиенттеріне берілген кредиттердің жалпы көлемі 2022 жылмен салыстырғанда 42,1%-ға — 1,5 трлн теңгеден 2,1 трлн теңгеге дейін ұлғайды.
- ЖШС үшін цифрлық кредиттер 2022 жылғы сәуірде іске қосу сәтінің күшті өскенін көрсетті — кредиттік портфель жыл басынан бері 6 есе өсті.
- Жыл басынан бері ЖК цифрлық кредиттер портфелі 14,4%-ға өсті.

ШОБ портфелінің өсу динамикасы төменде келтірілген**:




* Егер өзгеше көрсетілмесе, деректер шоғырландырылмаған негізде тек Банк бойынша көрсетіледі.

** Проблемалық кредиттерді есепке алмағанда.


***Деректер тек Банк бойынша, шоғырландырылмаған негізде көрсетіледі.

Шағын және орта бизнесті кредиттеу портфелінің құрылымы ел экономикасына ұқсас, мұнда негізгі үлесті мынадай салалар алады: көтерме, бөлшек сауда және қызмет көрсету.



Жаңа облыстардың құрылуына байланысты ҚР Президентінің 2022 жылғы 3 мамырдағы Жарлығына сәйкес, 2023 жылы Қонаев қаласында шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері үшін де, халық үшін де банктік қызметтердің барлық спектрін көрсететін жаңа облыстық филиалдың ашылуы өтті.

Өңірлер бөлінісіндегі кредиттік портфельдің құрылымы:



ШОБ-ты қолдау және мемлекеттік бағдарламаларға қатысу

Банк сонымен қатар кәсіпкерлік субъектілерін қолдауға арналған мемлекет іске асыратын бағдарламаларға қатысуды жалғастырды. Айта кету керек, қолдау елдегі кәсіпкерлікті дамытуда маңызды рөл атқарады.

2023 жылдың қорытындысы бойынша Банк микро және шағын кәсіпкерлікті қолдау және кәсіпкерлерді/индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерін 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі Ұлттық жобаның бағыттарын іске асыруда көшбасшының бірі болып табылады. 2023 жылдың қорытындысы бойынша микро және шағын кәсіпкерлікті қолдау бағыты шеңберінде субсидиялау және кепілдік берілген жобалар саны 5,8 млрд теңге сомасына 538 жобаны құрады (2023 жылғы «Даму» қорының деректері).

Кәсіпкерлерді/индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерін 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба бойынша қолдау бағыты шеңберінде субсидиялау шеңберіндегі жобалар саны 219,9 млрд теңгеге 1 697 жобаны құрады, сондай-ақ кепілдік берілген жобалар саны 74,98 млрд теңгеге 1 238 жобаны құрады (2023 жылғы «Даму» қорының деректері).

Айта кету керек, жыл сайын агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қолдау мақсатында Банк «Аграрлық несиесі корпорациясы» АҚ іске асыратын көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін «Кен Дала» мемлекеттік бағдарламасына қатысады. Осы бағдарлама шеңберінде 2023 жылы Банк 56 млрд теңге сомасына 159 жобаны қаржыландырды.

2023 жылы Банк «жасыл» қаржыландыру қағидаттарын және «Даму» қорымен бірлесіп іске асырылатын БҰҰ бағдарламасының бастамасын қолдау мақсатында энергия тиімділігі секторларындағы жобаларды ілгерілетуге және жаңартылатын энергия көздерін енгізуге өзінің мүдделілігін білдірді. Қаржылық қолдаудың ерекшелігі жобаны іске қосқаннан және қабылдағаннан кейін кредиттің 40%-на дейін өтеуді көздейтін негізгі борыш сомасын субсидиялау (техникалық верификация) болып табылады.

2023 жыл ішінде Банк ҚР-да кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған «Даму» қорымен бірлесіп басқа да бағдарламаларды іске асыруға белсенді қатысуды жалғастырды. Атап айтқанда, Банк ШОКС-ты өңірлік қаржыландыру бағдарламасы, өңдеу өнеркәсібі саласында жұмыс істейтін ШОКС-ты қолдау бағдарламасы, «Нұрлы Жер» мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламасы, «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы бойынша қаржыландыруды жүзеге асырады. Көптеген бағдарламалар шеңберінде Банк бөлінген қаражат сомасы бойынша, сондай-ақ қол қойылған қаржыландыру, субсидиялау және кепілдік беру шарттарының саны мен көлемі бойынша жетекші орын алады.

Корпоративтік бизнес*

Банктің корпоративтік бизнесі елдің ірі компанияларының өсуі мен дамуы үшін перспективалар жасай отырып, Halyk Bank қызметінің негізгі бағыттарының бірі болып қала береді.

Банк әлеуметтік инфрақұрылымды, білім беру және жаңартылатын энергетикалық жобаларды дамытуды қоса алғанда, әртүрлі жобаларды қаржыландыруға белсенді қатысады. Біздің клиенттеріміз бюджет түсімдерінің жартысынан астамын қамтамасыз еткен елдегі ең ірі салық төлеушілердің қатарына кіреді, елдегі ең ірі салық төлеушілердің 84%-ы Банктің клиенттері болып табылады.

Halyk Bank елеулі артықшылықтарды – қарыз алушылар тобы үшін жоғары лимиттерді және Банкке ірі жобаларды, оның ішінде инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыруға қатысуға мүмкіндік беретін теңге мен шетел валютасындағы айтарлықтай өтімділікті сақтауды жалғастыруда. Сондай-ақ, Банк Өзбекстандағы бірлескен жобаларды табысты қаржыландыруды қоса алғанда, қазақстандық компаниялардың халықаралық нарықтарда дамуын қолдайды.

2023 жылы Корпоративтік бизнес портфелі 595 млрд теңгеге ұлғайды, өсім 13,4%-ды құрады. Тәуекелдерді бағалауға жеткілікті консервативті көзқараспен Банк нарықтағы ең тұрақты портфельдердің бірі сақтайды.

Біз клиенттердің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жоғары сапалы клиенттік қызмет пен өнімдердің, қызметтердің және құралдардың кең спектрін ұсынамыз. Корпоративтік клиенттердің тұрақты өсуіне қарамастан, бір транзакциялық клиентке пайдаланылатын өнімдердің орташа санының жоғары деңгейі сақталады: 4,59 өнім, оның ішінде бір қарыз алушыға 5,89 өнім.

* Егер өзгеше көрсетілмесе, деректер шоғырландырылмаған негізде тек Банк бойынша көрсетілді.

Корпоративтік клиенттерге ұсынылатын негізгі өнімдердің ішінде кредиттеу, сауданы қаржыландыру және құжаттамалық операциялар, есеп айырысу-кассалық қызмет көрсету, жалақы жобасы, эквайринг қызметтері, сондай-ақ «Halyk» тобының сақтандырудың барлық түрлері, брокерлік қызметтер, инкассация қызметтері және т.б. сияқты қызметтері бар.

Корпоративтік бизнестің негізгі элементтерінің бірі ақпараттық технологияларды белсенді енгізу болып табылады. Бизнес бизнес-процестердің тиімділігін арттыру үшін деректерді талдаудың және цифрлық технологиялардың заманауи әдістерін қолдануға тырысады. Бұл шығындарды азайтып қана қоймайды, сонымен қатар қызмет сапасының жақсаруын қамтамасыз етеді. Осылайша, клиенттің транзакцияларына жүргізілген талдау, мемлекеттік базалармен интеграция, клиенттік аналитика 1 млрд теңгеге дейін кепілсіз кредиттік лимиттерді белгілеудің цифрлық процесін, онлайн режимде банк кепілдіктерін шығару мүмкіндігін іске асыруға мүмкіндік берді және ірі жобаларды талдау процесін оңтайландырды.

Банктік қарыз шартына қол қою процесі қағаз түрінде құжаттарға қол қою қажеттілігінсіз электрондық-цифрлық қолтаңбаны пайдалану арқылы электрондық түрде өтетін қарыздарды онлайн беру процесін енгізу корпоративтік клиенттер арасында өте жақсы жауап тапты, 2023 жылы қарыздардың 95%-дан астамы онлайн режимінде берілді.

Банктің кредиттік портфелінің көп бөлігін құрайтын корпоративтік клиенттерге кредит беру бизнес құрылымында жетекші орынға ие. Банк өз клиенттеріне кредиттеудің әртүрлі түрлерін ұсынады – кепілмен қамтамасыз ету/қамтамасыз етудің, инвестициялық/операциялық қызметті қаржыландыру, факторинг және кредиттеудің басқа түрлері және т.б.

Факторинг корпоративтік клиенттерге қаржылық қолдауды жедел қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін банктің маңызды цифрлық өніміне айналды. Есепті кезеңде Банк клиенттерді дебиторлық берешекті тиімді басқару мүмкіндігімен қамтамасыз ете отырып, факторингтік қызметтер көрсету аясын сәтті кеңейтті. Өнім клиенттердің өтімділігін арттырып қана қоймайды, сонымен қатар шоттарды төлеуге байланысты тәуекелдерді азайтады.

Банк «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ арқылы іске асырылатын ірі кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік қолдау бағдарламасына қатысуын жалғастыруда. Банктің аталған бағдарламаға қатысу сомасы 36,8 млрд теңгені құрады. 2023 жылы бағдарлама шеңберінде Ұлттық қор қаражаты есебінен фармацевтика, химия, тоқыма, тамақ өнеркәсібі, мұнай өңдеу саласына арналған жабдықтар өндірісі, сондай-ақ құрылыс материалдары, майлау материалдары, қағаз және картон өндірісімен айналысатын ірі кәсіпорындардың жобалары қаржыландырылды.

2023 жыл ішінде корпоративтік бизнес блогы химия өнеркәсібі, энергетика, автомобиль өндірісі, Тамақ өнеркәсібі, мұнай өнеркәсібі және т. б. сияқты экономиканың әртүрлі секторларында Банктің жоғары өтімділігі мен капиталы сияқты күшті жақтарын пайдалана отырып, сондай-ақ клиенттерге толық қызмет көрсету және кең аймақтық желіні тиімді пайдалану бойынша ірі жобаларды сәтті жүзеге асырды. Бұл нәтижелер корпоративтік кредит беру тәсілдерінің тұрақтылығын растайды.

Корпоративтік сектор портфелінің динамикасы (млрд теңге)*



2023 жылы корпоративтік кредиттік портфель бойынша өсім 13,4%-ды құрайды, пайыздық кірістердің өсуі 41,6%-ды құрады, оның ішінде сыйақы мөлшерлемесінің өсуі есебінен пайыздық емес кірістер 29,3%-ға өсті.

* Деректер тек Банк бойынша, шоғырландырылмаған негізде көрсетіледі.

2024 жылы корпоративтік бизнес қолданыстағы клиенттермен ынтымақтастықты дамытуға және клиенттік базаны одан әрі кеңейтуге, сондай-ақ қаржылық шешімдер кешенін ұсына отырып және «Halyk» тобының мүмкіндіктерін белсенді пайдалана отырып, Топтың өнімдері мен қызметтерін пайдалануды ұлғайтуға бағытталған саясатты одан әрі жалғастыруды жоспарлап отыр. Белсенді даму жалғасатын негізгі бағыттар – кредиттік портфельдің өсуі және транзакциялық кірістер.

Кредиттік портфельдің өсу драйверлері:

- Айналым капиталын қаржыландыру қажеттіліктерінің өсуі;
- ESG құн тәртібіне байланысты инвестициялар;
- Кредиттік процесті цифрландыру;
- Еншілес банктермен бірлесіп жобаларды қаржыландыру;
- Синдикаттарға қатысу.

Пайыздық емес кірістердің өсу драйверлері:

- Банк клиенттерінің әртүрлі сегменттері арасындағы синергия;
- Клиенттерге ұсынылатын сервистер мен қызметтерді кеңейту.



Қызметтің негізгі
бағыттарына шолу

2023 жылғы 31 желтоқсандағы еншілес ұйымдардың активтері, млрд. теңге

Еншілес ұйымның атауы	Активтер, млрд. теңге	Активтер бойынша нарықтың үлесі, %
«Халық Банк Грузия» АҚ	154,2	1,1
«Halyk Finance» АҚ*	54,8	9,5
«Halyk Global Markets» АҚ *	17,4	3,0
«Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ **	180,0	13,1
«Халық Life» АҚ***	365,2	33
«Халық Банк Қырғызстан» ААҚ	92,1	3,0
«Халық Лизинг» АҚ	20,9	н/д
«Халық Инкассация» ЖШС	8,5	н/д
«Қазтелепорт» АҚ	11,1	н/д
«Halyk Finservice» ЖШС	4,3	н/д
«КУСА Халық» ЖШС	82,0	н/д
«Халық Актив» ЖШС	99,5	н/д
«Tenge Bank» АКБ	253,3	1,0

* Активтер бойынша нарықтың үлесі инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар бойынша есептелген.

** аудиттелмеген есептілік деректері, активтер бойынша нарықтың үлесі жалпы сақтандыру компаниялары бойынша есептелген.

*** аудиттелмеген есептілік деректері, активтер бойынша нарықтың үлесі өмірді сақтандыру компаниялары бойынша есептелген.

Еншілес ұйымдар активтерінің және меншікті капиталының динамикасы

Еншілес ұйымның атауы	Активтер, млрд теңге			Меншікті капитал, млрд теңге		
	2023	2022	Өзгер. %	2023	2022	Өзгер. %
«Халық Банк Грузия» АҚ	154,2	170,5	-9,6%	40,3	27,0	33%
«Halyk Finance» АҚ	54,8	55,4	-1%	30,4	24,6	+24%
«Halyk Global Markets» АҚ	17,4	20,5	-15%	17,2	20,5	-16%
«Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ*	180,0	158,4	13,6%	83,1	74,5	11,5%
«Халық Life» АҚ*	365,2	282,7	29%	96,9	56,4	72%
«Халық Банк Қырғызстан» ААҚ	92,1	93,6	-1,3%	19,6	18,8	4,3%
«Халық Лизинг» АҚ	20,9	16,5	27,5%	8,5	7,9	7,1%
«Халық Инкассация» ЖШС	8,5	5,2	63,1%	7,3	3,8	93%
«Қазтелепорт» АҚ	11,1	8,1	37,89%	8,8	5,6	56,78%
«Halyk Finservice» ЖШС	4,3	3,9	8,16%	2,6	3,1	-16,01%
«КУСА Халық» ЖШС	82,0	68,9	18,9%	31,7	29,8	6,5%
«Халық Актив» ЖШС	99,5	97,4	2,19%	48,8	46,5	-4,8%
«Tenge Bank» АКБ	253,3	182,6	38,7%	52,6	52,5	-0,2%

* аудиттелмеген есептілік деректері

Қызметтің негізгі бағыттарына шолу

Еншілес банктер

«Нәлік» тобы Қырғызстанда*, Грузияда және Өзбекстанда осы елдердің аумағындағы өздерінің еншілес ұйымдары арқылы банк операцияларын жүргізуде.

«Халық Банк Грузия» АҚ

«Халық Банк Грузия» АҚ – бұл Грузияда тіркелген және корпоративтік секторда, ШОБ секторында және бөлшек сауда секторында банктік қызметке бағытталған коммерциялық банк. 2023 жылғы 31 желтоқсанда «Халық Банк Грузия» АҚ 875,7 млн лари (149 475 млн теңге) мөлшерінде жалпы активтерге ие болды, несиелік портфелі (брутто мәні) 723,7 млн лариді (123 537 млн теңге) құрады, меншікті капитал 205,8 млн лари (35 129 млн теңге) мөлшерінде қалыптасты. 2023 жылдың қорытындысы бойынша банк 20,2 млн лари (3 547 млн теңге) мөлшерінде таза пайда алды.

Fitch Ratings рейтингтік агенттігі «Халық Банк Грузия» АҚ-тың ұзақ мерзімді рейтингін BB+ деңгейінде растады, болжам «Тұрақты».

«Халық Банк Қырғызстан» ААҚ

«Халық Банк Қырғызстан» ААҚ – бұл Қырғызстанда тіркелген, қызметінің түрі бойынша әмбебап банк болып табылатын коммерциялық банк. 2023 жылғы 31 желтоқсанда «Халық Банк Қырғызстан» 18 069 млн сом (92 154 млн теңге) мөлшерінде активтерге ие болды, 2023 жылда активтердің ұлғаюы 4,2% немесе 730 млн сомды (-1 477,5 млн теңгені) құрады. 2023 жылғы 31 желтоқсан жағдайына несиелік портфелі (брутто мәні) 9 688 млн сом (49 411 млн теңге) құрайды, төмендеу -8,5%. Меншікті капиталы 3 839 млн сом (19 581 млн теңге) мөлшерінде құрылды, бір жылдағы өсім 337 млн сом. 2023 жылғы қызметтің нәтижелері бойынша 368 млн сом (1 908 млн теңге) мөлшерінде таза пайда алынды.

Бүгінгі күні «Халық Банк Қырғызстан» ААҚ-тың Бішкек қаласында төрт филиалы, ірі облыстық және аудандық орталықтарда 6 филиалы бар.

«Tenge Bank» АҚБ

«Tenge Bank» АҚБ – Өзбекстандағы әмбебап банк. 2023 жылғы 31 желтоқсанда «Tenge Bank» АҚБ активтері 6 863 млрд сумды (253 250 млн теңге) құрады, 2023 жылы активтердің ұлғаюы 54,8%-ды құрады, меншікті капиталдың жалпы сомасы 1 425 млрд сумды (52 577 млн теңге), 2023 жылы капиталдың ұлғаюы 11,9%-ды құрады. Несиелік портфель (брутто мәні) 2023 жылғы 31 желтоқсанда 4 426 млрд сумды (163 308 млн теңге) құрады, 2023 жылы өсім 76,7%-ды құрады. 2023 жылдың қорытындысы бойынша банк 146,5 млрд сум (5 712 млн теңге) мөлшерінде таза пайда тапты, 2023 жылы өсім 117,65% құрады. «Tenge Bank» АҚБ өз қызметін 2019 жылдың шілдесінде бастады.

Өзбекстан мен Қазақстан арасындағы байланыс Орталық Азиядағы тұрақтылық пен өркендеуді нығайтуда шешуші рөл атқарады. Екі елдің ортақ тарихи, мәдени және экономикалық байланыстары бар, олар ынтымақтастықтың берік негізін құрайды. Өзбекстан мен Қазақстан арасындағы қарым-қатынастарды нығайту сауданы, көліктік коммуникацияларды және бірлескен жобаларды дамытуға ықпал етеді, бұл сайып келгенде екі ұлттың және жалпы өңірдің жалпы өркендеуіне ықпал етеді. Осыған байланысты, Өзбекстан нарығын қарқынды жаулау «Нәлік» тобының жалпы даму стратегиясының ажырамас бөлігі болып табылады.

2019 жылы екі ел арасындағы тауар айналымы екі елдің мемлекет және үкімет басшылары арасында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру есебінен 3,3 млрд-тан 4,6 млрд АҚШ долларына дейін ұлғайды. Қазақстан Өзбекстанның ең ірі сауда серіктестерінің үштігіне кіреді.

Қазақстаннан келген бизнес Өзбекстандағы серіктестерімен бірлескен жобаларға өте белсенді инвестиция салуда. Өзбекстанда Қазақстанның акционерлері бар кәсіпорындар саны 2019 жылы 510-нан 2023 жылы шамамен 1064-ке дейін өсті. Екінші жағынан, Қазақстанда Өзбекстанның акционерлері бар кәсіпорындар саны 2019 жылы 1,8 мыңнан 2023 жылы 3,3 мыңға дейін өсті.

Соңғы жылдары цифрлық технологиялардың дамуында айтарлықтай прогресс байқалды. Интернет пен смартфондардың жылдам өну динамикасы, сондай-ақ қолма-қол ақшасыз төлемдердің белсенді өсуі цифрлық қаржылық қызметтерге сұраныстың арту тенденциясын көрсетеді.

* Осы есеп жарияланған күні Банк «Халық Банк Қырғызстан» ААҚ акцияларының 100% сату жөніндегі мәмілені аяқтады

Halyk 2019 жылдың мамыр айында Өзбекстанда Tenge Bank АҚБ еншілес компаниясын құрды. Қазіргі уақытта Tenge Bank елдің 9 аймағын қамтиды, бұл халықтың 80% құрайды.

Tenge Bank – ауқымды реформалар басталғаннан кейін Өзбекстанда құрылған шетелдік капиталдың қатысуымен алғашқы қаржы институты. Ол бірқатар бәсекелестік артықшылықтардың арқасында нарықта ерекше орын алады:

Құрылған сәттен бастап банк өзін ірі компанияларға Halyk Bank-тен бірлесіп қаржыландыру мүмкіндігін ұсынатын үлкен топтың бөлігі ретінде көрсетті.

Tenge Bank өз корпоративтік клиенттеріне Өзбекстан мен Қазақстан арасындағы ұлттық валютадағы есеп айырысулар, қазақстандық теңгені тікелей сатып алу, Halyk Group ішіндегі есеп айырысулар кезінде ең төменгі комиссиялар сияқты бірегей қызметтерді қоса алғанда, кредиттік және кредиттік емес өнімдердің толық спектрін ұсынады.

Tenge Bank қашықтағы арналарды дамыта отырып, клиенттерге цифрлық ұсынысты үнемі жетілдіріп отырады.

Өткен жылы Tenge Bank төлемдердің барлық түрлерін жүргізуді, цифрлық депозиттерді ашуды және онлайн өтінімдер арқылы мақұлдаған лимиттер шеңберінде несие алуды қамтитын кең ауқымды қызметтері бар заңды тұлғаларға арналған Tenge Business мобильді банкинг шешімін іске қосты және 2023 жыл бойы клиенттерге ыңғайлы болу үшін қосымшаны жақсарту бойынша жұмысты белсенді түрде жалғастырды.

Жеке тұлғаларға арналған Tenge 24 мобильдік қосымшасында қызметтердің кең спектрін, цифрлық кредиттеуден және пайдалы депозиттерден басқа, сумды теңгеге автоматты түрде айырбастай отырып, карта нөмірі бойынша да, телефон нөмірі бойынша да Халық карталарына бірегей трансшекаралық аударымдар іске қосылды.

Айта кету керек, Tenge Bank автоматтандырылған кредиттік процесс пен скорингтік жүйені енгізудің арқасында Өзбекстанның ең ірі автокредиторларының үштігіне кірді.

Өзбек нарығындағы позициямызды нығайту және барлық бағыттар бойынша кросс-сату мүмкіндіктерін кеңейту үшін 2022 жылдан бастап біз Өзбекстандағы клиенттерімізге банктік емес өнімдерді ұсына бастадық. 2022 жылдың 2 тоқсанында біздің өмірді және сақтандырудың басқа түрлерін сақтандыру бойынша еншілес компанияларымыз Tenge Bank АҚБ сақтандыру серіктестерінің тәуекелдерін қайта сақтандыруды бастады. 2022 жылдың 4-тоқсанында «Қазтелепорт» АҚ өзінң еншілес компаниясын Ташкентте тіркеді, бүгінгі күні «Smart Cloud» бренді тіркелді, Өзбекстанда бұлтты қызметтерді сату іске қосылды.

Біз Өзбекстанда жан-жақты кеңейтуге ұмтыламыз және Tenge Bank АҚБ-ні дамытудан басқа, біз екі ел арасындағы сауданы қолдау және бизнесті трансшекаралық кеңейту үшін Халық банкінің өз балансынан қаржыландыруды ұсынамыз.

2023 жылдың соңында біз Өзбекстан нарығында келесі нәтижелерге қол жеткіздік:

- Өзбекстан Қазақстаннан тыс жерлерде біздің басты басымдығымыз болып қала береді.
- Halyk және Tenge Bank балансынан Өзбекстанға берілген кредит портфелі 477,1 млрд теңгені құрайды.
- «Tenge Bank» АҚБ еншілес банкінің табысты дамуы және Өзбекстандағы қазақстандық бизнестің саудасы мен трансшекаралық экспансиясын қолдаудағы жан-жақты тәсіл.
- «Halyk» тобы 3 жыл ішінде Өзбекстанмен байланысты 92,5 млрд теңге мөлшерінде пайыздық және комиссиялық кіріс алды.
- Halyk Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы төлемдер үшін маңызды арна жасайды. 2023 жылы екі ел арасында 1,1 трлн теңгеден астам қаражат аударылды.

Сақтандыру нарығы*«Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ*

«Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ – бұл экономиканың көптеген секторларында жеке және заңды тұлғалардың барлық санаттарына негізгі сақтандыру қызметінің толық топтамасын ұсынатын, жалпы сақтандыру бойынша компания.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ Қазақстандағы ең ірі жалпы сақтандыру компанияларының бірі болып табылады (активтер бойынша 2-орын және меншікті капитал бойынша 4-орын).

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша компанияның активтері 179,9 млрд. теңгені құрады, бұл нарықтағы 13,1%-ға сәйкес келеді. 2023 жылы компанияның таза кірісі 14,3 млрд теңгені құрады. Бір жылдағы компания қызметінің қорытындысы бойынша сақтандыру сыйақылары 137,4 млрд теңге мөлшерінде жиналды, бұл жалпы сақтандыру нарығының 20,1%-ын құрайды (шарттардың бұзылуын есепке алмағандағы нарық).

2023 жылғы 10 ақпанда AM Best Қазақстан Халық Банкінің «Халық» сақтандыру компаниясы» еншілес ұйымы» АҚ-ның қаржылық тұрақтылығының рейтингін «В++» («Жақсы») деңгейінде және эмитенттің ұзақ мерзімді кредиттік рейтингін «bbb» деңгейінде растады. Бұл кредиттік рейтингтердің болжамы тұрақты.

«Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ 28.12.2022 ж. қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру санаты бойынша сақтандыру портфелін «Қазақстан Халық Банкінің «Халық-Life» өмірді сақтандыру жөніндегі еншілес компаниясы» акционерлік қоғамына берді.

«Халық-Life» АҚ

Банктің өмірді сақтандыру жөніндегі «Халық-Life» АҚ еншілес компаниясы аннуитеттік сақтандыру өнімдерін, жазатайым оқиғалардан сақтандыруды және сырқаттанған жағдайға байланысты сақтандыруды қоса, жеке сақтандырудың әртүрлі түрлерін, сондай-ақ өмірді сақтандыру бойынша өнімдердің ең кең ассортиментін ұсынады.

2023 жылдың қорытындысы бойынша «Халық-Life» АҚ 365,2 млрд теңгені (нарық бойынша активтердің жиынтық көлемінің 32%), 96,9 млрд теңгені (өмірді сақтандыру компаниялары нарығы бойынша жиынтық капиталдың 39%) және 170,4 млрд теңгені (жалпы сыйлықақылар бойынша нарық үлесі 33%) құраған активтер мен меншікті капиталдың мөлшері, сақтандыру сыйлықақыларының көлемі бойынша өмірді сақтандыру компаниялары арасында көшбасшы болып табылады. Компанияның 2023 жылғы таза табысы 52,4 млрд теңгені құрады. 2023 жылы «Халық-Life» АҚ өңірлік БАҚ журналистерінің өмірді сақтандыру нарығын үздік жариялауға арналған республикалық конкурсын өткізу арқылы халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру бойынша белсенді жұмысын жалғастырды.

Брокерские услуги и инвестиционный банкинг*«Halyk Finance» АҚ*

«Halyk Finance» АҚ Қазақстанда жетекші инвестициялық банктердің бірі болып табылады. Компания клиенттерге брокерлік қызмет көрсету, активтерді басқару, нарықтар мен эмитенттерді зерттеу және талдау, консалтинг пен андеррайтинг, зейнетақы активтерін басқару бойынша қызметтердің кең ауқымын ұсынады.

2023 жылдың 31 желтоқсанында «Halyk Finance» АҚ активтері 54,8 млрд теңгені, меншікті капиталы 30,3 млрд теңгені құрады. 2023 жылы «Halyk Finance» АҚ-ның таза пайдасы – 5,9 млрд теңге мөлшерінде болды.

«Halyk Finance» АҚ-ның меншікті инвестициялық портфелі (брутто) 2023 жылдың 31 желтоқсанында 52,2 млрд теңгені құрады. Брокерлік қызмет көрсетудегі клиенттердің бағалы қағаздарының жиынтық портфелі 2023 жылдың 31 желтоқсанында нарықтық құны бойынша 774,5 млрд теңгені құрады. 2023 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша басқарудағы активтер мөлшері 507,8 млрд теңгені құрады.

Компанияның қызметі 2023 жылы тағы да Global Finance, Cbonds, EMEA Finance сияқты танымал ақпараттық агенттіктер мен беделді баспалардың «Қазақстандық үздік инвестициялық банкі» наградаларымен, сондай-ақ KASE және AIX қор биржаларының наградаларымен марапатталды.

Сәуір айында Fitch Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі Halyk Finance эмитенттің шетел және ұлттық валютадағы дефолтының ұзақ мерзімді рейтингтерін «тұрақты» болжамымен «BBB-» инвестициялық деңгейінде растады.

«Самұрық-Қазына» АҚ және «KEGOC» АҚ өткен SPO барысында инвесторлардан жалпы сомасы 35 млрд теңгеге 50 мыңнан астам өтінім түскенін хабарлады. Бұл жоспарланған орналастыру көлемінен 1,5 есе асып түсті. Жеке тұлғалардан – Қазақстан Республикасының азаматтарынан түскен акцияларды сатып алуға өтінімдер толық көлемде қанағаттандырылды. Қазақстандық ірі банктің еншілес компаниясы – Halyk Finance – KASE және AIX акцияларын ұсынудың бірлескен үйлестірушісі және букраннері ретінде әрекет етті. Halyk тобы бөлшек инвесторлардан тарту көлемі бойынша көшбасшы болды – SPO барысында топтың жеке клиенттерінің өтінімдер көлемі 6,2 млрд теңгені құрады.

«Halyk Global Markets» АҚ

«Halyk Global Markets» АҚ өз қызметін брокерлік-дилерлік қызметке және инвестициялық портфельді басқаруға арналған лицензияға сәйкес жүзеге асырады.

2023 жылдың 31 желтоқсанында «Halyk Global Markets» АҚ-тың активтері 17,4 млрд теңгені, меншікті капиталы 17,2 млрд теңгені құрады. 2023 жылы «Halyk Global Markets» АҚ-ның таза пайдасы 2,6 млрд теңгені құрады.

«Halyk Global Markets» АҚ-ның меншікті инвестициялық портфелі (брутто) 2023 жылдың 31 желтоқсанында 17,1 млрд теңгені құрады. Брокерлік қызмет көрсетудегі клиенттердің бағалы қағаздарының жиынтық портфелі 2023 жылдың 31 желтоқсанында нарықтық құны бойынша 0,8 трлн теңгені құрады. 2023 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша басқарудағы активтер мөлшері 3,2 млрд теңгені құрады.

Ақпараттық-коммуникациялық бизнес және интернет-эквайринг**«Қазтелепорт» АҚ**

«Қазтелепорт» АҚ – Halyk Bank-тің еншілес ұйымы, Қазақстанның ірі ақпараттық-коммуникациялық және бұлтты провайдері болып табылады. «Қазтелепорт» АҚ өзін жоғары қауіпсіздік деңгейі бар жоғары сапалы ИКТ-сервистерін жеткізуші ретінде көрсетеді. АТ инфрақұрылымы деңгейінде орта және ірі ұйымдарға тірктер мен есептеу ресурстарын жалға беруден бастап кибершабуылдардан қорғауға дейінгі кешенді шешімдерді ұсынады.

2023 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша активтер 11 119 млн теңгені, меншікті капитал – 8 765 млн теңгені құрады, 2023 жылы таза пайда 181,5 млн теңгені құрады.

«Halyk Finservice» ЖШС

«Halyk Finservice» ЖШС – Halyk Bank-тің еншілес ұйымы, ол деректерді өңдеу және сақтау бөлігінде процессингке технологиялық қолдауды, атап айтқанда, банк карталарын ұстаушылардың және агент банктердің карталық операцияларды жүргізу барысында қалыптастырылатын деректерді жинауға, өңдеуге және сақтауға байланысты қызметтерді қамтамасыз етеді.

2023 жылдың наурыз айында «Halyk Finservice» ЖШС Өзбекстан Республикасында еншілес ұйымды тіркеді. 2023 жылғы 31 желтоқсанда «Halyk Finservice» ЖШС активтері 4 245 млн теңгені құрады, меншікті капиталы 2 563 млн теңгені құрады. 2023 жылдың қорытындысы бойынша «Halyk Finservice» ЖШС қызметінің қаржылық нәтижесі 489,7 млн теңге мөлшерінде шығынмен қалыптасты, бұл Halyk Market маркетплейсті дамытуға жұмсалатын шығындардың ұлғаюына және Halyk Логистика жаңа жобасын іске қосуға байланысты.

Инкассаторлық қызметтер нарығы**«Halyk Инкассация» ЖШС**

Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассалау қызметі нарығында көшбасшы, еліміздегі ең ірі инкассаторлық ұйым «Қазақстан Халық Банкінің «Halyk Инкассация» еншілес ұйымы» ЖШС бір жағынан «Halyk» қаржылық тобында клиенттерге дербес қызмет көрсететін еншілес ұйымдардың бірі ретінде, екінші жағынан Банктің сату арналарын қолма-қол ақшамен қамтамасыз ете отырып жайғасты. 2023 жылы «Қазақстан Халық Банкінің «Halyk Инкассация» еншілес ұйымы» ЖШС арнайы автокөлікті кезең-кезеңімен ауыстырудың 2023-2027 жылдарға арналған бекітілген жоспары шеңберінде 35 бірлік арнайы автокөлік ауыстырылды.

2023 жылдың 31 желтоқсанында «Halyk Инкассация» ЖШС активтері 8 548,1 млн теңгені, меншікті капиталы – 7 317,7 млн теңгені, жарғылық капиталы – 1 666,5 млн теңгені құрады. 2023 жылы «Halyk Инкассация» ЖШС таза табысы 2 265 млн теңгені құрады.

«Halyk Инкассация» ЖШС-ның филиалдар желісінің құрамына клиенттерге инкассалау қызметтерін барлық облыстық, аудандық орталықтарда, ірі және шағын қалаларда, яғни ҚР барлық аумағында көрсететін 20 филиал, 34 бөлімше кіреді. «Halyk Инкассация» ЖШС-ның материалдық-техникалық базасы ең заманауи талаптарға сәйкес келеді. Құндылықтар арнайы брондалған автокөліктермен ғана тасымалданады, олардың қозғалысы GPS-мониторинг жүйесі арқылы бақыланып отырады. «Halyk Инкассация» ЖШС іске асыратын инкассация операциялары қаржылық тұрақтылық рейтингі АА-дан төмен емес бірінші дәрежелі сақтандыру ұйымдарында Lloyd's сақтандыру нарығында тәуекелдерді қайта сақтандырумен сақтандырылған. «Halyk Инкассация» ЖШС үздіксіз қызмет көрсетеді және Банк пен клиенттердің өтінімдерін толық көлемде орындайды.

Стрестік активтерді басқару ұйымдары және басқа компаниялар

Компания қызметінің негізгі мақсаты Банктен заемдық қаражат есебінен күмәнді және үмітсіз активтерді сатып алу арқылы Банктің несиелік портфелін сауықтыру, активтерді сапалы басқару және «Налық» тобының кредиттік шығындарын азайту үшін оларды оңалту, активтерді сәтті жүзеге асыру және Банк алдындағы компаниялардың міндеттемелерін толық өтеу болып табылады.

2023 жылдың 31 желтоқсанында «Налық» тобының күмәнді және үмітсіз активтерін басқару жөніндегі компаниялардың активтерінің жалпы сомасы 153 млрд теңгені құрады.

Бұл ретте, 2023 жылы «КУСА Халық» ЖШС активтерді 22,8 млрд теңгеге, «Халық Актив» ЖШС 50,2 млрд теңгеге сатты.

«КУСА Халық» ЖШС

Налық Банк-тің «КУСА Халық» ЖШС еншілес ұйымы 2013 жылы ҚР қаржылық тұрақтылығы және қаржы нарығын дамыту жөніндегі кеңестің шешімімен мақұлданған ЕДБ активтерінің сапасын жақсарту концепциясының шеңберінде құрылды.

2023 жылы Банк «КУСА Халық» ЖШС-не 19,6 млрд теңге сомасына 59 актив берді. 2023 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша активтер портфелі 63,1 млрд теңгені құрады.

Активтерді сатудан және қызметтерді көрсетуден түскен кірістің сомасы 2023 жылы 17,6 млрд теңгені құрады. «КУСА Халық» ЖШС-нің негізгі қызметінен түскен операциялық пайда 5,8 млрд теңгені құрады.

«Халық Актив» ЖШС

«Халық Актив» ЖШС еншілес ұйымы 2013 жылы ҚР қаржылық тұрақтылығы және қаржы нарығын дамыту жөніндегі кеңестің шешімімен мақұлданған ЕДБ активтерінің сапасын жақсарту концепциясының шеңберінде құрылды.

2023 жылы Банк «Халық Актив» ЖШС-не 20,8 млрд теңге сомасына 12 актив берді. 2023 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша «Халық Актив» ЖШС активтерінің жалпы сомасы 89,9 млрд теңгені құрады.

Активтерді сатудан және қызметтерді көрсетуден түскен кірістің сомасы 2023 жылы 11,3 млрд теңгені құрады. Компанияның негізгі қызметінен түскен операциялық пайда 4 млрд теңгені құрады.

«Халық-Лизинг» АҚ

«Халық-Лизинг» АҚ ҚР-дағы алғашқы лизингтік компаниялардың бірі болып табылады. «Халық-Лизинг» АҚ-тың мәлімделген негізгі қызметі арнайы техниканы, оның ішінде ауыр және өзге құрылыс, жол-құрылыс техникасын, өндіріс жабдығын, мұнай жабдығын, өндіру және тау-кен өндіру жабдығын, ауылшаруашылық техникасын және жабдығын, жүктерді және жолаушыларды тасымалдауға арналған коммерциялық көлік құралдарын және т.б. сатып алу және қаржы лизингіне беру болып табылады. 2014 жыл мен 2019 жыл аралығында «Халық-Лизинг» АҚ-да жаңа лизинг шарттарын жасауға мораторий жарияланды. 2020 жылы «Халық-Лизинг» АҚ-ның лизингтік қызметі қалпына келтірілді. 2023 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша «Халық-Лизинг» АҚ-ның активтері 20 862 млн теңгені, меншікті капиталы – 8 482 млн теңгені құрады. «Халық-Лизинг» АҚ-ның таза кірісі 2023 жылы 565 млн теңгені көрсетті (оның ішінде лизингтік қызмет бойынша кіріс 455 млн теңге).

2023 жылы берілген лизингтің нақты көлемі 8 419 млн теңгені, 2023 жылдың аяғына несиелік портфель брутто 13 400 млн теңгені (нетто 13 349 млн теңге), сыйақылар бойынша кіріс 2023 жылы 2 299 млн теңгені құрады. «Халық-Лизинг» АҚ Налық Банк-те, «Даму» қорында, «Аграрлық кредиттік корпорация» АҚ-да қорланады.

2023 жылы ел экономикасының дамуына қосқан елеулі үлесі, жұмыс тиімділігі және жоғары іскерлік беделі үшін «Халық-Лизинг» АҚ «Сала игілігі-2022» дипломын алды. Осы диплом жүргізілген талдау нәтижелеріне сәйкес ұйым «Медициналық жабдықтар мен техниканың қаржылық лизингінен басқа қаржы лизингі» ЭҚЖЖ бөлінісінде елдің сенімді және әлеуметтік маңызы бар кәсіпорындарының тізіліміне енгізілгенін растайды.



Тәуекелдерді басқару



ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

Топтың тәуекел-менеджмент саласындағы саясаты Топ қызметінің ауқымы мен сипатына, ол қабылдайтын тәуекелдердің бейініне сәйкес келетін, сондай-ақ бизнесті одан әрі дамыту сұранысына жауап беретін тәуекелдерді басқарудың біртұтас жүйесін қалыптастыруға бағытталған. Топ тәуекелдерді анықтау, оларды басқару, сондай-ақ бағалау және бақылау әдістерін жетілдіруге бағытталған іс-шараларды жоспарлы түрде және бірізді жүзеге асыра отырып, тәуекелдерді басқару жүйесін дамытуды одан әрі жалғастыруда.

1. ТӘУЕКЕЛ-ТӘБЕТТІ БАСҚАРУ

Halyk Bank тәуекел-тәбетінің стратегиясы «Halyk» тобының жалпы даму стратегиясын іске асыру шеңберінде Банк қызметі жүзеге асырылатын қабылданатын елеулі тәуекелдер көлемінің нақты шекараларын айқындайды, сондай-ақ тәуекелдердің іске асырылуына жол бермеу не олардың Банктің қаржылық жағдайына теріс әсерін барынша азайту мақсатында Банк қызметінің тәуекел-бейінін айқындайды.

Тәуекел тәбетін басқару тәсілдері Директорлар Кеңесі бекіткен тәуекел-тәбеті стратегиясында регламенттелген.

Тәуекел-тәбеті – Банк қабылдауға дайын немесе стратегияны жүзеге асыру кезінде алып тастауға ниетті елеулі тәуекелдердің жиынтық деңгейі.

Тәуекел-тәбеті стратегиясы – тәуекел-тәбеті анықталатын, оны бақылау және Банктің ұйымдық құрылымының барлық деңгейлерінде тарату жүзеге асырылатын саясаттар, процестер, бақылаулар мен жүйелерді қоса алғанда, тәуекел-тәсілдерін басқарудың жалпы тәсілдері.

Тәуекелдердің әрбір елеулі деңгейі бойынша Тәуекел-тәбеті стратегиясы шеңберінде Директорлар кеңесінің шешімімен қабылданған бизнес-модельді, қызмет ауқымын, Банк операцияларының түрлері мен күрделілігін ескере отырып, тәуекел-тәбеті деңгейлерінің сандық көрсеткіштерінің жиынтығы бекітілді. Тәуекел-тәбеті деңгейлерінің сақталу мониторингі тәуекелдер бойынша басқарушылық есептілік шеңберінде мерзімді негізде жүзеге асырылады.

2. КРЕДИТТІК ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

Кредиттік тәуекелдерді тиімді басқару мақсатында Банкте тәуекел-менеджмент жүйесі және сату мен тәуекелдерді басқару функцияларының бөлінуін ескеретін қолданыстағы бизнес-процестер енгізілді, кредиттік тәуекелдерді бағалауға және басқаруға қатысатын алқалы органдар мен бөлімшелерді қамтитын кредиттік тәуекелдерді басқарудың ұйымдық құрылымы жасақталды.

Банкте кредиттік тәуекелдерді басқару мыналар арқылы жүргізіледі:

- «үш жолды қорғаныс» – бастама жасайтын бөлімшенің кредиттік тәуекелді бастапқы талдауы және тәуекелдерді басқару бөлімшесінің талдауы, ішкі аудит бөлімшесі тарапынан бақылау;
- (кредиттік) операциялар немесе өнімдер түрлеріне байланысты контрагенттерге лимиттер белгілеу;
- заемшылар, салалар деңгейінде және географиялық бөліністе тәуекелдің шамадан тыс шоғырлануына жол бермеу мақсатында кредиттік портфельді әртараптандыру;
- ерте кезеңде сапаның нашарлауын сәйкестендіру үшін кредиттік портфельге мониторинг жүргізу;
- барабар резервтерді мүмкін болатын ысырапқа жасақтау.

«Halyk» тобының жалпы даму стратегиясын іске асыру шеңберінде Банк қызметі жүзеге асырылатын қабылданатын елеулі тәуекелдер көлемінің нақты шекараларын айқындайтын, сондай-ақ тәуекелдерді іске асыруға жол бермеу не олардың Банктің қаржылық жағдайына теріс әсерін барынша азайту мақсатында Банк қызметінің тәуекел-бейінін айқындайтын «Қазақстан Халық Банкі» АҚ тәуекел-тәбетінің стратегиясы әзірленіп бекітілді. Тәуекелдердің әрбір елеулі деңгейі бойынша тәуекел-тәбет стратегиясын әзірлеу және енгізу шеңберінде Директорлар кеңесі қабылданған бизнес-модельді, қызмет ауқымын, Банк операцияларының түрлері мен күрделілігін ескере отырып, тәуекел-тәбет деңгейін (кредиттік тәуекел, нарықтық тәуекел, өтімділік тәуекелі, операциялық тәуекел бойынша) бекітті.

Банкте кредиттік шешімдерді қабылдау жүйесі Директорлар кеңесінің тиісті алқалы органдарға белгілі бір өкілеттіктерді беруіне және әрбір орган үшін қаржыландыру лимиттерін белгілеуіне негізделеді. Корпоративтік заемшылар бойынша өтінімдерді қарауды ҚД жүзеге асырады. ҚД-ның өкілеттігінен асатын кредиттік өтінімдер, сондай-ақ Банкпен ерекше қарым-қатынастармен байланысқан тұлғалармен жасалатын мәмілелер әрі қарай Директорлар кеңесінің бекітуді талап етеді. ШОБ заемшылары бойынша өкілеттіктер ШБ ШҚО-ға/ФКК-не және ФЖКК-не берілген, бөлшек бизнесті қаржыландыру мәселелері бойынша — ШҚО-ға және БКК-не берілген.

Стандартты кепілсіз бөлшек сауда өтінімдері бойынша кредиттік шешімдерді қабылдау автоматтандырылған андеррайтингті, ішкі және сыртқы базалар бойынша тексеруді, өтініш берушінің скорингтік бағалауын және т.б. қамтитын мамандандырылған бағдарламалық модуль

арқылы жүзеге асырылады. Кепілсіз стандартты емес өтімдер ШҚО/БКК арқылы кредиттік мақұлдау рәсіміне жадаы. Айналым қаражатын толықтыру және бизнесті дамыту мақсатында дара кәсіпкерлер мен шағын және орта бизнестің заңды тұлғаларының стандартты кепілсіз/кепілді кредиттік өтімдері бойынша шешімдер қабылдау өтініш берушінің кредит қабілеттілігі мен төлем қабілеттілігін, пайыздық мөлшерлемені, ішкі және сыртқы деректер негізінде кредит беру лимитін бағалайтын тәуекелді модельдердің көмегімен шешім қабылдаудың цифрлық кредиттік процесі шеңберінде жүзеге асырылады. Цифрлық кредиттік өнімдер (ЦК) ШОБ клиенттері үшін on-line режимінде қаралады және беріледі.

ШБ жеке кәсіпкерлерінің айналым қаражатын және инвестицияларды толықтыру мақсаттарына арналған стандартты кепілсіз/кепілді кредиттік өтімдер бойынша шешімдер қабылдау өтініш берушінің кредит қабілеттілігі мен төлем қабілеттілігін, пайыздық мөлшерлемені және ішкі және сыртқы деректер негізінде кредит беру лимитін бағалайтын тәуекелді модельдердің көмегімен шешім қабылдаудың автоматтандырылған процесі шеңберінде жүзеге асырылады.

Еншілес банктердің кредит комитеттеріне оның аясында шешімдер қабылданатын белгілі бір өкілеттіктер берілген. Банк мерзімді негізде мониторинг жүргізеді және, қажет болған жағдайда немесе шекті ковенанттар бұзылған жағдайда, дербес шешімдер қабылдау лимиттерін және еншілес банктердің кредит комитеттері өкілеттіктерінің матрицасын қайта қарастырады.

ББ ШОҚ пен БКК жұмыс істеуімен қатар жеке тұлғаларға кредит беру кезінде шешім қабылдаудың автоматтандырылған тәсілі бар. Шешім қабылдауды автоматтандыру тәуекелге бағытталған тәсілге, соның ішінде Risk Based Pricing және клиенттердің төлем қабілеттілігін бағалау кезінде қосымша параметрлерді қолдануға негізделген. Өтімдерді қарау нәтижелері бойынша сұралған шарттар бойынша да, жеке тұлғалардың өтініш берушілерінің барлық сегменттері үшін (жалақы жобасына қатысушылар/қатыспайтындар, зейнеткерлер және т.б.) балама шешімдер ұсыну жолымен де кредиттік ұсыныстар қалыптастырылады. Бұл тәсіл қарыз алушының тәуекел профилін ескереді және шешім қабылдау кезінде тәуекелдерді азайтуға мүмкіндік береді.

ШБ ШҚО, ФКК/ФЖКК орта және шағын бизнес бойынша, сондай-ақ ШОБ/КБ цифрлық кредиттік өнімдер үшін, ШҚО, ББ БКК үшін бөлшек бизнес бойынша бизнес мақсаттарға өз бетінше кредит берудің жаңа лимиттері белгіленген, ШОБ, бөлшек бизнестің кредиттік процесі оңтайландырылған.

Банктің сыртқы және ішкі нарықтардағы макроэкономикалық ахуалдағы теріс өзгерістердің әсер ету тәуекеліне ұшырауын бағалау, сондай-ақ стресті сценарийлерді (провизиялар деңгейі, кредиттік рейтингтердің көшуі, жұмыс істемейтін заемдар үлесі) іске асырудан болатын әсерді айқындау мақсатында Банк кезең-кезеңімен кредиттік портфельдің стресс-тестілеуін жүргізеді. 2023 жылы Банк әлемдік экономикалардың төмендеуі, инфляцияның өсуі, мұнай бағасының және ЖІӨ деңгейінің төмендеуі, сондай-ақ геосаяси тәуекелдер жағдайында жеткілікті консервативті болжамдарды қолдана отырып, стресс-тестілеуді бірнеше рет өткізді, нәтижелер капиталдың активтер сапасының төмендеуіне тұрақтылығын көрсетті.


Банкте әрекет ететін ШБ және СБ клиенттері бойынша дефолт/онымен қауымдастырылған рейтинг ықтималдығын бағалау үшін Risk Rate ішкі рейтингтік моделі заемның құнсыздану өлшемшарттарын айқындау үшін, сондай-ақ жеке маңызды заемдар бойынша стресс-тестілеу жүргізу, Банктің жоғары кредит беруге қабілетті клиенттері бойынша талдауды оңтайландыру және шешімдер қабылдау кезінде кеңінен пайдаланылады. Рейтингік модельді өзекті күйде ұстау, сондай-ақ модель жұмысының сапасын жақсарту мақсатында Банк тұрақты негізде оның валидациясын жүргізеді; осылайша, 2023 жылы модельдің валидациясы жүргізілді, нәтижесінде модельдің валидациясы расталды.

2023 жыл ішінде проблемалық берешекпен жұмыс, кепіл мүлкін сату, талап-арыз жұмысы, активтерді КАБҰ басқармасына беру, сондай-ақ үмітсіз берешекті есептен шығару жолымен өтеуді қамтамасыз ету жалғастырылды. Өткізілген іс-шаралар нәтижесінде мерзімі өткен берешек үлесі азайды.


2023 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша «Halyk» тобының несиелік портфельінің құрылымындағы елеулі үлес салмақты бөлшек заемдар – 31,8% (оның ішінде 27,8% – тұтынушылық заемдарды және 4% – ипотекалық заемдарды қоса алғанда) алады. Салалар бөлінісінде ең үлкен үлесті қызметтер көрсету (9,6%), көтерме сауда (8,5%), бөлшек сауда (6,5%), энергетика (5,2%) және қаржы секторы (3,8%) секторларына берілген заемдар алады.

Экономика секторлары бойынша «Halyk» тобының несиелік портфельінің құрылымы, %

2023 жылғы 31 желтоқсан



2022 жылғы 31 желтоқсан




3. АКТИВТЕРДІ/ПАССИВТЕРДІ БАСҚАРУ

«Тәуекел-табыстылық» арақатынасын басқаруға теңдестірілген тәсілді қамтамасыз ететін банктік активтердің оңтайлы құрылымын жасақтау мақсатында Топ ішкі және сыртқы активтерге банктік өнім түрлері, экономика сегменттері, валюта түрлері және өтеу мерзімдері бойынша әртараптандырылған салымдарды іске асырады.


2023 жыл үшін Топ активтерінің құрылымы былайша көрсетілген:

«Halyk» тобы активтерінің құрылымы, %

2023 жылғы 31 желтоқсан



2022 жылғы 31 желтоқсан



2023 жылы «Halyk» тобының активтері 7,6%-ға өсті. Есепті кезеңдегі баланс валютасының өсуіне негізінен нетто-негізде несие портфелі көлемінің –1 427 млрд теңгеге (18,2%-ға) және бағалы қағаздар портфелінің – 205,8 млрд теңгеге (10,7%-ға) ұлғаюы әсер етті. Несие портфелі «Halyk» тобы активтерінің құрылымындағы ең ірі бап болып қалуда, 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша оның үлесі 59,9%-ды құрады. Баланс құрылымындағы басқа да ірі баптар бағалы қағаздар портфелі (бағалы қағаздардың сауда және инвестициялық портфелі), сондай-ақ ақшалай қаражат пен оның баламасы болып табылады, олардың активтер құрылымындағы үлесі тиісінше 13,7% және 10,5%-ды құрады.


Топ контрагент банктерге арналған қолданыстағы лимиттердің ағымдағы позициясына тұрақты мониторинг жүргізеді. Контрагент банктердің және/немесе олар операция жүргізетін елдердің қызметінде жағымсыз факторлар анықталған жағдайда, Топ жедел түрде белгіленген лимиттердің мерзімі мен мөлшерін қысқарту бойынша түзету шараларын жүргізеді.

Сондай-ақ өтімділікті басқару мақсатымен Топ белгілі бір мерзімге тартылған ресурстарды және талап етілгенге дейінгі қаражатты қамтитын пассивтердің тұрақты әрі әртараптандырылған құрылымын қолдайды.

Топтың 2022 және 2023 жж. міндеттемелерінің құрылымы мынадай:

Топ міндеттемелерінің құрылымы, %

2023 жылғы 31 желтоқсан



2022 жылғы 31 желтоқсан




2023 жылы міндеттемелер құрылымындағы негізгі өзгерістер клиенттердің қаражаты бойынша орын алды. 2023 жылдың қорытындысы бойынша клиенттердің қаражаты абсолюттік мәнде 417,5 млрд теңгеге (4,0%-ға) ұлғайды және міндеттемелер құрылымында ең көп үлес салмаққа ие болуды жалғастыруда, ол 01.01.2023 ж. 73%-ға қарағанда 70,4%-ды құрады.

* Ақша қаражатына және олардың баламаларына басқаламен қоса бағалы металдар кіреді; бағалы қағаздар портфелі пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерін, өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерін, туынды қаржы құралдарын шегергендегі күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервтерді шегергенде амортизацияланған құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздарды қамтиды. Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерге іскерлік бедел, коммерциялық және инвестициялық жылжымайтын мүлік кіреді.

Клиенттердің қаражаттары құрылымындағы мерзімді салымдар мен ағымдағы шоттарды бөлу айтарлықтай өзгерген жоқ, есепті күнге тиісінше 74,5% және 25,5% құрады, 01.01.2023 ж. 69,0% және 31,0% болды.

2023 жылы жеке тұлғалардан тартылған қаражат 11,2%-ға ұлғайды, заңды тұлғалардың қаражаты 3,2%-ға азайды. Корпоративтік бизнестің клиенттері бойынша мемлекеттік бағалы қағаздарға, сондай-ақ шетел валюталары бойынша жоғары ставкалар ұсынылатын шетелдік банктерге орналастыру пайдасына бос қаражатты аудару үрдісі байқалды.

Топ клиенттерінің қаражаты, млрд теңге



Ішкі нарықтан қорландыруды тартуға көзделу Банкке клиенттердің қаражатын тарту бойынша нарықта көшбасшылық позицияны сақтауға мүмкіндік берді. Осылайша, 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша клиенттер қаражаты үлесінің біршама төмендеуіне қарамастан, Halyk Bank жиынтық үлесі 27,4% (2022 жылдың соңында 30,4%) жеке тұлғалардан да, үлесі 36,5% (2022 жылдың соңына 35,5%) заңды тұлғалардан тартылған қаражат көлемі бойынша нарықта көшбасшы болып табылады.


4. НАРЫҚТЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

2023 жылы Банк барлық валюталар бойынша бейтарап позицияны ұстана отырып, валюталық позицияларды басқаруда консервативтік саясатын ұстануды жалғастырды.


Төңредегі активтердің үлес салмағы Топтың қаржы активтерінен 2022 жылдағы 64,3%-бен салыстырғанда 68,5% құрады, бұл ретте төңредегі несиелік портфельдің үлесі 83,0%-дан 82,6% дейін азайды.

Топтың төңредегі депозиттік базасының үлесі ұлғайып, 2022 жылғы 56,6%-ға қарағанда 67,8% құрады.


«Halyk» тобының қаржылық активтері, валюталар бөлінісінде, %



«Halyk» тобының несиелік портфелі (нетто), валюталар бөлінісінде, %



«Halyk» тобы клиенттерінің қаражаты, валюталар бөлінісінде, %



● шетел валюталары ● теңге

Топ пайыздық тәуекелдің мынадай көздерін айқындайды: бағалы қағаздардың портфелі бойынша пайыздық тәуекел, сондай-ақ пайыздық мөлшерлемелердің өзгерісіне (сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруі тәуекелі) сезімтал активтер мен пассивтерді өтеу мерзімдерінің сәйкес келмеуі (пайыздық мөлшерлемелерді қайта қарау) нәтижесінде туындайтын пайыздық тәуекел. Топ оң пайыздық маржаны қамтамасыз ете отырып, пайыздық мөлшерлемелер бойынша Топтың позициясын басқару арқылы пайыздық мөлшерлеменің өзгеруі тәуекелін және нарықтық тәуекелді басқарады.

Нарықтық тәуекелдің мөлшерін (валюталық, пайыздық, бағалық) шектейтін ішкі лимиттерді уәкілетті органдар тәуекел-тәбетінің бекітілген мөлшері аясында белгілейді, олардың сақталуына мониторинг күнделікті жүргізіліп отырады. Белгіленген лимиттердің мөлшері Банктің тәуекел-тәбеті мен нарықтық талаптарға өзектілігі мен сәйкестігіне үнемі қайта қаралып отырады.

2023 жыл ішінде жылдық инфляцияның серпінді төмендеуі ҚРҰБ базалық мөлшерлемесін 16,75%-дан 15,75%-ға дейін төмендету үшін кеңістік қалыптастырды.

Өз кезегінде Банктің пайыздық тәуекелі тәуекел-тәбеттің белгіленген лимиттері шеңберінде қолайлы деңгейде сақталады.

5. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

Банк өз қызметі барысында операциялық тәуекелге тап болуы мүмкін. Стратегиялық тәуекел мен бедел тәуекелін қоспағанда, барабар емес және жеткіліксіз ішкі процестер, адам ресурстары және жүйелер немесе сыртқы оқиғалардың ықпалынан шығындардың пайда болу ықтималдығы операциялық тәуекелді білдіреді.

Банктің тәуекел-менеджмент қызметі құрамындағы операциялық тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімшесі операциялық тәуекел-менеджменттің мынадай алуан түрлі құралдарын жасап, өз қызметінде қолданады:

- Банкте жаңа өнімдерді, қызмет түрлерін, процестерді, жүйелерді енгізген немесе қолданыстағы өнімдерге/қызметтерге, жүйелер мен бизнес-процестерге (өнімнің/қызметтің жұмыс істеуін бақылау тест және мониторинг жүргізу процестерін ескере отырып) өзгерістер енгізген кезде операциялық тәуекелдің бар-жоғын бағалау жұмыстары жүргізілуде. ORAP құралы толық жұмыс істейді және 2010 жылдан бері Банк қызметінің маңызды салаларын қамтып, кең пайдаланылады.

- Банктің операциялық тәуекелдері жүзеге асырылатын оқиғаларды жинақтау және талдау ұдайы жүргізіліп отырады. Операциялық тәуекелдердің оқиғалары тіркеледі және операциялық шығындарды талдау және тұтастай азайту бойынша түзету іс-шараларын қабылдау мақсатында кейіннен операциялық тәуекелдер бойынша реттеушілік және басқарушылық есептілік жасау үшін пайдаланылатын арнаулы деректер базасында тиісті түрде (Basel классификациясына сәйкес) жіктеледі.
- Банк операциялық тәуекел-менеджменттің құралын – тәуекелдің негізгі индикаторларын дамытуды жалғастыруда. Қазіргі таңда Банкте Банк үшін аса маңызды АТ-жүйелер мен елеулі бизнес-процестер бойынша тәуекелдерді сәйкестендіруге мүмкіндік беретін түрлі бағыттар бойынша тәуекелдің негізгі индикаторлары жүйесі жұмыс істейді.
- Банк сценарийлік талдау, тәуекелдердің өзін-өзі бағалау сияқты операциялық тәуекел-менеджмент құралдарын дамытуды және пайдалануды жалғастыруда.

6. ҚЫЗМЕТТІҢ ҮЗДІКСІЗДІГІН БАСҚАРУ

Төтенше жағдайлар барысында уақтылы және тиімді іс-шараларды жасау мақсатында Банк нормативтік құқықтық құжаттарды, инфрақұрылымды, құзырлы қызметкерлерді және Банктің тұтастай үздіксіз қызметінің процесін басқаруға мүмкіндік беретін басқа да құрамдас бөліктерді қамтитын қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету жүйесінің бар болуын және қолдау көрсетілуін қамтамасыз етеді.

Банкте негізгі қызметкерлерді вахталық әдіс бойынша қашықтықтан жұмыс форматына жіберу арқылы жаңа формат - аралас формат енгізілді.

Банкте Жедел ден қою штабының мүшелерін, Дағдарысты басқару орталығының мүшелерін және қызметтің үздіксіздігі процесінде болған оқиға кезінде негізгі жұмыскерлер бөлімшелерінің басшыларын хабардар етудің егжей-тегжейлі схемасы бекітілді.

Хабардар ету деңгейін арттыру мақсатында 2023 жылы Бас банктің қызметкерлері үшін де, облыстық өңірлік филиалдардың қызметкерлері үшін де «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-да қызметтің үздіксіздігін басқару процесі бойынша кейіннен тестілеумен қашықтықтан оқыту ұйымдастырылды.

7. АТ ЖӘНЕ АҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ

2023 жылы Банк АТ және АҚ тәуекелдерін басқаруды үйлестірумен, сондай-ақ АТ және АҚ тәуекелдерін басқару жүйесін дамытумен байланысты қызметін жалғастырды. 2023 жылы Банк АТ мен АҚ анықталған тәуекелдерін азайту жөнінде іс-шаралар жоспарын міндетті әзірлеумен АТ және АҚ тәуекелдерін басқару жөнінде іс-шаралар топтамасын (о.і. Банктің еншілес ұйымдарында маңызды ақпараттық активтерді өзектендіру үшін жұмыс тобын құру, АТ және АҚ тәуекелдерін басқарудың қолданыстағы жүйесін бағалау, өңдеу, мониторинг) жүргізді. Сонымен қатар, жұмысқа тартылған бөлімшелермен бірлесіп отырып, АТ және АҚ тәуекелдері қызметіне жататын фрод-оқыс оқиғаларының тәуекелдерін талдау және азайту бойынша жұмыс жүргізілді және жүргізілуде.

8. КАПИТАЛДЫ БАСҚАРУ

2023 жылы Банк Топтың барлық ұйымдарының үздіксіз қызметін қамтамасыз ету мен заемдық және меншікті қаражаттың арақатынасын оңтайландыру мақсатында капиталды басқаруды жүзеге асыруды одан әрі жалғастырды. Есепті кезең ішінде Банк реттеушінің нормативтерімен және Капитал туралы Базель келісімінің талаптарымен белгіленген, капиталға қатысты қойылатын талаптардың сақталуына бағытталған жұмыстарды жүзеге асырды.

2016 жылғы 1 қаңтардан бастап Топ капиталының жеткіліктілігі қазақстандық реттеуші органы банктерге Базель Комитетінің ұсынымдарын есепке алып тағайындайтын пруденциялық нормативтерге сәйкес есептеледі. Жалпы, реттеушілік меншікті капиталды, оның компоненттерін есептеу бойынша ҚРҰБ әдістемесі Базель III стандарттарына сәйкес келеді. Онымен қоса, әдістемеде Базель III стандарттарымен көзделмеген, бірақ жергілікті реттеуші органдардың қосымша әдістемелік түзетулерді қолдануы бойынша Базель III ұсынымдары шеңберінде рұқсат етілген жекелеген реттеушілік түзетулер қолданылады.

Сондай-ақ капиталдың жеткіліктілігі тәуекелдерін басқару шеңберінде Банкте капиталдың жеткіліктілігін бағалаудың ішкі процесі (КЖБІП) – активтердің көлемін, қызметтің сипаты мен күрделілік деңгейін, ұйымдық құрылымды, стратегиялық жоспарларды, тәуекел-бейінін, нормативтік құқықтық базаны ескере отырып, елеулі тәуекелдерді басқару процестерінің жиынтығы, тұрақты қаржылық жағдай мен төлем қабілеттілігін қолдау үшін Банк капиталының жеткіліктілігінің нысаналы деңгейін айқындау мақсатында осындай тәуекелдерді бағалау және агрегаттау жұмыс істейді.

Тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру мақсатында есепті жылы Банкте оның қызметіне тән тәуекелдердің елеулі түрлері (кредиттік, нарықтық, операциялық тәуекелдер) бойынша ішкі (экономикалық) капиталдың ішкі әдіснамасы мен есебі әзірленіп, енгізілді.

9. КОМПЛАЕНС-ТӘУЕКЕЛДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Банктің халықаралық және ұлттық экономикалық санкцияларды сақтауын бақылаудың қолданыстағы жүйесі туралы ақпаратты «Корпоративтік басқару» бөлімінен қараңыз.



Корпоративтік басқару туралы есеп



Банкті корпоративтік басқару құрылымы Банк қызметіне мүдделі барлық тұлғалардың құқықтары мен қызығушылықтарын құрметтеуге негізделеді және Банктің табысты қызмет етуіне, оның ішінде оның құндылықтарының өсуіне, қаржылай тұрақтылығы мен табыстылығын қолдауға мүмкіндік береді және инвесторлар мен акционерлерге олардың ақшасының тиімді пайдаланылып жатқанына кепілдік береді.

Банкті корпоративтік басқарудың қолданыстағы кодексі Директорлар кеңесі мен Басқарма, Банк акционерлері мен лауазымды тұлғалары арасындағы қарым-қатынасты қоса алғанда, Банктің басқару процесінде қолданылатын негізгі стандарттар мен принциптерді, Банк органдарының жұмыс істеу және шешімдер қабылдау тәртібін белгілейді.

Банкті корпоративтік басқару кодексімен мынадай принциптер бекітілген:

- акционерлерге Банкті басқаруға қатысу құқығын жүзеге асыру үшін нақты мүмкіндіктерді беру, Банк акционерлерінің барлық санатына тең қарым-қатынасты қамтамасыз ету;
- Банк акционерлері үшін Банктің таза кірісін бөлуге (дивидендтер алу) қатысуға нақты мүмкіндік жасау;
- Банк акционерлері мен инвесторлардың негізгі шешімдер қабылдауы үшін мүмкіндікті қамтамасыз ету мақсатында Банк акционерлеріне Банктің қаржылық жағдайына, экономикалық көрсеткіштерге, қызмет нәтижелеріне, Банкті басқарудың құрылымына қатысты шынайы ақпараттың уақтылы және толық берілуін қамтамасыз ету;
- Банктің Директорлар кеңесінің қоғам қызметіне стратегиялық басқаруды және өз тарапынан қоғамның атқарушы органының қызметіне тиімді бақылау жасауды, сондай-ақ Директорлардың оның акционерлеріне есеп беруін жүзеге асыру;
- Банк Басқармасына Банктің ағымдағы қызметіне тиімді басшылық етуді адал ниетпен жүзеге асыруы үшін мүмкіндіктерді беру, сондай-ақ Банк Басқармасының Директорлар кеңесіне және Банктің акционерлеріне есеп берушілікті белгілеу;
- Банк акционерлері үшін этикалық нормаларды белгілеу, сонымен қатар Банктің лауазымды тұлғалары қызметінің барынша ашық болуын қамтамасыз ету;
- барлық мүдделі тараптар үшін ұзақ мерзімді экономикалық құндылық құру;
- адам құқықтарын сақтау, инклюзивтілік, өртүрлілік, барлығына әділ және тең көзқарас;
- қоршаған ортаға ұқыпты қарау;

- ESG тәуекелдерін тиімді басқару және жауапты қаржыландыру тәжірибесін дамыту;
- барлық қолданыстағы заңнамалық нормаларды сақтау және өз міндеттемелерін орындау;
- этикалық іскерлік тәсілдерді ұстану және корпоративтік басқарудың үздік тәжірибесін енгізу;
- ақпараттық ашықтықты жетілдіру.

Банктің Директорлар кеңесі мен Басқармасы Банк қызметінің Корпоративтік басқару кодексіне белгіленген корпоративтік басқарудың қағидаттары, ережелері мен рәсімдеріне сәйкес жүргізілетінін растайды.

Банкті Корпоративтік басқару кодексінің ережелерін, Банк Жарғысын және басқа да ішкі нормативтік құжаттарды қабылдай, жетілдіре және мұлтіксіз сақтай отырып, Банк тиісті түрде корпоративтік басқару тәжірибесін дамытуға және жетілдіруге жәрдемдесуге өз ниетін растайды.

Ұлыбританияның корпоративтік басқару кодексін сақтау*

Жылдық есептің осы бөлімі Ұлыбританияның Қаржылық реттеу және қадағалау бойынша басқармасының ашу және транспаренттілік қағидаларының Корпоративтік басқару туралы ережеге (DTR 7.2.) сәйкес әзірленді.

Банк қаржылық есептілік кеңесі – Ұлыбританияның тәуелсіз реттеушісі жариялаған Ұлыбританияның корпоративтік басқару кодексін ресми түрде орындауға міндетті емес. Алайда, DTR 7.2. сәйкес, Банк өзінің жылдық есебінде сақталуы Қазақстан Республикасының заңнамасымен талап етілетін, тәжірибеге қосымша қолданылатын корпоративтік басқарудың қолданыстағы принциптері туралы ақпаратты сияқты қазақстандық Корпоративтік басқару кодексін де сақтайтыны туралы ақпаратты ұсынуға міндетті.

Банк Ұлыбританияның корпоративтік басқару кодексін корпоративтік басқаруды әрі қарай дамыту үшін бағдар ретінде қарастырады.

* UK Corporate Governance Code (2018)

Банктің Корпоративтік басқару кодексінің Ұлыбританияның Корпоративтік басқару кодексінен біршама айырмашылықтары бар. Төменде негізгі айырмашылықтары келтірілген:

Ұлыбританияның Корпоративтік басқару кодексі:	Банкті Корпоративтік басқару кодексі мыналарды көздейді:
Директорларды қайта сайлау үшін ең жоғары үшжылдық мерзімді айқындайды	Директорлар кеңесін ұдайы қайта сайлауды талап етпейді. Оның орнына, акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін белгілеу кіреді. 2023 жылғы 25 мамырда өткізілген акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесі осы құрамының үшжылдық өкілеттігін белгіледі.
Тәуелсіз директорлардың жылына кемінде бір рет, атап айтқанда, Директорлар кеңесі Төрағасының қызметін бағалау үшін жекелеген отырыстар өткізуді көздейді.	2023 жылдың ішінде стратегия, корпоративтік басқару процестерін жетілдіру, Директорлар кеңесінің қызметі, Корпоративтік хатшының жұмысын жақсарту мәселелерін талқылаумен Корпоративтік хатшының және тәуелсіз директорлардың қатысуымен бейресми кездесулер өткізілді
Төрағаны қоспағанда, Директорлар кеңесі құрамының кем дегенде жартысы тәуелсіз директорлардан тұруы тиіс	Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Директорлар кеңесінің құрамында тәуелсіз директорлардың кемінде үштен бірі болуы тиіс. 2023 жылдың 25 мамырындағы және 2023 жылдың 1 желтоқсанындағы акционерлердің жалпы жиналысында сайланған Директорлар кеңесінің құрамына Директорлар кеңесінің сегіз мүшесінен тұратын алты тәуелсіз директор кіреді.

Ұлыбританияның Корпоративтік басқару кодексі:

Атқарушы емес директорлар Басқарманың жұмысын оның келісілген мақсаттар мен міндеттерге сәйкестігі тұрғысынан мұқият талдауы, оның қызметіне бақылауды жүзеге асыруы, сондай-ақ ұсынылатын қаржылық ақпараттың толықтығына, сондай-ақ қаржылық бақылау мен тәуекел-менеджмент жүйелерінің тиімді және сенімді екендігіне көз жеткізуі тиіс

Банкті Корпоративтік басқару кодексі мыналарды көздейді:

Қазақстан заңнамасының талаптарына сәйкес Директорлар кеңесінің барлық мүшелері Басқарманың қызметіне бақылауды жүзеге асырады.

Директорлар кеңесі компанияның және Директорлар кеңесінің дағдылары мен тәжірибесінің тиісті теңгерімін қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ Директорлар кеңесінің кадрлық құрамын біртіндеп жаңартуды қамтамасыз ету үшін Директорлар кеңесінің мүшелерін және компанияның жоғары басшылығын тағайындау кезінде сабақтастықты тиісті жоспарлаудың болуын қамтамасыз етуі тиіс

Директорлар кеңесінің тиімді жұмыс істеуі үшін қажетті тәжірибе мен білімнің оңтайлы теңгерімін қамтамасыз ету мақсатында Директорлар кеңесінің құрамын қалыптастыру тәртібін және Директорлар кеңесіне кандидаттарға қойылатын белгілі бір талаптарды айқындайды.

Банктің Корпоративтік басқару кодексінің мәтіні Банктің сайтына мына сілтеме бойынша орналастырылған: <https://halykbank.kz/about-bank/korporativnoe-upravlenie>.

Қазақстан Республикасының корпоративтік басқару кодексін сақтау

Банк Қазақстан қор биржасына хат жолдады (23.06.2023 ж. шығысхат №11879), оған сәйкес Үлгілік кодекс* қағидаттарының сақталуына бағалау жүргізгенін растады және Үлгілік кодекс қағидаттарының жалпы санының 92,1%-ын сақтау туралы қорытындыға келді. 2021 жылдан бастап Үлгілік кодекс қағидаттарын сақтаудың 85,5%-дан 92,1%-ға дейінгі оң динамикасы байқалады.

Банк корпоративтік басқару жүйесін дамыту бойынша үздіксіз жұмыс істейді, атап айтқанда:

* Үлгілік кодекс — Қазақстан Республикасының корпоративтік басқару кодексі («Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Төрағасының 2021 жылғы 27 сәуірдегі № 4 шешімімен мақұлдаған).

корпоративтік басқару жүйесіне орнықты даму қағидаттары мен саясаттары (ESG) енгізілуде, Банктің Директорлар кеңесі жанындағы комитеттердің трансформациясы орын алды, бізде тәуекел-менеджмент пен ішкі бақылаудың тиімді жүйесі бар, ішкі аудит, тәуекел-менеджмент, компаниясы қызметінің қызметкерлерінің және корпоративтік хатшының біліктілігін үнемі арттырып отырамыз.

Біз «Halyk» тобының 2022-2024 жылдарға арналған Даму стратегиясында бекітілген барлық негізгі мақсаттарға қол жеткізу және КБК-да бекітілген корпоративтік басқару мен орнықты дамудың негізгі қағидаттарын ұстану Банкке Үлгілік кодекс қағидаттарына толық сәйкестікке қол жеткізуге мүмкіндік беретініне сенімдіміз.

2023 жылғы корпоративтік басқару оқиғалары:

- Банк 2023 жылғы 25 мамырда акционерлердің жылдық жалпы жиынысын (бұдан әрі – АЖОЖ) өткізді, онда қаралатын мәселелер бойынша 13 шешім қабылданды, оның ішінде Банк пен оның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне акционерлердің өтініштері туралы ақпарат назарға ұсынылды.
- АЖОЖ-да Банк Жарғысының жаңа редакциясы бекітілді, Банктің толық атауынан «жинақ» сөзі алынып тасталды. Банк атауының өзгеруіне байланысты мемлекеттік қайта тіркеуден өтті, енді Банктің толық атауы – «Қазақстан Халық Банкі» акционерлік қоғамы. Осы АЖОЖ шешенінде жаңа редакцияларда Корпоративтік басқару кодексі және Банктің Директорлар кеңесі туралы ереже бекітілді.
- АЖОЖ-да бір жай акция үшін 25,38 теңге есебінен 2022 жылдың қорытындысы бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданды, бұл 2022 жылғы шоғырландырылған таза кірістің жалпы мөлшерінің 50%-ын құрады. Жай акциялар бойынша дивидендтер төлеуді Банк банктің немесе бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесіндегі немесе номиналды ұстауда есепке алу жүйесіндегі Банк акционерлерінің 276 524 млн теңге сомасындағы өзекті банктік деректемелеріне жүзеге асырды. Банктен немесе бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде немесе номиналды ұстауда есепке алу жүйесінде дивидендтер төлеу үшін өзекті деректемелері бар Банк акционерлеріне нақты төленген дивидендтер сомасы 2023 жылғы 6 маусымнан бастап (дивидендтерді төлеу басталған күн) 2023 жылғы 23 тамызды қоса алғанда, 276 138 теңгені, оның ішінде базалық активі Банктің шығарылған жай акциялары болып табылатын жаһандық депозитарлық қолхаттар бойынша - 78 790 млн теңгені құрады. Есептелген, бірақ төленбеген, жалпы сомасы 714 млн теңгеге дивидендтерді акционерлердің өзекті деректемелерінің болмауына байланысты Банк 2023 жылғы 29 тамызда «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес талап етілмеген ақшаны есепке алу үшін «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-да (бұдан әрі – Орталық депозитарий) ашылған шотқа аударды.
- АЖОЖ шешімімен Банктің Директорлар кеңесінің құрамына келесі тұлғалар сайланды: Александр Сергеевич Павлов, Петр Романовски, Арман Галиаскарович Дунаев, Герман Тишендорф және Фрэнк Кайларс тәуелсіз директорлар ретінде, Есенбаев Мәжит Төлеубекұлы «АЛМЭКС» холдингікті тобы» АҚ өкілі ретінде, Шахметова Үміт Болатханқызы – Басқарма Төрағасы.

- АЖОЖ-да «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында акцияларды сатып алу кезінде олардың құнын айқындау әдістемесіне оны 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілген Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келтіру қажеттілігіне байланысты, сондай-ақ оның ережелерін қолданыстағы практикаға сәйкес келтіру және корпоративтік басқару процестерін жеңілдету мақсатында өзгерістер бекітілді.
- 2023 жылғы 1 желтоқсанда Банк акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиыны өтті, онда мынадай шешімдер қабылданды: 1) Мәжит Төлеубекұлы Есенбаевтың өз бастамасы бойынша Банктің Директорлар кеңесінің мүшесі ретіндегі өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату; 2) Банктің Директорлар кеңесінің сандық құрамын 7 (жеті) адамнан 8 (сегіз) адамға дейін ұлғайту; 3) Банк Директорлар кеңесінің құрамына Күлекеев Жақсыбек Әбдірахметұлын тәуелсіз директор және Нұрабаев Жомарт Досанқұлы «АЛМЭКС» холдингікті тобы» АҚ өкілі ретінде сайлау.
- 2023 жылы үздік халықаралық практикаларға сәйкес Банктің Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметіне бағалау (өзін-өзі бағалау) жүргізілді. Банктің Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметіне жүргізілген бағалау (өзін-өзі бағалау) нәтижелері АЖОЖ шешенінде Банк акционерлерінің қарауына ұсынылды.
- 2023 жыл ішінде Банктің жай акцияларын иелену кезеңінде дивидендтер төлеуге, «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-ның бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімі жүйесінде бағалы қағаздарды ұстаушылар туралы ақпараттың, Банк акционерлерінің жалпы жиынының күн тәртібіндегі материалдар бойынша ақпараттың болуы/болмауы туралы мәліметтерді беруге, бағалы қағаздардың Банк акционеріне тиесілігі және тиесілі дивидендтер және банк қызметі туралы өзге де мәселелер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасы мәселесі бойынша оның өндірісіндегі мұрагерлік іске қатысты нотариусқа мәліметтер ұсынуға қатысты Банк акционерлерінің 10 ресми өтініші қаралды.
- Банктің орнықты даму саласындағы қызметке көзқарасын жүйелеу мақсатында Банктің 2023 жылғы орнықты дамуы туралы есеп дайындалды және жарияланды.
- 2023 жылы Директорлар кеңесінің жүзбе-жүз отырыстарында Орнықты дамудың 2022-2024 жылдарға арналған қағидаттары мен мақсаттарын енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспарының іске асырылу барысы туралы есептер қаралды.
- Банктің Директорлар кеңесінің жаңа мүшелері үшін кіріспе курсы (Board Book) жаңартылды және Корпоративтік хатшылар мен «Halyk» тобының басшылары үшін семинарлар өткізу мақсатында корпоративтік басқару және орнықты даму (ESG) мәселелері бойынша оқыту курсы дайындалды.
- Банктің қазақстандық және шетелдік еншілес ұйымдарында корпоративтік басқару деңгейіне диагностика жүргізілді және оны жақсарту бойынша есеп пен ұсынымдар дайындалды.
- Корпоративтік хатшы Ташкент қаласында «Tenge Bank» АҚ басшыларына корпоративтік басқару және ESG мәселелері бойынша екі күндік тренинг өткізді.
- 2023 жылғы корпоративтік басқарудың жұмыс істеуі мен дамуына жауапты Банктің және еншілес ұйымдардың қызметкерлерін аттестаттау өткізілді.
- 2024 жылға арналған Банктің жалпы экономикалық сценарий бойынша (сценарийлік талдау арқылы)

стресс-тестілеу нәтижелері қаралды.

Корпоративтік басқару құрылымы

Банктің Директорлар кеңесінің жанында мынадай консультациялық-кеңес беру органдары жұмыс істейді: Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет, Аудит жөніндегі комитет, Кадрлар және сыйақы жөніндегі комитет, Орнықты даму жөніндегі комитет және Тәуекелдер жөніндегі комитет. Осы Комитеттердің жұмысы туралы толығырақ есеп төмендегі тиісті тарауда орналастырылған.

Басқарманың жанында дирекциялар арқылы бірнеше жұмыс органдары, Комитеттер және жұмыс топтары құрылған. Бұл жеке алынған әрбір сегмент бойынша ауқымды мәселелерді егжей-тегжейлі қарастыруға мүмкіндік береді. Қажет болған жағдайда және заңнама талап еткен кезде, осындай мәселелер бойынша жұмыс органдары қабылдаған шешімдер Басқарманың немесе Директорлар кеңесінің бекітуіне ұсынылады.

Корпоративтік басқарудың үздік тәжірибелерін енгізу үшін Директорлар кеңесіне ішкі және сыртқы аудиторлар, Ішкі аудиттің басшысы, Тәуекел-менеджменттің басшысы, Бас комплаенс-бақылаушы, Бас заң кеңесшісі, Корпоративтік хатшы және т.с.с. жәрдемдеседі.

«Halyk» тобы ұйымдарының қаржылық есептілігін растау үшін Банк «Үлкен төрттік» аудиторлық компанияларын жұмысқа тартады. 2023 жылы бұл функцияны «Делойт» (Deloitte, LLP) ЖШС орындады.

Директорлар кеңесі мен Басқарма арасында функцияларды бөлу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізілді.



Директорлар кеңесінің құрылымы

2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Банктің Директорлар кеңесінің құрамы келесідей болды:

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ

Александр Сергеевич Павлов	Директорлар кеңесінің төрағасы, тәуелсіз директор, Тәуекелдер жөніндегі комитеттің төрағасы
Арман Ғалиасқарұлы Дунаев	Аудит жөніндегі комитеттің төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор
Фрэнк Кайларс	Кадрлар және сыйақы жөніндегі комитеттің төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор
Жақсыбек Әбдірахметұлы Күлекеев	Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор
Жомарт Досанқұлұлы Нұрабаев	Директорлар кеңесінің мүшесі, «АЛМЭКС» холдингі тобы» АҚ өкілі
Герман Тишendorф	Орнықты даму жөніндегі комитеттің төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі — тәуелсіз директор
Пётр Романовски	Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеттің төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор
Үміт Болатханқызы Шаяхметова	Директорлар кеңесінің мүшесі, Басқарма төрағасы
БАРЛЫҒЫ	8 ДИРЕКТОР

Директорлардың тәуелсіздігін айқындау кезінде Қазақстан заңнамасында белгіленген критерийлер пайдаланылды.

Директорлардың дағдылары мен тәжірибесі

Банк Директорлар кеңесі мүшелерінің тәжірибесі, дағдылары мен ой-өрісінің ең жақсы теңгерімін қалыптастыруға талпынады. Мәселелерді талқылау кезінде түрлі көзқарастардың болуы Директорлар кеңесіне өз функцияларын тиімді орындауға және акционерлердің мүдделерін білдіруге мүмкіндік береді.

Тәуелсіз директорлар халықаралық басқару тәжірибесін, стратегиялық көзқарасты, Банк операцияларды, корпоративтік басқаруды, тәуекел-менеджментті жүзеге асыратын ірі салалардың ерекшеліктері бойынша білімдерін үлес етіп қосады.

Сонымен қатар, барлық директорлар банктік бизнесте, жалпы қаржыда, адами ресурстарды басқаруда, соның ішінде сыйақы мәселелерінде білімге ие.

Төменде Директорлар кеңесі мүшелерінің дағдылары мен тәжірибесі туралы жиынтық ақпарат беріледі:

ДИРЕКТОРЛАРДЫҢ ДАҒДЫЛАРЫ МЕН ТӘЖІРИБЕСІ

Банк ісі	7 директор
Мұнайгаз және тау-кен саласы	4 Директор
Нақты сектордың басқа да салалары	6 Директор
Қаржы	8 Директор
Көшбасшылық	8 Директор
Тәуекелдерді басқару	4 Директор
Медицина және биотехнологиялар	1 Директор
Халықаралық тәжірибе	5 Директор
Стратегиялық көзқарас	8 Директор
Корпоративтік басқару	8 Директор
Адами ресурстарды басқару	8 Директор
Орнықты даму	8 Директор
Ақпараттық технологиялар және телекоммуникация	1 Директор

Басқарма құрылымы

2023 жыл ішінде Банк Басқармасының құрамы өзгерген жоқ. 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Банк Басқармасының құрамы мынадай болды:

БАСҚАРМА ҚҰРАМЫ

Үміт Болатханқызы Шаяхметова	Басқарма Төрағасы Қызметкерлерді басқару департаменті, Заң блогы, Клиенттерге қызмет көрсету сапасы басқармасы, Ішкі қауіпсіздік басқармасы
Айвар Жиреншеұлы Боданов	Басқарма Төрағасының орынбасары Қауіпсіздік және проблемалық кредиттер блогы, CISO
Ольга Владимировна Вурос	Басқарма Төрағасының орынбасары Корпоративтік бизнес
Мұрат Ұзақбайұлы Көшенов	Басқарма Төрағасының орынбасары Қаржы блогы, Қаржы институттары және халықаралық қатынастар басқармасы, Еншілес компаниялар
Жұмабек Жарылқасынұлы Мамытов	Басқарма Төрағасының орынбасары Бөлшек бизнес
Роман Александр Машчик	Басқарма Төрағасының орынбасары Комплаенс, тәуекелдер және DS блогы
Нариман Нұрланұлы Мұқышев	Басқарма Төрағасының орынбасары Цифрлық мемлекеттік қызметтер және экожүйелер блогы
Ертай Исмаилұлы Сәлімов	Басқарма Төрағасының орынбасары ОПЕРБ блогы, Қазынашылық, Ресурстар департаменті, Кеңсе департаменті, Байланыс орталығы
Дәурен Жанкісейұлы Сартаяв	Басқарма Төрағасының орынбасары ШОБ блогы, Транзакциялық бизнес департаменті, Қызмет көрсету және сатуды дамыту департаменті, Маркетинг және PR департаменті
БАРЛЫҒЫ	9 БАСҚАРМА МҮШЕСІ

Директорлар кеңесінің қызметі

Жалпы, Директорлар кеңесі мен оның комитеттері өз жұмыстарын тиісті кезеңдерге арналған жұмыс жоспарларына сәйкес жүргізеді.

2023 жылы барлығы 7 жүзбе-жүз отырыс өткізіліп, онда 52 мәселе қаралды және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің 61 сырттай отырысы өткізілді, онда 558 мәселе қаралды.

Директорлар кеңесі мүшелерінің отырыстарға қатысу статистикасы мынадай:

Директорлар кеңесі мүшесінің аты-жөні	Жүзбе-жүз отырыстар (отырыстар саны/ мәселелер саны)	Сырттай отырыстар (отырыстар саны/ мәселелер саны)
А.С. Павлов	6/51	38/373
А.Ғ. Дунаев	7/52	61/558
М.Т. Есенбаев **	4/40	45/367
Ф. Кайларс	7/52	59/549
Ж.Ә. Күлекеев ****	1/5	3/40
Ж.Д. Нұрабаев ****	1/5	5/51
К. Рёль *	2/30	21/186
П. Романовски	7/52	61/558
Г. Тишendorф ***	5/22	39/367
Ү.Б. Шаяхметова	7/52	50/489
БАРЛЫҒЫ:	7/52	61/558

* Рёль К. прекратил полномочия в качестве члена Совета директоров с 25.05.2023 (ГОСА от 25.05.2023 № 48)

** Есенбаев М.Т. досрочно прекратил полномочия в качестве члена Совета директоров с 01.12.2023 (БОСА от 01.12.2023 № 49)

*** Тишendorф Г. избран в качестве члена Совета директоров с 25.05.2023 (БОСА от 01.12.2023 № 49)

**** Күлекеев Ж.А., Нұрабаев Ж.Д. избраны в качестве членов Совета директоров с 01.12.2023 (БОСА от 01.12.2023 № 49)

2023 жылы Директорлар кеңесі жұмысының маңызды және ірі блогы келесі мәселелерді қарастыру болды:

- 1) Директорлар кеңесі әлеуетті тәуекелдердің Банктің 2024 жылға арналған қаржылық тұрақтылығына әсері бойынша сценарийлік талдау нәтижелерін қарады;
- 2) Директорлар кеңесі «Налук» тобының 2024 жылға арналған даму стратегиясын түзетудің орындылығы туралы ұсыныстарды қарады, оларды қарау нәтижелері бойынша «Налук» тобының 2022 – 2024 жылдарға арналған қолданыстағы даму стратегиясын түзетудің орынсыздығы туралы шешім қабылданды.
- 3) Банк акционерлерінің 2023 жылғы 25 мамырдағы жылдық жалпы жиналысында бекітілген Жарғы мен Корпоративтік басқару кодексінің жаңа редакцияларына сәйкес Банк өз қызметіне жыл сайынғы негізде «сәтқа немесе түсіндіре біл» («comply or explain») қағидатына сәйкес Үлгілік кодекстің ережелеріне сәйкестігін бағалауды жүргізуге ерікті міндеттеме алды. Осы міндеттемені орындау шеңберінде Банк Қазақстан қор биржасының атына хат жолдады (23.06.2023 ж. №11879 шығыс хаты), оған сәйкес Банктің Үлгілік кодекс қағидаттарының сақталуына бағалау жүргізгенін растады;
- 4) Банктің экологиялық, әлеуметтік жауапкершілік және корпоративтік басқару саласындағы қызметінің негізгі аспектілерін ашатын құжат болып табылатын Банктің 2022 жылғы орнықты дамуы туралы есеп дайындалып, жарияланды. Банк осы есепті жариялау арқылы орнықты даму саласындағы өз жұмысының нәтижелері туралы негізгі ақпаратты ашық жариялауға қатысты ерікті міндеттемелер қабылдады.
- 5) Директорлар кеңесі Жарғыны, Корпоративтік басқару кодексін және Банктің Директорлар кеңесі туралы ережені жаңа редакцияларда әзірледі және алдын ала бекітті, олар кейінірек АЖЖЖ-да бекітілді;
- 6) Банктің Корпоративтік басқару кодексінің талаптарына сәйкес Банктің Директорлар кеңесі мүшелерінің 2022 жылғы қызметіне бағалау (өзі-өзі бағалау) жүргізілді, оның нәтижелері АЖЖЖ қарауына ұсынылды;
- 7) АЖЖЖ-ға материалдарды дайындау шеңберінде Банк акцияларды ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында сатып алған кезде олардың құнын айқындау әдістемесіне өзгерістер әзірленді және алдын ала бекітілді, олар кейіннен АЖЖЖ-да бекітілді;
- 8) Банктің Директорлар кеңесі «Халық Банк Қырғызстан» АҚ-ның 100% акциясын сату туралы шешім қабылдады.

Жалпы, Директорлар кеңесі «Налук» тобының алдына қойған және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның Қазақстандағы № 1 банктің позициясын ұстап қалуына, клиенттік сервисті жақсартуға және банк өнімдерін дамытуға байланысты міндеттерге қол жеткізді.

Директорлар кеңесінің жүзбе-жүз отырыстары барысында төмендегідей аса маңызды стратегиялық мәселелер қаралды:

- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Басқармасының және еншілес ұйымдардың «Налық» тобының 2022 — 2024 жылдарға арналған даму стратегиясының орындалуы туралы есептері (оның ішінде Банктің технологиялық трансформациясы және цифрлық өнімдер мен сервистерді дамыту мәселелері);
- Банк және «Налық» тобы ұйымдарының 2022 жылғы және 2023 жылғы бірінші жартыжылдықтағы қызметінің нәтижелері мен бюджетінің атқарылуы;
- 2024 жылға арналған «Налық» тобының (ХҚЕС) және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ шоғырландырылған бюджетін бекіту;
- 2022 жылғы капиталдың жеткіліктілігін бағалаудың ішкі процесін және өтімділіктің жеткіліктілігін бағалаудың ішкі процесін сақтау туралы есеп;
- 2022–2024 жылдарға арналған Орнықты даму қағидаттары мен мақсаттарын енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспарының іске асырылу барысы туралы есептер;
- 2022 жылдың қорытындысы бойынша «Халық Актив» ЖШС және «КУСА Халық» ЖШС-нің атқарған жұмыстары мен ағымдағы мәселелері туралы есептер;
- Ішкі аудит департаментінің (бұдан әрі – ІАД) 2024 жылға арналған жұмыс жоспары және 2025–2027 жылдарға арналған ІАД-нің ұзақ мерзімді жұмыс жоспары;
- Директорлар кеңесі жанындағы кейбір комитеттердің құрамын өзгерту;
- Банктің ірі жобаларын жасау;
- Банктің 2022 жылғы жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту және Басқарманың қызмет нәтижелері туралы тоқсандық есептері;
- Бас комплаенс-бақылаушының комплаенс-тәуекелдерді басқару және бақылау тиімділігі туралы, сондай-ақ «Қазақстан Халық Банкі» АҚ ішкі бақылау мәселелері бойынша есептері;
- Банк портфельінің сапасын талдау;
- Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалармен жасалған мәмілелерді талдау және т.б.

Әлемдік экономиканы дамыту сценарийлерін құра отырып, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ несиелік портфель мен капиталына әсерін айқындай отырып, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ кредиттік портфельін стресс-тестілеу нәтижелері қаралды.

Директорлар кеңесі ең нашар сценарийде де Банктің позициялары жеткілікті күшті болып қалатынына көз жеткізді.

Тәуекел-менеджмент басшысының, Бас комплаенс-бақылаушының «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-да және жекелеген еншілес ұйымдарда комплаенс-тәуекелді басқарудың тиімділігі туралы және кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласында атқарылған жұмыстар туралы есептері тыңдалды.

Сырттай дауыс беру Директорлар кеңесінің құзыретіне заңнамалық және ішкі құжаттармен жатқызылған ағымдағы сипаттағы мәселелер және келесі жүзбе-жүз отырысқа дейін кейінге қалдыруға болмайтын неғұрлым шұғыл мәселелер бойынша өткізілді.

Комитеттердің жұмысы бойынша егжей-тегжейлі есеп

Жалпы ережелер

Директорлар кеңесінің жанындағы комитеттер Банктің Директорлар кеңесінің консультативтік-кеңес органдары болып табылады. Комитеттер әзірлеген ұсыныстардың барлығы Банктің Директорлар кеңесінің қарауына ұсынылатын нұсқаулар болып табылады.

Қазақстан заңнамасына сәйкес Директорлар кеңесінің мүшелері мен сарапшылар Комитет мүшелері болып табылады. Комитеттердің құрамы бойынша толығырақ ақпарат төменде тиісті Комитеттердің жұмысы туралы бөлімдерде берілген.

Аудит жөніндегі комитет

Аудит жөніндегі комитет 2005 жылғы шілдеде құрылған.

Комитет Директорлар кеңесінің барлық мүшелерінің көпшілік дауысымен сайланатын Директорлар кеңесінің үш мүшесінен тұрады. Комитет Төрағасы Банктің тәуелсіз директоры болып табылады.

Комитет құрамына мыналар кіреді:

- Арман Ғалиасқарұлы Дунаев** — Аудит жөніндегі комитеттің Төрағасы, тәуелсіз директор;
- Александр Сергеевич Павлов** — Аудит жөніндегі комитеттің мүшесі, тәуелсіз директор;
- Петр Романовски** — Аудит жөніндегі комитеттің мүшесі, тәуелсіз директор.

Комитеттің барлық мүшелері тәуелсіз директорлар болып табылады, бухгалтерлік және салық есебі, қаржылық есептілік, ішкі және сыртқы аудит, тәуекелдерді басқару саласында білімі мен тәжірибесі мол.

Комитеттің құзыреті

Комитет Директорлар кеңесіне қаржылық және өзге де есептіліктің толықтығы мен дұрыстығы, Банк пен еншілес ұйымдардың заңнама және ішкі құжаттардың (комплаенс-бақылау) талаптарына сәйкестігі, сыртқы аудиторды таңдау және тәуелсіздігі, ішкі бақылау жүйесі мен тәуекелдерді басқару жүйесінің барабарлығы мен тиімділігі мәселелері бойынша Директорлар кеңесіне жәрдем көрсетеді, сондай-ақ сыртқы және ішкі аудит жұмысын үйлестіреді.

Комитеттің қызметі

2023 жылы Комитеттің 2 жүзбе-жүз отырысы өткізілді, онда 3 мәселе қаралды және 38 сырттай отырысы өткізілді, онда 40 мәселе қаралды.

Аудит жөніндегі комитет мүшесінің аты-жөні	Жүзбе-жүз отырыстар (отырыстар саны/ мәселелер саны)	Сырттай отырыстар (отырыстар саны/ мәселелер саны)
А.С. Павлов	1/2	23/27
А.Ф. Дунаев	2/3	38/40
К. Рёль *	1/2	13/13
П. Романовски **	1/1	25/27
ЖИЫНЫ:	2/3	38/40

Қаржы есептілігінің толықтығы мен шынайылығын қамтамасыз ету үшін Комитет аталған мәселе бойынша сыртқы аудитордың аралық (тоқсандық) есептерін, Банктің және еншілес компаниялардың басшылығына жазылған хаттарды қарады, сонымен қатар 2022 жылға жылдық қаржылық есептілікті мақұлдап, Директорлар кеңесінің қарауына шығарды. Аталған жұмыс шеңберінде Комитет бұдан бөлек, сыртқы аудитормен және Банктің қаржы блогымен маңызды бухгалтерлік пікірлердің, саясаттардың және рәсімдердің қағидаларын талқылады.

2023 жылы Комитет Ішкі аудит департаментімен мынадай мәселелерді қарау бойынша белсенді өзара іс-қимыл жасады: бюджет және ішкі аудит жұмыстарының жоспары; аудиторлық тексерулердің нәтижелері туралы мәліметтер, ішкі аудит мәселелері бойынша басқарушылық есептер, Ішкі аудит департаментінің кадрлық мәселелері, Ішкі аудит департаментінің қызметін реттейтін Банктің ішкі нормативтік құжаттарының жобалары.

2023 жылы Комитет тәуекел-менеджмент қызметі дайындаған Банк портфелінің сапасы бойынша тоқсан сайынғы талдамалық есептерді қарады.

Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитет

Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитет 2007 жылғы қыркүйекте құрылған. Комитет Директорлар кеңесінің үш мүшесінен тұрады, олар Директорлар кеңесінің барлық мүшелерінің көпшілік дауысымен сайланады. Бұл ретте Комитеттің кемінде екі мүшесі тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

Комитет құрамына кіретіндер:

1. **Фрэнк Кайларс** — Комитет Төрағасы, тәуелсіз директор;
2. **Александр Сергеевич Павлов** — Комитет мүшесі, тәуелсіз директор;
3. **Арман Ғалиасқарұлы Дунаев** — Комитет мүшесі, тәуелсіз директор.

Комитеттің барлық мүшелері тәуелсіз директорлар болып табылады, Комитеттің барлық мүшелері сыйақы мәселелерін қоса алғанда, қызметкерлерді басқаруда мол тәжірибесі бар.

Комитеттің құзыреті

Комитет Директорлар кеңесіне Директорлар кеңесінің мүшелігіне, Басқарма және еншілес компаниялардың Директорлар кеңесі мүшелігіне үміткерлер туралы, Директорлар кеңесі мен Басқарманың сыйақы жүйесі туралы, еншілес компаниялардың Директорлар кеңестері мен атқарушы органдарының еңбекақысын төлеу туралы ұсынымдар енгізеді, сондай-ақ Банкте корпоративтік мәдениетті арттыруға бағытталған этикалық стандарттарды жетілдіру туралы мәселелерді қарайды.

Комитеттің қызметі

2023 жылы Комитеттің 12 сырттай отырысы өткізілді, онда 20 мәселе қаралды.

Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитет мүшесінің аты-жөні	Жүзбе-жүз отырыстар (отырыстар саны/ мәселелер саны)	Сырттай отырыстар (отырыстар саны/ мәселелер саны)
Ф. Кайларс	-	12/20
А.С. Павлов	-	12/20
А.Ф. Дунаев	-	12/20
ЖИЫНЫ:	-	12/20

Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитет: Банктің Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау (өзін-өзі бағалау) туралы есепті, Банктің Директорлар кеңесі және Банктің еншілес ұйымдары мүшелерінің лауазымдарына үміткерлер туралы ұсынымдарды, Банктің ұйымдық құрылымына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы, Басқарма мүшелеріне, ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне және корпоративтік хатшыға сыйлықақы беру мәселелерін қарады.

2023 жылы «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелерінің сыйақысы төмендегіні құрады:

		(теңгемен)
Банктің Директорлар кеңесі мен Басқармасының мүшелері	Барлық кірістер	4 201 900 567,03

2023 жылы «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелерінің жоғарыда көрсетілген кірісінен келесі міндетті ұстап қалулар жүргізілді:

					(теңгемен)
Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелері	Жеке табыс салығы	Міндетті зейнетақы жарналары	МӘМС жарналары	Міндетті ұстап қалулардың барлығы	
	417 116 131,74	32 200 000,00	1 526 000,00	450 842 131,74	

Банк Басқармасы мүшелерінің еңбекақысы үш негізгі фактормен анықталады:

- о ұйым үшін лауазымның маңыздылығын (құндылығын) анықтауға мүмкіндік беретін лауазымды бағалау, сонымен қатар басшының жұмыс нәтижелерінің Банктің қорытынды нәтижелеріне ықпал ету дәрежесі;
- о еңбекақы төлеудің өңірлік нарығындағы салыстырмалы лауазымдар еңбекақысының деңгейі;
- о Банк басшыларының қызметін бағалау, оның негізінде бір жылдағы жұмыс қорытындылары бойынша сыйлықақы төленеді.

Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақы жүйесінің негізгі қағидаттары Директорлар кеңесі мүшелері сыйақысының:

- о жеке біліктілік деңгейімен және Банк қызметінің нәтижелеріне қосқан үлесімен;
- о өз міндеттерін орындаумен және Банк пен оның акционерлерінің мүддесіне жауап беретін міндеттерді орындауымен өзара байланысы болып табылады.

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет 2012 жылғы сәуірде құрылған.

Комитет Директорлар кеңесінің барлық мүшелерінің көпшілік дауысымен сайланған Директорлар кеңесінің бес мүшесінен және Банк қызметінің неғұрлым стратегиялық бағыттарына жетекшілік ететін Басқарма мүшелерінің төрт сарапшысынан тұрады.

Комитет құрамына кіретіндер:

1. **Петр Романовски** — Комитет Төрағасы, тәуелсіз директор;
2. **Жомарт Досанқұлы Нұрабаев** — комитет мүшесі, «АІМЭКС» холдингі тобы» АҚ ірі акционерінің өкілі;
3. **Александр Сергеевич Павлов** — Комитет мүшесі, тәуелсіз директор;
4. **Герман Тишендорф** — Комитет мүшесі, тәуелсіз директор;
5. **Үміт Болатханқызы Шаяхметова** — Комитет мүшесі, Басқарма Төрағасы;
6. **Ольга Владимировна Вүрос** — Комитет мүшесі (дауыс беру құқығы жоқ сарапшы);
7. **Мұрат Ұзақбайұлы Көшенов** — Комитет мүшесі (дауыс беру құқығы жоқ сарапшы);
8. **Жұмабек Жарылқасынұлы Мамұтов** — Комитет мүшесі (дауыс беру құқығы жоқ сарапшы);
9. **Дәурен Жанкисейұлы Сартаев** — Комитет мүшесі (дауыс беру құқығы жоқ сарапшы).

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеттің төрағасы Банктің Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшесі болып табылады, Комитет құрамына мынадай: ақпараттық технологияларды дамыту; банк қызметтерін дамыту және көрсету; тәуекелдерді басқару және бюджеттік жоспарлау салаларында жұмыс тәжірибесі бар Директорлар кеңесінің мүшелері мен сарапшылар кіреді.

Комитет құзыреті

Комитет Директорлар кеңесіне: «Налық» тобының стратегиясын, Банктің орнықты даму саласындағы стратегиясын қарау және оның орындалуын мониторингілеу; орнықты даму саласындағы орта мерзімді/ұзақ мерзімді мақсаттар мен тиімділіктің негізгі көрсеткіштерін (KPI) айқындау және оларға қол жеткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуын мониторингілеу; стратегияның орындалуы туралы есептерді талдау; сыртқы ортаны бақылау және оның Топтың стратегиялық жоспарларына әсері мәселелері бойынша жәрдем көрсетеді. Тиісті жылға арналған Банк бюджетінің жобасын алдын ала қарауды, сондай-ақ Банктің рентабельділігін басқару саясатының жобасын алдын ала қарауды жүзеге асырады, сондай-ақ Банктің және оның қызметкерлерінің аталған саясатты сақтауына мониторинг пен бақылауды жүзеге асырады.

Комитеттің қызметі

2023 жылы Комитеттің 3 жүзбе-жүз отырысы өткізілді, онда 8 мәселе қаралды, және 2 сырттай отырысы өткізілді, онда 2 мәселе қаралды.

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет мүшесінің аты-жөні	Жүзбе-жүз отырыстар (отырыстар саны/ мәселелер саны)	Сырттай отырыстар (отырыстар саны/ мәселелер саны)
А.Ф. Дунаев	3/8	2/2
А.С. Павлов	3/8	2/2
М.Т. Есенбаев **	3/8	2/2
П. Романовски	3/8	2/2
Ж.Д. Нұрабаев ***	-	-
Ү.Б. Шаяхметова	3/8	2/2
М.Ұ. Көшенов *	3/8	2/2
Д.Ж. Сартаев *	3/8	2/2
О.В. Вурос *	3/8	2/2
Ж.Ж. Мамутов *	3/8	2/2
ЖИЫНЫ:	3/8	2/2

Комитет «Halyk» тобының 2022-2024 жылдарға арналған даму стратегиясының және «Halyk» тобының 2022-2024 жылдарға арналған даму стратегиясының 2022 жылдың бірінші жартыжылдығында орындалу нәтижелерін қарады. Талдау қойылған мақсаттарға жеткізудің қанағаттанарлық нәтижелерін көрсетті.

Сонымен қатар Банктің 2024 жылға бюджетінің жобасы және 2023 жылғы 1-жартыжылдықта Банк бюджетінің орындалу нәтижелері қаралды.

Комитет сыртқы ортаның өзгерістерін (реттеушілік, экономикалық, қаржылық және т.б.) талдайды және мұндай өзгерістердің «Halyk» тобының 2022-2024 жылдарға арналған даму стратегиясына әсерін бағалайды.

Орнықты даму жөніндегі комитет

2022 жылдың сәуірінде Әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет Орнықты даму жөніндегі комитет болып қайта құрылды.

Комитет Директорлар кеңесінің барлық мүшелерінің көпшілік дауысымен сайланған Директорлар кеңесінің төрт мүшесінен және ESG, демеушілік және қайырымдылық мәселелеріне жетекшілік ететін Басқарма мүшелерінің екі сарапшысынан тұрады. Комитет мүшелерінің көпшілігі тәуелсіз директорлар болып табылады.

Комитет құрамына кіретіндер:

1. **Герман Тишендорф** — Комитет Төрағасы, тәуелсіз директор;
2. **Арман Ғалисқарұлы Дунаев** — Комитет мүшесі, тәуелсіз директор;
3. **Фрэнк Кайларс** — Комитет мүшесі, тәуелсіз директор;
4. **Жақсыбек Әбдірахметұлы Күлекеев** — Комитет мүшесі, тәуелсіз директор;
5. **Үміт Болатханқызы Шаяхметова** — Комитет мүшесі;
6. **Мұрат Ұзақбайұлы Көшенов** — Комитет мүшесі, сарапшы (дауыс беру құқығы жоқ);
7. **Дәурен Жанкәсіпұлы Сартаев** — Комитет мүшесі, сарапшы (дауыс беру құқығы жоқ).

Комитет құзыреті

Орнықты даму жөніндегі комитеттің негізгі мақсаттары Банктің Директорлар кеңесіне Банкте орнықты даму жүйесін қалыптастыру жөніндегі функцияларды жүзеге асыруға жардемдесу, оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету және Банктің Директорлар кеңесін орнықты даму қағидаттарын және ESG-ді Банк қызметіне енгізу үшін іске асырылатын шаралар туралы хабардар ету болып табылады.

Комитеттің қызметі

2023 жылы 2 жүзбе-жүз отырыс өткізілді, онда 2 мәселе қаралды және 2 сырттай отырыс өткізілді, онда 3 мәселе қаралды.

Орнықты даму жөніндегі комитет мүшесінің аты- жөні	Жүзбе-жүз отырыстар (отырыстар саны/ мәселелер саны)	Сырттай отырыстар (отырыстар саны/ мәселелер саны)
Г. Тишендорф *	1/1	2/3
Ф. Кайларс	2/2	2/3
А.Г. Дунаев	2/2	2/3
Ж.Ә. Күлекеев **	-	-
К. Рёль ***	1/1	-
Ү.Б. Шаяхметова	2/2	2/3
Д.Ж. Сартаев	2/2	2/3
М.Ұ. Көшенов	2/2	2/3
ЖИЫНЫ:	2/2	2/3

Орнықты даму жөніндегі комитет келесі мәселелерді қарады және назарға алды:

- Орнықты дамудың қағидаттары мен мақсаттарын енгізу жөніндегі іс-шаралардың 2022-2024 жылдарға арналған жоспарының іске асырылу барысы туралы есептер;
- «Қазақстан Халқы Банкі» АҚ және «Халық» қайырымдылық қоры» ЖҚ демеушілік және қайырымдылық бойынша 2023 жылғы есеп;
- «Қазақстан Халқы Банкі» АҚ және «Халық» қайырымдылық қоры» ЖҚ демеушілік және қайырымдылық бойынша 2024 жылға арналған негізгі іс-шаралар жоспары.

* Тишендорф Г. приступил к исполнению обязанностей Председателя Комитета с 25.05.2023 (ВПЗСД от 25.05.2023 № 4, вопрос 5)

** Күлекеев Ж.А. вошел в состав Комитета с 26.12.2023 (ВПЗСД от 26.12.2023 № 59)

*** Рёль К. прекратил полномочия в качестве члена Комитета с 25.05.2023 (протокол ГОСА №48 от 25.05.2023)

Тәуекелдер жөніндегі комитет

Тәуекелдер жөніндегі комитет 2020 жылғы мамыр айында құрылды.

Комитет құрамына келесі мүшелер кіреді:

- Александр Сергеевич Павлов** — Комитет Төрағасы, тәуелсіз директор;
- Арман Ғалиасқарұлы Дунаев** — Комитет мүшесі, тәуелсіз директор;
- Петр Романовски** — Комитет мүшесі, тәуелсіз директор;
- Үміт Болатханқызы Шаяхметова** — Комитет мүшесі, Басқарма Төрағасы;
- Роман Александр Машчик** — Комитет мүшесі (дауыс беру құқығы жоқ сарапшы).

Комитет құзыреті

Тәуекелдер жөніндегі Комитет Банктің Директорлар кеңесі жанындағы алқалы орган болып табылады, оның негізгі мақсаты Банктің Директорлар кеңесіне Банкте тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың тиімді жүйесін қалыптастыру, оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі функцияларды жүзеге асыруға жәрдемдесу және Банктің Директорлар кеңесін Банк қабылдайтын тәуекелдер деңгейі туралы хабардар ету болып табылады. Тәуекелдер жөніндегі комитет қызметінің негізгі бағыттары мен міндеттері:

- Банктің қызметіне тән тәуекелдерді, оның ішінде тәуекелдер бойынша басқарушылық есептілікті қарау кезінде тұрақты бағалауды жүзеге асыру, сондай-ақ Банктің тәуекел бейінінің өзектілігін қолдау;
- қажет болған жағдайда келесі мәселелер бойынша Банктің Директорлар кеңесіне арналған ұсыныстарды дайындау:
 - Банктің тәуекел-тәбеті стратегиясына және тәуекел-бейініне қатысты жекелеген стратегиялық шешімдерді әзірлеу үшін Банк қызметіне тән тәуекелдердің негізгі түрлерін (кредиттік тәуекел, өтімділік тәуекелі, нарықтық тәуекел, капиталды басқару, операциялық тәуекел, қызметтің үздіксіздігін басқару, ақпараттық технологиялар тәуекелі, ақпараттық қауіпсіздік тәуекелі, стратегиялық тәуекел, бедел тәуекелі, ESG тәуекелдері) басқару;
 - Банктегі комплаенс-тәуекелдерді басқару;
 - Банктегі ішкі бақылау жүйесінің барабарлығы мен тиімділігін қамтамасыз ету;
 - Тәуекелдер жөніндегі комитеттің құзыретіне жатқызу заңнамаға және Банктің ішкі нормативтік құжаттарына қайшы келмейтін өзге де мәселелер бойынша;
- Банкте ішкі бақылау жүйесінің жұмыс істеуін бақылауды жүзеге асыру;
- Банк қарыз алушыларының ESG-тәуекелдерін сәйкестендіру, басымдық беру және басқару рәсімдерін енгізуді қамтамасыз ету;

- жауапты қаржыландыру қағидаттарын енгізуді, ESG-критерийлерін Банктің кредиттік саясатына енгізу жолымен жобаларды қаржыландыру туралы шешімдер қабылдау процестеріне енгізуді қамтамасыз ету;
- кредиттік және инвестициялық қызметтің теріс әсерін барынша азайту үшін Банктегі тәуекел-менеджменттің жалпы жүйесіне ESG тәуекелдерін басқару процестерін енгізуді қамтамасыз ету;
- климаттық тәуекелдердің бизнес-модельге және стратегиялық жоспарлауға әсерін бағалау рәсімдерін енгізуді қамтамасыз ету, сценарийлік талдау және стресс-тестілеу жүргізу.

Комитет қызметі

2023 жылы Комитеттің 3 жүзбе-жүз отырысы өткізілді, онда 6 мәселе қаралды, және 18 сырттай отырысы өткізілді, онда 33 мәселе қаралды.

Тәуекелдер жөніндегі комитет мүшесінің аты- жөні	Жүзбе-жүз отырыстар (отырыстар саны / мәселелер саны)	Сырттай отырыстар (отырыстар саны / мәселелер саны)
А.С. Павлов	2/4	12/19
А.Г. Дунаев	3/6	18/33
П. Романовски	3/6	18/33
Ү.Б. Шаяхметова	3/6	16/28
Р.А. Машчик *	3/6	17/31
А.М. Маханов **	3/6	11/20
ЖИЫНЫ:	3/6	18/33

* Р.А. Машчик Директорлар кеңесінің Тәуекелдер жөніндегі комитетінің мүшесі (дауыс беру құқығы жоқ сарапшы) болып табылады.

** А.М. Маханов Директорлар кеңесінің Тәуекелдер жөніндегі комитетінің мүшесі (дауыс беру құқығы жоқ сарапшы) болды, Банктің Тәуекел-менеджментінің басшысы ретіндегі өкілеттілігінің тоқтатылуына байланысты

Тәуекелдер жөніндегі комитеттің жүзбе-жүз отырыстары барысында келесі мәселелер қаралды:

- 2022 жылғы капиталдың жеткіліктілігін бағалаудың және өтімділіктің жеткіліктілігін бағалаудың ішкі процестерін сақтау (өзін-өзі бағалау) бойынша есеп;
- есепті кезеңдегі Банк портфелінің сапасын талдау бойынша таныстырылымдар;
- есепті тоқсандағы Банктің 20 ірі қарыз алушылары туралы есеп.

Заңнамамен және ішкі құжаттармен Комитет құзыретіне жатқызылған ағымдағы сипаттағы мәселелер бойынша сырттай дауыс беру өткізілді, оның ішінде:

- Банк тәуекелдері бойынша басқарушылық есептілік;
- стресс-тестілеу сценарийлері мен нәтижелерін қарау/келісу;
- 2022-2024 жылдар кезеңіне арналған «Halyk» тобының даму стратегиясына өзгерістер енгізуді келісу;
- EWS шеңберінде шағын бизнес клиенттерін бақылау үшін дефолт ықтималдығы моделінің валидация нәтижелерін бекіту;
- «Кепілсіз кредит беру» өнімі бойынша скорингтік модельді, «Тауарлық кредит беру» өнімі бойынша скорингтік модельді валидациялау бойынша есептерді бекіту;
- Банк Басқармасының комплаенс-тәуекелді басқару саясатын, ішкі бақылау саясатын, сондай-ақ комплаенс-тәуекелдерді барынша азайтуға және Банктің ішкі бақылау элементтерін жақсартуға бағытталған ұсынымдарды орындау тиімділігіне мониторинг жүргізу және бағалау нәтижелерін қарау;
- Банктің ішкі нормативтік құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу.

Банктің Директорлар кеңесі мүшелерінің 2023 жылғы қызметін бағалау нәтижелері

1. Директорлар кеңесінің жұмыс істеу стилі мен мәдениетін бағалау нәтижелері:

- Директорлар кеңесі өз қызметінде басқарудың классикалық моделін ұстанады, қолданыстағы заңнама талаптарын, акционерлердің тәуекелдері мен мүдделерін сақтау қажеттілігінен туындайды. Психологиялық атмосфера және Директорлар кеңесінің жұмыс стилі конструктивті және тиімді жұмыс істеуге ықпал етеді. Банктің тұрақты дамуы үшін ақпарат алмасу және жаңа идеялар әзірлеу және «Halyk» тобының 2025-2027 жылдарға арналған даму стратегиясын қалыптастыру үшін Директорлар кеңесі, Басқарма мүшелерінің және Банктің өзге де негізгі қызметкерлерінің қатысуымен тұрақты жеке кездесулерді қолдау қажет;
- Директорлар кеңесінің мүшелері үшін мотивацияның негізгі факторлары: Банктің елдегі ең ірі қаржы институты ретіндегі қызметінің ауқымы; Банктің ТОП-менеджментінің жарқын тұлғалары;

Директорлар кеңесінің басқа мүшелерімен тәжірибе және біліммен бөлісу мүмкіндігі; стратегиялық деңгейде іске асыруға ұмтылу; ашықтық пен корпоративтік басқарудың жоғары деңгейі болып табылады.

- Директорлар кеңесі корпоративтік басқаруды, ESG, экожүйені дамыту және өз жұмысының тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін жаңа құралдарды енгізу жөніндегі бастамаларды қолдайды.
- Директорлар кеңесі қаржы, қаржылық есептілік, ішкі бақылау және аудит, банк қызметі, тәуекелдерді басқару, АТ және корпоративтік басқару саласында қажетті құзыреттерге ие.
- Директорлар кеңесінің жұмысында жоғары сұранысқа ие құзыреттер: цифрлық трансформация; инновацияларды дамыту; тәуекелдерді басқару; қаржы, ішкі бақылау және аудит; HR және талантарды дамыту; стратегиялық басқару саласындағы тәжірибе; тұрақты даму (ESG) болып табылады.
- Директорлар кеңесінің тиімді жұмысының негізгі дағдылары: белгісіздік жағдайында шешім қабылдау қабілеті; конструктивті сын және кері байланыс; креативті ойлау және идеяларды іздеу; бизнес және АТ саласындағы халықаралық тәжірибе болып табылады.
- Директорлар кеңесі мүшелерінің арасында оның қызметінің тиімділігіне әсер ететін айқын немесе жасырын қақтығыстар жоқ, Директорлар кеңесінің барлық мүшелері алқалы басқару органы ретінде Директорлар кеңесінің тиімді жұмысына бағдарланған.
- Директорлар кеңесі мен Банк Басқармасы арасындағы қатынастар конструктивті сипатқа ие және акционерлердің және өзге де мүдделі тұлғалардың (клиенттердің, қызметкерлердің және т. б.) мүдделері үшін Банктің табысты қызметіне ықпал етеді.

2. Директорлар кеңесінің құрамын және құрылымын бағалау нәтижелері:

- Директорлар кеңесінің құрамы өзіне жүктелген функцияларды орындау, оның ішінде Банктің Даму стратегиясын іске асыруды бақылау үшін оңтайлы және теңдестірілген (оның мүшелерінің білімі мен тәжірибесі тұрғысынан) болып табылады. Директорлар кеңесі ақпараттық технологиялар, киберқауіпсіздік, жасанды интеллект, аудит, ESG, Big Data және банк бизнесіндегі инновациялар саласындағы құзыреттерді дамытуға ниетті.
- 2023 жыл ішінде Директорлар кеңесінің құрамында елеулі өзгерістер болды (Директорлар кеңесінің құрамы 7-ден 8 адамға дейін ұлғайтылды), Директорлар кеңесінің үш жаңа мүшесі (Ж.Ә. Күлекеев, Ж.Д. Нұрабаев, Г. Тишендорф) сайланды, олардың ақпараттық технологиялар, телекоммуникация, цифрлық өнімдер, экожүйелер, қаржы, экономика және басқару саласында білімі мен тәжірибесі мол. Банктің Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі Еуропалық Одаққа санкцияларды сақтау мәселелері бойынша кеңес береді.
- Банкте Директорлар кеңесі мүшелерінің құзыреті мен біліктілігін арттыру жүйесі оңтайлы болып келеді. Технологиялардың дамуын және банк бизнесін жүргізудің жаңа тәсілдерін ескере отырып, біз Қазақстанда да, Банк қатысатын өзге елдерде де осындай өзгерістерді қадағалап

отырамыз, ал қажет болған жағдайда Директорлар кеңесінің мүшелері үшін қосымша оқыту ұйымдастырылатын болады. 2023 жылы Директорлар кеңесі мен Басқарма үшін банк ісі, қаржы, макроэкономика және стратегиялық басқару мәселелері бойынша ақпараттық сессиялар (семинарлар, тренингтер) өткізілді.

- Банктің Директорлар кеңесінің мүшелерін іріктеу жүйесі өте тиімді және нағыз мамандарды тартуды қамтамасыз етеді. Банк Банктің және оның еншілес ұйымдарының тәуелсіз директорлары лауазымдарына үміткер болуға құқығы бар кандидаттардың тізілімін қалыптастырды. Банктің Директорлар кеңесіне кандидаттар туралы ақпараттың әлеуетті көзі Банктің миноритарлық акционерлерінен алынған ақпарат (Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігін тексеру үшін жеткілікті мерзімде IR қызметі сұратуы мүмкін Директорлар кеңесіне әлеуетті кандидаттардың тізімдері) болуы мүмкін.
- Қазіргі уақытта Банктің Директорлар кеңесінің гендерлік құрылымы 87% ерлер мен 13% әйелдерден тұрады (2022 жылмен салыстырғанда Директорлар кеңесінің гендерлік құрылымындағы болмашы өзгерістер Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының 7 адамнан 8 адамға дейін ұлғаюуы нәтижесінде болды). Үздік халықаралық тәжірибеге сәйкес келу мақсатында Банктің Директорлар кеңесінің гендерлік құрылымында әйелдер санын 13%-дан 30%-ға дейін ұлғайту мүмкіндігін қарастыру ұсынылады (мысалы, АҚШ-та басқару органдарындағы әйелдер 30%-ды, Еуропада - 39%-ды құрайды).
- Банктің Директорлар кеңесі мүшелерінің орташа жасы - 59 жасты құрайды (салыстыру үшін, 2022 жылғы есепте Директорлар кеңесі мүшелерінің орташа жасы 62 жасты құрады), бұл ретте Kogn Ferrу* халықаралық консалтингтік компаниясы дайындаған Қазақстандағы корпоративтік басқару практикасына шолуға сәйкес Қазақстандағы Директорлар кеңесі мүшесінің орташа жасы — 53 жасты, Еуропада — 60 жасты құрайды.

3. Директорлар кеңесі жұмысын жоспарлау және ұйымдастыру тәртібін бағалау нәтижелері:

- Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған барлық мүшелері Кіріспе курс нысанында (Board Book) жеделдегі бейімделу үшін Банктің және Директорлар кеңесінің жұмысы туралы қажетті ақпарат алады, онда мыналар қамтылған: Банктің даму тарихының негізгі кезеңдері, «Halyk» тобының Даму стратегиясы, есепті күнге негізгі қаржылық көрсеткіштер мен нәтижелер, Банктің ұйымдық құрылымы, сондай-ақ Директорлар кеңесі/Басқарма жұмысының рәсімдері және Директорлар кеңесі мүшелерінің лауазымдық міндеттері. Сондай-ақ Директорлар кеңесінің барлық жаңадан сайланған және қазіргі мүшелері корпоративтік басқару және орнықты даму (ESG) мәселелері бойынша оқыту материалдарына қол жеткізе алады;
- Директорлар кеңесінің жаңа редакциядағы Банк Жарғысында айқындалған құзыреті ағымдағы стратегиялық міндеттерге сәйкес келеді және түзетулерді талап етпейді.

* https://forbes.kz/actual/stats/kak_vyglyadyat_sovetny_direktorov_kompaniy_v_kazahstane/

- Директорлар кеңесі отырыстарының саны, жүйелілігі және ұзақтығы, оның ішінде жүзбе-жүз және сырттай отырыстардың арақатынасы Банктің қажеттіліктеріне сәйкес келеді (2023 жыл ішінде Директорлар Кеңесінің 7 жүзбе-жүз отырысы және Директорлар кеңесінің 61 сырттай отырысы өткізілді). Директорлар кеңесінің мүшелері жұмысты гибриді форматта жалғастыруға ниетті (жеке кездесулер форматында 2-3 жүзбе-жүз отырыс, бейнеконференция форматында 2-3 жүзбе-жүз отырыс).
- 2023 жылғы желтоқсанда Директорлар кеңесі мен Басқарманың барлық мүшелерінің қатысуымен стратегиялық сессия ұйымдастырылды және өткізілді. Директорлар кеңесі мен Басқармаға Банктің бизнес міндеттері мен стратегиясын іске асыру бойынша тереңдетілген сессиялар өткізу үшін жұмыс кездесулері (мысалы, Директорлар кеңесі жанындағы комитеттер алаңдарында) түріндегі коммуникациялар санын ұлғайту ұсынылады.
- Корпоративтік басқарудың үздік халықаралық тәжірибесіне сәйкес болу мақсатында G20/ЭЫДҰ корпоративтік басқару қағидаттарын (2023 жылғы қыркүйектегі редакцияда)* және Ұлыбританияның корпоративтік басқару кодексін** (2024 жылғы қаңтардағы редакцияда) талдау және қажет болған жағдайда олардың ережелерін Банктің корпоративтік басқару кодексіне енгізу ұсынылады.

4. Корпоративтік рәсімдер және құжат айналымының тиімділігін бағалау нәтижелері:

- Қолданыстағы корпоративтік рәсімдер Директорлар кеңесіне сыртқы және ішкі қауіптерге (пандемия, лаңкестік шабуылдар, әскери қақтығыстар, санкциялар және т.б.) жедел әрекет етуге және қажет болғанда Банк қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз етуге бағытталған шараларды қолдануға мүмкіндік береді;
- Директорлар кеңесі отырыстарын дайындау мен өткізуді ұйымдастыру процесі Банктің ішкі нормативтік құжаттарымен егжей-тегжейлі реттеледі және жұмыс алгоритмдері мен логистиканы шаттық режимде (шектеуіс) сипаттайды;
- Банктің Директорлар кеңесінің отырыстарын шақыруға және өткізуге байланысты құжаттарды дайындау жөніндегі қағидалардың жаңа редакциясы Директорлар кеңесінің мүшелері үшін қағаз материалдарының сапасын жақсартуға және көлемінің қысқаруына әсер етті (Директорлар кеңесінің қағаз жеткізгіштердегі басып шығарылатын материалдарының көлемі 2020-2021 жылдар кезеңімен салыстырғанда 70%-ға қысқарды).
- Covid-19 пандемиясы жағдайындағы жұмыс тәжірибесін ескере отырып, Банк жұмыс істейтін жағдайларға бейімделу мақсатында корпоративтік рәсімдер өзгертілді (қашықтан қол жеткізу форматында жұмыс істеу, бейне-отырыстар мен жұмыс кеңестерін өткізу, қала/ел шегінде жүріп-тұруды шектеу үшін бағдарламалық жасақтаманы пайдалану, құжаттарды басып шығару және қол қоюға физикалық мүмкіндіктердің болмауы және т.б.).

* https://www.oecd-ilibrary.org/governance/g20-oecd-principles-of-corporate-governance-2023_ed750b30-en

** <https://www.frc.org.uk/library/standards-codes-policy/corporate-governance/uk-corporate-governance-code/>

- 2023 жылы Банк ішкі құжаттарды келісудің көптеген процестерін цифрлық форматқа ауыстыруға мүмкіндік беретін жаңа электрондық құжат айналымы жүйесін («Тезис» ЭҚЖ) пайдалануға көшті. 2023 жылы алқалы органдардың (Директорлар кеңесі/Басқарма/Директорлар кеңесі/Басқарма жанындағы комитеттер) отырыстарын цифрлық форматта дайындау және өткізу процесін іске асыру үшін «Кеңес» модулін («Тезис» ЭҚЖ) әзірлеу және енгізу жөніндегі жоба басталды (бұл жобаны аяқтау 2024 жылы жоспарланып отыр).
- Әзірлеу және/немесе бекіту Директорлар кеңесінің құзыретіне жататын Банктің ішкі құжаттары мен саясаты (ІНҚ) үздік тәжірибелерге сәйкес келеді және Банк қызметінің ерекшелігін ескереді. Директорлар кеңесі тұрақты негізде Банктің ІНҚ-на талдау жүргізеді (оларды қарау және бекіту ДҚ құзыретіне кіреді) және оларды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес келтіру, бюрократиялық нормаларды төмендету және корпоративтік басқару процестерін оңайлату мақсатында Басқарманың ұсыныстарын қарайды.

5. Директорлар кеңесі жұмысының функционалды салаларын бағалау нәтижелері:

- 2023 жылы Банктің корпоративтік басқару жүйесіне орнықты даму қағидаттарын (ESG) енгізу, сондай-ақ Директорлар кеңесі мен Басқарманың оларды Банк қызметіне енгізу жөніндегі өкілеттіктері мен міндеттерін кеңейту мақсатында Жарғы, Корпоративтік басқару кодексі және Директорлар кеңесі туралы ереже жаңа редакцияда әзірленіп, бекітілді;
- Директорлар кеңесінің отырыстарына ұсынылатын материалдар толық, сапалы болып табылады және Директорлар кеңесі мүшесінің негізделген шешім қабылдауы үшін күн тәртібіндегі мәселелер бойынша қажетті және жеткілікті ақпаратты қамтиды. Банктің Директорлар кеңесінің отырыстары үшін материалдарды дайындау рәсімдері стандартталған және Банктің тиісті ІНҚ-де бекітілген, ол тұрақты негізде қайта қаралады және Банктің Директорлар кеңесінің отырыстарын дайындау және өткізу процестерінің өзгерістеріне бейімделеді.
- Банктің Даму стратегиясы мен жоспарларының (бағдарламаларының) орындалуын бақылауды күшейту үшін Директорлар кеңесі Стратегиялық жоспарлау комитетінің алаңында және Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелерінің бейресми кездесулері шеңберінде бизнес, Банк стратегиясы, нарықтың қысқа және ұзақ мерзімді перспективаға даму үрдістері, Қазақстандағы және «Halyk» тобы қатысатын елдердегі бәсекелестерді талдау туралы пікірталастар ұйымдастырады.
- Директорлар кеңесі Банктің жоғары лауазымды адамдарының тиімділігінің негізгі көрсеткіштерін айқындайды және бекітеді, Банк Басқармасының есепті кезеңдегі бюджеттік көрсеткіштер мен стратегиялық міндеттерді орындау шеңберінде жартыжылдықта кемінде 1 рет кезеңділікпен негізгі көрсеткіштерді орындау мәселелерін тұрақты негізде қарайды.

Миноритарлық акционерлермен жұмыс

Банкте миноритарлық акционерлермен өзара іс-қимыл жүйесі үнемі жетілдіріліп отырады, соның арқасында акционер өз сұрағын қоя алады және өзіне ыңғайлы кез келген тәсілмен (жазбаша өтініш, электрондық пошта және/немесе телефон арқылы) қажетті кеңес ала алады.

Миноритарлық акционерлердің өтініштері мен олардың тілектерінің құрылымы үнемі талданады. Банк акционерлерді барлық маңызды жаңалықтар туралы, корпоративтік оқиғалар туралы және бағалы қағаздарды ұстаушылардың мүдделерін қозғайтын қызметтегі өзгерістер туралы және жоспарланған іс-шаралар туралы Банктің корпоративтік интернет-ресурсы және қор биржалары мен қаржылық есептік депозитарийінің интернет-ресурстары арқылы хабардар етіп отырады.

Қажет болған жағдайда Бас Банктің қызметкерлері филиалдардың қызметкерлеріне Банк акционерлерімен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша, дивидендтерді есептеу, акционерлердің банктік деректемелері мен дербес деректерін өзгерту, меншік құқықтарының мирасқорлық бойынша ауысуы және т.б. бойынша консультация береді.

Дивидендтік саясат

Акционерлердің дивидендтер алу құқықтары мен оларды төлеу рәсімі Банк акционерлерінің жалпы жиналыстарында бекітілген Банк Жарғысында және Банкті корпоративтік басқару кодексінде бекітілген.

2012 жылғы қыркүйекте Банктің Директорлар кеңесі Банктің дивидендтік саясатын бекітті. Дивидендтік саясаттың негізгі мақсаты - дивидендтерді төлеудің анық және түсінікті механизмін және дивидендтер төлеу, мөлшерін анықтау туралы шешім қабылдау тәртібін, оларды төлеу тәртібі мен мерзімдерін белгілеу болып табылады.

Акционерлердің жалпы жиналысы Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі күннен бастап күнтізбелік тоқсан күннен кешіктірілмей Банкте немесе Банк акцияларын ұстаушылар тізімдерінің жүйесінде немесе номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде акционердің өзекті деректемелері туралы мәліметтер болған кезде жай акциялар бойынша дивидендтер төленеді.

Банкте немесе бағалы қағаздарды ұстаушылар тізімдерінің жүйесінде немесе номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде акционердің өзекті деректемелері туралы мәліметтер болмаған жағдайда, Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу Банк акционерлерінің жалпы жиналысы Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі күннен бастап күнтізбелік тоқсан күн өткен соң бес жұмыс күні ішінде Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ашылған талап етілмеген ақшаны есепке алуға арналған шотқа жүзеге асырылады.

Қаржы жылдарының қорытындысы бойынша Банк дивидендтерінің жалпы сомасы*:

	млрд теңге									
	2022	2021	2020	2019	2018	2017	2016	2015	2014	2013
Артықшылықты акциялар бойынша	Айналыста жоқ						0,338	2,61	1,8	
Жай акциялар бойынша	276,85	138,64	211,57	200,76	126,71	69,38	-	-	34,26	18,55
ЖИНЫ	276,85	138,64	211,57	200,76	126,71	69,38	-	0,338	36,87	20,35

Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелерін ақпараттандыру және оқыту

2023 жылы Банктің және «Halyk» тобының тарихы мен ағымдағы ұстанымдары, Банктің ұйымдық құрылымы, Директорлар кеңесі мүшелерінің міндеттері туралы негізгі ақпаратты қамтитын Банктің жаңадан сайланған Директорлар кеңесінің мүшелері үшін бұрын әзірленген кіріспе курсы (Board Book) жаңартылды.

Директорлар кеңесінің мүшелеріне банк заңнамасындағы негізгі өзгерістер туралы ақпарат жеткізіледі.

2023 жылы Банктің Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелері үшін стратегиялық даму, компаниядағы өзгерістерді басқару және ақпараттық технологиялар мәселелері бойынша семинарлар мен тренингтер өткізілді.

Банк Директорлар кеңесі мүшелерінің хабардарлығы мен біліктілік деңгейін арттыру жөніндегі жұмысты одан әрі жүргізуге және жетілдіруге ниетті.

* Мәліметтер шоғырландырылмаған негізде берілген.

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелері

Рөлі мен жауапкершілігі

Банкте тәуекелдерді басқаруға және ішкі бақылауға қатысты қызметтер мынадай тәсілмен бөлінген:

- Директорлар кеңесі Банк қызметіне ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша стратегиялық басшылықты жүзеге асырады, саясатты бекітеді және кезең-кезеңімен қайта қарайды. Директорлар кеңесінің тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау мәселелері жөніндегі жұмыс органы Аудит жөніндегі комитет болып табылады.
- Директорлар кеңесі Банктің ірі мәмілелерін, жасауға мүдделілігі бар мәмілелерді және Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалармен, оның ішінде жеңілдікті шарттардың болмауы тұрғысынан мәмілелерді қарайды.
- Басқарма тәуекелдерді басқару саясатын жүзеге асыруға жауапты орган болып табылады. Банкте тәуекелдерді басқару және бақылау бойынша әртүрлі функцияларды орындайтын келесі негізгі комитеттер бар: Бас банктің Кредиттік комитеті, филиалдар желісінің Кредиттік комитеті, Бөлшек кредиттік комитет, Проблемалық кредиттер жөніндегі комитет, Активтер мен пассивтерді басқару комитеті және Тәуекелдер жөніндегі комитет.
- Банктің құрылымдық бөлімшелері өз қызметіне тән тәуекелдерді сәйкестендіруге және бағалауға, бақылаудың барабарлығына және өз қызметінің үздіксіздігіне тікелей жауап береді.
- Тәуекел-менеджменттің тәуелсіз қызметтері мен комплаенс қызметтері кредиттік, операциялық, нарықтық және комплаенс-тәуекелдері мен өтімділік тәуекелдерін сәйкестендіруді, бағалауды, бақылауды және қадағалауды қамтамасыз ететін тәуекелдерді басқару жүйесін ұйымдастыруға жауапты. Тәуекел-менеджмент қызметін Тәуекел-менеджмент басшысы, ал комплаенс қызметін Бас комплаенс-бақылаушы басқарады.
- Ішкі аудит бөлімшесі тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерінің тиімділігіне тәуелсіз бағалау жүргізеді.

Банк банктік қызметке тән тәуекелдерді толығымен жою мүмкін емес екенін мойындайды. Алайда, Банк тәуекелдерді басқарудың енгізілген жүйесі оларды айтарлықтай азайтуға мүмкіндік беретініне сенімді.

Комплаенс-тәуекелді басқару жүйесі

Банкте комплаенс-тәуекелді басқарудың тиімді жүйесі (бұдан әрі - Жүйе) әзірленді, ол мыналарды қамтамасыз етеді:

- Банктің тиімді жұмыс істеуі және оның қызметінің стратегияға, тәуекел-бейінге және тәуекел-төбетіне сәйкестігі;
- Банк операцияларының ағымдағы нарықтық жағдайына, стратегиясына, мөлшеріне, күрделілік деңгейіне сәйкес келетін комплаенс-тәуекелді басқару жүйесінің болуы;

- Банк қызметінің және оның әрбір қызметкерінің Қазақстан Республикасының заңнамасына, оның ішінде уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне, қызмет көрсету тәртібін регламенттейтін ішкі құжаттарға, шет мемлекеттердің қолданыстағы заңнамасына, сондай-ақ комплаенс саласындағы халықаралық стандарттарға, оның ішінде банк қадағалауы жөніндегі Базель комитетінің құжаттарына, АЖ/ТҚҚ саласындағы FATF және Вольфсберг қағидаттарына сәйкестігі;
- Банктің және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, оның ішінде уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерін, Банктің қаржы нарығында қызметтер көрсету және операциялар жүргізу тәртібін регламенттейтін Банктің ішкі құжаттарын, сондай-ақ Банктің қызметіне ықпал ететін шет мемлекеттердің заңнамасын сақтамауы салдарынан блған шығындардың/ысыраптардың туындауына байланысты жағымсыз салдардың туындау тәуекелдерін барынша азайту;
- Банкке барлық немесе жекелеген банк операцияларын жүргізуге лицензияны тоқтата тұру не одан айыру, айыппұл салу және өндіріп алу, уәкілетті органның шектеулі ықпал ету шараларын қолдануы түріндегі санкцияларды қолдануға байланысты жағымсыз салдардың туындау тәуекелдерін барынша азайту;
- Банкте комплаенс-тәуекелді басқарудың бірыңғай жүйесін құру;
- «Halyk» тобының іскерлік этикасы мен стандарттарын сақтай отырып, бизнесті жүргізу.

Үш қорғаныс желісіне негізделген тәуекелдерді басқару жүйесі

Банктегі тәуекелдерді басқару Банктің қызметіне тән тәуекелдерді барынша азайтуға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыру бойынша Банктің құрылымдық бөлімшелері арасында рөлдер мен өкілеттіліктерді бөлу негізінде комплаенс-тәуекелді басқару жүйесін құруға интеграцияланған тәсілді білдіретін қорғаудың үш желісіне негізделеді.

Бірінші қорғаныс желісіне Банк қызметкерлері, оның ішінде бақылаудағы бөлімшелер, екінші қорғаныс желісі - Комплаенс қызметі, үшінші қорғаныс желісі - Ішкі аудит бөлімшесі кіреді.

- **Банктегі бірінші қорғаныс желісі** — бұл Банктің әртүрлі құрылымдық бөлімшелерінің күнделікті операцияларды дұрыс жүргізуін/күнделікті функцияларды жүзеге асыруын қамтамасыз ету үшін жасалған бақылау. Бақылауды құрылымдық бөлімшелер әзірлейді және процестердің, соның ішінде бизнес-процестердің ажырамас бөлігі болып табылады. Бақылаулардың нақты дизайны тәуекелдерді барынша азайту және Қазақстан Республикасы заңнамасының, сыртқы реттеуші талаптардың, ішкі құжаттардың, сондай-ақ Банк қызметіне ықпал ететін шет мемлекеттердің заңнамасының талаптарын сақтау үшін олардың барабар деңгейін болжайды. Бақылауды басқару мен мониторингті бөлімшелердің өздері жүзеге асырады, бұл тәуекелдерді, бизнес-процестердің әлсіз жақтарын, ықтимал күтпеген оқиғаларды дербес анықтау және түзету шараларын қабылдау мүмкіндігін болжайды.

- **Екінші қорғаныс желісі** Комплаенс қызметі жүзеге асыратын комплаенс-бақылауды қарастырады.

Комплаенс қызметі Қазақстан Республикасының азаматтық, салық, банк заңнамасының, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы заңнамасының, Қазақстан Республикасының валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы, төлемдер мен төлем жүйелері туралы, зейнетақымен қамсыздандыру туралы, бағалы қағаздар нарығы туралы, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы, кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы, коллекторлық қызмет туралы, депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы, акционерлік қоғамдар туралы заңнамалардың, Банк қызметіне ықпал ететін шет мемлекеттердің заңнамасының, сондай-ақ Банктің қаржы нарығында қызметтер көрсету және операциялар жүргізу тәртібін регламенттейтін Банктің ішкі құжаттарының талаптарын сақтау үшін рәсімдерді ұйымдастырады және Банктің Директорлар кеңесіне, Директорлар кеңесінің Тәуекелдер жөніндегі комитетіне, Банк Басқармасына комплаенс-тәуекелдің болуы туралы толық және сенімді ақпарат береді.

Банктің ішкі құжаттарына сәйкес комплаенс-тәуекелді басқарудың жекелеген функциялары мүдделер қақтығысы болмаған жағдайда қажет болған жағдайда Банктің өзге құрылымдық бөлімшелеріне беріледі.

- **Үшінші қорғаныс желісі** Ішкі аудит бөлімшесінің комплаенс-тәуекелді басқарудың сапасы мен тиімділігін тәуелсіз бағалауды білдіреді («Ішкі аудит» бөлімін қараңыз).

Банк банк қызметіне тән тәуекелдерді толығымен жою мүмкін емес екенін мойындайды. Алайда, Банк тәуекелдерді басқарудың енгізілген жүйесі оларды айтарлықтай азайтуға мүмкіндік беретініне сенімді.

Банктің халықаралық және елдік экономикалық санкцияларды сақтауын бақылау жүйесі

Банк халықаралық және елдік экономикалық санкцияларды сақтайды және өз қызметінде ашықтық, әділдік және әлемдік қоғамдастыққа интеграция қағидаттарын ұстанады.

Банктің халықаралық және елдік экономикалық санкцияларды сақтау қажеттілігі:

1. Банкті БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің қарарларында белгіленген санкциялар мен эмбарголарды сақтауға міндеттейтін Қазақстан Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымына (бұдан әрі – БҰҰ) мүшелігіне;
2. Лондон қор биржасында Банктің бағалы қағаздарының листингімен;
3. шетелдік контрагенттермен шарттық қатынастардың, оның ішінде Америка Құрама Штаттарының (бұдан әрі – АҚШ), Еуропалық Одақтың (бұдан әрі – ЕО), Ұлыбританияның және басқа да елдердің банктерімен ностро корреспонденттік қатынастардың болуы;

4. халықаралық экономикалық санкцияларды қолданудың экстрааумақтық сипатына байланысты.

Ықтимал комплаенс-тәуекелдерді барынша азайту мақсатында Комплаенс қызметі Банктің мүдделі бөлімшелерімен бірлесіп, соның ішінде, бірақ олармен шектелмей, клиенттер мен олардың транзакцияларын қолданылатын санкциялық талаптарға сәйкестігі тұрғысынан талдауды жүзеге асырады. Клиенттің, Банктің контрагентінің транзакцияларына және/немесе мәмілелеріне санкциялық элементтің не халықаралық экономикалық санкциялардан жалтару/айналып өту «схемасының» болуы тұрғысынан талдау жүргізу кезінде мынадай шаралар қолданылады:

1. транзакцияның және/немесе мәміленің барлық қатысушыларын (бенефициарлық меншік иелері, құрылтайшылар/акционерлер, уәкілетті тұлғалар) қолданылатын юрисдикциялардың санкциялық тізімдері бойынша, соның ішінде, бірақ олармен шектелмей, қажет болған жағдайда АҚШ OFAC, ЕО, Ұлыбритания, БҰҰ, жергілікті тізімдер және т.б. тексеру;
2. Банк (World-check және басқалар) пайдаланатын мамандандырылған дерекқорларды қоса алғанда, транзакцияның және/немесе мәміленің барлық қатысушылары туралы дұрыс ақпараттық көздерде теріс ақпараттың болуын тексеру;
3. транзакцияға және/немесе мәмілеге қатысушыларды елдік (географиялық) тәуекел мәніне тексеру;
4. қолданылатын санкциялық талаптарға, оның ішінде тауар өндірушілерге, тауардың/көрсетілетін қызметтердің түпкілікті пайдаланушыларына және т.б. қатысушыларға олар болған кезде олардың сәйкестігі тұрғысынан тауарларды/көрсетілетін қызметтерді тексеруді жүзеге асыру.

Клиенттерге қызмет көрсету кезінде Банктің халықаралық экономикалық санкцияларды сақтамау тәуекелдерін болдырмау үшін Банк клиенттің, оның ішінде Банкте Лоро түріндегі корреспонденттік шоты бар Банктің операциясын/төлемін/аударымын жүргізуден бас тартуға немесе кез келген кезеңде, кез келген валютада жүргізуді тоқтата тұруға құқылы, егер мұндай бас тарту немесе тоқтата тұру:

1. халықаралық және елдік экономикалық санкциялардың қолданылуына;
2. тауарлардың, технологиялардың, жабдықтардың, табиғи ресурстардың және т.б. экспортын /импортын шектейтін халықаралық және елдік экономикалық санкциялардың қолданылуына;
3. халықаралық экономикалық санкциялардан жалтаруға бағытталған іс-қимылдарға байланысты болса.

Әлемдегі күрделі геосаяси жағдайды, жылжымалы санкциялық ортаны назарға ала отырып, Банк ресми жария дереккөздерді пайдалана отырып, халықаралық экономикалық санкцияларға қатысты ақпаратқа/жаңартуларға мониторингті тұрақты негізде жүзеге асырады, оның нәтижелері бойынша (қажет болған жағдайда) санкцияларды бұзу/айналып өту тәуекелдерін барынша азайтуға бағытталған рәсімдерді қайта қарайды/өзектендіреді.

Ішкі аудит

Үшінші қорғаныс желісінің функцияларын Банкте Ішкі аудит департаменті орындайды.

Ішкі аудиттің тәуелсіздігін және әділдігін қамтамасыз ету мақсатында ІАД Банктің Директорлар кеңесіне бағынады және есеп береді. Банктің Директорлар кеңесінің мүшелерімен өзара қарым-қатынас Аудит жөніндегі комитет арқылы да және тікелей де жүзеге асырылады. ІАД ағымдағы қызметіне Ішкі аудит басшысы жетекшілік етеді.

Ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарына (бұдан әрі – Стандарттар) сәйкес ішкі аудиттің миссиясы тәуекел-бағдарланған тәсіл негізінде тәуелсіз аудиторлық тексерулер мен консультациялар жүргізу және Топ қызметін жетілдіру бойынша ұсынымдар беру арқылы «Нәлік» тобының құнын сақтау және арттыру болып табылады.

Ішкі аудит өз қызметінде заңнама нормаларын, реттеушінің талаптарын, Стандарттарды және Банктің ішкі нормативтік құжаттарын басшылыққа алады. Банктің Директорлар кеңесі бекіткен ІАД туралы ережеге сәйкес, ІАД қызметкерлері тәуекелге бағдарланған негізде Банктің кез келген құрылымдық бөлімшесінде және еншілес ұйымдарында аудиторлық тапсырмаларды жүзеге асыра алады, аудиторлық тапсырмаларды орындау барысында тиісті құжаттарға, ақпаратқа, үй-жайларға, активтерге шектеусіз қол жеткізе алады.

ІАД жылдық жоспарын және бюджетін Банктің Директорлар кеңесі бекітеді. ІАД есептері филиал Кеңестеріне, Басқармаға, Аудит жөніндегі комитетке және Банктің Директорлар кеңесіне беріледі. ІАД қызметі бойынша ағымдағы мәселелер жедел тәртіпте Басқарма Төрағасымен және Банктің Директорлар кеңесімен талқыланады. Тоқсан сайынғы негізде ІАД Директорлар кеңесіне Банктің құрылымдық бөлімшелері мен еншілес ұйымдарының ІАД аудиторлық тапсырмаларының нәтижелері бойынша іс-шараларды орындау барысы туралы есеп жібереді.

ІАД аудиторлық тексерулер мен консультациялар барысында Банктің ESG саласындағы талаптарды сақтау мәселелерін қарастырады. Қажет болған жағдайда жетілдіру бойынша тиісті ұсынымдар беріледі. ІАД қызметкерлері ESG бойынша тұрақты курстардан өтеді, алған білімдерін аудиторлық тапсырмаларды орындау кезінде қолданады.

Банктің ІАД қызметі Ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарына және Ішкі аудиторлар институтының Ішкі аудиторларының әдеп кодексіне сәйкес келеді. Бұл сәйкестікті 2017 және 2022

жылдары тәуелсіз сыртқы бағалаушы екі рет растады. ІАД тұрақты негізде Банктің еншілес ұйымдарының ішкі аудит қызметтері қызметінің ішкі аудиторлардың Стандарттары мен Әдеп кодексіне сәйкестік дәрежесін арттыру бойынша әдіснамалық көмек көрсетеді. ІАД қызметкерлерінің әдеуір үлесі ішкі аудит, ақпараттық технологиялар аудиті және ақпараттық қауіпсіздік саласында халықаралық кәсіби сертификаттарға ие.

Этика және іскерлік мінез-құлық кодексі

Іскерлік этика принциптерін сақтау және жауапты мінез-құлық кез келген компаниядағы корпоративтік мәдениеттің негізгі элементтері болып табылады. Банктің әрбір қызметкері күн сайын Банк үшін қаржылық және беделді салдары болуы мүмкін, сондай-ақ адамдар мен қоғамға әсер етуі мүмкін шешімдер қабылдайды.

2023 жылы орнықты даму қағидаттары мен мақсаттарын енгізу жөніндегі қысқа мерзімді жоспарды іске асыру шеңберінде Банк этика және іскерлік мінез-құлық кодексін (бұдан әрі – Этика кодексі) әзірлеп, бекітті, ол Банктің бұрын қолданыста болған корпоративтік этика қағидаларының күшін жойды. Этика кодексі халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттары мен нормаларына, Қазақстан Республикасының заңнамасына, корпоративтік басқару стандарттарына сәйкес, Жарғы, Корпоративтік басқару кодексі және Банктің өзге де ішкі құжаттары, сондай-ақ іскерлік айналым әдет-ғұрыптары негізінде әзірленді.

Этика кодексінің мақсаттары:

1. Банктің лауазымды адамдары мен қызметкерлері өз қызметінде басшылыққа алатын миссияны, құндылықтарды, қағидаттарды, іскерлік әдеп пен мінез-құлық нормаларын бекіту;
2. жоғары этикалық стандарттарға негізделген бірыңғай корпоративтік мәдениетті дамыту, ұжымда сенім, өзара құрмет және әдептілік ахуалын сақтау;
3. Банкке оның акционерлері, клиенттері, іскер әріптестері, мемлекеттік билік органдары, жұртшылық және өзге де мүдделі тұлғалар тарапынан сенімін арттыру және сақтау, қаржы нарығының ашық және адал қатысушы беделін нығайту;
4. мүдделі тұлғалармен тиімді өзара іс-қимылға жәрдемдесу;
5. Банк қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларын бұзуын болдырмау болып табылады.

Этика кодексінде Банк қызметінің құндылықтары мен принциптері туралы жаңартылған түсінік, сондай-ақ Банкті білдіретін әрбір адам түсінуі және сақтауы тиіс жалпы этика ережелері берілген. Этика кодексі этика мен іскерлік мінез-құлықтың міндетті стандарттарын қамтиды және Банктегі жұмыс негізгі немесе қосымша жұмыс болып табылатынына, сондай-ақ өтеулі қызмет көрсету шарты бойынша тартылатын үшінші тұлғалар үшін атқаратын лауазымына қарамастан әрбір лауазымды тұлға мен қызметкер үшін дұрыс шешімдер қабылдау кезінде жолсерік және бағдар болып табылады.

Банктің барлық құжаттары, оның ішінде клиенттермен, іскер әріптестермен, мемлекеттік органдармен, бәсекелестермен және қызметкерлермен қатынасты рәсімдейтін құжаттары Этика кодексінің ережелерін ескере отырып әзірленеді және бекітіледі. Бұл құжаттар жиынтықта іскерлік этика талаптарына сәйкестікті қамтамасыз ету үшін нақты тұжырымдалған жалпы негіз болып табылады және Банктің іскерлік этика нормалары құрылымының маңызды компоненттері болып табылады.

Этика кодексі дұрыс шешім қабылдау кезінде эталон, ашық және адал бизнесті жүргізудің, сондай-ақ жауапты және кәсіби-этикалық мінез-құлықтың эталоны болып табылады.

Банк басшылары Банкке деген адалдығын жеке мысалмен көрсетуге тырысады, Банктің кадрлық резервін құруға, кеңес беру мен тәлімгерлікке, ұжымды ортақ миссиямен, құндылықтармен және қағидаттармен біріктірілген командаға біріктіруге уақыт бөледі.

Әрбір қызметкер Банктің имиджі мен іскерлік беделін жоғары деңгейде ұстайды.

Этика кодексінде белгіленген этикалық стандарттар іскерлік тәжірибе мен қолданылатын құқықта белгіленген стандарттардан жоғары болған жағдайда, Банк Этика кодексінің стандарттарын ұстанатын болады.

Директорларды тағайындау және олармен шарт бекіту туралы ақпарат (рәсімдер туралы жалпы ақпарат)

Директорлар лауазымға тағайындалған кезде Қазақстан Республикасының резидент емес банкітері филиалдарының, Қазақстан Республикасының резидент емес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасының резидент емес сақтандыру брокерлері филиалдарының басшы қызметкерлеріне қойылатын талаптарды, мінсіз іскерлік беделдің болмау критерийлерін және келісім алу үшін қажетті құжаттар тізбесін қоса алғанда, қаржы ұйымдарының, Қазақстан Республикасының резидент емес банкітері филиалдарының, Қазақстан Республикасының резидент емес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасының резидент емес сақтандыру брокерлері филиалдарының, банк, сақтандыру холдингтерінің, «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамның басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім беру қағидаларына сәйкес реттеушімен келісілуіне тиіс.

Директорлармен шарттар жасасу Банктің басшы қызметкерлеріне еңбекақы төлеу саясатының және бір жылдағы жұмыс қорытындылары бойынша сыйлықақы резервін қалыптастыру ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Директорларға (Директорлар кеңесінің Төрағасын және Банктің Басқармасы Төрағасын қоспағанда) сыйақыларды төлеу және олардың мөлшерін белгілеу туралы шешімді Директорлар кеңесінің Төрағасы Банктің Директорлар кеңесі жанындағы Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитеттің ұсынымдары негізінде қабылдайды.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сыйақыларды төлеудің және міндетті төлемдерді ұстап қалудың жеке мөлшерін, кезеңділігін, талаптарын айқындайтын шарттарды Директорлармен (Банк Басқармасының Төрағасын қоспағанда) Банк атынан Банк Басқармасының Төрағасы жасайды.

Банктің лауазымды тұлғаларының жауапкершілігін сақтандыру

Директорлар кеңесі мен Банк Басқармасы теріс немесе қате басқарушылық шешімдерінен немесе әрекеттерінен туындайтын тәуекелдерді түсінеді.

Акционерлерді осындай оқиғалардан болатын залалдан қорғау үшін Банк Директорлар мен лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін сақтандырады.



Әлеуметтік есеп



Әлеуметтік есеп

2023 жыл ішінде Halyk көрсеткен демеушілік және қайырымдылық көмектің жалпы көлемі 4,5 млрд теңгеден асты. Оның 2 млрд теңгесі «Халық» қайырымдылық қорына, 905 млн теңгеден астамы «100 игі іс» аясындағы жобаларға, 1,4 млрд теңгесі демеушілік және қайырымдылық бағыты бойынша басқа жобаларға бағытталды.

Банк қазақстандық спортты қолдауға қосымша 385 млн теңге, мәдениет саласындағы жобаларға – 431 млн теңге бағыттады. Сонымен қатар, Halyk әлеуметтік саланы белсенді қолдайды, оның ішінде елімізде төтенше жағдайлар туындаған кезде алғашқы көмек көрсетеді.

Қазақстан спортын қолдау

Жаппай сырғанау

Қаңтар айында Halyk Bank Қазақстан тұрғындары мен қонақтарына тегін коньки тебуге мүмкіндік берді. Іс-шара еліміздің 25 қаласы мен өңірінде өтті. Қонақтардың жалпы саны 53 000-нан асты.

Astana Half Marathon

2023 жылы Halyk Bank ең ірі жарыстардың бірі – Astana Half Marathon бас демеушісі болды. Ұйымдастырушы «Бірінші болу – батылдық» корпоративтік қоры болды.

Astana Half Marathon-2023 қатысушылары – бірнеше ондаған елдерден келген 6 000-нан астам спорт әуесқойлары мен салауатты өмір салтын ұстанатын адамдар. Марафоншылар өз күштерін 21,1 және 10 шақырымдық жарыста, 10 шақырымдық скандинавиялық серуенде, сондай-ақ 21 шақырымдық экиден топтық эстафетасында сынады.

Іс-шара Қазақстанның спортқа әуес жұртшылығын дамытудағы жарқын және табысты қадам болды. Елордалық ауқымды жарысқа дәстүрлі түрде еліміздің әртүрлі қалалары мен аймақтарынан 100-ге жуық Halyk қызметкері қатысты. Демеушілік сома 30 млн теңгені құрады.

Халық лигасы

Halyk Bank ҚР Ұлттық баскетбол федерациясымен бірлесіп 2005 жылдан 2019 жылға дейін бүкіл Қазақстан бойынша қарауындағы балалар үйлері мен мектеп-интернаттарының тәрбиеленушілері арасында «Халық лигасы» әлеуметтік жобасын табысты іске асырды.

14 жыл ішінде Halyk Bank балалар үйі мен мектеп-интернаттардағы балалардың баскетболмен үздік аймақтық тәлімгерлермен айналысуын қаржыландырды, командаларды жаттығу және ойын формаларымен, сондай-ақ «Халық лигасы» жобасы аясында спорттық жабдықтармен қамтамасыз етті.

Алайда, пандемияға байланысты жобаны 2020 жылы біраз уақытқа тоқтатуға тура келді.

2023 жылы Halyk Bank «Халық лигасын» қайта бастау туралы шешім қабылдады.

Жобаға еліміздің 16 өңірінен 16 балалар үйінің тәрбиеленушілері қатысты.

2005 жылдан бастап Halyk Bank жобаны іске асыруға шамамен 500 млн теңге, оның ішінде 2023 жылы – 53 млн теңге бағыттады. Жалпы, «Халық лигасы» арқылы балалар үйлері мен интернаттардың 3000-нан астам тәрбиеленушілері өтті. Жобаның бюджеті 53 млн теңгені құрады.



Үстел теннисі федерациясы

2023 жылғы 24 қыркүйекте Астана қаласында «Halyk Bank Open» ашық республикалық үстел теннисінен турнир өтті. Турнирге 100-ден астам спортшы қатысты, олардың арасында спорт шеберлері, турнирлердің жеңімпаздары мен жүлдегерлері бар. Банк 20 млн теңге көлемінде демеушілік көмек көрсетті.

Halyk Arena

2023 жылы демеушілік неймингтің 5 жылдық келісімшарты аясында Halyk Bank-тің Halyk Arena спорт және мәдениет сарайымен ынтымақтастығы жалғасты. 2023 жылы Банктің демеушілік қаражатына «Halyk Arena Race 2023» жарысы, тегін жаппай сырғанау және т.б. өткізілді.



Қазақстан гимнастика федерациясы

Қазақстандық гимнастика федерациясын қолдауға 2023 жылы Банк 100 млн теңге бөлді. Осы көмектің арқасында спортшылар спорттық гимнастикадан әлем чемпионатына (қола медаль), Азия ойындарына (үш күміс, үш қола), Азия чемпионатына (бес қола медаль, бес күміс, бір алтын) қатыса алды.

Үміт кубогы

Жыл сайын «Халық лигасы» жобасының қорытындысы «Үміт кубогы» чемпионаты болып табылады. Алматыда лига қатысушылары арасында баскетболдан үздік команда атағына финалдық турнир өтті. 2023 жылы «Үміт кубогына» еліміздің 16 өңірінен 252 балалар үйінің тәрбиеленушілері қатысты.

Halyk-тан демеушілік көмектің жалпы көлемі 68 млн теңгеден асты.

Мәдениет пен өнерді қолдау

Абай атындағы ҚҰАӨБТ

Halyk Bank Абай атындағы Қазақ Ұлттық академиялық опера және балет театрына демеушілік көмек көрсетуді жалғастыруда. 2023 жылы жұмсалған қаражаттың жалпы көлемі 50 млн теңгені құрады.



«Сүйікті қаладағы жаз музыкасы» фестивалі

«100 игі іс» ауқымды акциясы аясында Қазақстанның 4 қаласында «Сүйікті қаладағы жаз музыкасы» атты екі күндік Open Air фестивалі ұйымдастырылды. Ақтөбе, Семей, Алматы және Ақтау қалаларында 2023 жылдың тамыз және қыркүйек айларында ашық аспан астындағы концерттер өтті. Іс-шараның демеушісі Halyk болды, ол 131 млн теңге көлемінде қолдау көрсетті.

«Азия Дауысы»: аңызды жаңғырту

Мәдениетті дамыту аясында Halyk Tan Media Group компаниясымен «Азия Дауысы» фестивалін ұйымдастыруға және өткізуге ірі бір реттік демеушілік шарт жасасты. Осы ынтымақтастықтың арқасында 19 жылдан кейін Медеу биік таулы мұз айдынының алаңында тағы да «Азия дауысы» шырқалды.

28-30 шілде аралығында сахнада Бибігүл Төлегенова, Роза Рымбаева, Moldanazar, V\$XV PRINCE, Мирас Жүгүнұсов, «Ирина Қайратқызы», Black Eyed Peas және басқа да көптеген танымал орындаушылар өнер көрсетті.

Жалпы іс-шараға 9000-нан астам адам қатысты. Көрсетілген демеушілік көмектің бюджеті 300 млн теңгені құрады.

Әлеуметтік жобалар

Алматы мен Астанада тегін газдандыру

Өзінің 100 жылдығына арналған «100 игі іс» ауқымды акциясы аясында Halyk Bank Алматы мен Астанадағы 200 үйді магистральдық газға қосуды өз қаражатынан қаржыландырды. Жергілікті әкімдіктер ұсынған тізімдер бойынша халықтың әлеуметтік осал топтары (ХӘӨТ) санатына жататын адамдардың үйлері газдандырылды.

Бұл жоба 2023 жылы іске асырылды. Банк бөлген демеушілік көмектің жалпы көлемі 200 млн теңгені құрады.

«Қарызсыз қоғам»

2023 жылдың сәуір айында Amanat партиясы Halyk Bank-пен бірлесіп «Қарызсыз қоғам» жобасының іске қосылғаны туралы хабарлады.

Бірінші кезеңде қаржылық сауаттылық негіздеріне еліміздің 8 облысының: Ақтөбе, Алматы, Түркістан, Солтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Атырау және Маңғыстау облыстарының тұрғындары оқытылды. 100-ге жуық қаржы мамандары қаржыны тиімді басқару, шығындар мен кірістерді оңтайландыру, алаяқтардан қорғану жолдарын айтып берді.

Жалпы 60 000-нан астам қазақстандық оқытылды. Банктен демеушілік көмектің жалпы көлемі 500 млн теңгені құрады.

«Аяла» ҚҚ ЖҚ-ны қолдау

2009 жылдан бастап Halyk Bank «Аяла» ҚҚ ЖҚ-на қайырымдылық көмек көрсетіп келеді, оның негізгі бағыты - түрлі кемістіктермен туылған сәбилердің өмірін күтқару.

2022 жылы Банк ретинопатиямен туылған нәрестелердің көру қабілеті бойынша мүгедектігін төмендету үшін медициналық жабдықтарды, атап айтқанда: «Знethra neo» торлы камерасын сатып алуға және офтальмологтарды осы аппаратпен жұмыс істеуге оқытуға жалпы сомасы 26 млн теңгеге қолдау көрсетті.

Reuse. Recycle. Reduce

Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күні қарсаңында (5 маусым) Halyk алаңы алаңында қазақстандық суретшілер мен дизайнерлердің қатысуымен «Reuse. Recycle. Reduce» тұрақты сән мен өнердің тұсаукесері өтті. Іс-шараның мақсаты - экология мәселелеріне назар аудару және оны қорғау жөніндегі бастамаларды қолдау.



Айта кетейік, іс-шара ұйымдастырылған Halyk алаңы саябағын Банк салған. Бұл ретте Halyk қызметкерлері оның жай-күйін тікелей күтеді және бақылайды. Банк осындай жобаларды барлық қатысушы елдерде: Қырғызстанда, Өзбекстанда, Грузияда жүзеге асырады.

Жеңіс марафоны

Жыл сайын Банк Ұлы Отан соғысына (ҰОС) қатысушыларды қолдайды. 2023 жылы Банк ҰОС 84 қатысушысына жалпы сомасы 8,4 млн теңгеге – әрбір ардагерге 100 000 теңгеден қаржы көмегін аударды.

Қазақ тілді БАҚ арасында «Еркін Сөз» байқауы

2023 жылы Halyk Bank қазақ тілді БАҚ арасында қаржылық тақырыпта жазатын журналистердің кәсіби деңгейін арттыруға арналған «Еркін Сөз» байқауын қолдауды жалғастырды. 2023 жылы бюджет 5 млн теңгені құрады.

Halyk Academy зертханасы мен коворкинг аймағының ашылуы

2023 жылдың желтоқсанында Satbayev University-де Halyk Academy көпфункционалды зертханасы мен коворкинг-аймағы – Halyk және елдің IT-саласындағы жетекші университеттерінің бірлескен жобасы ашылды. Жаңа академия ҚазҰЗТУ студенттеріне IT-саланы зерделеу үшін жаңа технологиялар мен мүмкіндіктерді пайдаланып қана қоймай, сонымен қатар Halyk IT-департаменттері мамандарының дәрістеріне қатысуға мүмкіндік береді.

Бұған дейін Halyk осындай зертханаларды ҚБТУ, ХАТУ және СДУ университеттеріне сыйға тартқан болатын.

«Мектепке жол»

Halyk жыл сайын ҚР Білім және ғылым министрлігінің, білім басқармаларының және жергілікті атқарушы органдардың (әкімдіктердің) қолдауымен Halyk бастамасымен өткізілетін «Мектепке жол» республикалық акциясын қолдайды. 2023 жылғы жаңа оқу жылының қарсаңында бүкіл ел бойынша аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан 2 500-ден астам оқушыға Halyk оқу керек-жарақтары бар мектеп портфельдерін сыйға тартты. Демеушілік көмектің жалпы көлемі 57 млн теңгені құрады.

Имидждік жобалар

Іскер әйелдер форумы

Банктің кәсіпкер әйелдерге белсенді қолдау көрсетіп жүргеніне бірнеше жыл болды, сол себепті Алматы қаласының «Атамекен» іскер әйелдер кеңесі ұйымдастыратын «Women in Business» форумының демеушісі болып табылады. 2023 жылы демеушілік көмек сомасы 6,5 млн теңгені құрады.

Қазақстандық өндірушілердің «ULTTYQ ÓNIM 2023» көрмесі

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-мен ынтымақтастық аясында Halyk Bank Қор ұйымдастырған «ULTTYQ ÓNIM 2023» қазақстандық өндірушілер көрмесінің демеушісі болды. Көрме Банк басшылығының Алматы қаласының кәсіпкерлерімен жеке сессиясын өткізуге мүмкіндік берді. Демеушілік сомасы 15 млн теңгені құрады.

Digital Bridge Форумы-2023

Қазан айында мемлекет басшысының, ірі компаниялардың және халықаралық спикерлердің қатысуымен Digital Bridge-2023 ірі форумы өтті. Отандық IT-саланы дамыту және цифрлық трансформацияны ілгерілету мақсатында Банк форум өткізуге 30 млн теңге көлемінде демеушілік көмек көрсетті.

«Халық» ҚҚ арқылы іске асырылған жобалар

«Халық» қайырымдылық қоры» ЖҚ 2016 жылы құрылған сәттен бастап ең алдымен әлеуметтік жобаларды, спорт, білім беру, мәдениет саласындағы жобаларды дамытуға және қолдауға, төтенше жағдайларда халыққа және елге көмек көрсетуге бағытталған.

Қағылғы 2022 жылдың салдары, сондай-ақ таяу шетелдегі тұрақсыз геосаяси жағдай елдің әлеуметтік қорғау жүйесіне қысым көрсетуді жалғастыруда.

2023 жылы Қор мемлекет басшысы – Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдаулары мен бастамаларын қолдай отырып, елге және халыққа әлеуметтік қорғау саласында көмек көрсетуге баса назар аударуды жалғастырды.

Бұл ретте қоғамның қолданыстағы әлеуметтік талаптары мен қажеттіліктерін талдау әлеуметтік инфрақұрылымдық жобаларды, әлеуметтік көмек жүйелерін, сапалы спортқа және балалардың, әсіресе ауылдық өңірлерде білім алуына қолжетімділікті одан әрі дамыту қажеттігін білдіреді.

2023 жылы Қор Банк қаражаты есебінен жалпы сомасы 2 млрд теңгеден асатын мынадай жобаларды іске асырды:

1. Астана қаласында әлеуметтік тұрғын үй құрылысын 1 494,4 млн теңгеге қаржыландыру;
2. «Қазақстанның SOS балалар ауылдары» қорына 124,2 млн теңгеге жыл сайын көмек көрсету, сондай-ақ «Арыстан» мамандандырылған лицейіне 22,6 млн теңге мөлшерінде қолдау көрсету;
3. 2023 жылдың басынан бастап «Халық» қоры Жаңаөзен қаласы мен Алматы облысындағы мұқтаж отбасыларға жалпы сомасы 93,3 млн теңгеге 3 000 азық-түлік себетін таратты;
4. Жаңаөзен қаласында құны 23 млн теңге тұратын қуаты аз тұщыландыру қондырғысын орнату;
5. Жаңаөзен қаласында жалпы сомасы 402,9 млн теңгеге балалар спорттық-ойын алаңдарын салу.

НАҰЛЫК БАНК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЕҢБЕГІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖҮЙЕСІ

Банктегі еңбекті ұйымдастыру жүйесі ҚР Еңбек кодексіне, «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» ҚР кодексіне, «Банктер және Қазақстан Республикасындағы банк қызметі туралы» ҚР заңына және өзге нормативтік актілерге сәйкес реттеледі.

Банктің кадр саясатының негізгі бағыттары:

1. қызмет барысында заңдылық, әділдік және тең мүмкіндіктер қағидаттарын басшылыққа алу;
2. ұйымдастыру құрылымын жетілдіру, қызметкерлерді іріктеу және орналастыру;
3. жаңа қызметкерлерді бейімдеу, жұмыс істеп тұрған қызметкерлермен өзара әрекеттесу;
4. қызметкерлерді кәсіби және дағдыға оқыту және жеке дамыту, қызметкерлердің кадрлық резервін қалыптастыру;
5. қызметкерлердің нәтижелілігі мен ынталандырылуын басқару, еңбекке ақы төлеу;
6. қызметкерлерді әлеуметтік қолдау;
7. корпоративтік мәдениетті қалыптастыру.

Банктің кадр саясаты «Халық» тобының даму стратегиясына, ұйымдық құрылымына, Банктің тәуелкерлер бейініне, қол жеткізілген нәтижелерге және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келеді.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ-дағы әдеп және іскерлік мінез-құлық кодексі біздің құндылықтарымызды, миссиямызды және мәдениетімізді көрсете отырып, Банктегі қызметкерлердің, лауазымды адамдардың тұлғазаралық қатынастарын реттейді, сондай-ақ акционерлер, іскер әріптестер, клиенттер, мемлекеттік органдар, бәсекелестер сияқты барлық мүдделі тараптармен және, сайып келгенде, жалпы қоғаммен бірлескен қызмет кезінде Банктің моральдық мәні туралы ұстанымы болып табылады (<https://halykbank.kz/about-bank/korporativnoe-upravlenie>).

Этика кодексінде мынадай қағидаттар бекітілген:

1. адалдық принципі;
2. әділдік принципі;
3. ашықтық принципі;
4. қорғау принципі;
5. мүдделер қақтығысын реттеудің алдын алу қағидаты;
6. жауапкершілік қағидаты;
7. алаяқтық пен өкілеттіктерді теріс пайдалануға қарсы іс-қимыл қағидаты;
8. сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қағидаты;
9. құжаттама мен есептілікті жүргізу және сақтау кезіндегі ұқыптылық пен дәлдік қағидаты.

2022-2023 жж. Банктің штат санының динамикасы

Бизнес сала	2022	2023	Ауытқу 2023/2022	
Филиалдар	9 544	9 525	-0,2%	-20
Бас банк	3 330	3 557	6,8%	227
ЖИНЫ	12 874	13 082	1,6%	208

Қойылған міндеттерді табысты іске асыру мақсатында Банктің құрылымы мен штаты тұрақты түрде қайта қаралып отырады, 2023 жылы да жекелеген бөлімшелер оңтайландырылып, жаңалары құрылды.

Кадрлық іс-шаралар бөлігінде, сондай-ақ персонал бойынша басқарушылық есептілікті кеңейту үшін банк персоналына өзіне-өзі қызмет көрсету процестерінің тізбесі кеңейтуді жалғастыруда.

Қызметкерлерді іріктеу

Кез келген қаржы ұйымының басты бәсекелестік артықшылығы – адами капитал, сондықтан біз үшін тұрақтылық пен қызметкерлердің жоғары деңгейін сақтау маңызды. Таланттарды тарту үшін лауазымдардың бірегейлігі мен стратегиялық құндылығына сәйкес тарту мен іріктеудің әртүрлі алгоритмдері қолданылады, алайда қызметкерлер тобына қарамастан, қызметкерлерді тарту және іріктеу жүйесі кәсіби дағдылар мен құзыреттерді объективті бағалау қағидаттарына негізделген. 2023 жылы іріктеуге 1 510-нан астам өтінім өңделіп, тек Бас Банкке 833 жаңа қызметкер қабылданды.

Негізгі талаптардың бірі жұмыс берушілердің жоғары технологиялар саласындағы кәсіби персонал үшін бәсекелестігін жаһандық күшейту болып табылатынын ескере отырып, біз үшін инновациялардың корпоративтік мәдениетін қалыптастыру және персоналды басқару саласындағы процестерді жақсартуға назар аудару маңызды. 2023 жылға біз нарықтан кәсіпқойлардың (middle, senior) ең көп дегенде 40%-ын тартуды, ал бос жұмыс орындарының 60%-н ішкі кадрлық резервті және HalykStart AT мамандықтарына арналған тағылымдама бағдарламасының арқасында студенттердің перспективалық резервін пайдалана отырып, ішкі ресурстармен жабуды мақсат етіп қойдық және біз оған қол жеткіздік. Сондай-ақ, Halyk Academy арқылы Halyk мәдениетіне әлеуетті жас таланттарды іріктеу және тарту үшін жетекші жоғары оқу орындарымен өзара іс-қимылды дамытамыз, 2023 жылдың басында зертханалар ҚБТУ, ХАТУ, SDU-да, 2023 жылдың төртінші тоқсанында Satbayev University-де зертхана ашылды. Сонымен қатар, біз бос орындар жәрмеңкелеріне, соның ішінде Digital Bridge-ке үнемі қатысамыз.

Банктің бастамашылығы мен инновацияға дайын ұйым ретіндегі позициясын дамыту үшін Halyk OIY (ішкі және сыртқы) екі хакатоны сәтті өткізілді, бұл жаңа идеялар мен технологияларды дамытудағы белсенді ұстанымды көрсетеді.

Қызметкерлерді жалдау тиімділігін арттыру мақсатында үміткерлерді іздеуден бастап бірінші жұмыс күніне дейінгі процесс толығымен қайта қаралды және RPA (роботтар) технологиясы енгізілді. Осының арқасында бос жұмыс орындарын HH.kz-ке орналастыруға және рекрутерді тартпай-ақ, тапсырыс беруші бөлімшенің өтінішіндегі критерийлер бойынша түйіндеме іздеуге мүмкіндік туды, жұмыс ұсынысын қарастыруға дайындығын WhatsApp құрған қызмет арқылы тиісті кандидаттардан нақтылау қажет. Осы жобаның егжей-тегжейімен Digital Almaty 2024 форумында бөлістік.

Біз жаңа жұмысшыларды іріктеу кезеңіне ерекше назар аударамыз және 2023 жылы бейімделу процесі қысқа мерзімде кері байланыс алуға мүмкіндік беретін telegram бот арқылы мотивациялық сұхбатпен толықтырылды.

Процестерді автоматтандыру және оңтайландыру басқа маңызды жобалар үшін ресурстарды босатуға мүмкіндік береді. Мысалы, рекрутерлер тобы 2023 жылы хакатондар өткізді, сондай-ақ Halyk Bolashagy – балаларды кәсіптік бағдарлау бойынша әлеуметтік маңызы бар жобаны іске қосты. Пилот ретінде жобаның мақсатты аудиториясы – Банк қызметкерлерінің 10-16 жас аралығындағы балалары. Кездесулерде Банктің әр түрлі бағыттағы мамандары кәсіптердің ерекшеліктері туралы аңгімелейді, бұл олар үшін банк қызметі саласында қол жетімді мүмкіндіктер әлемін аша отырып, кәсіби жолды таңдауға көмектеседі (айына 1 рет, 45 баладан тұратын 2 топ).

Қызметкерлерді дамыту

Банк үшін білімнің өзектілігін сақтау үшін үздіксіз оқу процесін қамтамасыз ету маңызды. Оқытудың негізгі бағыттары – жаңа өнімдер және қолданыстағы өнімдерді өзектендіру, сату/қызмет көрсету арнасының ерекшеліктерін ескере отырып, клиенттерге қызмет көрсету стандарттары және цифрлық дағдылар; фронт бөлімшелері үшін стандартталған мансаптық траекториялар мен дайындық бағдарламаларын құруға ерекше назар аударылады.

Фронт-офис қызметкерлерін бөгде тұлғалар қатарынан даярлау үшін онлайн мектептер табысты жұмыс істеуді жалғастыруда, онда филиалдық желі оқытушыларының теориялық оқытуы тәжірибелі тәлімгердің басшылығымен сату арналарындағы тәжірибемен ұштастырылады, бұл кандидаттардың үздіксіз ағынын қамтамасыз етеді:

- кеңесшілерді даярлау мектебі;
- Кассирдің кәсіптік мектебі;
- Менеджер мектебі.

2023 жылы мұндай мектептердің түлектерінің саны 1 300-ден астам адам, олардың ішінде 1 130 (84%) адам банкке жұмысқа орналастырылды.

Банкке жұмысқа орналасқаннан кейін жаңадан келгендер қашықтықтан оқыту курстары мен вебинарлық кездесулерді қамтитын даму траекториялары бойынша оқытылады:

- ШОБ блогының қызметкерлеріне арналған;
- ББ блогы қызметкерлеріне арналған;
- ОПЕРБ қызметкерлеріне арналған.

Жаңа жұмысшыларға жұмыс процестеріне тез және тиімді бейімделуге ғана емес, сонымен қатар корпоративтік мәдениетке оңай қосылуға көмектесетін жаңадан бастаушыларға арналған бейімделу бағдарламасы жұмысын жалғастыруда.

2023 жылы Бас банк қызметкерлері үшін корпоративтік оқытуда жобаларды басқарудың икемді әдіснамасын енгізуге баса назар аударылды. Agile трансформациясы аясында өнім иелері, Agile жаттықтырушылары және Chapter лидері үшін Agile және Scrum бойынша тренингтер өткізілді. Банктің 120-дан астам қызметкері оқу курсынан өтті.

Фронт-офис қызметкерлері үшін дамудың басым бағыты сервис тақырыбы болып қала береді. Операциялық-кассалық қызметкерлер үшін 1 800-ге жуық кассирді қамти отырып, сервис және жиі кездесетін қателіктермен жұмыс бойынша ауқымды оқыту жүргізілді. Сондай-ақ операциялық-кассалық қызметкерлер үшін «Қиын жағдайларды басқару дағдылары» тақырыбы бойынша тренингтер өткізілді.

Сервис тақырыбы «Сервистің ДНҚ-сы. Клиенттермен жұмыс жасаудағы эмоциялар» тақырыбы бойынша бетпе-бет оқытудан өткен сату арналарының барлық басшылары мен негізгі қызметкерлерін қамтыды. (750-ден астам адам).

Оқытудың кешенді бағдарламасы филиалдар желісінің ШОБ блогының қызметкерлері үшін әзірленді және өткізілді, оған шағын бизнес қызметкерлерінің бизнес-нәтижелерін жақсартуға бағытталған мобилді марафон және 350-ден астам шағын және орта бизнес қызметкерлері өткен «Қайта жүктеу. Тімділікке баса назар аудару» атты жүзбе-жүз тренинг кірді.

Бизнес-тренерлер қатысушылардың дағдылары мен білімдерін жетілдіріп қана қоймай, филиалдар желісінің қызметкерлері үшін жақсы мотивациялық және команда құраушы құралға айналған тренингтермен Банктің барлық 25 филиалын екі рет аралап шықты.

Қызметкерлердің психикалық денсаулығы бизнестің барлық салаларында, соның ішінде банктік салада талқыланатын маңызды тақырыптардың біріне айналды. Сондықтан біз Бас банк қызметкерлеріне психикалық денсаулық бойынша тренингтер мен таңертеңгі медитациялар өткіздік. Банктің 500-ден астам қызметкері психикалық денсаулық бойынша тренингтерден өтті.

Сервис деңгейін жақсартуға және телефон арқылы сату дағдыларын арттыруға бағытталған Байланыс орталығы департаментінің (БОД) қызметкерлері үшін 2 оқыту бағдарламасы әзірленіп, өткізілді. Оқудан БОД-тың 400-ден астам қызметкері өтті.

Еншілес компанияларға да корпоративтік оқыту сабақтары жүргізілді. Банктің бизнес-тренерлері «Халық Банк Қырғызстан» ААҚ, «Халық лизинг» АҚ және «Халық» СК қызметкерлері мен басшылары үшін оқыту өткізді.

Көшбасшылардың дағдыларын дамыту және олардың көшбасшылық әлеуетін ашу ағымдағы стратегиялық кезеңде басым бағыт болып қала береді. Назарбаев Университетінің Жоғары бизнес мектебімен бірлесіп біз келесі бағыттарды қамтитын бағдарлама бойынша басшыларды оқытуды жалғастырдық: стратегия және цифрлық трансформация, цифрлық маркетинг, FinTech және банк саласы, өзгерістерді басқару, көшбасшылық құзыреттер және эмоционалдық интеллект.

2023 жылы осы бағдарлама бойынша «Halyk» тобының 44 басшысы оқытылды, оның ішінде 11 еншілес компаниялардың басшылары, сондай-ақ 45 басшы оқуын бастады, оқу 2024 жылы аяқталады.

Қызметкерлерді басқару департаменті Бөлшек бизнес блогымен бірлесіп «Көшбасшылар Академиясы» жобасын жалғастырды, оның бағдарламасы толығымен өзгертілді және 2023 жылы 2 дайындық деңгейін қамтыды: негізгі және жетілдірілген. Негізгі дайындық деңгейінде модульдер болды: көшбасшылық, клиенттік қызмет, тімді байланыс, жеке трансформация және өзгерістерді басқару. Бағдарламаның жетілдірілген деңгейіне саналы көшбасшылық, жиналыстар, эмоционалдық интеллект, прократинациямен күрес және менталды денсаулық сияқты тақырыптар кірді.

«Көшбасшылар Академиясының» түлектері филиалдық желінің бөлшек блогы үшін кадрлық резервті қалыптастырған 200-ге жуық адам болды. «Көшбасшылар Академиясының» барлық түлектері сыртқы жаттықтырушы А.Бурлуцкийден «Түрбулентті уақыттағы өміршеңдік» тақырыбы бойынша қосымша дәріс алды.

Кадр резервіне қатысушыларды дамыту бойынша жұмыс жалғасуда. 2023 жылы резервшілерге арналған оқыту бағдарламасы ойын форматында жүзеге асырылды, 100-ден астам резервистке 2 бизнес-ойыны өткізілді:

- The Leader — көшбасшылық құзыреттілікті дамытуға арналған тренажер;
- The Boss — басқарушылық құзыреттілікті дамытуға арналған тренажер;

2023 жылы сыртқы провайдерлерді корпоративтік форматта (күндізгі/вебинар) тарта отырып, 20 оқыту іс-шарасы өткізілді, оған Бас банктің және филиалдардың 1000-нан астам қызметкері қатысты, оның ішінде тұрақты даму туралы есеп жазуға қатысатын Бас банктің қызметкерлері үшін және филиалдардың директорлары үшін ESG бойынша қарқынды тренингтер өткізілді.

Банктің 264 қызметкеріне жеке оқыту ұйымдастырылды. DevOps, iOS-әзірлеу, SQL, БЖ сәулетшісі және т.б. бағыттар бойынша оқудан өткен цифрлық дағдылары бар мамандарды дамытуға көп көңіл бөлінеді. 2022 жылы Coursera, Slerm, Skillbox, SkillFactory, Data Boom, Datanomix.pro, Яндекс Практикум платформалары арқылы білім беру технологиялары мен ресурстарына қашықтан қол жеткізуді қалау үрдісі байқалады.

Банк конференциялар, референс-визиттер және хакатондар арқылы кәсіби қауымдастықтарда білім мен дағдыларды бөлісуге мүмкіндік береді. 2023 жылы 40-тан астам адам кәсіби конференциялар мен форумдарға қатысты, 17 басшы БАӘ мен Сингапурдағы нарықтың көшбасшы компанияларына референттік сапарлармен барды.

Банктің 124 қызметкеріне міндетті оқыту ұйымдастырылды (ЕҚ және ҚТ, өнеркәсіптік және электр қауіпсіздігі, ЖТМ және т.б.). Мамандандырылған оқу орталығында АЖТҚҚ тақырыбы бойынша Комплаенс бақылау департаментінің қызметкерлеріне міндетті тест өткізілді.

Өзбекстан мен Грузияда 2 директорат, ШОБ және ББ блоктарының басшылары үшін және бизнес бағыттары бойынша филиалдардың басшылары мен қызметкерлері үшін 10 семинар-кеңесі өткізілді.

Бірлесіп қаржыландыру талаптарымен Банк Ішкі аудит департаментінің және Кепіл мүлкімен жұмыс істеу департаментінің 36 қызметкеріне кәсіби сертификат алды/емтихан тапсырды.

Филиал директорларын дамытудың кешенді бағдарламасы шеңберінде, сондай-ақ тәжірибе алмасу және басқа өңірлерден келген директорлар мен бизнес-бөлімшелер жұмысының ерекшеліктерін зерделеу үшін филиал желісінің барлық директорлары үшін тағылымдамалар ұйымдастырылды. Банкішілік тағылымдамалардан барлығы 31 филиал қызметкері өтті.

2022 жылдан бастап біз SHL OPQ сауалнамасы арқылы Halyk Group басшыларының басқару құзыреттіліктерін бағалаймыз. Алдымен Банктің барлық басшылары бағалаудан өтті, ал 2023 жылы еншілес ұйымдардың 42 басшысы (бірінші басшылар және олардың орынбасарлары) сауалнамадан өтті. Бұл бағалаудың нәтижелері басшыларға бизнесте жақсы нәтижелерге қол жеткізе алатын күшті жақтарын және даму құзыреттерін көрсетуге мүмкіндік берді.

Біз жұмысшыларды қашықтықтан оқытумен (ҚОЖ) және тестілеумен қамтуды жалғастырамыз және 2023 жылы тағайындаулар саны 498 008 бірлікті құрады, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 54%-ға өсті.

ҚОЖ арқылы біз «Әдеп және іскерлік мінез-құлық кодексі», «Жемқорлыққа қарсы саясат», «Сату арналары қызметкерлерінің жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету», «Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету негіздері», «Ішкі бақылауды жүзеге асыру», «Қаржылық алаяқтыққа қарсы іс-қимыл» және т.б. тақырыптар бойынша 10 мыңнан астам адамды қамти отырып, жаппай оқыту жүргіземіз.

Қашықтықтан оқыту жүйесінің мобильді қосымшасын пайдаланушыларды қамту артып келеді, соның арқасында Банктің барлық қызметкерлері курстардан өтуге және өзін-өзі дамыту, жеке тиімділік, психология және бизнес бойынша 24/7 кітап оқуға мүмкіндік алады. Электрондық кітапхана қазақ тіліндегі басылымдармен толықтырылды. 2023 жылдың соңында мобильді қосымшаның белсенді қолданушыларының саны 4000-нан асты.

Бүгінгі таңда ҚОЖ арқылы тек Банк қызметкерлерін ғана емес, сонымен қатар еншілес ұйымдарды: «Tenge Bank» АҚБ, «Халық-Лизинг» АҚ, «Halyk Finance» АҚ, «Халық Актив» ЖШС, «КУСА Халық» ЖШС қашықтықтан оқыту және тестілеу жүргізіледі.

СКОЛКОВО басқару мектебі ұсынған тізімдегі кітаптарды ай сайын жариялау арқылы жұмысшылардың өзін-өзі дамыту бағдарламасы жүзеге асырылды.

Банк бизнес ортадағы қазақ тілін қолдауға, дамытуға және оның мәртебесін арттыруға баса назар аударады. 2023 жылы қашықтықтан оқыту курстарының 30%-дан астамы қазақ тіліне аударылды. Қазақ тілін білу деңгейін тексеру үшін Банктің барлық қызметкерлеріне тест өткізілді, одан 10 000-нан астам адам өтті. Тестілеу қорытындысы бойынша 2 500 қызметкерге банк есебінен тілді оқыту ұсынылды.

Тілді үйрену тәжірибесін дамыту мақсатында Бас банкте қазақ тілінің ауызекі клубы жұмыс істейді, ол тек қарым-қатынас жасау алаңына ғана емес, қазақ тілінің пікірлес амбассадорлары қауымдастығына айналды.

Қызметкерлерді ынталандыру және олардың Банкке ниеттестігін арттыру

Налық қаржы саласындағы жетекші жұмыс беруші бола отырып, бизнесті басқару мен адам ресурстарын дамытуда әлемдік тәжірибелер мен дәлелденген заманауи әдістемелерді енгізуге үнемі ұмтылып отырады. Әр қызметкердің үйлестірілген топтық жұмысына, еңбекқорлығына және тиімділігіне назар аударып отырып, Банк қызметкерлерді ынталандыруға және олардың корпоративтік құндылықтарға деген адалдығын арттыруға бағытталған әртүрлі бастамаларды ұйымдастырады. Банк жыл сайын қазіргі тенденцияларды бақылау және қызметкерлерді тартуға, ұстап қалуға және өнімділігіне тікелей әсер ететін бәсекеге қабілетті және әділ сыйақы жүйесін құру үшін жалғыз нарығын зерттеуге қатысады. Мәселен, 2023 жылы наурыз айында лауазымдық айлықақыларды орташа есеппен 12%-ға кезекті индекстеу, сондай-ақ жылдық бонус пен ҚР Тәуелсіздік күніне орай сыйлықақы төлеу сияқты қызметкерлерді қолдау бойынша маңызды қаржылық іс-шаралар өтті. Екінші жыл қатарынан Halyk Bank жай акциялары бойынша акционерлердің дивидендтерінен қызметкерлерге адалдықты, нәтижелі жұмысты және адалдықты мойындау үшін екі траншпен (шілде және қыркүйек) мотивациялық сыйлықақылар төленді, Банк мамандарына төлем мөлшері өткен жылмен салыстырғанда 2 есе көп болды. 2023 жылы жалпы ауданы 281м2 корпоративтік co-working аймағының салтанатты ашылуымен толықтырылған well-being көпфункционалды бағдарламасы жұмысын жалғастыруда. Co-working аймағының негізгі мақсаты таланттарды дамыту және жаңа идеяларды қалыптастыру мақсатында корпоративтік кездесулер мен жұмыс презентацияларын өткізу үшін қызметкерлерді бір жерге біріктіру.

Банкте Банк клиенттері үшін өнімді/сервисті әзірлеу, енгізу, іске қосу бойынша бір мақсатпен біріктірілген Банктің құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлерінен тұратын Трайбтар – кросс-функционалды командалар жұмыс істейді. Трайбтарға қатысуды арттыру және жылдам нәтижелерге қол жеткізуге ынталандыру мақсатында командалық нәтижені де, жеке үлесті де ескере отырып, жылдың қорытындысы немесе жобаның аяқталуы бойынша трайбтарға қатысушыларды марапаттау қағидаттары әзірленді.

Адалдықты күшейту бағдарламасы шеңберінде Банк қызметкерлердің қатысу дәрежесін зерделеуге бағытталған жыл сайынғы сауалнама жүргізеді. 2021 және 2022 жылдардағы сауалнама нәтижелері болжамды көрсеткіштерден бірнеше пайыздық тармаққа көтеріліп, Банк қызметкерлерінің тартылуының жоғары деңгейін көрсетті. Ал 2023 жыл да ерекше жыл болды, сауалнама қорытындысы бойынша біз тағы да сапалы өсімді көрсеттік және Банк бойынша нысаналы көрсеткіштен 5 пайыздық тармаққа көтерілдік.

Жетістіктерді тану және үздік қызметкерлерді ынталандыру бағдарламасын күшейту мақсатында 2023 жылы келесі іс-шаралар өткізілді:

- үздік қызметкерлерді марапаттау форматы үш номинация бойынша қайта қаралды, грамоталар, стелалар және ақшалай сыйақылар беріліп, мерекелік марапаттау рәсімі өткізілді;
- сондай-ақ тиімді және негізгі қызметкерлерді қамтуды ұлғайту мақсатында «Банктің үздік қызметкерлерін тоқсан сайын тану» пилоттық жобасының қорытындысы сәтті шығарылды.

«Halyk» тобының жетістіктер бағдарламасы кеңейіп, алты номинация бойынша бизнес бағыты бойынша филиалдардың үздік директорлары, Бас банктің үздік директоры және еншілес ұйымдардың екі бірінші басшысы марапатталды.

Банк қызметкерлері мемлекеттік және қоғамдық наградаларға, оның ішінде Ұлттық валюта күні – теңгеге – «Теңгеге 30 жыл» мерейтойлық медальдарына, «Еңбегі үшін» ҚКҚ медальдарына және «Үздік қаржыгер» ҚКҚ медальдарына, ҚРҰБ мен ҚНРДА-дан алғыс хаттарға ие болды.

Halyk корпоративтік мәдениетінің маңызды бөлігі қызметкерлердің кәсіби дамуы ғана емес, сонымен қатар олардың физикалық денсаулығы болып табылады. Жыл сайын біз түрлі спорттық іс-шаралар ұйымдастырамыз. Бұл іс-шаралардың негізгі мақсаттарының бірі – қызметкерлердің жалпы денсаулығы мен әл-ауқатын жақсарту және корпоративтік мәдениетті нығайту. Сонымен қатар, Банк корпоративтік мерекелер мен іс-шараларды ұйымдастыруға көп көңіл бөледі. Біз мұндай оқиғалар бірлікті нығайтуда, қуаныш пен бірлік атмосферасын қалыптастыруда маңызды рөл атқаратынын түсінеміз. Жыл сайын біз түрлі ойын-сауық ұйымдастырамыз, конкурстар өткізіміз, концерттер, тимбилдингтер ұйымдастырамыз. Біз өз қызметкерлеріміз үшін әркім өзін құнды және маңызды топ мүшесі ретінде сезінетін орта құруға тырысамыз. Мұндай оқиғалар осы мақсатқа жетудің маңызды құралына айналады.


Банк және оның қызметкерлері әлеуметтік маңызды оқиғалар мен жобаларға белсенді қатысады:

- жыл бойы мерекелік күндерге алғыс хаттар дайындалды;
 - жыл бойы қайырымдылық акциялары өткізіледі және 9 мамырға және 1 қазанға, мерейтойлық күндерге Банкте бұрын жұмыс істеген зейнеттегі қызметкерлеріне көмек көрсетіледі;
 - Банк қызметкерлерінің балалар үйлеріне қайырымдылық сапарлары (қаңтар, маусым, қыркүйек);
 - Жаңа жылға қарай қайырымдылық акциялары ұйымдастырылды, оған қызметкерлердің күшімен 4 млн теңгеден астам қаражат жиналып, көмек көрсетілді:
1. «Аяла» әлеуметтік қызметтер орталығы» ҚММ - ДЦП диагнозы қойылған 110 балаға;
 2. Жалғызбасты зейнеткерлерге (Алматы қаласы әкімдігі ұсынған тізімдерге сәйкес) - 50 зейнеткерге;
 3. Аз қамтылған отбасыларға (Алматы қаласы әкімдігі ұсынған тізімдерге сәйкес) – 50 балаға;
 4. «Ковчег» балалар үйінің, «Нұр» қайырымдылық отбасылық балалар үйінің және «Баракат» отбасылық үлгідегі балалар үйінің балаларына;
 5. Сондай-ақ, Алматы қаласындағы Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығының онкология бөлімшесінің балаларына.

Орнықты дамудың 2022-2024 жылдарға арналған қағидаттары мен мақсаттарын енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру шеңберінде мынадай жұмыстар атқарылды:

- филиалдар мен Бас банк қызметкерлерінің ағаш отырғызу акциясы. Банктің мерейтойына орай Бас банктің 100 қызметкері Тұңғыш Президент саябағында 100 алма ағашын отырғызды;
- Дүниежүзілік тазалық күніне орай ақпан және қыркүйек айларында қызметкерлер Банк кеңселерінің ішіне тазалау жұмыстарын жүргізді;
- сондай-ақ қыркүйек айында филиалдар мен Бас банкте сенбіліктер ұйымдастырылды;
- Бас банктің дербес бөлімшелері мен департаменттерінің басшылары үшін экологиялық сауаттылық тақырыбында оқыту тренингтері өткізілді, сондай-ақ өңірлердегі қызметкерлер арасында онлайн вебинар ұйымдастырылды.

Оның үстіне, өзінің ғасырлық мерейтойлық жылында Банк корпоративтік құндылықтарды нығайтуға және өз тарихын білуге баса назар аударды. Банк тарихына терең бойлауға және оны дамытуға бағытталған семинарлар, тренингтер мен конкурстар ұйымдастырылды. Бұл тәсіл қызметкерлердің Банк туралы білімдерін кеңейтіп қана қоймай, жаңа жетістіктерге шабыттандырып, команданың мақтанышы мен бірлігін қалыптастыруға үлес қосты.



Жауапкершілік туралы
мәлімдеме



ЖАУАПКЕРШІЛІК ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ

Осы арқылы бізге төмендегілер мәлім болғанына байланысты:

- осы жылдық есептегі шоғырландырылған қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес дайындалғанын және Halyk Bank пен оның еншілес ұйымдарының қаржылық жағдайын, сондай-ақ олардың қызметтерінің нәтижелерін, ақшалай қаражатының қозғалысын және капиталдағы өзгерістерін шынайы көрсететінін; және
- жылдық есеп шоғырландырылған есептілікте қамтылған әрі тұтастай қарастырылып отырған Halyk Bank пен оның еншілес ұйымдарының дамуына және қызметінің нәтижелеріне, қаржылық жай-күйіне, Halyk Bank тап болып отырған негізгі тәуекелдер мен тұрлаусыздықтарға жасалған әділетті шолуды қамтитынын.

Halyk Bank-тің 2023 жылғы орнықты даму туралы есебі 2024 жылдың шілде айының соңына дейін жарияланатынын растаймыз.

Ү.Б. Шаяхметова

Басқарма Төрағасы





Даму перспективалары



2023 жыл Қазақстан үшін «жаңа қалыпты» жыл болды. Жағдай тұрақтанды, инфляция 9,8%-ға дейін төмендеді, жыл экономикалық өрлеуде өтті. Банктер санкциялар жағдайындағы өмірге бейімделді, әрине, санкциялық шектеулерге байланысты белгілі бір мәмілелерді жоғалтты. Сонымен қатар, 2023 жылы өзінің ғасырлық мерейтойын атап өткен Halyk тағы да өзінің тұрақтылығын, сенімділігін, негізділігін және нәтижесінде клиенттердің сенімін көрсетті. Осы жылы біздің цифрлық сату арналарымыз бен экожүйелік өнімдерімізді одан әрі дамыту үшін айтарлықтай жол жасалды. 2023 - бұл 100 игі іс жасалған жыл, бүкіл ел бойынша Halyk білім беру, мәдениет, денсаулық сақтау, экология және әлеуметтік қорғау саласындағы ауқымды жобаларды (ХЭОТ үйлерін газдандыру, шағын футбол алаңдары, ауыл халқын қаржылық сауаттылыққа оқыту, «Азия Дауысы» фестивалі және т.б.) іске асырды. Біздің көшбасшылық ұстанымымыз мызғымас күйінде қалып отыр - 01.01.2024 жылғы жағдай бойынша активтер бойынша позиция 29%-ды, клиенттерге берілген қарыздар көлемі бойынша (нетто) 32,8%-ды, клиенттер алдындағы міндеттемелер көлемі бойынша 30,5%-ды және таза пайда бойынша 30,0%-ды құрады.

2023 жыл – 2022-2024 жылдар кезеңіне бекітілген «Halyk» тобының стратегиялық даму циклінің ортасы. 2022-2024 стратегиялық цикліне Топ басқа алғышарттармен және нарық болжамдарымен кіргеніне қарамастан, біз берілген векторды ұстанамыз және біз үшін басым бағыттарда дамуды жалғастырамыз. Біз таңдаған миссиямызды жылдан жылға растаймыз: «Біз өз клиенттеріміз бен серіктестеріміз үшін беріктік, жайлылық және сенім аумағын құрамыз». Топтың сенімділігі мен тұрақтылығы біздің басты артықшылығымыз және үнемі өсіп келе жатқан тұтынушылар базасының таңдауы болып қала береді. 2023 жылдың қорытындысы бойынша бізді 10,2 млн бөлшек клиенттер және 370 мыңнан астам ірі бизнес пен ШОБ клиенттері таңдады.

Банк ағымдағы стратегиялық циклде негізгі мақсаттарды айқындады және олардың әрқайсысында мынадай нәтижелерге қол жеткізді:

Клиентке бағдарлану

Барлық енгізілген шешімдер, өнімдер, қызметтер Банк клиенттерінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға және ең жақсы қызметті ұсынуға бағытталған. Банк «бір терезе» қағидаты бойынша Топтың кешенді қызметтерін ұсынуға және Банк клиенттерінің адалдығы мен қанағаттану деңгейін арттыруға басты назар аударады.

2023 жылы өтініштерді қабылдаудың және клиенттердің Банк сервистеріне қанағаттануын бағалаудың жаңа құралдары енгізілді. Нарықтағы адалдық деңгейі бойынша зерттеулер іске қосылды, өнімдер мен қызметтерді одан әрі дамыту бойынша басымдықтарды құруда клиент дауысының маңыздылығы күшейтілді, бұл сапаның негізгі көрсеткіштерінің динамикасына оң әсер етті – CSI қанағаттану индексі 2022 жылғы 89%-дан 2023 жылы 92%-ға дейін өсті, 10 000 белсенді тұтынушыға шағымдардың орташа айлық коэффициенті 6,9-дан 5,5-ке дейін төмендеді.

Клиенттер базасының тұрақты өсуі және MAU және DAU өсуі

Банк ең үздік сервис ұсынылатын, қызмет көрсетудің жеделдігі мен жылдамдығы арттырылатын мобильді қосымшаларды дамытуды басты басымдыққа қояды. Нәтиже Банк клиенттерінің жалпы санының да, Банктің қосымшаларын күнделікті қолданатын белсенді клиенттердің де өсуі болуы керек. Банк сонымен қатар қолма-қол ақшасыз төлемдер көлемінің өсуіне назар аударады.

2023 жылдың қорытындысы бойынша:

- ЖТ: Halyk SuperApp тұтынушыларын сақтау және белсендіру бойынша тұрақты науқандар масштабталды. 2023 жылы MAU клиенттерінің саны 7,9 млн адамға дейін өсті (2 млн адамға артты), Банктің белсенді клиенттерінің үлесі 77% құрады.
- ЗТ: Onlinebank клиенттерінің белсенділігін арттыру бойынша іс-шаралар өткізілді. Қосымшаның функционалдығы жаңа цифрлық өнімдер мен қызметтерге толы, клиенттік жол жақсартылған. MAU өсімі жалғасуда: жылына +8% (254 мың пайдаланушыдан 274 мыңға дейін).

Бизнес шешімдерін масштабтау мүмкіндігі

Еншілес ұйымдардың кең желісінің болуын ескере отырып, еншілес ұйымдарда Банктің іске асырылған сервистерін тез және минималды қайта конфигурациялауға мүмкіндік беретін АТ-шешімдерді әзірлеу көзделеді.

2023 жылы Өзбекстанда «Теңге бизнес» бизнеске арналған онлайн-қосымшаны дамыту жалғасуда, 2023 жылдың соңына қарай 1,5 мыңға жуық кәсіпорын белсенді пайдаланушыларға айналды. Жеке тұлғаларға арналған «Теңге 24» мобильді қосымшасы жаңа сервистермен толықтырылды: Өзбекстаннан Қазақстанға жедел аударымдар және валютаны онлайн айырбастау, MAU саны 2023 жылдың соңында 2,7 есеге 188 мың пайдаланушыға дейін өсті.

Икемді, бейімделгіш және инновациялық тәсіл

Барлық әзірленген шешімдер икемді, әмбебап, заманауи болуы керек. Банк өз клиенттеріне барынша сапалы сервис көрсету үшін, оның ішінде клиенттердің инвестициялық мүдделерін де, ойы-сауық саласындағы мүдделерді де қамтуға мүмкіндік беретін экожүйелік сервистерді дамыту жолымен ең үздік АТ және бизнес-шешімдерді таңдауға бағдарланған.

2023 жылы деректер фабрикасы аясында real-time науқандары басталды, АТ шешімдерін дамытуға, жүйелердің қолжетімділік деңгейін және қызметтердің үздіксіздігін арттыруға үлкен назар аударылды.

Сондай ақ 2023 жылы Банк бірқатар ауқымды жобаларды іске асырды:

- «Күнделік» жетекші білім беру платформасымен стратегиялық серіктестік іске қосылды, оның шеңберінде Halyk жақсы бағалар үшін бонустар есептейді;
- Ірі және бөлшек бизнес синергиясы аясында еліміздің 7 ірі автодилерімен серіктестікте диджитал авто-кредиттер іске қосылды;
- Банк экожүйелік сервистерді дамытуды жалғастыруда - Kino.kz-те кино билеттерін сатып алу сервисі, нарық үлесі 37%-ды құрады, Halyk Travel сервисі арқылы билеттерді сатып алу көлемі 20%-ға өсті, Halyk Marketplace-те сатып алу көлемі 2022 жылға қарағанда 2,7 есе өскенін көрсетті.

- Банк көрсетілетін мемлекеттік қызметтер мен сервистердің саны бойынша қаржы нарығында көшбасшы орынға ие. 2023 жылы Halyk SuperApp қосымшасы арқылы мемлекеттік қызметтерді біздің клиенттер 13 миллионнан астам рет пайдаланды.
- ESG қағидаттарын енгізу шеңберінде нысаналы салаларда (суды, энергияны тұтыну, CO2 шығарындылары және т.б.) KPI айқындалды, БҰҰ-мен бірлесіп Reuse.Reduce.Recycle жария іс-шарасы ұйымдастырылды, Task Force on Climate-Related Financial Disclosures (TCFD) ұсынымдарына сәйкес ESG-есеп беру форматтары әзірленіп енгізілді.

2024 жылға Банк өз алдына банк бизнесін цифрлық дамыту және Банктің экожүйелік өнімдерін одан әрі ілгерілету бойынша өршіл міндеттер қояды:

- Біз көптеген заңды тұлғалар үшін ірі серіктеспіз және Қазақстанда қызметтердің толық спектрін ұсынатын жалғыз банкпіз. Үздік сервисі ұсыну үшін Банк клиенттік жолдарды жақсартумен және Onlinebank 3Т үшін мобильді қосымшаның жаңа функционалымен толтырумен үздіксіз айналысады;
- Halyk Super-App жеке тұлғаларға арналған цифрлық шешім бойынша үздіксіз даму және сервистермен толтыру процесі де жүріп жатыр;
- Эквайрингтің дамуы Банк бағытының негізгі векторы болып қала береді;
- Өзбекстан нарығының әлеуетін ескере отырып, Банк ресурстарды белсенді түрде инвестициялайды және осы бағытта дамуда.
- Lifestyle экожүйелік өнімдер бойынша қызметтерді ұлғайту және Kino.kz қосымшасын (ойын-сауық іс-шараларына билеттерді сату сервисі), Halyk Travel қосымшасын (әуе, теміржол, автобус билеттерін сату жөніндегі жоба) белсенді түрде одан әрі дамыту жалғасуда,
- Брокерлік шоттарды қашықтан ашуға және қашықтан саудалауға арналған Halyk Invest қосымшасында функционалдылықты кеңейту және клиенттік жолды жақсарту кезеңі жүріп жатыр,
- Halyk Market маркетплейсінде ұсынылатын тауарлар ассортиментін үнемі кеңейту арқылы тұтынушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру,
- сондай-ақ, біздің клиенттеріміз бен серіктестерімізге сервисің жоғары сапасын қамтамасыз ету үшін бірқатар басқа да маңызды міндеттер іске асырылуда.



**2023 жылғы 31 желтоқсанда
аяқталған жыл іші
шоғырландырылған
қаржылық есептілігі және
Тәуелсіз аудиторлар есебі**

2023 жылғы
31 желтоқсанда
аяқталған жыл іші
шоғырландырылған
қаржылық есептілігі
және Тәуелсіз
аудиторлар есебі

**2023 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ
БЕКІТУ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЖӨНІНДЕГІ БАСШЫЛЫҚ МӘЛІМДЕМЕСІ**

106

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІ

107-110

**2023 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК:**

- Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есеп
- Пайда және залал туралы шоғырландырылған есеп
- Өзге жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп
- Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп
- Ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп
- Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертүлер

111-113

114-116

117-118

119-121

122-125

126-258

2023 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЖӨНІНДЕГІ БАСШЫЛЫҚ МӘЛІМДЕМЕСІ

2023 жылғы
31 желтоқсанда
аяқталған жыл іші
шоғырландырылған
қаржылық есептілігі
және Тәуелсіз
аудиторлар есебі

Басшылық «Қазақстан Халық Банкі» АҚ («Банк») және оның еншілес кәсіпорындарының (бірілесіп — «Топ») 2023 жылғы 31 желтоқсанындағы қаржы жағдайын шынайы көрсететін шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындауға және аталған күні аяқталған жыл іші пайда мен шығындар және өзге жиынтық кіріс, капиталдағы өзгерістері мен ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы тиісті шоғырландырылған есепті, сондай-ақ есеп саясаты туралы маңызды ақпарат және шоғырландырылған қаржылық есептілікке (бұдан әрі — «шоғырландырылған қаржылық есептілік») өзге ескертулердің Халықаралық қаржы есептілігі стандарттарына (бұдан әрі — «ХҚЕС») сәйкес ашылуына жауапты.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық:

- есеп саясатының қағидаттарын дұрыс таңдауға және қолданылуын қамтамасыз етуге;
- ақпаратты, соның ішінде есеп саясаты туралы деректерді осындай ақпараттың орындылығын, шынайылығын, салыстырмалылығын және түсініктілігін қамтамасыз ететін нысанда беруге;
- пайдаланушыларға есептілікті түсіну үшін ХҚЕС талаптарының орындалуы жеткіліксіз болғанда, сондай-ақ өзге де оқиғалар немесе шарттар Топ қызметінің қаржылық жағдайы мен шоғырландырылған қаржылық нәтижелеріне әсер еткен жағдайларда қосымша ақпаратты ашуға; және
- Топтың өз қызметін келешекте жалғастыру қабілетін бағалауға жауапты.

Басшылық сонымен қатар:

- Топтың барлық кәсіпорындарында ішкі бақылаудың тиімді әрі сенімді жүйесін әзірлеуге, енгізуге және қолдауға;
- Топтың мәмілелерін ашуға және түсіндіруге, сондай-ақ Топтың шоғырландырылған қаржылық жағдайы туралы ақпаратты кез келген күні жеткілікті деңгейдегі дәлдікпен ұсынуға және шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ХҚЕС талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін нысанда есепті жүргізуге;
- бухгалтерлік есепті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізуге;
- Топ активтерінің сақталуын қамтамасыз ету үшін мүмкін болатын барлық тиісті шараларды қолдануға; және
- қаржылық және өзге теріс пайдалану фактілерін анықтауға және олардың алдын алуға жауапты.

Топтың 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігін Басқарма 2024 жылғы 13 наурызда шығаруға бекітті.

Басқарманың атынан:

Үмүт Б. Шаяхметова
Басқарма Төрағасы

2024 жылғы 13 наурыз
Қазақстан, Алматы қ.

Павел А. Чеусов
Бас Бухгалтер

2024 жылғы 13 наурыз.
Қазақстан, Алматы қ.

2023 жылғы
31 желтоқсанда
аяқталған жыл іші
шоғырландырылған
қаржылық есептілігі
және Тәуелсіз
аудиторлар есебі

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлеріне

Пікір

Біз 2023 жылғы 31 желтоқсандағы қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есептен, 2023 жылғы пайда мен шығын туралы, өзге жиынтық кіріс туралы, капиталдағы өзгерістер туралы және ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы шоғырландырылған есептерден, сонымен қатар шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулерден, соның ішінде есеп саясаты туралы маңызды ақпараттан тұратын «Қазақстан Халық Банкі» акционерлік қоғамы мен оның еншілес кәсіпорындарының («Топ») шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік.

Біздің пікірімізше, қоса берілген шоғырландырылған қаржылық есептілік 2023 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың шоғырландырылған қаржы жағдайын, сондай-ақ Халықаралық қаржылық есептіліктің стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес 2023 жылғы шоғырландырылған қаржы нәтижелері мен шоғырландырылған ақшалай қаражат қозғалысын барлық маңызды аспектілерде шынайы көрсетеді.

Пікір білдіру негізі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына («ХАС») сәйкес жүргіздік. Аталған стандарттарға сәйкес біздің жауапкершілігіміз есебіміздің «Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудиторлардың жауапкершілігі» бөлімінде көрсетілген. Біз бухгалтерлерге арналған Халықаралық әдеп стандарттары жөніндегі кеңестің Кәсіби бухгалтерлер этикасының халықаралық кодексіне (Тәуелсіздіктің халықаралық стандарттарын қоса алғанда) («Кодекс») сәйкес және Қазақстан Республикасында шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудитіне қолданылатын әдеп талаптарына сәйкес Топқа қатысты тәуелсізбіз. Сонымен қатар, біз осы талаптарға және Кодекске сәйкес өзге де әдеп міндеттемелерін орындадық. Біздің пікірімізше, біз алған аудиторлық дәлелдемелер пікірімізді білдіруге негіз болу үшін жеткілікті әрі тиісті болып табылады.

Маңызды жағдайлар

Біз 2022 жылдың 31 желтоқсанында және 2022 жылдың 1 қаңтарында аяқталған жыл іші салыстырмалы көрсеткіштерге түзетулер көрсетілген жеке қаржылық есептіліктің 46 ескертуіне назар аударамыз, бұл біздің пікірімізді өзгертпеді.

Аудиттің негізгі мәселелері

Аудиттің негізгі мәселелері — бұл, біздің кәсіптік пайымдамамызға сәйкес, осы кезең іші шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін ең маңызды болған мәселелер. Бұл мәселелер шоғырландырылған қаржылық есептілікке біздің аудиттің мәліметінде және де осы есептілік туралы біздің пікіріміздің қалыптасуында жалпы сипатта қаралған және біз осы мәселелер бойынша жеке пікір білдірмейміз.

Неліктен біз мәселені аудит үшін маңызды деп санаймыз?

Клиенттерге берілген қарыздар бойынша күтілетін кредиттік залалдарды ұжымдық бағалау

2023 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша клиенттерге берілген қарыздардың жалпы сомасы 9,774,798 миллион теңгені, оның ішінде клиенттерге берілген қарыздар 3,824,856 миллион теңгені құрады, оған қатысты күтілетін кредиттік залалдар ұжымдық негізде бағаланады, ол қарыздардың жиынтық жалпы сомасының 39% құрайды. Осы бағалау нәтижесінде алынған күтілетін кредиттік залалдар («ККЗ») сомасы 235,464 миллион теңгені құрады.

Топ басшылығы қолданатын пайымдаулардың маңыздылығы мен субъективтілігінің және ұжымдық негізде бағаланатын клиенттерге берілетін қарыздардың құнсыздануын аудиттің негізгі мәселесі деп анықтадық. Атап айтқанда, біз негізгі жорамалдарға және ККЗ бағалауындағы маңызды бастапқы деректерге және есептеулерде қолданылатын модельдердің тұтастығына назар аудардық.

Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 4, 11 және 32-ескертулерінде Топ саясатының сипаттамасы ұсынылған және жалпы баланстық құнымен қатар резервтердің тиісті қалдықтары ашып көрсетілген.

Аудит барысында не істелді?

Ұжымдық негізде бағаланатын клиенттерге берілген қарыздар бойынша қарыз беруге, ККЗ бағалауға қатысты процестер мен бақылау рәсімдерін түсіндік.

Ұжымдық негізде бағаланатын қарыздар бойынша резервтерді есепке алу әдіснамасының негізділігін, оның ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары» талаптарына сәйкестілігін талдадық.

PD және LGD бағалау модельдерінде пайдаланылатын бастапқы деректер мен негізгі жорамалдар шеккен кредиттік шығындар туралы тарихи деректерді, сондай-ақ бағалауға ықпал ететін макроэкономикалық факторларға қатысты болжалды ақпаратты ескеретінін тексердік.

Кредиттік тәуекелдерді бағалау жөніндегі біздің мамандарымыздың көмегімен біз тиісті бастапқы деректер негізінде есептеулерді іріктеп қайта орындап, ККЗ модельдерінің тұтастығы мен математикалық дұрыстығын тексердік.

Біз шоғырландырылған қаржылық есептілікте клиенттерге берілген қарыздар бойынша ақпараттың барабарлығы мен ХҚЕС стандарттарына сәйкес толық ашылуын бағаладық.

2023 жылғы
31 желтоқсанда
аяқталған жыл іші
шоғырландырылған
қаржылық есептілігі
және Тәуелсіз
аудиторлар есебі

*Клиенттерге берілген қарыздар бойынша
күтілетін кредиттік залалдарды жеке
бағалау*

2023 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жеке негізде бағаланатын Топ қарыздарының жалпы шамасы 5,949,942 миллион теңгені құрады, ол қарыздардың жиынтық жалпы сомасының 61% құрайды. ККЗ тиісті сомасы 254,462 миллион теңгені құрады.

ККЗ бойынша жеке елеулі қарыздарға қатысты резервтің шамасы оларды Топтың резервтер жүйесіндегі құнсыздандудың белгілі бір деңгейіне жатқызудың дұрыстығына байланысты.

Кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюын немесе кредиттің құнсыздану оқиғасын тиісінше анықтау сандық және сапалық ақпарат негізінде елеулі пайымдауларды талап етеді, бұл мақсатты аудиторлық рәсімдерге әкеледі.

Жоғарыда көрсетілгендерден басқа жеке құнсызданған қарыздар бойынша ККЗ-ны бағалау түрлі сценарийлер кезіндегі болашақ ақша ағындарын бағалауға негізделген.

Жеке негізде бағаланатын қарыздар бойынша күтілетін кредиттік залалдар бойынша резервтердің маңыздылығының, сондай-ақ басшылық пайымдамасының күрделілігі мен субъективтілігінің салдарынан біз ККЗ жеке бағалауды аудиттің негізгі мәселесі ретінде анықтадық.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке 4, 11, 32-ескертулерде жеке елеулі қарыздар бойынша құнсыздану көрсеткіштері және бұндай қарыздардың жалпы баланстық құны

Біз қарыздарды беру процесін түсіндік. Біз жеке негізде бағаланатын қарыздар бойынша кредиттік тәуекел мен ККЗ бағалау үшін кредиттік құнсыздандудың айтарлықтай ұлғаюына қатысты Топтың анықтамасын талдадық. Сондай-ақ біз клиенттерге берілетін қарыздар бойынша ККЗ жеке бағалаумен байланысты бақылау рәсімдерін әзірлеуді және енгізуді бағаладық.

Таңдамалы тұрғыда біз 1-деңгейдегі қарыздар бойынша қарыз алушылардың кредит төлеу қабілетіне егжей-тегжейлі талдау жүргіздік және кредиттік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаюына (2-деңгей) немесе дефолттың болуына (3-деңгей) қатысты Топтың талдауын бағаладық. Кредиттердің тиісті кезеңге тиісті түрде тағайындалғанын бағалау үшін біз қарыздардың құнсыздануының тиісті деңгейін бағалау үшін біз ішкі кредиттік рейтинг жүйесін (скоринг), кредиттік тәуекел факторларын талдадық және қарыздардың құнсыздануының тиісті кезеңін бағалау үшін, есептелген пайыздық кірісті немесе негізгі борышты төлеу мерзімін кешіктіру, қайта құрылымдау, сыртқы ақпарат және қаржылық көрсеткіштердің нашарлауы сияқты құнсыздану оқиғаларының уақтылы анықталуын тексердік.

Таңдамалы негізде біз 2-ші және 3-ші деңгейдегі жеке елеулі қарыздар бойынша ККЗ резервтерін қайта есептедік, ол Топ жасаған қарыз алушылардың кредит төлеу қабілетіне талдауға шолуды, сондай-ақ болашақ ақша ағындарын болжау үшін және кепілмен

және оларға тиісті резервтер ашып көрсетілген.

ХКЕС (IFRS) 17-ге көші

2023 жылдың 1 қаңтарында Топ «Сақтандыру шарттары» ХКЕС (IFRS) 17-ні енгізді. ХКЕС (IFRS) 17-ні енгізу шеңберінде Топ жаңа стандарт талап ететін жаңа кешенді әдістемелерді, модельдер мен болжамдарды әзірледі және енгізді және сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелерді қайта бағалады. 3 және 46 ескертүлерінде сипатталғандай, Топ 2022 жылдың 1 қаңтарына дейін жасалған шарттар үшін өзгертілген ретроспективті және әділ құн тәсілін қолданды.

Әдістеме мен модельдердің күрделілігіне байланысты біз 17 ХКЕС-ке (IFRS) көшуді аудиттің негізгі мәселесі ретінде анықтадық.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке 3, 16 және 29-ескертүлерде Топтың есеп саясатының сипаттамасы және сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер туралы ақпаратты ашу ұсынылған.

қамтамасыз етудің әділ құнын бағалау үшін пайдаланылған жорамалдардың талдауын қамтыды.

Біз ХКЕС талаптарына сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептілікте клиенттерге берілген қарыздар бойынша ақпараттың барабарлығы мен толық ашылуын бағаладық.

Біз ХКЕС (IFRS) 17-нің талаптарына және Топтың әдістемесіне сәйкес орындалатын сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелерді есептеу бойынша процестер мен бақылау рәсімдері туралы түсінік алдық.

Біз ХКЕС (IFRS) 17-ге қатысты әдістемені, модельдерді және болжамдарды бағалау үшін өзіміздің актуарий мамандарымызды қатыстырдық, қолданылған өтпелі тәсілдің жарамдылығын қарастырдық және негізгі есептеулердің дәлдігін іріктемелі негізде сынадық.

Біз актуарлық әдістеменің, міндеттемелерді орындау бойынша ақша ағындарын есептеу, тәуекелге түзетулер, қызметтер үшін шарттық маржа және (егер қажет болса) шығындар компонентінің ХКЕС (IFRS) 17-нің талаптарына және ауысу күніндегі қаржылық есептілікті дайындау тұжырымдамасына сәйкес жұмыс істейтінін бағаладық.

Өзге ақпарат — жылдық есеп

Басшылық өзге ақпарат үшін жауапты. Өзге ақпарат жылдық есепте бар ақпаратты қамтиды, бірақ шоғырландырылған қаржылық есептілік пен ол туралы біздің есебімізді қамтымайды. Болжамды түрде, жылдық есеп бізге осы аудитор есебі күнінен кейін ұсынылады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы біздің пікіріміз өзге ақпаратқа таралмайды және біз осы ақпаратқа қатысты қандай да болсын нысанда сенімділікті білдіретін қорытынды ұсынбаймыз.

Біздің шоғырландырылған қаржылық есептілікке аудит жүргізуімізге байланысты міндетіміз – бізге ұсынылған кезде жоғарыда аталған өзге ақпаратпен танысу және өзге ақпарат пен шоғырландырылған қаржылық есептілік немесе аудит барысында алынған біздің біліміміз арасында елеулі сәйкессіздіктердің бар-жоқтығы және өзге ақпаратта басқа да ықтимал елеулі бұрмалаушылықтардың болуы туралы мәселені қарастыру болып табылады.

Егер жылдық есеппен танысқан кезде біз ондағы өзге ақпарат елеулі бұрмаланған деген қорытындыға келсек, біз ол туралы корпоративті басқару үшін жауапты тұлғаларды хабардар етуге міндеттіміз.

Басшылықтың және корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалардың шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі

Басшылық осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындауға және оның ХҚЕС сәйкес шынайы ұсынылуына, сонымен қатар басшылықтың пікірінше алаяқтық немесе қателесуден болатын айтарлықтай бұрмалаушылықтары болмайтын шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындауға қажет болатын ішкі бақылау жүйесіне жауапты.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау барысында басшылық Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалауға, қызмет үздіксіздігіне байланысты деректерді тиісті жағдайларда ашып көрсетуге және қызмет үздіксіздігі жорамалы негізінде есептілікті дайындауға жауапты, алайда басшылық Топты таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниеттенген жағдайларды, немесе оның тарату немесе қызметін тоқтатудан басқа қандай да бір нақты баламасы болмаған жағдайларды қоспағанда.

Корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалар Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындауын бақылауға жауапты.

Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудиторлардың жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз ықпалсыз әрекеттер немесе қателесу салдарынан шоғырландырылған қаржылық есептілікте елеулі бұрмалаушылықтардың жоқтығына орынды сенімділік алу және біздің пікірімізді қосатын аудиторлық есеп шығару болып табылады. Орынды сенімділік – сенімділіктің жоғары дәрежесі болып табылады, бірақ ол ХАС сәйкес жүргізілген аудит барысында елеулі бұрмалаушылықтар бар болған жағдайда олардың әрдайым анықталуының кепілдігі болып табылмайды. Бұрмалаушылықтар ықпалсыз әрекеттердің немесе қателесудің нәтижесінде туындауы мүмкін. Егер бұрмалаушылықтар пайдаланушылардың осы шоғырландырылған қаржылық есептілік негізінде қабылдайтын экономикалық шешімдеріне жекеше немесе бірлесіп әсер ете алса, елеулі бұрмалаушылықтар болып есептеледі.

ХАС сәйкес жүргізілетін аудит аясында біз кәсіби пайымдау қолданамыз және бүкіл аудит барысында кәсіби күмәншілдік сақтаймыз. Бұған қоса, біз келесілерді орындаймыз:

- ықпалсыз әрекеттер немесе қателесу салдарынан шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және жүргіземіз; біздің пікірімізді білдіруге негіз болуы үшін жеткілікті және тиісті болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. ықпалсыз әрекеттер салдарынан елеулі бұрмаланудың табылмау тәуекелі қателесу салдарынан болатын елеулі бұрмаланудың табылмау тәуекелінен жоғары, себебі ықпалсыз әрекеттерге сөз байласу, жалғандық, әдейі қалдырып кету, ақпаратты бұрмалап ұсыну немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өту арқылы әрекеттер жасау кіруі мүмкін;
- жағдайларға сәйкес аудиторлық рәсімдер әзірлеу мақсатында аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін зерделейміз, бірақ Топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі жайында пікір білдіру мақсатында емес;
- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерінің негізділігін және ақпараттың тиісті ашылуын бағалаймыз;

2023 жылғы
31 желтоқсанда
аяқталған жыл іші
шоғырландырылған
қаржылық есептілігі
және Тәуелсіз
аудиторлар есебі

- басшылықтың қызмет үздіксіздігі жорамалын қолдануының заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдемелер негізінде – Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыра алатынына елеулі күдік тудырта алатын оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты елеулі белгісіздіктің бар немесе жоқ екендігі жайлы тұжырым жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздіктің бар екені туралы тұжырымға келсек, біз аудиторлық есебімізде шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі тиісті ақпарат ашуға назар аудартуымыз керек, немесе ақпарат тиісті түрде ашылмаған болса, пікірімізде ескертпе жасаймыз. Біздің тұжырымдарымыз аудиторлық есебіміздің күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда, келешек оқиғалар немесе жағдайлар Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылуына әкелуі мүмкін;
- шоғырландырылған қаржылық есептіліктің жалпы ұсынылуын, оның құрылымын және мазмұнын, соның ішінде ақпараттың ашылуын, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептілікте оның негізі болатын операциялар мен оқиғалардың шынайы көрсетілуінің қамтамасыз етілуін бағалаймыз;
- шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікір білдіру үшін Топ ішіндегі ұйымдардың қаржы ақпаратына немесе Топ ішіндегі қызметке қатысты жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдерді аламыз. Біз Топтың аудитін басқару, бақылау және жүргізу үшін жауап береміз. Біз өз аудиторлық пікірімізге толықтай жауапты болып қаламыз.

Біз корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалармен ақпараттық әрекеттесуді жүзеге асырып, оларды аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері жөнінде, сондай-ақ аудит барысында анықталған елеулі ескертулер, соның ішінде біз аудит барысында анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы хабардар етеміз.

Біз сондай-ақ корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғаларға тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті әдеп талаптарын сақтағанымыз көрсетілетін және бұл тұлғаларға аудитордың тәуелсіздігіне әсер етеді деп негізді санауға болатын барлық өзара қарым-қатынастар мен өзге де мәселелер туралы, ал қажет болған жағдайларда – қауіптерді жою үшін қолданылған әрекеттер немесе қолданылған сақтық шаралары туралы хабарлағанымыз туралы мәлімдемені ұсынамыз.

Біз корпоративтік басқаруға жауапты тұлғаларға хабарлаған мәселелерден ағымдағы кезең іші шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін неғұрлым маңызды болған, демек, аудиттің негізгі мәселелері болып табылатын мәселелерді анықтаймыз. Біз бұл мәселелер туралы ақпаратты жария етуге заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынған немесе өте сирек жағдайларда бұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оны хабарлаудан болатын қоғамдық маңызы бар пайдадан асып түсетінін негізді түрде болжауға болатындықтан, қандай да бір мәселе туралы ақпарат біздің есепте хабарланбауы тиіс деген тұжырымға келген жағдайларды қоспағанда, осы мәселелерді есебімізде сипаттаймыз.

Роман Саттаров

Тапсырма бойынша серіктес
Қазақстан Республикасының білікті аудитору

2013 жылғы 31 мамырдағы
№МФ-0000149
аудитордың біліктілік куәлігі

Даулет Куатбеков

«Делойт» ЖШС
бас директорының міндетін уақытша атқарушы

Қазақстан Республикасында аудиторлық
қызметпен айналысуға мемлекеттік лицензия
№ 0000015, МФЮ-2 түрі, Қазақстан
Республикасының Қаржы министрлігі
2006 жылғы 13 қыркүйекте берген

2024 жылғы 13 наурыз
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы

**2023 және 2022 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржы жағдайы туралы
шоғырландырылған есеп (миллион теңгемен)**

	Ескерту	2023 ж. 31 желтоқсан	2022 ж. 31 желтоқсан (қайта есептелді)*	2022 ж. 1 қаңтар (қайта есептелді)*
АКТИВТЕР				
Ақшалай қаражат пен оның баламалары	5	1 377 315	2 028 831	1 438 521
Міндетті резервтер	6	244 866	259 544	194 931
Пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері	7	589 362	449 931	387 988
Кредиттік мекемелердегі қаражат	8	171 754	135 655	602 125
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері	9	2 425 902	2 109 269	1 871 677
Күтілетін кредиттік залалдар бойынша резервтерді шегергенде амортизацияланған құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар	10	725 343	1 019 089	1 288 178
Клиенттерге берілген қарыздар	11, 37	9 284 872	7 857 902	5 871 826
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	12	47 326	35 541	28 007
Коммерциялық жылжымайтын мүлік	13	74 882	76 538	92 412
Ағымдағы салық активтері	21	7 956	1 521	1 942
Кейінге қалдырылған салық активтері	21	351	273	250
Негізгі қаражат және материалдық емес активтер	14	226 170	207 788	183 849
Сақтандыру шарттары бойынша активтер	16	10 289	4 094	3 317
Қайта сақтандыру бойынша активтер		22 776	22 809	25 423
Өзге активтер	17	173 662	162 394	134 542
Сатуға арналған активтерге дейінгі активтердің жиыны		15 382 826	14 371 179	12 124 988
Сатуға арналған активтер	15	111 542	23 923	45 412
АКТИВТЕРДІҢ ЖИЫНЫ		15 494 368	14 395 102	12 170 400

* Салыстырмалы ақпарат 46 ескертуіне сәйкес қайта есептелді

Қоса беріліп отырған ескертулер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

**2023 және 2022 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржы жағдайы туралы
шоғырландырылған есеп (миллион теңгемен)**

	Ескерту	2023 ж. 31 желтоқсан	2022 ж. 31 желтоқсан (қайта есептелді)*	2022 ж. 1 қаңтар (қайта есептелді)*
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ				
МІНДЕТТЕМЕЛЕР				
Клиенттер қаражаты	18, 37	10 929 504	10 512 048	8 473 407
Кредиттік мекемелердің қаражаты	19	778 311	878 665	1 071 642
Пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бааланатын қаржы міндеттемелері	7	4 202	10 628	2 276
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	20, 37	653 393	462 817	499 812
Ағымдағы салық міндеттемесі	21	946	12 358	11 539
Кейінге қалдырылған салық міндеттемесі	21	59 799	74 147	71 400
Резервтер	24	11 695	13 773	13 193
Сақтандыру міндеттемелері	16	273 065	223 308	194 195
Қайта сақтандыру бойынша міндеттемелер		5 321	1 711	3 535
Өзге міндеттемелер	22	242 756	193 405	170 431
Сатуға арналған активтерге тікелей қатысты міндеттемелерге дейінгі міндеттемелердің жиынтығы		12 958 992	12 382 860	10 511 430
Сатуға арналған активтерге тікелей қатысты міндеттемелер	15	58 422	-	-
МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІҢ ЖИЫНЫ		13 017 414	12 382 860	10 511 430

* Салыстырмалы ақпарат 46 ескертуіне сәйкес қайта есептелді

Қоса беріліп отырған ескертулер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

2023 жылғы
31 желтоқсанда
аяқталған жыл іші
шоғырландырылған
қаржылық есептілігі
және Тәуелсіз
аудиторлар есебі

2023 және 2022 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржы жағдайы туралы
шоғырландырылған есеп (миллион теңгемен)

	Ескерту	2023 ж. 31 желтоқсан	2022 ж. 31 желтоқсан (қайта есептелді)*	2022 ж. 1 қаңтар (қайта есептелді)*
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ				
КАПИТАЛ				
Жарғылық капитал	23	209 027	209 027	209 027
Эмиссиялық кіріс		8 667	7 966	9 067
Сатып алынған меншікті акциялар	23	(258 514)	(260 535)	(259 322)
Бөлінбеген пайда және басқа резервтер		2 517 764	2 055 775	1 700 190
Топ иелеріне қатысты капиталдың жиыны		2 476 944	2 012 233	1 658 962
Бақыламайтын үлес		10	9	8
КАПИТАЛДЫҢ ЖИЫНЫ		2 476 954	2 012 242	1 658 970
МІНДЕТТЕМЕНІҢ ЖИЫНЫ ЖӘНЕ КАПИТАЛ		15 494 368	14 395 102	12 170 400

Басқарманың атынан:

Умут Б. Шаяхметова
Басқарма Төрағасы

2024 жылғы 13 наурыз
Қазақстан, Алматы қаласы

Павел А. Чеусов
Бас Бухгалтер

2024 жылғы 13 наурыз
Қазақстан, Алматы қаласы

* Салыстырмалы ақпарат 4б ескертуіне сәйкес қайта есептелді

Қоса беріліп отырған ескертулер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

**2023 және 2022 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржы жағдайы туралы
шоғырландырылған есеп (миллион теңгемен)**

	Ескертулер	2023 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2022 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл (қайта есептелді)*
Тіімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып есептелген пайыздық кірістер	25, 37	1 627 018	1 220 643
Басқа пайыздық кірістер	25	42 764	27 005
Пайыздық шығыстар	25, 37	(859 285)	(578 182)
КРЕДИТТІК ШЫҒЫНДАР БОЙЫНША ШЫҒЫСТАРҒА ДЕЙІНГІ ТАЗА ПАЙЫЗДЫҚ КІРІС	25	810 497	669 466
Кредиттік шығындар бойынша қалпына келтіру/(күру)	5, 8, 10, 11	(90 665)	(106 929)
ТАЗА ПАЙЫЗДЫҚ КІРІС		719 832	562 537
Қызметтер және комиссиялар бойынша кірістер	26	200 060	180 066
Қызметтер және комиссиялар бойынша шығыстар	26	(99 704)	(96 099)
ҚЫЗМЕТТЕР ЖӘНЕ КОМИССИЯЛАР БОЙЫНША ТАЗА КІРІСТЕР		100 356	83 967

* Салыстырмалы ақпарат 46 ескертуіне сәйкес қайта есептелді

Қоса беріліп отырған ескертулер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Консолидированный отчет о финансовом положении
По состоянию на 31 декабря 2023 и 2022 гг. (в миллионах тенге)

	Ескертулер	2023 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2022 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл (қайта есептелді)*
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері мен міндеттемелер бойынша таза пайда/(шығын)	27	72 594	(525)
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінен іске асырылған таза шығын		(4 055)	(1 275)
Шетел валютасымен операциялардан түсетін таза пайда	28	90 114	177 893
Сақтандырудан түсетін кірістер	29	239 189	194 876
Қауымдастырылған ұйымның пайдасындағы үлесі	37	13 593	9 708
Банктік емес қызметтен кірістер	31	23 582	25 554
Басқа да шығыстар		(34 884)	(2 170)
ӨЗГЕ ПАЙЫЗДЫҚ ЕМЕС КІРІСТЕР		400 133	404 061
Операциялық шығыстар	30	(216 888)	(193 018)
Қаржылық емес активтердің құнсыздануын қалпына келтіру/(шығын)		483	(1 044)
Негізгі құралдардың құнсыздануын қалпына келтіру	24	-	5 103
Басқа кредиттік шығындар бойынша қалпына келтіру/(кредиттік шығындар бойынша басқа да шығыстар)	24	1 563	78
Еншілес ұйымның шығуынан болған шығын	2	-	(19 242)
Сатуға арналған активтердің құнсыздануынан шығын	15	(3 781)	-
Сақтандыру қызметтеріне шығыстар	29	(131 847)	(115 968)
Қайта сақтандыру бойынша таза шығыстар	29	(55 077)	(51 278)
ПАЙЫЗДЫҚ ЕМЕС ШЫҒЫСТАР		(405 547)	(375 369)
САЛЫҚ САЛЫНҒАНҒА ДЕЙІНГІ ПАЙДА		814 774	675 196
ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫС	21	(121 338)	(105 718)

* Салыстырмалы ақпарат 46 ескертуіне сәйкес қайта есептелді

Қоса беріліп отырған ескертулер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

2023 жылғы
31 желтоқсанда
аяқталған жыл іші
шоғырландырылған
қаржылық есептілігі
және Тәуелсіз
аудиторлар есебі

Консолидированный отчет о финансовом положении
По состоянию на 31 декабря 2023 и 2022 гг. (в миллионах тенге)

	Ескертулер	2023 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2022 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл (қайта есептелді)*
ТАЗА ПАЙДА		693,436	569,478
Келесілерге қатысты:			
Бақыламайтын үлеске		1	1
Жай акционерлерге		693 435	569 477
		693 436	569 478
АКЦИЯҒА ШАҚҚАНДАҒЫ ПАЙДА (ТЕҢГЕМЕН)			
Акцияға шаққандағы базалық және таратылған пайда	30	63,65	52,29

Басқарманың атынан:

Умут Б. Шаяхметова
Басқарма Төрағасы

2024 жылғы 13 наурыз
Қазақстан, Алматы қаласы

Павел А. Чеусов
Бас Бухгалтер

2024 жылғы 13 наурыз
Қазақстан, Алматы қаласы

* Салыстырмалы ақпарат 46 ескертуіне сәйкес қайта есептелді

Қоса беріліп отырған ескертулер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

**2023 және 2022 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өзге жиынтық кіріс туралы
шоғырландырылған есеп (миллион теңгемен)**

	2023 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2022 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл (қайта есептелді)*
ТАЗА ПАЙДА	693 436	569 478
Өзге жиынтық кіріс:		
Кейіннен пайда мен шығындар құрамына қайта жіктелмейтін баптар:		
Негізгі құралдарды қайта бағалаудан болған (шығын)/пайда (2023 және 2022 жж. – тиісінше нөл миллион теңге, 4,078 миллион теңге салықты шегергенде)	(13)	17 693
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын үлестік қаржы активтерін қайта бағалаудан болған (шығын)/пайда	(202)	403
Кейіннен пайда мен шығындар құрамына қайта жіктелуі мүмкін баптар:		
Кезең ішінде құнсыздандуды қоса алғанда өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық қаржы активтерін қайта бағалаудан түскен пайда/(шығын) (2023 және 2022 жж. – нөл теңге – салықты шегергенде)	48 308	(104 028)
Кезең ішінде өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің шығарылуы нәтижесінде пайда мен шығындар құрамына қайта жіктелді (2023 және 2022 жж. – нөл теңге – салықты шегергенде)	4 055	1 274
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық қаржы активтерін қайта бағалаудан қауымдастырылған ұйымның өзге жиынтық кірісінің/(шығынының) үлесі	1 189	(1 477)
Негізгі құралдарды қайта бағалаудан қауымдастырылған ұйымның өзге жиынтық кірісінің үлесі	24	23
Шетелдік қызметті қайта есептеудің бағамдық айырмасы	(8 283)	13 136
Минус: шетелдік қызметтің шығуынан пайда мен шығындар құрамына қайта жіктелген пайда	-	(6 976)
	(8 283)	6 160
Жыл ішіндегі өзге жиынтық кіріс/(шығын)	45 078	(79 952)

* Салыстырмалы ақпарат 46 ескертуіне сәйкес қайта есептелді

Қоса беріліп отырған ескертулер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

2023 жылғы
31 желтоқсанда
аяқталған жыл іші
шоғырландырылған
қаржылық есептілігі
және Тәуелсіз
аудиторлар есебі

2023 және 2022 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өзге жиынтық кіріс туралы
шоғырландырылған есеп (миллион теңгемен)

	2023 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2022 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл (қайта есептелді)*
Жыл ішіндегі жиынтық кіріс жиыны	738 514	489 526
Мыналарға қатысты:		
Бақыламайтын үлеске	1	1
Жай акционерлерге	738 513	489 525
	738 514	489 526

Басқарманың атынан:

Умут Б. Шаяхметова
Басқарма Төрағасы

2024 жылғы 13 наурыз
Қазақстан, Алматы қаласы

Павел А. Чеусов
Бас Бухгалтер

2024 жылғы 13 наурыз
Қазақстан, Алматы қаласы

* Салыстырмалы ақпарат 4б ескертуіне сәйкес қайта есептелді

Қоса беріліп отырған ескертулер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады...

2023 және 2022 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар іші капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп (миллион теңгемен)

2023 жылғы
31 желтоқсанда
аяқталған жыл іші
шоғырландырылған
қаржылық есептілігі
және Тәуелсіз
аудиторлар есебі

	Жарғылық капитал Жай акциялар	Эмиссиялық кіріс	Өтеуі төлеп сатып алынған өз акциялары	Бағамдық айырма қоры*	Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерін қайта бағалау бойынша резерв*	Негізгі құралдарды қайта бағалау бойынша резерв*	Бөлінбеген пайда *	Капитал жиыны	Бақыламайтын үлес	Капитал жиыны
2022 ж. 31 желтоқсан (қайта есептелді)**	209 027	7 966	(260 535)	11 742	(78 649)	43 309	2 079 373	2 012 233	9	2 012 242
Таза пайда	-	-	-	-	-	-	693 435	693 435	1	693 436
Өзге жиынтық кіріс	-	-	-	(8 283)	53 350	11	-	45 078	-	45 078
Жиынтық кіріс жиыны	-	-	-	(8 283)	53 350	11	693 435	738 513	1	738 514
Өз акцияларын сатып алу (23-ескерту)	-	-	(1 509)	-	-	-	-	(1 509)	-	(1 509)
Өтеуі төлеп алынған өз акцияларын сату (23- ескерту)	-	701	3 530	-	-	-	-	4 231	-	4 231
Дивидендтер – жай акциялар (23-ескерту)	-	-	-	-	-	-	(276 524)	(276 524)	-	(276 524)
Бұрын қайта бағаланған негізгі құралдардың тозуы және шығуы нәтижесінде негізгі құралдарды қайта бағалау резервін есептен шығару	-	-	-	-	-	(2 195)	2 195	-	-	-
2022 ж. 31 желтоқсан	209 027	8 667	(258 514)	3 459	(25 299)	41 125	2 498 479	2 476 944	10	2 476 954

* Бұл сомалар Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есептің Бөлінбеген пайда және өзге резервтер бабына енгізілген.

** Салыстырмалы ақпарат 46 ескертуіне сәйкес қайта есептелді

2023 және 2022 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар іші капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп (миллион теңгемен)

	Жарғылық капитал Жай акциялар	Эмиссиялық кіріс	Өтеуі төлеп сатып алынған өз акциялары	Бағамдық айырма қоры*	Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерін қайта бағалау бойынша резерв*	Негізгі құралдарды қайта бағалау бойынша резерв*	Бөлінбеген пайда *	Капитал жиыны	Бақыламайтын үлес	Капитал жиыны
2022 ж. 1 қаңтар	209 027	9 067	(259 322)	5 582	25 115	27 521	1 556 606	1 573 596	8	1 573 604
ХҚЕС (IFRS) 17-ге көшудің әсері (4b ескерту)	-	-	-	-	-	-	1 642	1 642	-	1 642
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерін қайта бағалаудың әсері (4b ескерту)	-	-	-	-	-	-	83 724	83 724	-	83 724
2022 ж. 1 қаңтар (қайта есептелді)	209 027	9 067	(259 322)	5 582	25 115	27 521	1 641 972	1 658 962	8	1 658 970
Таза пайда	-	-	-	-	-	-	569 477	569 477	1	569 478
Өзге жиынтық кіріс/(шығын)	-	-	-	6 160	(103 828)	17 716	-	(79 952)	-	(79 952)
Жиынтық кіріс/(шығын) жиыны	-	-	-	6 160	(103 828)	17 716	569 477	489 525	1	489 526
Өз акцияларын сатып алу (23-ескерту)	-	(1 101)	(6 044)	-	-	-	-	(7 145)	-	(7 145)
Өтеуі төлеп алынған өз акцияларын сату (23-ескерту)	-	-	4 831	-	-	-	-	4 831	-	4 831
Еншілес ұйымдардың шығуы (23-ескерту)	-	-	-	-	64	(272)	4 609	4 401	-	4 401

* Бұл сомалар Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есептің Бөлінбеген пайда және өзге резервтер бабына енгізілген.

** Салыстырмалы ақпарат 4b ескертуіне сәйкес қайта есептелді

2023 жылғы
31 желтоқсанда
аяқталған жыл іші
шоғырландырылған
қаржылық есептілігі
және Тәуелсіз
аудиторлар есебі

2023 және 2022 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар іші капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп (миллион теңгемен)

	Жарғылық капитал Жай акциялар	Эмиссиялық кіріс	Өтеуі төлеп сатып алынған өз акциялары	Бағамдық айырма қоры*	Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерін қайта бағалау бойынша резерв*	Негізгі құралдарды қайта бағалау бойынша резерв*	Бөлінбеген пайда *	Капитал жиыны	Бақыламайтын үлес	Капитал жиыны
Дивидендтер – жай акциялар (23-ескерту)	-	-	-	-	-	-	(138 341)	(138 341)	-	(138 341)
Бұрын қайта бағаланған негізгі құралдардың тозуы және шығуы нәтижесінде негізгі құралдарды қайта бағалау резервін есептен шығару	-	-	-	-	-	(1 656)	1 656	-	-	-
2022 Г. 31 ЖЕЛТОҚСАН	209 027	7 966	(260 535)	11 742	(78 649)	43 309	2 079 373	2 012 233	9	2 012 242

Басқарманың атынан:

Умут Б. Шаяхметова
Басқарма Төрағасы

2024 жылғы 13 наурыз
Қазақстан, Алматы қаласы

Павел А. Чеусов
Бас Бухгалтер

2024 жылғы 13 наурыз
Қазақстан, Алматы қаласы

* Бұл сомалар Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есептің Бөлінбеген пайда және өзге резервтер бабына енгізілген.

** Салыстырмалы ақпарат 46 ескертуіне сәйкес қайта есептелді

2023 және 2022 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп (миллион теңгемен)

	2023 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2022 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ БОЙЫНША АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:		
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінен алынған пайыздар	27 602	23 627
Ақшалай қаражат пен оның баламаларынан және кредиттік мекемелердегі қаражаттан алынған пайыздар	49 906	39 651
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінен алынған пайыздар	126 082	101 396
Күтілетін кредиттік залалдар бойынша резервтерді шегергенде амортизацияланған құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздардан алынған пайыздар	76 747	100 212
Клиенттерге берілген қарыздардан алынған пайыздар	1 318 173	962 950
Клиенттер қаражаты бойынша төленген пайыздар	(713 167)	(463 821)
Кредиттік мекемелердің қаражаты бойынша төленген пайыздар	(45 285)	(63 549)
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша төленген пайыздар	(32 542)	(38 247)
Алынған комиссиялар	199 058	179 994
Төленген комиссиялар	(98 886)	(91 836)
Сақтандырудан алынған кірістер	266 536	155 760
Қайта сақтандырушыға (табысталған)/алынған сақтандыру сыйлықақылары	(55 638)	(4 020)
Туынды қаржы құралдарынан түсімдер	28 831	12 798
(Төленген өзге шығыстар)/алынған өзге кіріс	(11 302)	23 388
Төленген операциялық шығыстар	(192 094)	(178 481)
Сақтандыру қызметтеріне шығыстар	(162 425)	(70 003)

2023 және 2022 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп (миллион теңгемен)

	2023 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2022 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Таза операциялық активтердегі өзгерістерге дейін операциялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың қозғалысы	781 596	689 819
Операциялық активтер мен міндеттемелер өзгерісі:		
Операциялық активтердің (азаюы)/ұлғаюы:		
Міндетті резервтер	14 678	(64 613)
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері	(81 550)	(55 480)
Кредиттік мекемелердегі қаражат	(41 711)	499 146
Клиенттерге берілген қарыздар	(1 552 968)	(1 905 013)
Сатуға арналған активтер	2 130	8 398
Сақтандыру шарттары бойынша активтер	(33 509)	(4 925)
Өзге активтер	9 378	32 229
Операциялық міндеттемелердегі ұлғаю /(азаю):		
Клиенттер қаражаты	531 724	1 893 578
Кредиттік мекемелер қаражаты	(87 520)	(267 386)
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы міндеттемелері	(6 426)	8 264
Сақтандыру міндеттемелері	84 506	(1 847)
Өзге міндеттемелер	47 121	34 687
ТАБЫС САЛЫҒЫН ТӨЛЕНГЕНГЕ ДЕЙІНГІ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСЕТІН АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫҢ ТАЗА ТҮСІМІ	(332 551)	866 857
Төленген табыс салығы	(153 512)	(101 754)
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСЕТІН АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫҢ ТАЗА ТҮСІМІ	(486 063)	765 103

2023 және 2022 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп (миллион теңгемен)

	Ескертулер	2023 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2022 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ БОЙЫНША АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:			
Еншілес ұйымдардың шығуы	2	-	(56 371)
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу және олар үшін алдын ала төлем		(44 845)	(30 547)
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатудан алынатын түсімдер		77	9 037
Инвестициялық жылжымайтын мүлікті сатудан түсім		3 396	3 672
Коммерциялық жылжымайтын мүлікті сатудан түсім		8 978	22 286
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерін сатудан түсімдер		653 043	368 482
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерін сатып алу		(898 450)	(650 761)
Күтілетін кредиттік залалдар бойынша резервтерді шегергенде амортизацияланған құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздарды сатудан түсімдер		289 170	287 399
Күтілетін кредиттік залалдар бойынша резервтерді шегергенде амортизацияланған құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздарды сатып алу		(9 343)	(25 640)
Коммерциялық жылжымайтын мүлік бойынша күрделі шығындар		(3 039)	(4 789)
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫҢ ТАЗА ЖЫЛЫСТАУЫ		(1 013)	(77 232)
ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:			
Өтеуі төлеп алынған өз акцияларын сатудан түсім		4 231	4 831
Өз акцияларын өтеуін төлеп сатып алу		(1 509)	(7 145)
Дивидендтер төлеу – жай акциялар		(276 524)	(138 341)
Борыштық бағалы қағаздарды өтеу және сатып алу	20	(140 705)	(177 600)
Борыштық бағалы қағаздарды шығарудан түсім	20	325 696	127 886
Жалдау міндеттемелерін өтеу		(2 273)	(3 077)
ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫҢ ТАЗА ЖЫЛЫСТАУЫ		(91 084)	(193 446)

2023 жылғы
31 желтоқсанда
аяқталған жыл іші
шоғырландырылған
қаржылық есептілігі
және Тәуелсіз
аудиторлар есебі

2023 және 2022 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп (миллион теңгемен)

	Ескертулер	2023 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2022 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Айырбастау бағамындағы өзгерістердің ақшалай қаражатқа және оның баламаларына әсері		(73 356)	95 885
Ақшалай қаражаттың және оның баламаларының таза өзгерісі		(651 516)	590 310
АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТ ПЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ, ЖЫЛ БАСЫНДА	5	2 028 831	1 438 521
АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТ ПЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ, ЖЫЛ СОҢЫНДА	5	1 377 315	2 028 831

2023 және 2022 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар іші Топ ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы шоғырландырылған есептен алынып, 12, 13, 15 және 21-ескертулерде ұсынылған, ақшалай емес аударымдарды жүргізді.

Басқарманың атынан:

Умут Б. Шаяхметова
Басқарма Төрағасы

2024 жылғы 13 наурыз
Қазақстан, Алматы қаласы

Павел А. Чеусов
Бас Бұхгалтер

2024 жылғы 13 наурыз
Қазақстан, Алматы қаласы

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тауелсіз аудиторлар есебі

1. ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ («Банк») және оның еншілес кәсіпорындары («Топ») корпоративтік клиенттер мен жеке клиенттерге Қазақстанда, Грузия мен Өзбекстанда банктік қызметтерді, лизингтік қызметтерді және Қазақстанда активтерді басқару жөніндегі қызметтерді, сақтандыру қызметтері мен брокерлік қызметтерді ұсынады. Банктің бастапқы мемлекеттік тіркеуден өту рәсімі Қазақстанның әділет органдарында 1994 жылғы 20 қаңтарда жүргізілді. Банк өз қызметін Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі банктік және басқа да операциялар және бағалы қағаздар нарығында қызмет жүргізу үшін 2023 жылғы 23 маусымда жаңартып қайта берген № 1.2.47/230/38/1 лицензияға сәйкес іске асырады. Банк «Қазақстандық депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ ұсынған салымдарды міндетті сақтандыру жүйесінің мүшесі болып табылады.

Банктің негізгі қызметі клиенттерге қарыздар мен кепілдіктер беру, депозиттер тарту, бағалы қағаздармен және шетел валютасымен операциялар жүргізу, ақша аудару, ақшалай қаражат пен төлем картонкаларымен операциялар жүргізу және басқа да банктік қызметтер көрсету болып табылады. Мұнымен қатар Банк Қазақстан Республикасы Үкіметінің эксклюзивтік емес агенті ретінде өз филиалдарының желісі арқылы халыққа зейнетақы төлеу және жәрдемақылар беру қызметін атқарады.

Банктің бағалы қағаздары Қазақстан қор биржасының («ҚКБ») және Astana International Exchange-тің негізгі листингісіне қосылған. Банктің жаһандық депозитарлық қолхаттары («ЖДҚ») Лондонның Қор биржасының, ҚКБ-ның және Astana International Exchange-тің негізгі листингісіне қосылған.

2023 және 2022 жж. 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Топ іс жүзінде «АЛМЭКС» холдингтік тобы» АҚ арқылы Тимур Құлыбаев пен оның зайыбы Динара Құлыбаеваның бақылауында тұр.

2023 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша, Банк өз қызметін Алматы қаласында орналасқан бас офисі және Қазақстан аумағында орналасқан 25 облыстық филиал, 119 аудандық филиал және 426 есеп айырысу-кассалық орталықтар, (2022 жылдың 31 желтоқсанында – сәйкесінше, 24, 120 және 428) арқылы іске асырды. Банктің ресми түрде тіркелген офисі Қазақстан Республикасы, А26М3К5, Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 40 мекенжайы бойынша орналасқан.

Топ жұмыскерлерінің іс жүзіндегі саны 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 16,833 жұмыскерді құрайды. 2022 жылғы 31 желтоқсанда – 16,325).

Топтың осы 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептілігін шығарылымға Басқарма 2024 жылғы 13 наурызда бекітті.

Сот талаптары

Топтың өз қызметін жүргізуі барысында клиенттер мен контрагенттер Топқа уақыт аралықтарында кінәрат талаптарын қойып отырады. Басшылықтың пікірінше, мұндай кінәрат талаптар бойынша іс жүргізілгенде Топқа елеулі шығын келтірілмейді, сондықтан шоғырландырылған қаржылық есептілікте бұл жағдай бойынша тиісті резервтер қарастырылмаған.

Операциялық орта

Қазақстанды қоса алғанда, дамушы елдердің нарықтары әдетте дамыған нарықтардан өзгеше экономикалық, саяси, әлеуметтік, соттық және заңнамалық тәуекелдерге ұшырап отыруы мүмкін. Қазақстанда бизнес жүргізуді реттеуші заңдар мен нормативтік актілер бұрынғысына айтарлықтай жиі өзгертіліп отыр және оларды еркін түсіндіру мүмкіндігі бар. Қазақстанның болашақ даму бағыты мемлекеттің жүргізетін салықтық және ақша-кредит саясатына, қабылданатын заңдар мен нормативтік актілерге, сондай-ақ еліміздегі саяси жағдайлардың өзгерістерімен байланысты.

Қазақстан мұнай және газды үлкен көлемде өндіруші және экспорттаушы ел болғандықтан, Қазақстанның экономикасы әлемдік нарықтағы мұнай мен газ бағасының өзгерістеріне өте сезімтал болып келеді. Сондай-ақ экономиканың жағдайына ірі инфрақұрылымдық жобаларға және елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы бойынша түрлі бағдарламаларға кететін мемлекеттік шығындар елеулі әсер етеді.

2022 жылдың басында Ресей Федерациясы мен Украина арасындағы әскери-саяси қақтығыс күшейе түсті. Нәтижесінде бірқатар елдер Ресей мен Беларусьқа қарсы экономикалық санкциялар, соның ішінде жаңа инвестицияларға тыйым салу және ірі қаржы институттарымен және көптеген мемлекеттік кәсіпорындармен өзара әрекеттесуді шектеу шараларын енгізді.

2023 жылы Brent маркалы мұнайдың орташа бағасы бір баррель үшін 83 АҚШ долларын құрады (2022 ж.: бір баррель үшін 101 АҚШ доллары). 2023 жылдың қорытындысы бойынша алдын ала бағалауға сәйкес Қазақстанның жалпы ішкі өнімінің («ЖІӨ») өсуі жылдық мәнде 4.9%-ды құрады (2022 ж.: 3.2%). 2023 жылы елдегі инфляция төмендеп, жылдық есептеуде 9.8%-ды құрады (2022 ж.: инфляция жылдық есептеуде 20.3%-ды құрады).

2023 жылы ҚР Ұлттық Банкі базалық мөлшерлемесі +/- 1.0 пайыздық шамамен жылдық 16.75%-дан 15.75%-ға дейін төмендетті. 2024 жылғы қаңтарда базалық мөлшерлеме +/- 1.0 пайыздық шамамен жылдық 15.25%-ға дейін төмендеді, 2024 жылғы ақпанда базалық мөлшерлеме +/- 1.0 шамамен жылдық 14.75%-ға дейін төмендеді. Сонымен қатар, геосаяси тәуекелдердің одан әрі дамуына және олардың Қазақстан экономикасына әсеріне байланысты белгісіздік сақталуда.

2023 және 2022 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (миллион теңгемен)

2023 жылғы
31 желтоқсанда
аяқталған жыл іші
шоғырландырылған
қаржылық есептілігі
және Тауелсіз
аудиторлар есебі

Ресейге қарсы санкциялардың әсері Топтың валюталық тәуекеліне шектеулі әсер етеді; ресейлік бағалы қағаздар мен ресейлік банктер бойынша тәуекелдер Топтың активтеріне қатысты материалдық емес болып табылады. Ресейлік банктерге қойылатын талаптар ностро шоттарындағы қалдықтардың шамалы көлемімен ұсынылған. Ресейлік бағалы қағаздар мен банктерге қатысты жалпы тәуекел 45,827 миллион теңгені құрайды, таза тәуекел 8,958 миллион теңгені құрайды. Іске асырылған геосаяси тәуекелдерден туындаған операциялық ортаның елеулі өзгерістеріне байланысты Банктің қаржылық тұрақтылығына кезектен тыс стресс-тестілеу жүргізілді. Стресс-тестілеу нәтижелері жеке қаржылық көрсеткіштердің біршама төмендегенін көрсетеді (күтілетін кредиттік залалдар бойынша резервтердің өсуі, таза пайданың төмендеуі және клиенттердің қаражатының кетуі). Сонымен қатар, Топтың меншікті капиталы мен өтімді активтері жеткілікті екенін ескере отырып, Топтың қаржылық жағдайының айтарлықтай нашарлауы және нормативтік талаптар мен нормалардың бұзылуы болжанбайды.

Операциялық ортадағы елеулі өзгерістер нәтижесінде Банктің ірі қарыз алушылары қызметінің қаржылық жай-күйінің айтарлықтай нашарлауы күтілмейді. Банктің клиенттері өздерінің жеткізу тізбегі мен логистикасына қажетті өзгерістер енгізе алды, сондай-ақ бұрын басталған инвестициялық жобаларды жүзеге асыруды жалғастыра және аяқтай алды.

Топ басшылығы экономикалық, саяси және геосаяси жағдайдағы ағымдағы өзгерістерді бақылайды және жақын болашақта Топтың тұрақтылығы мен бизнесін дамыту үшін қажет деп санайтын шараларды қолданады. Алайда, болған оқиғалардың салдары және олармен байланысты болашақ өзгерістер Топтың қызметіне айтарлықтай әсер етуі мүмкін.

Иелену үлесі

2023 және 2022 жж. 31 желтоқсандағы мәліметке сәйкес Топқа мына акционерлер иелік етті, олардың үлесі Топ шығарған капиталдың 5 %-нан асады:

2023 ж. 31 желтоқсан

	Барлық акциялар (жай акциялар)	Айналымдағы акциялардың жалпы көлеміндегі үлесі
«АЛМЭКС» холдингтік тобы» АҚ	7 583 538 228	69,6%
ЖДҚ ұстаушылары	3 109 586 880	28,5%
Өзгелері	209 046 483	1,9%
АЙНАЛЫМДАҒЫ БАРЛЫҚ АКЦИЯЛАР (ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН НЕГІЗДЕ)	10 902 171 591	100%

2022 ж. 31 желтоқсан

	Барлық акциялар (жай акциялар)	Айналымдағы акциялардың жалпы көлеміндегі үлесі
«АЛМЭКС» холдингтік тобы» АҚ	7 583 538 228	69,7%
ЖДҚ ұстаушылары	3 090 660 400	28,4%
Өзгелері	209 669 751	1,9%
АЙНАЛЫМДАҒЫ БАРЛЫҚ АКЦИЯЛАР (ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН НЕГІЗДЕ)	10 883 868 379	100%

2. ЕСЕПТІЛІКТІ ҰСЫНУ ҚАҒИДАТТАРЫ

Сәйкестік туралы мәлімдеме

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХКЕС») сәйкес әзірленді.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілігін Топ үздіксіз қызмет қағидатының негізінде әрекет етті және өз операцияларын жақын арадағы болашақта да жалғастырады деген болжаумен әзірленді. Осы бағалауды жүргізу барысында басшылық ағымдағы және болашақтағы экономикалық жағдайларға қатысты ақпараттың, ақшалай қаражаты, пайда мен капитал ресурстарының қозғалысы туралы болжамдарды қоса, үлкен спектрін қарады.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілігі акцияға шаққандағы пайдадан бөлек, егер басқасы көрсетілмеген болса, миллион қазақстандық теңгемен («теңге») ұсынылып отыр.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік әділ құн бойынша бағаланатын белгілі бір қаржы құралдарын және есеп саясатында төменде сипатталғандай, актуарлық есептеулер және тозу мен құнсыздануды шегергенде қайта бағаланған құны бойынша ескерілген белгілі бір негізгі құралдар негізінде ХКЕС 17-ге сәйкес орындалған құн бойынша есепке алынатын сақтандыру міндеттемелерін қоспағанда, тарихи құн қағидаты негізінде әзірленді.

Тарихи құн әдетте тауарлар мен қызметтерге ауыстырылып берілген сыйақының әділ құнының негізінде анықталады.

Әділ құн, құнның тікелей бақыланатын немесе бағалаудың басқа әдістемесін пайдалану арқылы, есептік амалмен алынған болып табылатынына қарамастан бағалау күніне активті сатқан кезде алынатын немесе нарықтың қатысушылары арасындағы кәдімгі мәміленің шеңберінде міндеттемені өткізу кезінде төленген құнды көрсетеді. Активтің немесе міндеттеменің әділ құнын бағалаған кезде, егер нарықтың қатысушылары, бағалау күніне активтің немесе міндеттеменің құнын қалыптастырған кезде осындай сипаттамаларды ескеретін болса, Топ, активтің немесе міндеттеменің сипаттамаларын ескереді. Әділ құн бойынша бағалау жүргізу және /немесе әділ құнды бағалауға қатысты ақпаратты ашу үшін, әділ құн осы шоғырландырылған қаржылық есептілігінде, ХКЕС («IFRS») 2 қолдану саласына жататын меншікті үлестік құралдардың негізінде төлемдері бар мәмілелерді, ХКЕС («IFRS») 16 қолдану саласына жататын лизингтік операцияларды, сондай-ақ әділ құнмен салыстырылатын, бірақ бұл ретте мысалы ХКЕС («IAS») 2-де мүмкін болатын жүзеге асырудың таза құны немесе ХКЕС («IAS») 36-да пайдаланудың құндылығы сияқты әділ құн болып табылмайтын бағаларды қоспағанда, жоғарыда көрсетілген тәсілмен анықталады.

Сонымен қатар, қаржылық есептілігін дайындау мақсаттары үшін әділ құнды бағалау, әділ құнның иерархиясының негізінде жіктеледі (1, 2 немесе 3-деңгей). Деңгейлер, нарықтық деңгейлердің негізінде әділ құнды тікелей анықтау мүмкіндігіне сәйкес келеді және жалпы әділ құнды бағалаған кезде пайдаланылған бастапқы деректердің маңыздылығын көрсетеді:

- 1-деңгейдің бастапқы деректері бағалау күніне Топ қол жеткізе алатын ұқсас активтердің немесе міндеттемелердің активті нарықтарында түзетулерді талап етпейтін баға белгіленімдерін білдіреді;
- 2-деңгейдің бастапқы деректері 1-деңгей үшін анықталған баға белгіленімдері болып табылмайды, бірақ кейбіреулері актив не міндеттеме үшін нарықта тікелей немесе жанама бақыланады; және
- 3-деңгейдің бастапқы деректері актив немесе міндеттеме бойынша бақыланбайтын бастапқы деректерді білдіреді.

Топ өзінің қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есебін өтімділік тәртібімен ұсынады. Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есеп берілгеннен кейінгі 12 айдың ішіндегі (ағымдағы) және қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есеп берілгеннен кейінгі 12 айдан жоғары мерзімдегі (ағымдағы емес) орнын толтырудың немесе өтеудің талдауы 31-ескертуде ұсынылған.

Атқарымдық валюта

Топтың барлық кәсіпорындарының қаржылық есептілігінің атқарымдық валютасы, компания өз қызметін атқаратын негізгі экономикалық ортаның валютасы болып табылады («Атқарымдық валюта»). Банктің атқарымдық валютасы теңге болып табылады. Осы шоғырландырылған қаржылық есептілігінің есептік валютасы да теңге болып табылады.

2023 және 2022 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (миллион теңгемен)

Шоғырландырылған еншілес кәсіпорындар

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік мынадай еншілес кәсіпорындарды қамтиды:

Еншілес кәсіпорындар	Қатысу үлесі, %		Елі	Саласы
	2023 ж. 31 желтоқсан	2022 ж. 31 желтоқсан		
«ХАЛЫҚ-ЛИЗИНГ» АҚ	100	100	Қазақстан	Лизинг
«ҚАЗТЕЛЕПОРТ» АҚ	100	100	Қазақстан	Телекоммуникациялар
«HALYK FINANCE» АҚ	100	100	Қазақстан	Брокерлік және дилерлік қызмет
«HALYK ИНКАССАЦИЯ» ЖШС	100	100	Қазақстан	Инкассациялау қызметтері
«HALYK-LIFE» АҚ	100	100	Қазақстан	Өмірді сақтандыру
«ХАЛЫҚ» САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ	99,99	99,99	Қазақстан	Сақтандыру
«ХАЛЫҚ БАНК ГРУЗИЯ» АҚ	100	100	Грузия	Банк
«ХАЛЫҚ БАНК ҚЫРҒЫЗСТАН» ААҚ*	100	100	Кыргызстан	Банк
«HALYK GLOBAL MARKETS» АҚ	100	100	Қазақстан	Брокерлік және дилерлік қызмет
«КУСА ХАЛЫҚ» ЖШС	100	100	Қазақстан	Күмәнді және үмітсіз активтерді басқару
«ХАЛЫҚ АКТИВ» ЖШС	100	100	Қазақстан	Күмәнді және үмітсіз активтерді басқару
«HALYK FINSERVICE» ЖШС	100	100	Қазақстан	Төлем карталары бойынша процессингтік операцияларды және басқа да байланысты операцияларды жүзеге асыру
«TENGE BANK» АҚБ	100	100	Өзбекстан	Банк

* 2023 жылғы 24 қазанда 15-ескертпеде көрсетілгендей «Халық Банк Кыргызстан» ААҚ акцияларының 100%-н сату туралы келісімге қол қойылды.

2023 және 2022 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (миллион теңгемен)

Еншілес ұйымдардың шығуы

2022 жылғы 16 қарашада Банк «Тәжікстан Халықаралық Банкі» ЖАҚ-мен «Халық Банк Тәжікстан» ЖАҚ («ХБТ») акционерлік капиталындағы 100% сату туралы келісімге қол қойды. 2022 жылғы 1 желтоқсанда Банк ХБТ-ның 100% акциясын сату рәсімін аяқтады. Топ еншілес ұйымның шығуы нәтижесінде 462 миллион теңге шығынға ұшырады.

2022 жылғы 18 қарашада сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес Банк әрқайсысының номиналды құны 450 рубль болатын 7,923,455 қарапайым атаулы акциялар санындағы акцияларды сатты, бұл «Москоммерцбанк» коммерциялық Банкі АҚ («МКБ») жарғылық капиталының 100% құрайды. 2022 жылғы 20 желтоқсанда Банк МКБ акцияларының 100% сату рәсімін аяқтады. Топ 18,780 миллион теңге көлемінде шығынға ұшырады.

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші еншілес компаниялардың шығуынан болған шығын Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігінде алынған сыйақы мен еншілес компаниялардың таза активтерінің құны арасындағы айырмашылықты білдіреді.

«Москоммерцбанк» коммерциялық банкі АҚ пен «Халық Банк Тәжікстан» ЖАҚ-тың шығуынан ақшалай қаражаттың таза шығуы:

	МКБ шығуы	ХБТ шығуы	Жиыны
Еншілес кәсіпорындарды сатудан алынған сыйақы сомалары	7 300	2 596	9 896
Минус: шыққан ақшалай қаражат пен оның баламалары	(57 991)	(8 276)	(66 267)
АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫҢ ТАЗА ЖЫЛЫСТАУЫ	(50 691)	(5 680)	(56 371)

«Москоммерцбанк» коммерциялық банкі АҚ пен «Халық Банк Тәжікстан» ЖАҚ-тың шығуынан болған шығын:

	МКБ шығуы	ХБТ шығуы	Жиыны
Еншілес кәсіпорындарды сатудан алынған сыйақы сомалары	7 300	2 596	9 896
Шетелдік еншілес ұйымдар шыққан кезде пайда немесе залал санатына қайта жіктелген бағамдық айырмашылықтар	(5 400)	(1 576)	(6 976)
Минус: шыққан еншілес ұйымдардың таза активтерінің баланстық құны	(20 080)	(1 482)	(22 192)
ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАРДЫҢ ШЫҒУЫНАН ШЫҒЫН	(18 780)	(462)	(19 242)

Топ басшылығы осы еншілес ұйымдардың шығуы Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер еткен жоқ деп есептейді, осыған байланысты бұл ақпаратты 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігінде ашпайды.

3. ЕСЕП САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ

Шоғырландыру қағидаттары

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік Банктің және Банк бақылайтын кәсіпорындардың (оның еншілес кәсіпорындарының) қаржылық есептіліктерінен құралған. Егер Банкте:

- кәсіпорын – инвестициялар нысанына қатысты билік өкілеттіктер болса;
- кәсіпорын – инвестициялар нысанының ауыспалы нәтижелері бойынша құқықтары болса /тауекелдер арқаласа; және
- ауыспалы нәтиженің көлеміне ықпал ету мақсатында кәсіпорын – инвестициялар нысанына қатысты билік өкілеттікті пайдалана алатын болса, Компания бақылауда болып саналады.

Егер фактілер немесе жағдайлар жоғарыда көрсетілген үш бақылау элементтерінің біреуінде немесе одан көбінде өзгерістер болғандығын көрсететін болса, Банк оның инвестициялар нысанына бақылауының болуына баға жүргізеді.

Инвестициялар нысанының дауыс беруші акцияларының көбісі Банкке тиесілі болмаса, кәсіпорын – инвестициялар нысанының елеулі қызметін жеке-дара басқару мүмкіндігін беру үшін Банкке жеткілікті дауыс беру құқығы тиесілі болған жағдайда, ол кәсіпорын – инвестициялар нысанына қатысты жеткілікті билік құқығына ие болады. Кәсіпорын – инвестициялар нысанына ықпал ету өкілеттігіне ие болуына Банктің дауыс беру құқығы жеткілікті екендігін бағалағанда Банк барлық маңызды фактілер мен мән-жайларды қарастырады, мыналарды қоса:

- басқа ұстаушылардың дауыс беруінің үлестері мен бөлінуімен салыстырғанда дауыс беру құқығы бар Банк акцияларының үлесін;
- басқа дауыс беру ұстаушыларына немесе басқа тараптарға, Банкке тиесілі ықтимал дауыс беру құқықтары;
- басқа шарттық келісімдерден туындайтын құқықтар; және
- басқарушылық шешім, сонымен қатар акционерлердің алдыңғы жиналыстарында дауыстарды бөлу қажет болған сәтте Банктің елеулі қызметті басқару мүмкіндігінің бар немесе жоқтығын көрсететін кез келген қосымша фактілер мен мән-жайлар.

Банк еншілес кәсіпорынға бақылау алғанда еншілес кәсіпорынды шоғырландыру басталады және бақылау аяқталған сәтте тоқтатылады. Соның ішінде, бір жылдың ішінде сатып алынған

немесе сатылған еншілес кәсіпорынның табыстары мен шығыстары, Банк бақылауды алған сәттен бастап Банк осы еншілес кәсіпорынды бақылауды тоқтататын күнге дейін пайда немесе залал және өзге жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепке енгізіледі.

Пайда немесе залал және өзге жиынтық кірістің әр компоненті Банк акционерлері мен бақыламайтын үлестер арасында бөлінеді. Еншілес кәсіпорындардың жалпы жиынтық кірісі бұл келген бақыламайтын үлестер бойынша теріс қалдықтын туындауына әкеліп соқса да Банк акционерлері мен кез келген бақыламайтын үлестер арасында бөлінеді.

Қажет болғанда, еншілес кәсіпорындардың қаржылық есептілігіне түзетулер енгізіледі, бұл олардың пайдаланатын есепке алу саясаты қағидаттарын Топ пайдаланатын есеп саясаты қағидаттарымен сәйкестікке келтіру мақсатында жүргізілді.

Шоғырландыру кезінде барлық топшілік активтер мен міндеттемелер, меншікті капитал, пайда, шығындар мен Топ кәсіпорындарының арасындағы операциялар бойынша ақшалай қаражаттың қозғалысы алынып тасталады.

Топтың еншілес кәсіпорындарында иелік ететін үлесінің өзгерістері

Топтың еншілес кәсіпорындарға бақылауын жоғалтуға әкеп соқпайтын еншілес кәсіпорындардағы Топтың қатысу үлесіндегі өзгерістер меншікті капиталда есепке алынады. Топ үлестерінің және еншілес кәсіпорында бақыламайтын иелік ету үлестерінің баланстық құны осы үлестер қатынастарының өзгеруін ескере отырып түзетіледі. Бақыламайтын үлестер түзетілетін сомалар және төленген немесе алынған сыйақының әділ құны арасындағы кез келген айырма Топ акционерлерінің меншікті капиталында көрінеді. Бақыламайтын үлестің акционерлерімен мәмілелер қаржылық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың қозғалысында көрсетілген.

Топ еншілес кәсіпорынды бақылаудан айырылған жағдайда, пайда мен шығын, пайда мен шығын туралы шоғырландырылған есепте көрсетіліп, (i) алынған сыйақының әділ құны мен қалған үлестің әділ құны және еншілес кәсіпорынның активтерінің (ii) баланстық құны (гудвиллды қоса) мен міндеттемелері, сондай-ақ бақыламайтын үлестердің арасындағы айырма ретінде есептелінеді. Осындай еншілес кәсіпорынға жататын, өзге жиынтық кіріс құрамында танылған сомалар Топ еншілес кәсіпорынның тиісті активтері мен міндеттемелерін тікелей сатқандай болғанда есепке алынады (яғни пайда немесе залал бойынша қайта жіктеледі немесе ХҚЕС бойынша қарастырылған/руқсат етілгендей капиталдың басқа санатына жатқызылады). Бақылауды жоғалту күнінде бұрынғы еншілес кәсіпорынға қалған инвестициялардың әділ құны бастапқы танылу кезіндегі ХҚЕС (IFRS) 9-ға сәйкес әділ құн ретінде немесе (қолданылатын жағдайларда) қауымдастырылған ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға инвестициялардың бастапқы құны ретінде қабылданады.

2023 жылғы
31 желтоқсанда
аяқталған жыл іші
шоғырландырылған
қаржылық есептілігі
және Taxulcia
аудиторлар есебі

Ақшалай қаражат пен оның баламалары

Ақшалай қаражат пен оның баламаларына кассадағы қолма-қол ақша, корреспонденттік шоттардағы бос ақша қалдығы, кредит мекемелеріндегі қаражат және бастапқы өтеу мерзімі үш айдан аспайтын кері РЕПО келісімі бойынша қаражат жатқызылады.

Міндетті резервтер

Міндетті резервтер Қазақстан, Грузия, Өзбекстан Ұлттық Банктеріндегі және Ресей Федерациясының Орталық банкіндегі корреспонденттік шоттардағы қаражаттан және Топтың күнделікті қызметін қаржыландыру үшін қол жетімді емес ақшалай қаражаттан құралады, осыған байланысты бұл қаражат ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы шоғырландырылған есепте ақшалай қаражат пен оның баламасы деген бапқа қосылмайды.

Кредит мекемелеріндегі қаражат

Топ өз қызметін жүргізу барысында басқа банктерде қолдануы шектелген ағымдағы шоттарды ашады немесе белгілі бір мерзімдік кезеңге ақша салымдарын орналастырады. Кредит мекемелеріндегі өтеу мерзімі белгіленген қаржы кейін тиімді пайыздық мөлшерлеме әдістемесін пайдалану арқылы амортизацияланған құны бойынша бағаланады. Белгіленген өтеу мерзімі жоқ қаржы бастапқы құнымен есепке алынады. Кредит мекемелеріндегі қаражат күтілетін кредиттік залалдар бойынша кез келген резервті шегеру арқылы есепке алынады.

Қаржы құралдарын тану және бағалау

Тиісті қаржы құралына қатысты шарт бойынша Топ тараптардың бірі болған жағдайда қаржы активтері мен қаржы міндеттемелері Топтың қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі. Топ ұдайы сипаттағы қаржылай активтер мен міндеттемелерді сатып алулар мен өткізулерді есептесу күніндегі есепке алу әдісімен көрсетеді. Осындай әдіспен сатып алынған, кейіннен әділ құнымен бағаланатын қаржы құралдары мәміле жасалған сәттен бастап есеп айырысу белгіленген күнге дейін сатып алынған құралдар сияқты есепке алынады.

Қаржы активтері мен қаржы міндеттемелері бастапқыда әділ құны бойынша көрсетіледі. Қаржы активтерін және қаржы міндеттемелерін сатып алумен немесе шығарумен тікелей байланысты транзакциялық шығындар (пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерінен басқа) бастапқыда танылғанда қаржы активтерінің

немесе қаржы міндеттемелерінің әділ құнын тиісінше ұлғайтады немесе азайтады. Қаржы активтерін немесе қаржы міндеттемелерін сатып алуға тікелей қатысты, пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін транзакциялық шығындар тікелей пайдаға немесе шығынға жатқызылады. Қаржы активтері мен қаржы міндеттемелері құнын одан әрі бағалау үшін пайдаланылатын бухгалтерлік есеп қағидаттары есеп саясатының төмендегі сипатталған тиісті ережелерінде ашылады.

Қаржы активтері

Барлық қаржы активтері қаржы активін сату немесе сатып алу, талаптары тиісті нарықта белгіленген мерзімде жеткізуді талап ететін келісімшарт бойынша жүзеге асырылғанда, мәміле жасалған күні танылады және тану тоқтатылады және бастапқыда пайда немесе залал арқылы әділ құны («ПШАӘҚ») бойынша бағаланатын ретінде жіктелетін қаржы активтерін қоспағанда, транзакциялық шығынға қоса әділ құны бойынша бағаланады. ПШАӘҚ бойынша бағаланатын ретінде жіктелген қаржы активтерін сатып алуға тікелей байланысты мәміле бойынша шығындар дереу пайда немесе залалмен бірге танылады.

«Қаржы құралдары» ХКЕС (IFRS) 9-ға сәйкес танылған барлық қаржы активтері қаржы активтерін басқаруға арналған ұйымның бизнес үлгісіне және қаржы активтерінің ақша ағындарының шарттық сипаттамаларына негізделген амортизацияланған құны немесе әділ құны бойынша бағалануы тиіс.

Бұл ретте:

- *Шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін активтерді ұстап қалу.* Бұл бизнес-үлгі қаржы құралдарының қаржы құралдарының қызмет ету мерзімі ішінде негізгі соманы және пайыздық төлемдерді алу арқылы ақшалай қаражат қозғалысын жүзеге асыруға мүмкіндік береді деп болжайды. Осы бизнес-үлгі шегінде қаржы активін өтеуге дейін ұстап тұру басымдық болып табылады, алайда мерзімінен бұрын жүзеге асыруға тыйым салынбайды.
- *Шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін активтерді ұстап қалу және қаржы активтерін сату.* Бұл бизнес-үлгі қаржы активтерін басқару шарттық ақшалай қаражаттың ағындарын алуға және қаржы активтерін сатуға бағытталған деп болжайды. Осы бизнес-үлгі шеңберінде қаржы активін сатудан қолма-қол ақшаны алу - «Шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін активтерді ұстап қалу» бизнес-үлгісімен салыстырғанда сатудың жоғары жиілігі мен сату көлемімен сипатталатын басымдық болып табылады.

2023 және 2022 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (миллион теңгемен)

2023 жылғы
31 желтоқсанда
аяқталған жыл іші
шоғырландырылған
қаржылық есептілігі
және Тауелсіз
аудиторлар есебі

- Басқа мақсаттар үшін активтерді ұстап қалу. Осы бизнес-үлгі шеңберінде қаржы активтерін басқару мақсаты мыналар болуы мүмкін:
 - қаржы активтерін сату арқылы ақшалай қаражат ағындарын жүзеге асыруды басқару;
 - күнделікті қаржыландыру қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін өтімділікті басқару;
 - басқару мен нәтижелілікті бағалау әділ құн негізінде жүзеге асырылатын портфель;
 - сауда-саттыққа арналған анықтамаға сай келетін портфель. Қаржы активтері саудаға арналған деп саналады, егер олар негізінен жақын уақытта сату (сатып алынған сәтке дейін), қысқа мерзімді пайда алу мақсатында сатып алынған болса (180 күнге дейін) немесе туынды қаржы құралдары болып табылса (хеджирлеу құралы ретінде анықталған қаржылық кепілдіктер немесе туынды қаржы құралдарын қоспағанда).

ХКЕС (IFRS) 9-ға сәйкес, қаржы активтері мынадай түрде жіктеледі:

- амортизацияланған құны бойынша бағаланатын активтер ретінде жіктелген банк қарыздары мақсаты шартпен көзделген негізгі қарыз сомасының шотына төленетін төлем және негізгі қарыздың өтелмеген бөлігіне пайыз болып табылатын ақша ағындарын алу болып табылатын бизнес-үлгі шеңберінде ғана ұсталынады, ол тек негізгі борыш сомасына төлемдер және пайыздық төлемдерді қамтиды («SPPI»);
- корреспонденттік шоттардағы қалдықтар, банкаралық қарыздар/депозиттер, РЕПО операциялары әдетте амортизацияланған құн бойынша бағаланатын актив ретінде жіктеледі, яғни бизнес үлгі шеңберінде басқарылады, оның мақсаты шартпен көзделген ақша ағындарын алу, соның ішінде SPPI;
- борыштық бағалы қағаздар таңдалған бизнес үлгіні және SPPI-ді сақтауды ескере отырып, үш жіктеу санатының кез келгеніне жатқызылуы мүмкін;
- үлестік бағалы қағаздар, әдетте, кезең ішіндегі пайда мен шығынның құрамында оның өзгерістерін көрсетіп, әділ құны бойынша бағаланатын құралдар санатына жіктеледі.
- саудаға арналған бағалы қағаздар және туынды қаржы құралдары кезең ішіндегі пайда мен шығын құрамында өзгерістерін көрсетіп, әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің санатына жіктеледі.

Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері немесе қаржы міндеттемелері

Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері мыналарды қамтиды:

- Шарттық ақша ағындары борыштың негізгі сомасы мен пайыздары есебіне төлемдерді ғана қамтымайтын активтер және/немесе
- Шартпен көзделген ақша ағындарын алу немесе осындай ағындарды алу және активті сату мақсатында ұсталатын активтерді қоспағанда, бизнес-үлгі бойынша ұсталатын активтер;
- Әділ құны бойынша опционды қолдану арқылы ПШАӘҚ бойынша бағаланатын санатқа жататын активтер;
- Қаржылық міндеттемелер, егер қаржылық міндеттеме не саудаға арналған болса, не пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде бағаланса, пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктеледі.

Қаржы міндеттемесі мына жағдайда саудаға арналған деп жіктелетін болады:

- егер ол негізінен жақын арада кері сатып алу үшін қабылданған болса;
- Топ бірлесіп басқаратын қаржы құралдарының сәйкестендірмелі портфелінің бір бөлігі болып табылса және осы нақты мақсаты қысқа мерзімді табыс әкелу болса; немесе
- хеджирлеу құралы ретінде жіктелмеген және қолданылмайтын туынды құрал болып табылса.

Пайда мен шығын арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтері немесе қаржы міндеттемелері шоғырландырылған қаржылық есептілікте әділ құны бойынша есепке алынады. Әділ құнның өзгерістері пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері және міндеттемелер бойынша таза (шығында)/пайдада көрсетіледі. Пайда ретінде табылған немесе шығын ретінде шегерілген пайыздар келісімшарт талаптарына сәйкес тиісінше пайыздық кірістерде немесе шығыстарда есептеледі, ал дивидендтер алу құқығы белгіленген жағдайда дивиденд бойынша тапқан пайда «Басқа да кірістер» деген жолда есепке алынады.

2023 жылғы
31 желтоқсанда
аяқталған жыл іші
шоғырландырылған
қаржылық есептілігі
және Тәуелсіз
аудиторлар есебі

Амортизацияланған құны бойынша немесе өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық құралдар

Топ активті басқару үшін пайдаланылатын Топтың бизнес үлгісі мен ақша ағындарының шартта көзделген сипаттамаларының негізінде қаржы активі жіктелуіне бағалау жүргізеді және баға береді.

Активтерді амортизацияланған құны бойынша немесе өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша жіктеу және бағалау үшін, тиісті шарттың талаптары борыштың негізгі сомасына және негізгі соманың өтелмеген бөлігі бойынша пайыздарды ғана қамтитын ақша ағынының пайда болуын қамтуы тиіс.

Белгіленген талаптарға сәйкес шартпен көзделген ақша ағынын тексеру кезінде, негізгі қарыздың негізгі сомасы қаржы активінің бастапқы танудан кейінгі әділ құны ретінде қарастырылады. Қаржы активінің мерзімі ішінде қарыздың негізгі сомасы өзгеруі мүмкін (мысалы, негізгі сомаға төлемдер болған жағдайда). Пайыздар белгілі бір уақыт кезеңі ішінде өтелмеген берешектің негізгі сомасына қатысты кредиттік тәуекел үшін, сондай-ақ кредиттеуге байланысты басқа да қарапайым тәуекелдер мен шығыстар, сондай-ақ пайдаға қатысты пайдаға арналған шығындардың өтелуін қамтиды. Негізгі және пайыздық төлемдер бойынша төлемдер қаржы активі көрсетілетін валютамен жүргізіледі.

Шартпен көзделген, өзіне тек борыштың негізгі сомасына және пайыз ретінде ғана төлемді қамтитын ақша ағындары негізгі кредит шартының талаптарына сәйкес келеді. Нәтижесінде, шартпен көзделген ақша ағындарының тәуекелі немесе құбылмалылығын тудыратын шарт талаптары негізгі кредит шартына қатысы жоқ, мысалы, акциялар немесе тауарлар бағасының өзгеру тәуекелі шартпен көзделген ақша ағынын тудырмайды, онда тек қана негізгі қарыз сомасына төлемдер және негізгі қарыз сомасының өтелмеген бөлігі қамтылады. Құрылған немесе сатып алынған қаржы активі оның заңды нысанда қарыз болып табылатынына қарамастан, негізгі кредит шарты болуы мүмкін.

Қаржы активтерін басқару үшін пайдаланылатын бизнес-үлгілер қаржы активін жіктеу үшін ХҚЕС (IFRS) 9 бірінші қолдану күнінде бағаланды. Бизнес үлгісі ретроспективті түрде Топтың ХҚЕС (IFRS) 9 алғашқы қолдану күніндегі балансында танылған барлық қаржы активтеріне қолданылды. Ұйым пайдаланатын бизнес-үлгі сол немесе басқа бизнес мақсатқа жету үшін топтастырылған қаржы активтерін басқару механизмін көрсететін деңгейде анықталады. Топтың бизнес-үлгісі басшылықтың жеке құралға қатысты ниетіне байланысты емес болғандықтан, бизнес-үлгісі бағалау жеке негізде емес, біріктірудің неғұрлым жоғары деңгейінде жүзеге асырылады.

Өзінің қаржы құралдарын басқару үшін Топ ақша ағындарын тудыру мақсатында, ақша қаржы активтерін басқару тетігін сипаттайтын бірнеше бизнес үлгілерді пайдаланады. Осы бизнес-

үлгілер Топтың ақша ағынының шартпен көзделген ақша ағындарын алудың, қаржы активтерін сатудың немесе екеуінің де нәтижесі болатынын анықтайды.

Бизнес-үлгіні бағалау кезінде Топ қолда бар барлық ақпаратты ескереді. Сонымен қатар, бағалау оның пайда болуын Топ болжамды түрде күтуге құқылы, мысалы, «нашар» сценарий немесе «күйзеліс» сценарийі тәрізді сценарийлер негізінде жасалмайды. Топ барлық тиісті деректерді ескереді, мысалы:

- осы бизнес-үлгі ұсталатын қаржы активтері мен бизнес-үлгісінің тиімділігін бағалау тетігі және негізгі басқарушы персоналға есеп беру;
- бизнес-үлгінің (осы бизнес-үлгі бойынша ұсталатын қаржы активтерінің) тиімділігіне және тәуекелдерді басқару әдісіне әсер ететін тәуекелдер; және де
- басшылыққа сыйақы төлеу тетігі (мысалы, сыйақы төлеу негіздері талданады: тиісті активтердің әділ құны немесе шартпен көзделген ақша ағымдары).

Қаржы активін бастапқы тану кезінде Топ жаңадан танылған қаржы активтері қолданыстағы бизнес үлгісінің бөлігі болып табыла ма соны анықтайды немесе жаңа бизнес үлгісінің пайда болуын көрсетеді. Топ алдыңғы кезеңдегі өзгерістерді анықтау үшін әрбір есепті кезеңде өзінің бизнес-үлгілерін қайта қарастырады. Ағымдағы есепті кезеңде Топ өзінің бизнес-үлгілерінде қандай да бір өзгерістерді анықтаған жоқ.

Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланған борыштық құралдарды тануды тоқтатқаннан кейін бұрын өзге жиынтық кіріс арқылы танылған жинақталған пайда/шығын меншікті капиталдан пайда немесе залал санатына қайта жіктеледі. Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланған санатқа жатқызылатын үлестік құралдарды тануды тоқтатқаннан кейін, керісінше бұрын өзге жиынтық кіріс құрамында танылған жинақталған пайда немесе залал, пайда немесе залал санатына қайта жіктелмейді, бірақ меншікті капиталдың басқа бабының құрамына ауыстырылады. Бастапқы танудан кейін амортизацияланған құны бойынша немесе өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық құралдар құнсыздануға жатады.

2023 жылғы
31 желтоқсанда
аяқталған жыл іші
шоғырландырылған
қаржылық есептілігі
және Тәуелсіз
аудиторлар есебі

Қаржы активтерін қайта жіктеу

Топтың белгілі бір қаржы активтеріне сәйкес бизнес үлгісі өзгерген жағдайда, осындай активтер қайта жіктеледі. Жаңа санатқа жатқызу мен бағалауға қойылатын талаптар болашақта бірінші іскерлік модельдегі өзгерістерден кейін Топтың қаржы активтерін қайта жіктеуге әкелген бірінші есепті кезеңінің бірінші күнінен бастап қолданылады. Шартпен көзделген ақша ағындарындағы өзгерістер төмендегі есеп саясатына («Қаржы активтерін өзгерту және тануды тоқтату») сәйкес талданады.

Қаржы активтерін түрлендіру және тануды тоқтату

Қаржы активі бастапқы тану күні мен қаржы активін өтеу күнінің арасында активтің ақша ағындарын реттейтін шарт талаптарын қайта қарау немесе басқа түрдегі өзгерту болған жағдайда өзгертіледі. Өзгеріс шартпен көзделген ақша ағындарының сомасына және/немесе мерзіміне дәл сол уақыт сәтінде немесе болашақта уақыт сәтінде әсер етеді. Сонымен қатар, бұрыннан бар қарыз бойынша қолданыстағы ковенанттарды енгізу немесе түзету мұндай жаңа немесе түзетілген ковенанттар ақша ағындарына дереу әсер етпесе де өзгерістерді білдіреді, бұл ретте, олар сақталмаған болса, ақша ағындарына да әсер етуі мүмкін (мысалы, ковенантты бұзған жағдайда қарыз бойынша пайыздық мөлшерлеме артуы мүмкін).

Мүмкіндігінше, Топ қамтамасыз етуден күн өндірмей-ақ қарыздарды қайта құрылымдауды көздейді. Мұндай қайта құрылымдау өтеу мерзімін ұзартуды және жаңа несие шарттарын келісуді қамтиды. Талаптар қайта қаралғаннан кейін, құнсыздану шарттардың өзгеруіне дейін есептелген бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып бағаланады, ал несие мерзімі өткен деп есептелмейді. Басшылық барлық критерийлердің орындалуын және болашақ төлемдер өте жоғары деңгейде болуын қамтамасыз ету үшін қайта қаралған шарттармен несиені тұрақты түрде бақылайды. Қарыздар қарыз бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалану арқылы жеке немесе ұжымдық түрде құнсыздану бойынша бағаланады. Қайта қарастырылған талаптар қаржылық жағдайдағы нашарлауы бар жеке негізде құнсыздануға бағаланған қарыздардың құнсыздануының дәлелі болып табылады.

Топ қаражаттың қайтарылуын барынша жоғарылату және дефолт тәуекелін азайту үшін қарыз алушымен қаржылық қиындықтар туындаған кезде клиенттерге берілген қарыздарды қайта қарайды. Санкциялардан бас тарту қарыз алушы түпнұсқа шарттық талаптарды орындауға барынша негізделген ықтимал шараларды қолданған жағдайда, әдепкі дефолт тәуекелінің бар екендігі немесе дефолттың жоғары болуы немесе қарыз алушы қайта қаралған келісімшарттық талаптарды орындай алатыны күтіледі. Талаптарды қайта қарау көбінесе қарызды өтеу мерзімін ұзартуды, несие бойынша ақша ағынының мерзімін өзгертуді (негізгі қарыз сомасы есебіне төлемдер және пайыздар), сондай-ақ кредиторға тиесілі (негізгі қарыз сомасы бойынша берешек немесе пайыздарды кешіруді) ақша ағынының сомасын азайтуды және ковенантты түзетуді

қамтиды. Топта заңды тұлғаларға берілген қарыздарға, сондай-ақ жеке тұлғаларға берілген қарыздарға қатысты қолданылатын санкциялардан бекітілген бас тарту саясаты бар.

Қаржы активі өзгерген кезде Топ осы өзгерісті активті тануды тоқтатуға әкеп соға ма жоқ па соны бағалайды. Топтың саясатына сәйкес, егер түрлендіру шарт талаптарында елеулі айырмашылықтар тудырса, тануды тоқтатуға әкеп соқтырады. Өзгертілген шарттар бастапқы шарт талаптарынан айтарлықтай ерекшеленетінін анықтау үшін Топ сапалы факторларды талдайды. Мысалы, шартта көзделген талаптарды өзгерткеннен кейін ақша ағындары негізгі қарыз сомасы пен пайыздар бойынша төлемдерді қамтиды, шарт немесе контрагент валютасы өзгерді. Сондай-ақ пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру дәрежесі, өтеу мерзімі, ковенанттар да талданады.

Коммерциялық себептерге байланысты қаржы активін өзгерткен кезде, Топ әртүрлі сапалық факторларды (валютаның, пайыздық мөлшерлеменің, өтеу мерзімінің өзгеруі) ескереді және ескі қарызды тануды тоқтату және әділ құн бойынша жаңа қарызды тануды тоқтату керек пе деген қорытынды жасайды.

Қаржы активін тануды тоқтатқан жағдайда, ККЗ бойынша бағалау резерві осы күнге активтің таза баланстық құнын анықтау үшін тануды тоқтату күніне қайта бағаланады. Жаңа қаржы активінің қайта қаралған баланстық құны мен жаңа әділ құнның арасындағы айырмашылық жаңа талаптарға сәйкес пайданың туындауына әкеледі немесе тануды тоқтатудан шығын тудырады. Жаңа қаржы активіне қатысты ККЗ бойынша бағалау резервінің мөлшері, егер жаңа несие пайда болған кезде кредиттік-құнсызданған деп қарастырылатын жағдайларды қоспағанда, келесі 12 айдағы ККЗ мөлшері негізінде есептелетін болады. Бұл жаңа несиенің әділ құны оның қайта қаралған номиналды құнына айтарлықтай дисконтпен танылған кезде ғана қолданылады, себебі өзгеріс нәтижесінде төмендетілмеген дефолт тәуекелі жоғары болып қалады. Толығырақ ақпарат алу үшін 11-ескертуді қараңыз.

2023 жылғы
31 желтоқсанда
аяқталған жыл іші
шоғырландырылған
қаржылық есептілігі
және Тәуелсіз
аудиторлар есебі

Құнсыздану

Қаржы активтерінің құнсыздануы мынадай факторларды ескере отырып есептелді:

- ККЗ есептеу үшін Банк қарызды жеке және топтық негізде кредиттік тәуекелдің жалпы сипаттамаларына негізделген активтерді топтастырумен бағалайды.
- ККЗ - олардың ықтималдығы ескеріле отырып, кредиттік шығындардың сәйкес құнын бағалауды білдіреді. Бұл шығындардың бағалануы шарт бойынша Топқа тиесілі ақшалай қаражат ағындарының және тиісті актив үшін ТПМ арқылы дисконтталған бірқатар экономикалық сценарийлердің ықтималдығын талдау негізінде Топ алатын ақшалай қаражаттың ағыны арасындағы айырмашылықтың сәйкес құнын білдіреді.
- Есептеу шамадан тыс шығындарсыз немесе күш-жігерсіз алуға болатын ақылға қонымды және расталған ақпарат негізінде жүзеге асырылады. Кепілдендірілген қаржы активінің күтілетін болашақ ақша ағымдарының дисконтталған құнын есептеу ақшалай қаражаттың ағындарын көрсетеді, бұл кепілдік беруді алудың және сатудың құнын, сатып алудың ықтималдығы немесе ықтималсыздығы болған жағдайда өндіріп алудың нәтижесі болуы мүмкін. Резервтер Топтың өздерінің шығындарын талдау тәжірибесіне және басшылықтың борышқа қызмет көрсету мүмкіндігіне және қарыз алушының кредиттік тарихына негізделген несие тәуекелінің әрбір санаты бойынша активтермен танылуы ықтимал шығындар деңгейіне қатысты жорамалдарға негізделген.
- Қазынашылық операциялар (борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар, «көрі РЕПО» операциялары, банкаралық қарыздар мен депозиттер, корреспонденттік шоттар, қазынашылық операциялар бойынша дебиторлық берешек) бойынша құнсыздану есебі контрагенттің рейтингі, дефолт ықтималдығы, мәміле мерзімі және дефолт бойынша шығын деңгейін ескере отырып жасалады.
- Қазынашылық операциялар бойынша күтілетін несиелік шығындарды бағалау жеке негізде жүргізіледі (дебиторлық берешек түрінде белгілі бір талаптарды қоспағанда).

Қаржы активтері келесі тәсілге сәйкес қоржынға бөлінеді:

- 1-кезең: актив танылғаннан бергі уақытта кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюы болмаған кезде, алдағы 12 айдағы құнсызданудан күтілетін шығындар сомасында танылады;
- 2-кезең: актив танылған кезден бастап кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюы, құнсыздану қаржы активінің қызмет ету мерзімі ішінде күтілетін шығындар сомасында танылады;
- 3-кезең: қаржы активі дефолт болып табылады немесе құнсыздану белгісі бар.

Күтілетін кредиттік залалдар бойынша резервтер

Күтілетін кредиттік залалдарды бағалауды өлшемі мыналарға тең бағалау резервінің көмегімен жүргізу қажет:

- күтілетін шығындар келесі 12 айда, яғни, қаржы құралының барлық мерзімі ішінде несие шығындарының бөлігі, бұл есепті күннен кейінгі 12 ай ішінде болуы мүмкін құрал міндеттемелері бойынша міндеттемелерді орындамау салдарынан күтілетін кредиттік залалдар («1-кезең»);
- міндеттемелердің қолданылу мерзімі ішінде құрал бойынша міндеттемелерді орындамаудың барлық ықтимал жағдайларының нәтижесінде туындаған қаржы құралының бүкіл мерзімі ішінде күтілетін кредиттік залалдар шамасы («2-кезең» және «3-кезең»).

Кезеңдер туралы егжей-тегжейлі ақпарат 5, 8, 9, 10 және 11-ескертүлерде келтірілген.

Қаржы құралының бүкіл қолданылу мерзімі ішінде ККЗ-ның толық шамасының құрамында бағалау резервін құру үшін құралды бастапқы тану сәтінен бастап кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаюы жағдайында талап етіледі. Барлық басқа жағдайларда ККЗ-ға арналған резервтер ККЗ-ға 12 ай ішінде тең сомда қалыптастырылады.

- Пайдаланылмаған кредиттік қаражатқа сәйкес ККЗ Топ кредиттік қаражат іріктелген жағдайда алуды күтетін ақшалай қаражат ағыны және егер міндеттеме ұстаушы кредиттік қаражатты іріктеген кезде шарт бойынша Топқа тиесілі ақшалай қаражат ағындары арасындағы айырма құнын көрсетеді.
- Қаржылық кепілдік шарттарына қатысты ККЗ ұстаушыдан, қарыз алушыдан немесе кез келген басқа тараптан алатын соманы алып тастағанда, кепілдік берілген борыштық құралдың иесіне өтем төлеуге күтілетін төлемдер арасындағы айырманы көрсетеді.

ККЗ-ны бағалау жеке несиеге қатысты немесе тәуекелдің ұқсас сипаттамасы бар несие портфельдері бойынша жүргізіледі. ККЗ бойынша бағалау резервінің есебі (жеке немесе топтық негізде) бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені (бұдан әрі – «ТПМ») пайдаланып, актив үшін күтілетін ақша ағынының сәйкес құнының негізінде есептеледі.

ККЗ шамасын анықтаған кезде, дефолттың анықтамасын қолдану өте маңызды. Дефолтты анықтау ККЗ-ның сомасын бағалау үшін пайдаланылады және бағалау резерві келесі 12 айға немесе бүкіл кредиттеу мерзіміне есептелген бе, соны анықтау үшін қолданылады, себебі «дефолт» түсінігі ККЗ-ны бағалауға ықпал ететін және кредиттік тәуекелді айтарлықтай артуын анықтайтын «дефолт ықтималдығы» түсінігінің бір бөлігі болып табылады (4-ескертуде көрсетілген).

Негізделген болжамды ақпараттар туралы толығырақ мәлімет алу үшін 31-ескертуді қараңыз.

2023 және 2022 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (миллион теңгемен)

Өзара есепке алу

Қаржы активтері мен міндеттемелер бойынша өзара есепке алу жүргізіліп, таза сомасы есепке алынған сомаларды есептеуге заңды тұрғыдан құқығы болған кезде және нетто-негізде реттеуді жүргізу немесе бір мезетте активті сату және міндеттемені өтеу ниеті болған кезде қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі. Шығып кеткен болып танылмайтын қаржы активін есепке алу кезінде Топ берілетін активті және оған сәйкес міндеттемені өзара есепке алуды орындамайды. Егер ол қандай да бір стандарт немесе түсіндіру бойынша талап етілмесе немесе рұқсат етілмесе, пайда мен шығын бойынша өзара есепке алу жүргізілмейді және жеке Топтың есепке алу саясаттарында ашылмайды.

Кредиттік-құнсызданған қаржы активтері

Ақша ағындарына кері әсерін тигізетін бір немесе бірнеше оқиғалар болған жағдайдағы қаржы активтер, кредиттік-құнсыздандырылған деп есептелінеді. Кредиттік-құнсыздандырылған қаржы активтеріне «3-кезеңнің» активтер термині қолданылады. Кредиттік құнсыздану белгілері келесі оқиғалар бойынша бақыланатын деректерді қамтиды:

- қарыз алушының немесе кредитордың елеулі қаржылық қиындықтары;
- шарт талаптарының бұзылуы, мысалы, дефолт немесе төлем мерзімінің өтуі;
- кредитор өзге жағдайда ұсынбайтын, қарыз алушының қаржылық қиындықтарына байланысты экономикалық себептер немесе шарт талаптарына сәйкес қарыз алушыға қойылған талаптар;
- қаржылық қиындықтар салдарынан бағалы қағаздарға арналған белсенді нарықтың жоғалуы; немесе
- кредиттік шығындарды көрсететін үлкен жеңілдікпен қаржы активін сатып алу.

Кейбір жағдайларда жеке оқиғаны анықтау мүмкін емес, өйткені қаржы активінің кредиттік құнсыздануы бірнеше оқиғалардың жиынтық әсерінен болуы мүмкін. Әр есептік күнгі жағдай бойынша Топ амортизацияланған құны бойынша немесе басқа жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері болып табылатын, борыш құралдарының кредиттік құнсыздануына баға береді. Мемлекеттік және корпоративтік борыш құралдарының кредиттік құнсыздануын бағалау кезінде Топ облигациялардың кірістілігі, кредиттік рейтингтер және қарыз алушының қаржыландыру мүмкіндігін арттыру сияқты факторларды ескереді.

Қарыз, егер қарыз алушыға кеңшілік жасау нәтижесінде шартта көзделген ақша ағынына ие болмау тәуекелі айтарлықтай төмендегенде, айғақтар болмаған жағдайда қаржылық жағдайдың нашарлауына байланысты кеңшілік берілгенде және басқа да құнсыздану белгілері болмағанда кредиттік-құнсызданған деп саналады. Кеңшілік беру көзделген, бірақ ол берілмеген қаржы активтері, егер кредиттік-құнсызданудың байқалатын белгілері бар болса, оның ішінде дефолттың

анықтамасына сәйкес келсе, кредиттік құнсызданған деп саналады. Шартты Дефолтты анықтау төлем ықтималдығының жоқтығы мен төлем мерзімінің аяқталуын белгілейді (90 күн немесе одан кейін кешіктіру). Кросс-дефолтты қолдану туралы шешім клиенттің объектісінің шарттарын, мысалы, кредиттік тәуекелдің қамтамасыз етілуін және маңыздылығын жеке бағалауға негізделген.

Сатып алынған немесе құрылған кредиттік-құнсызданған қаржы активтері («СҚКҚ»)

СҚКҚ қаржы активтері өзгеше ескеріледі, өйткені мұндай актив бастапқы тану сәтінде кредиттік-құнсызданған болып табылады. Осы активтерге қатысты Топ бағалау резерві ретінде бастапқы тану күнінен бастап активтің күтілетін қолданылу мерзімі ішінде кредиттік шығындар мөлшерінің барлық өзгерісін таниды; бұл ретте, барлық өзгеріс пайда немесе залал құрамында көрсетіледі. Осындай активтердің күтілетін кредиттік залалдар шамасының оң өзгерісі болған жағдайда, құнсызданудан болған шығын танылады (кредиттік шығындар бойынша шығысты қалпына келтіру).

Қаржы активтері мен міндеттемелерді тануды тоқтату

Қаржы активтері

Қаржы активтерінің (немесе бұл орынды болған кезде, осындай қаржы активтерінің бір бөлігінің немесе осыған ұқсас қаржы активтері тобының бір бөлігінің) танылуын тоқтату мынадай жағдайда іске асырылады:

- егер активтен түскен ақшалай қаражат ағымын алу құқығының мерзімі аяқталған болса;
- Топ өзінің активтен ақшалай қаражат ағымын алу құқығын басқаға берген болса немесе активтен түскен ақшалай қаражаты ағымын алу құқығын сақтап қала отырып, бірақ оларды «аралық» келісімге сәйкес үшінші тарапқа көп кешіктірмей толық төлеу жөнінде міндеттеме қабылдаған жағдайда; және
- Топ іс жүзінде (а) актив бойынша тәуекелдің және сыйақының барлығын берген болса, не болмаса (б) актив бойынша тәуекелдің және сыйақының барлығын іс жүзінде ұстап қалмаған, бірақ активке бақылау жүргізуді берген болса.

Қаржы активі аударылғаннан кейін оны тану тоқтатылады және бұл аударым тануды тоқтату талаптарына сай болады. Аударуға сәйкес Топтан (а) актив бойынша ақша ағымдарын алуға келісімшарттық құқық беру немесе (б) актив бойынша ақша ағымдарына құқықты сақтау, алайда үшінші тарапқа қатысты осы ақша ағымын төлеу бойынша келісімшарттық міндеттеме қабылдау талап етіледі. Аударым жүргізілгеннен кейін Топ аударылған активтерге иелік етуден түскен пайданың және тәуекелдің сақталу деңгейіне қайта бағалау жүргізеді. Егер тәуекел мен пайданың

2023 және 2022 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (миллион теңгемен)

2023 жылғы
31 желтоқсанда
аяқталған жыл іші
шоғырландырылған
қаржылық есептілігі
және Тауелсіз
аудиторлар есебі

барлығы негізінен сақталған болса, онда актив қаржы ахуалы туралы шоғырландырылған есепте одан әрі таныла береді. Егер тәуекел мен пайданың барлығы жалпы берілген болса, бұларды актив бойынша тану тоқтатылады. Егер кейіннен тәуекел мен пайданың барлығы сақталмайтын және берілмейтін болса, Топ активтерге жүргізілетін бақылаудың сақталуын бағалайды. Егер бақылау сақталмаған болса, онда актив бойынша тану тоқтатылады. Егер Топ активті бақылауды сақтайтын болса, онда ол оның қатысуы шеңберінде активті таңдауды жалғастырады.

Қаржы міндеттемесін өзгерту және тануды тоқтату

Топ қаржы міндеттемелерін тек егер олар өтелсе, күшін жойса немесе олар бойынша талап мерзімі аяқталса, тануды тоқтатады. Қаржылық міндеттеменің баланстық құны арасындағы тануды тоқтату және төленген немесе төленетін өтемақы арасындағы айырмашылық пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

Топ пен кредитор арасында айтарлықтай өзгеше шарттармен борыштық құралдарды айырбастау бастапқы қаржы міндеттемелерін реттеу және жаңа қаржы міндеттемесін тану ретінде ескеріледі. Топ бастапқы қаржы міндеттемесін өтеу және жаңа қаржы міндеттемесін тану ретінде қолданыстағы қаржы міндеттемесі немесе оның бір бөлігінің шартында елеулі өзгерісті есепке алады. Топ, егер ақша ағымының дисконтталған сәйкес құны жаңа шарттарға сәйкес, бастапқы тиімді комиссиялық мөлшерлеме бойынша дисконтталған, алынған комиссиялық сыйақыны ұстап қалғандағы комиссиялық сыйақыны қоса алғанда, міндеттеме талаптары айтарлықтай ерекшеленетінін ескере отырып, бастапқы қаржы міндеттемесі бойынша қалған ақша ағымының дисконтталған, сәйкес құнынан кемінде 10%-ға айырмашылығы болатынын басшылыққа алады. Егер өзгерту айтарлықтай маңызды болмаса, онда мыналардың арасындағы айырмашылықтар: (1) өзгертуге дейін міндеттеменің баланстық құны; және (2) өзгертуден кейін ақша ағымының сәйкес құны түрлі кіріс пен шығыс құрамында өзгерістен кейін кіріс немесе шығыс ретінде пайда немесе залал арқылы танылуы тиіс.

Салық салу

Табыс салығы бойынша ағымдағы шығындар Қазақстан Республикасының және Топ жұмыс істейтін басқа елдердің заңнамасына сәйкес есептеледі.

Мерзімі кейінге шегерілген салықтық активтер мен міндеттемелер уақыттық айырмашылыққа қатысты есепке алудың баланстық әдісін пайдалану арқылы есептеледі. Мерзімі кейінге шегерілген табыс салығы активтердің салықтық базасы мен міндеттемелері және баланстық құны арасында пайда болған барлық уақыттық айырмашылықтар бойынша, мерзімі кейінге шегерілген корпоративтік табыс салығы іскерлік беделдің, активтің немесе компанияны шоғырландыру емес және іске асыру сәтінде бухгалтерлік пайдаға да, салық салынатын пайда мен шығынға да әсері тимейтін операция бойынша міндеттеменің бастапқы көрсетілуі нәтижесінде туындайтын жағдайларды қоспағанда, қаржылық есептілігі мақсатында көрсетіледі.

Мерзімі кейінге шегерілген салықтық активтер уақыттық айырмашылықтар қарсы есепке алынуы мүмкін, келешекте салық салынатын табыс алу мүмкіндігі бар шамада көрсетіледі. Мерзімі кейінге шегерілген салықтық активтер мен міндеттемелер активті сату немесе міндеттемелерді реттеу кезеңі ішінде қолданылатын салықтық мөлшерлемелер бойынша есеп берілетін күні күшіне енген немесе нақты күшіне енетін салықтық мөлшерлемеге қарай бағаланады. Мерзімі кейінге шегерілген салық өзге жиынтық кірісте немесе капиталда есепке алынатын операцияға қатысты жағдайларды қоспағанда, мерзімі кейінге қалдырылған салық тікелей пайда мен шығындарда есепке алынады, мұндай жағдайда мерзімі кейінге қалдырылған салық тағы да тікелей жиынтық табыста немесе капиталда есепке алынады.

Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер, Топтың уақыттық айырмашылықты қалпына келтіру мерзімін бақылау мүмкіндігі бар және аталған айырмашылықтар көз жетерлік болашақта қалпына келтірілмейтініне жоғары ықтималдылық бар болатын жағдайларды қоспағанда, еншілес кәсіпорындарға, тәуелді кәсіпорындарға қатысты салық салынатын уақыттық айырмашылықтарды ескере отырып көрсетіледі.

Мерзімі кейінге шегерілген табыс салығы еншілес және қауымдастырылған компанияларға, сондай-ақ бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялармен байланысты уақыттық айырмашылық бойынша көрсетіледі, уақыттық айырмашылыққа сторно жасау уақытын бақылауға болатын және уақыттық айырмашылыққа жақын келешекте түзетпе жүргізілмеуі мүмкін болатын жағдайлар бұған жатпайды.

Топ мерзімі кейінге шегерілген салық активтері мен міндеттемелерге өзара есеп жүргізеді және Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есептілікте қорытынды айырмасын көрсетеді, егер:

- Топтың ағымдағы салықтық талаптар мен ағымдағы салықтық міндеттемелерге қарсы есепке алу жүргізу үшін заңды түрде бекітілген құқығы болса; және
- Мерзімі кейінге шегерілген салықтық активтер мен міндеттемелер бір салықтық субъектіден бір салықтық орган өндіріп алатын пайда салығына жатқызылатын болса.

2023 және 2022 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (миллион теңгемен)

2023 жылғы
31 желтоқсанда
аяқталған жыл іші
шоғырландырылған
қаржылық есептілігі
және Тауелсіз
аудиторлар есебі

Мұнымен қатар Қазақстан Республикасында және Топ жұмыс істейтін басқа елдерде Топ құрамына қатысты қолданылатын әртүрлі операциялық салықтар әрекет етеді. Бұл салықтар пайда салығынан басқа салықтардың құрамында көрсетіледі.

Егер салықтық тексеру нәтижесі ретінде салық органдары Топтың төлемдерді жүргізуін міндеттейтін болса, Топ белгісіз салықтық позициялар бойынша резервті көрсетеді. Бұл резерв Топтың төлеуге жататын сомасына қатысты ең жақсы баға негізінде бағаланады. Резервтер, басшылық олардың енді талап етілмейтінін немесе заңды талаптармен сәйкес анықтаған кезеңде табыс салығы бойынша резервтегі табысқа қайтарылады.

Негізгі құралдар

Негізгі құралдар жинақталған тозу мен құнының құнсыздануы шегерілгеннен кейінгі бастапқы құны бойынша көрсетіледі, ғимараттар мен құрылыстар бұған жатпайды, олардың құны қайта бағалау жүргізілетін күнгі әділ құны болып табылатын қайта бағаланған күнмен, кейін құнсызданудан жинақталған амортизация мен жинақталған шығындардың шегерілгеннен кейінгі құн бойынша көрсетіледі.

Нысанды амортизациялау оны пайдалануға қол жеткізу мүмкін болғанда басталады. Амортизациялау активтерді тиімді пайдаланудың мынадай бағалау мерзімдері ішінде құнды біркелкі шығынға жазу әдісімен есептеледі:

	Жылдар
Ғимараттар мен құрылыстар	20-100
Көлік құралдары	5-7
Компьютерлер мен банктік жабдықтар	5-10
Басқалары	7-10

Жалға берілген меншікті жақсартуларды амортизациялау жалданған тиісті активтерді пайдалану мерзімі ішінде есептеледі. Ағымдағы және күрделі жөндеу бойынша шығыстар Пайда және залал туралы шоғырландырылған есептілікте, егер капиталдандыру бойынша талаптарды қанағаттандырмайтын болса, операциялық шығындар құрамында олардың пайда болу кезеңінде көрсетіледі.

Негізгі құралдардың баланстық құны әрбір есептік күнге, есепке алуда көрсетілген соманың, оның орны толтырылатын құнынан асуы мүмкін мәніне талданады және, егер баланстық құн мұндай есеп айырысатын орын толтыру құнынан асатын жағдайда активтер құны орын толтыратын есеп

айырысу құнынан артатын болса, онда активтер құны орны толатын құнға дейін төмендетіледі. Құнсызданудан болған шығын тиісті кезеңде танылады және операциялық шығыстар құрамына қосылады.

Қызмет көрсетуге немесе әкімшілік мақсатқа арналған қолда бар ғимараттар мен құрылыстар Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте қайта бағаланған құнымен көрсетіледі, бұл құн білікті тәуелсіз бағалаушылар нарықтық мәліметтер негізінде белгіленген, кейіннен жинақталған тозу мен құнсызданудан зияндар шегерілгеннен кейін анықталады. Активтердің баланстық құны есептік күнгі жағдайға сәйкес әділ күнмен есептеу әдісі бойынша анықталуы мүмкін болатын құннан елеулі айырмашылықта болмауы үшін қайта бағалау ұдайы түрде жүргізіліп отырады.

Қайта бағалау нәтижесінде жылжымайтын мүлік құнының кез келген ұлғайтуы негізгі құралдарды қайта бағалау резерві құрамында көрсетіледі, Пайда және залал туралы шоғырландырылған есепте бұрын танылған сол актив құнының азайтылған сомасы өтелетін жағдай бұған жатпайды. Бұл жағдайда ұлғайтылған құн сомасы пайда мен зияндар туралы біріктірілген есепте бұрын ескерілген активтердің азайтылған құны мөлшерінде танылады. Қайта бағалау нәтижесінде туындаған активтің баланс құнының азайтуы Пайда және залал туралы шоғырландырылған есепте аталған активтің бұған дейінгі қайта бағалану нәтижесінде пайда болған қайта бағалау құнынан қаншалықты асатын болса, сол мөлшердегі деңгейде танылады.

Қайта бағаланған ғимараттар мен жайлардың амортизациясы Пайда және залал туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі. Қайта бағаланған меншік одан әрі сатылған немесе шығарылған жағдайда Жылжымайтын мүлікті қайта бағалау резервінің құрамында ескерілген тиісті оң мәнді нәтиже бөлінбеген пайда есебіне аударылады.

Аяқталмаған құрылыс нысандары құнсызданудан шығындар шегерілген нақты құн бойынша есепке алынады. Құрылыстың құнына кәсіпкерлік қызметтердің құнын, сондай-ақ белгілі бір талаптарға сәйкес келетін активтер үшін Топтың есептік саясатына сәйкес капиталдандырылатын қарыздар бойынша шығындар кіреді. Осындай аяқталмаған құрылыс нысандары құрылысты аяқтау немесе жоспарланған пайдалануға дайын болу сәтіне негізгі құрал-жабдықтардың тиісті санаттарына жатады. Осы активтер бойынша амортизацияны есептеу негізгі құрал-жабдықтардың басқа нысандары бойынша сияқты активтердің жоспарланған пайдалануына дайын болу сәтінен басталады.

Негізгі құралдар нысаны сатылған жағдайда немесе активті пайдалануды жалғастырудан болашақ экономикалық пайда түсіру күтілмеген жағдайда, есептен шығарылады. Негізгі құралдар нысандарын сатудан немесе өзге шығуынан түскен кіріс немесе шығын осы нысандарды сату бағасы мен баланстық құны арасындағы айырмашылық ретінде анықталады және пайда немесе залалдарда танылады.

2023 және 2022 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (миллион теңгемен)

2023 жылғы
31 желтоқсанда
аяқталған жыл іші
шоғырландырылған
қаржылық есептілігі
және Teyuscia
аудиторлар есебі

Сатуға арналған активтер

Ұзақ мерзімді активтермен тікелей байланысты ұзақ мерзімді активтер мен міндеттемелер егер мұндай активтердің ағымдағы құны, негізінен, бұларды тұрақты түрде пайдалану арқылы емес, сату арқылы өтелу мүмкіндігі жоғары болса және мұндай активтер (немесе шығу тобы) бұлардың ағымдағы құнында сатылуы мүмкін болса, сатуға арналған деп жіктеледі («шығу тобы»). Мұндай активтер сатуға арналған деп жіктелген сәттен бастап басшылық бұл активтерді бір жылдың ішінде сатуға ниетті болуға тиіс.

Сатуға арналған активтер сатуға жұмсалатын шығын шегерілгеннен кейінгі бұлардың баланстық және әділ құнымен бағаланады. Егер сатуға арналған активтің әділ құны сатуға жұмсалатын шығын шегерілгеннен кейін оның баланстық құнынан төмен болса, құнсыздану шығынын ұйым Пайда және залал туралы шоғырландырылған есепте сатуға арналған активтер шығыны ретінде таныға тиіс. Активтің әділ құнындағы одан кейінгі кез келген ұлғаю шамасы, сату шығыны шегерілгеннен кейін, осы активтердің құнсыздануы бойынша бұрын танылған жинақталған шығын сомасы болып танылады.

Инвестициялық жылжымайтын мүлік

Инвестициялық жылжымайтын мүлік жалгерлік төлем алу, қосымша капиталдандыру үшін немесе сол жағдайлардың бірінде пайдаланылатын нысандарды білдіреді. Инвестициялық жылжымайтын мүлік нысандары бастапқыда, сатып алу шығыстарымен қоса сатып алу құны бойынша есепке алынады. Нәтижесінде олар әділ құн бойынша көрсетіледі. Инвестициялық жылжымайтын мүліктің әділ құнының өзгерістері, олар пайда болатын жылдағы пайдаға немесе шығынға қосылады.

Инвестициялық жылжымайтын мүліктің нысаны онымен байланысты экономикалық пайда түсіру енді болжамданбайтын жағдайда, пайдаланудан түпкілікті шығарылғанда баланстан шығарылады. Есептен шығару кезеңіндегі кез келген кіріс немесе зиян (шығудан таза түсімдер мен активтің баланстық құны арасындағы айырмашылық) есептен шығару жылындағы пайдаға немесе зиянға қосылады.

Коммерциялық жылжымайтын мүлік

Белгілі бір жағдайларда, Топ кредиттік шарттарды реттеу шеңберінде коммерциялық жылжымайтын мүлікті өтеуді жүргізе алады. Топ осы жылжымайтын мүлікті қалыпты қызмет барысында сатуды жоспарлайды, сәйкесінше бұл жылжымайтын мүлік бастапқыда сатып алу шығыстарымен қоса әділ құн бойынша есепке алынады, ал бастапқы танудан кейін екі құнның ең төменгісі бойынша бағаланады: өзіндік құн немесе сатудың таза құны бойынша. Сатудың таза құнын бағалау жүргізген сәтте, коммерциялық жылжымайтын мүлікті сату күтілетін сомалар бойынша бар дәлелдердің ең сенімділерінен негізделеді. Бұл бағалаулар кезең аяқталғаннан кейін болған жағдайларға тікелей қатысты құнның немесе өзіндік құнның құбылуын осындай жағдайлар осы жылдың аяғында болған шарттарды растайтындай мөлшерде есепке алады.

Клиенттер мен кредит мекемелерінің қаражаты

Клиенттер мен кредиттік мекемелерінің қаражаты бастапқыда мәмілемен тікелей байланысты шығындарды шегергендегі алынған қаражаттың әділ құны бойынша көрсетіледі. Кейін алынған қаражат амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі, ал алынған қаражаттың мөлшері мен өтеу кезіндегі сома арасындағы тиісті айырмашылық тиімді пайыздық мөлшерлемесі әдісін қолдана отырып, қарыз алу кезеңіндегі пайда мен шығын туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі. Егер Топ өзінің меншікті борыштық міндеттемесін сатып алса, онда ол қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептен алынып тасталады және міндеттеменің баланстық құны мен мәміледе төленген өтемақы арасындағы айырмашылық Пайда және залал туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

Шығарылған борыштық бағалы қағаздар

Шығарылған борыштық бағалы қағаздар – бұл Топ шығарған облигациялар, олар клиенттер мен кредиттік ұйымдар алдындағы берешектермен бірдей принциптер бойынша есепке алынады. Борыштық міндеттемелерді шығаруға арналған шығындарды шегергендегі алынған кірістер мен сатып алу құны арасындағы кез келген айырмашылық тиімді пайыздық мөлшерлемесі әдісін қолдана отырып қарыз алу кезеңіндегі Пайда және залал туралы шоғырландырылған есепте танылады.

Капитал

Топ өзі шығаратын қаржы құралын шарттық келісімнің мәніне сәйкес қаржы активі, қаржы міндеттемесі немесе үлестік құрал ретінде жіктейді. Құрал, егер ол ақшалай қаражатты немесе басқа қаржы активін жеткізу немесе қаржы активтерін немесе қаржы міндеттемелерін ықтимал қолайсыз шарттармен айырбастау бойынша шарттық міндеттеме болса, міндеттеме ретінде жіктеледі. Құрал, егер ол міндеттемелер шегерілгеннен кейін Топ активтеріндегі қалған үлесті көрсетсе, меншікті капитал ретінде жіктеледі.

Топ шығарған күрделі қаржы құралының құрамдас бөліктері жағдайларға байланысты қаржы активтері, қаржы міндеттемелері немесе үлестік құралдар ретінде жіктеліп, бөлек есептеледі.

Акционерлік капитал

Бизнесті біріктіру жағдайларын қоспағанда, жаңа акцияларды шығаруға тікелей байланысты сыртқы шығындар капитал түріндегі түсімдерден шегерім ретінде көрсетіледі. 2003 жылдың 13 мамырына дейін алынған өтемақының әділ құнының шығарылған акциялардың номиналды құнынан кез келген асып кетуі акциялар бойынша сыйлықақы резерві ретінде танылды. 2003 жылдың 13 мамырынан бастап акционерлік қоғамдар туралы заңға өзгерістер енгізілгеннен кейін номиналды сома ұғымы акцияларды тек заңды тұлғаның құрылтайшылары арасында орналастырумен шектелді. Барлық басқа инвесторлар үшін акционерлік капитал ұйымның өз акциялары үшін алған сыйақысының орналастыру құны бойынша есепке алынады.

2023 және 2022 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (миллион теңгемен)

2023 жылғы
31 желтоқсанда
аяқталған жыл іші
шоғырландырылған
қаржылық есептілігі
және Тауелсіз
аудиторлар есебі

Қазынашылық акциялар

Топ өзінің акционерлік капиталын сатып алғанда, тиісті салық пайдасын шегергендегі, оған тікелей қатысты шығыстарды қоса алғанда, төленген өтемақы сомасы капиталдың өзгеруі деп танылады. Сатып алынған акциялар қазынашылық акциялар ретінде жіктеледі және өзіндік құны бойынша сақталады. Бұл акциялар шығарылған және орташа өлшенген акциялар санынан шегерім ретінде қарастырылады, ал акциялардың құны жалпы капиталдан шегерім ретінде ұсынылады. Топтың еншілес ұйымдары сатып алған акциялар бойынша дивидендтер шоғырландыру кезінде алынып тасталады.

Дивидендтер

Дивидендтер міндеттеме ретінде танылады және олар жарияланған күні капиталдан шегеріледі. Дивидендтер туралы ақпарат, егер олар есеп берілетін күнге дейін, сондай-ақ есеп берілетін күннен кейін, алайда шоғырландырылған қаржылық есептілікте шоғырландырылатын күнге дейін ұсынылған немесе жарияланған болса, есептілікте ашылып көрсетіледі.

Меншікті капитал резервтері

Топтың қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есепте капиталдың (өзге жиынтық кірістің) құрамында ескерілетін резервтерге мыналар жатады:

- өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтерін қайта бағалау резерві, ол өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтерінің әділ құнының өзгерістері мен өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын борыштық қаржы активтері бойынша күтілетін кредиттік залалдарға арналған резервтерден тұрады;
- кумулятивтік қайта есептеу резерві, ол шетелдік операцияларға таза инвестицияларды қайта есептеу нәтижесінде туындайтын бағамдық айырмашылықтарды есепке алу үшін пайдаланылады;
- мүлкті қайта бағалау резерві, ол жер учаскелері мен ғимараттарды қайта бағалау резервінен тұрады.

Болжанбаған шығыстар

Шартты міндеттемелер қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте танылмайды, бірақ есеп айырысу кезінде қаражаттың қандай да бір ағынының туындау ықтималдығы аз болған жағдайларды қоспағанда, шоғырландырылған қаржылық есептілікте ашылады. Шартты актив қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте танылмайды, бірақ экономикалық пайда табу мүмкін болған кезде қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есептілікте ашылады.

Кірістер мен шығыстарды тану

Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерін қоспағанда, барлық қаржы құралдарына арналған пайыздық кірістер және шығыстар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып есептелген пайда мен шығын туралы есепте «Пайыздық шығыстар» және «Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып есептелген пайыздық кірістер» ретінде «Таза пайыздық кіріс» түрінде танылады.

Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары бойынша пайыздық кіріс пайда немесе залал туралы шоғырландырылған есептің «Басқа да пайыздық кірістер» құрамына кіреді.

ТПМ – қаржы құралының күтілетін болашақ ақша ағындарының қаржылық активтің немесе міндеттеменің күтілетін мерзімі ішінде немесе (егер қолданылса) қысқа мерзім ішінде таза баланстық құнға дисконттау мөлшерлемесі. Болашақ ақша ағындары құралдың барлық шарттық талаптарын ескере отырып есептеледі.

Тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын және көз келген қарыз туралы уағдаластықпен тікелей байланысты болған тараптар төлеген немесе алған барлық сыйақылар және сомалар, сондай-ақ мәміле бойынша шығындар және барлық басқа сыйақылар немесе жеңілдіктер ескеріледі. ПШАӘҚБ санатындағы қаржы активтері бойынша мәміле бойынша шығындар бастапқы тану кезінде пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

Пайыздық кірістер/пайыздық шығыстар кредиттік құнсызданбаған қаржы активтерінің (яғни, күтілетін кредиттік залалдар бойынша резервті бағалау шамасын түзетуге дейінгі қаржы активінің амортизацияланған құнына) жалпы баланстық құнына немесе қаржылық міндеттемелердің амортизацияланған құнына тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдану арқылы есептеледі. Кредиттік құнсызданған қаржы активтері бойынша пайыздық кірістер мұндай активтердің амортизацияланған құнына ТПМ қолдану арқылы (яғни, олардың күтілетін кредиттік залалдарға қатысты бағалау резервін шегергендегі олардың жалпы баланстық құны) есептеледі. СҚКҚ қаржы активтеріне арналған ТПМ қаржылық активтен күтілетін болашақ ақша ағындарын анықтау кезінде күтілетін кредиттік залалдар сомасын көрсетеді.

Клиенттерге қарыздар беру комиссиясы (тиісті тікелей шығындармен бірге) қарыздар бойынша тиімді пайыздық мөлшерлемеге жасалған түзету ретінде танылады. Егер қарыз беру міндеттемелері болса, қарыз беру туралы шарт бекітілген болса, қарыз беру міндеттемесі үшін комиссия алдағы кезеңдердің кіріс құрамына (тиісті тікелей шығындармен бірге) қосылады және одан әрі қарыз бойынша нақты табыстарға жасалған түзету ретінде көрсетіледі. Қарыз беру бойынша міндеттемелер қарыз беруге алып келу ықтималдығы төмен болып бағаланатын болса, қарыз беру міндеттемесі үшін комиссия қарыз беру бойынша міндеттеменің қалған кезеңі ішінде пайда немесе залал құрамында көрсетіледі. Қарыз беру міндеттемелерінің әрекет ету мерзімі қарыз берілмей аяқталғанда, қарыз беру міндеттемесінің комиссиясы оның әрекет ететін мерзімі аяқталатын күнгі пайда мен шығындар құрамында танылады.

2023 және 2022 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (миллион теңгемен)

2023 жылғы
31 желтоқсанда
аяқталған жыл іші
шоғырландырылған
қаржылық есептілігі
және Тауелсіз
аудиторлар есебі

Қызметтер мен комиссиялар бойынша кірістер

Комиссиялық кірістер клиенттерге осындай қызметтерге айырбас ретінде күтілетін сыйақыны көрсететін сомасы ретінде көрсетіледі. Топ қызмет көрсету бойынша міндеттемелерді, яғни клиентпен келісілген міндеттемелерді орындау бойынша қызметтерді көрсетуге сәйкес клиентпен келісілген сыйақыны таниды.

Әрбір орындалатын анықталған міндеттемеге Топ шарт жасаған кезде оның орындалатын міндеттемелерді ағымдағы уақыт ішінде немесе белгілі бір сәтте орындайтынын және өтеу тіркелімді немесе ауыспалы, өтеу шегін қоса алғанда, мысалы, Топтың ықпалына байланысты емес сыртқы факторлар, болып табылатынын анықтайды. Сыйақы кейіннен анықталған орындау міндеттемесіне бөлінеді.

Клиенттердің шоттарына және кассалық операцияларға қызмет көрсетуден түсетін комиссиялық кірістерге салымдардан алынған сыйақылардың орнына, депозиттерден алынған комиссиялар, салымшылардың өтініші бойынша транзакцияларға қызмет көрсету бойынша алымдар және Ақшалай қаражатын басқару бойынша операциялар жүзеге асырудан түскен комиссиялар кіреді. Депозиттер бойынша қызметтер үшін ақы төлеу, әдетте ай сайын тиісті қызмет көрсетілетін кезеңде танылады. Қызмет ақысы құрау салынған қызмет көрсету транзакциясы аяқталғаннан кейін танылады. Ақшалай қаражатын басқару үшін алынатын төлемдер көрсетілген қызметке қарай танылады.

Пластик карталарға қызмет көрсеткені үшін қызметтер мен комиссиялардан түсетін кіріс несие және дебеттік карталар транзакциясынан түсетін өзара ауысымдық кірістерді қамтиды және тиісті желімен есептескеннен кейінгі уақытта танылады. Бір банктің екінші банкке оның кредиттік карталарымен жасаған операциялары үшін төленетін комиссияны, әдетте, тиісті желі сатып алу көлемі және басқа факторлар негізінде белгілейді. Карталармен байланысты басқа да комиссиялар транзакция аяқталған кезден кейінгі сәтте танылады.

Банктік қызмет көрсетудің басқа да кірістері мен комиссияларына банктік аударымдар, аккредитивтер бойынша алымдар және басқа транзакциялық қызметтер сияқты транзакциялық банктік операциялардың өртүрлі алымдар кіреді. Бұл алымдар, осылайша, транзакция жүргізілген және қызметтер көрсетілген уақытта танылады. Аккредитивтер бойынша алымдар негізінен аккредитив туралы келісімдерге байланысты алынатын алымдарды қамтиды және әдетте келісімшартты орындау кезінде танылады.

ХКЕС (IFRS) 15 қолдану шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген ақпараттың немесе сомалардың ашылуына елеулі әсерін тигізген жоқ.

Шетел валютасында берілген баптарды қайта бағалау

Шоғырландырылған қаржылық есептілік, шетелдік еншілес компанияларды қоспағанда, Банк пен оның еншілес кәсіпорындарының атқарымдық валютасы болып табылатын теңгемен беріледі. Шетел валютасындағы операциялар бастапқыда операция жүргізілетін күндегі айырбастау бағамы бойынша атқарымдық валютамен қайта есептеледі. Шетел валютасындағы ақша активтері мен міндеттемелер ҚҚБ есептік күнге сәйкес белгілеген нарықтық айырбастау бағамы бойынша теңгемен қайта есептеледі. Шетел валютасымен мәмілені қайта есептеу нәтижесінде пайда болған пайда мен шығындар шетел валютасын және шетел валютасымен операцияларды қайта бағалаудан алынған таза пайдалар немесе шығындар ретінде Пайда және залал туралы шоғырландырылған есепте танылады. Шетел валютасымен бастапқы құны бойынша бағаланған ақшалай емес баптар бастапқы мәмілелер күніне айырбастау бағамдарын қолдану арқылы қайта есептеледі. Шетел валютасымен әділ құны бойынша бағаланатын ақшалай емес баптар әділ құн айқындалған күнгі айырбастау бағамын пайдалана отырып қайта есептеледі.

Шетелдік еншілес кәсіпорындардың активтері мен міндеттемелері есепті күнгі жағдай бойынша, Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепті күні әрекет ететін айырбастау бағамы бойынша Топтың атқарымдық валютасымен қайта есептелінеді, ал еншілес кәсіпорындардың пайда мен шығындар туралы есептілігі бір жыл үшін орташа айырбастау бағамдары бойынша қайта есептеледі. Қайта есептеген кезде туындайтын айырмашылық капиталдың жеке компонентінде тура есепке алынады. Шетелдік еншілес кәсіпорын шығарылған жағдайда, капиталда танылған және тікелей осы еншілес кәсіпорынға қатысты мерзімі кейінге шегерілген жинақталған сома Пайда және залал туралы шоғырландырылған есепте танылады.

Мәміленің келісімшарттық айырбастау бағамы мен мәміле жасалатын күнгі нарықтық айырбастау бағамы арасындағы айырмашылық шетел валютасымен жүргізілетін операциялар бойынша таза пайдаға немесе шығынға қосылған. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша нарықтық айырбастау бағамы 1 АҚШ доллары үшін 454.56 теңгені, 1 ресейлік рубль үшін 5.06 теңгені, 1 евро үшін 502.24 теңгені құрады (2022 жылдың 31 желтоқсанында – 1 АҚШ доллары үшін 462.65 теңге, 1 ресейлік рубль үшін 6.43 теңге, 1 евро үшін 492.86 теңге болды).

Сақтандыру

2023 жылдың 1 қаңтарында Топ 17 «Сақтандыру шарттары» ХКЕС (IFRS) енгізді.

А. Шығарылған сақтандыру шарттарының және ұсталатын қайта сақтандыру шарттарының негізгі түрлері

Топ 17 «Сақтандыру шарттары» ХКЕС (IFRS) сәйкес ескерілетін шарттардың мынадай түрлерін шығарады.

2023 және 2022 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (миллион теңгемен)

2023 жылғы
31 желтоқсанда
аяқталған жыл іші
шоғырландырылған
қаржылық есептілігі
және Тауелсіз
аудиторлар есебі

Өмірді сақтандыру – қатысу шартынсыз сақтандыру шарттары, оның ішінде:

- Жаңартылатын тіркелген жарналардың орнына шектеулі уақыт кезеңіне белгіленген немесе азаятын сақтандыру сомасымен қамтуды ұсынатын өмірді мерзімді сақтандыру шарттары.

Шарттардың осы тобына Топтың мынадай маңызды өнімдері кіреді: Halyk Қазына өмірді ерікті жинақтаушы сақтандыру, Бейтерек өмірді ерікті жинақтаушы сақтандыру, Болашақ Лайф (өмір) өмірді ерікті жинақтаушы сақтандыру, Халық Бөлшек сауда өмірді ерікті сақтандыру, Халық ШБ (шағын бизнес) өмірді ерікті сақтандыру, Халық Еуразия өмірді ерікті сақтандыру және басқалар.

Топ осы полистерді Жалпы модельді қолдана отырып ескереді.

- Аннуитетке өмір бойы кепілдендірілген табыс төленетін тіркелген аннуитет шарттары.

Шарттардың осы тобына Топтың мынадай маңызды өнімдері кіреді: зейнетақы аннуитеті және жұмыс берушінің жауапкершілігі шеңберіндегі аннуитеттер. Топ осы полистерді Жалпы модельді қолдана отырып ескереді.

Автокөлік пен тұрғын үйді сақтандыру:

Автокөліктерді кешенді сақтандыру полистерін, көлік құралдары иелерінің үшінші тұлғалар алдындағы азаматтық жауапкершілігін, сондай-ақ тұрғын үйді және басқа мүлікті сақтандыру полистерін, сондай-ақ оны қамту мерзімі бір жыл немесе одан да көп уақытты қамтиды. Шарттардың осы тобына Топтың мынадай маңызды өнімдері кіреді: көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру, мүлікті сақтандыру, және автокөлік пен жауапкершілікті сақтандыру. Топ осы полистерді сыйлықақыларды бөлуге негізделген тәсілді қолдана отырып ескереді.

B. Анықтамалар мен жіктеулер

Топ сататын өнімдер сақтанушыға теріс әсер ететін белгісіз болашақ оқиға орын алған жағдайда өтемақы төлеуге міндеттен отырып, сақтанушыдан айтарлықтай сақтандыру тәуекелін қабылдаған кезде сақтандыру шарттары ретінде жіктеледі.

Мұндай бағалау әрбір шарт бойынша шарт жасалған күнге жеке жүргізіледі. Мұндай бағалауды жүргізу кезінде топ шарттан, заңнамадан немесе нормативтік актілерден туындайтынына қарамастан, өзінің барлық елеулі құқықтары мен міндеттемелерін ескереді.

Топ, егер сақтандыру жағдайы екіталай болса да немесе шартты ақша ағындарының күтілетін ағымдағы құны сақтандыру шарты бойынша қалған ақша ағындарының күтілетін ағымдағы

құнының аз ғана бөлігін құраса да, сақтандыру жағдайы Топтың сақтанушыға коммерциялық мазмұны бар кез келген жеке сценарийде маңызды болып табылатын қосымша сомаларды төлеуіне әкелуі мүмкін екендігін бағалау арқылы шартта елеулі сақтандыру тәуекелі бар-жоғын анықтайды.

C. Сақтандыру шарттарының бірқатарын немесе жиынтығын біріктіру

Кейде Топ жалпы бір коммерциялық мақсатқа жету үшін бір немесе байланысты контрагентпен бір уақытта екі немесе одан да көп келісімшарттар жасайды. Мұндай келісімшарттардың мазмұнын көрсету үшін Топқа осындай келісімшарттардың бірқатарын немесе жиынтығын ескеру қажет болуы мүмкін. Бұл бағалауды жүргізу кезінде Топ мыналарды ескеруі керек:

- Құқықтар мен міндеттер бөлек қарастырылған кездегімен салыстырғанда бірге қарастырылған кезде ерекшеленеді;
- Топ бір шартты екіншісін есепке алмай өлшей алмайды.

D. Сақтандыру және қайта сақтандыру шарттарының компоненттерін бөлу

Сақтандыру өтелімін қамтамасыз етумен қатар, Топ шығарған кейбір сақтандыру шарттарында инвестициялық компонент сияқты басқа компоненттер болуы мүмкін.

Топ өз өнімдерін осы компоненттердің ерекшеленетінін және оларды басқа ХҚЕС стандарттарын қолдану кезінде бөліп, ескеру қажет пе екенін анықтау үшін бағалайды. Бұл компоненттер бір-бірінен ерекшеленбейтін жағдайларда, олар ХҚЕС (IFRS) 17 сәйкес сақтандыру компонентімен бірге есепке алынады.

Инвестициялық компоненттерді бөлу

Топ өмірді сақтандырудың белгілі бір полистерін шығарады. Оларға инвестициялық компонент жатады, оған сәйкес Топ сақтандыру жағдайы орын алғанына/алмағанына қарамастан, кез келген жағдайда полис ұстаушыға өтемақы төлеуі керек.

Инвестициялық компоненттің ерекшеленетінін және сондықтан ХҚЕС (IFRS) 9 қолдану кезінде жеке есепке алуды қажет ететіндігін бағалау кезінде Топ инвестициялық және сақтандыру компоненттерінің бір-бірімен тығыз байланыста екендігін ескереді. Ұқсас талаптары бар шартты сақтандыру шарттарын шығаратын ұйымдар сол нарықта немесе сол юрисдикцияда бөлек сатады (немесе сатуы мүмкін).

Егер инвестициялық компонент дискрециялық қатысу шарттарымен инвестициялық шарттың анықтамасына сәйкес келсе, онда ол ХҚЕС (IFRS) 17-ні қолданумен ескерілуі тиіс.

2023 және 2022 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (миллион теңгемен)

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тәуелсіз аудиторлар есебі

Инвестициялық компонент пен сақтандыру компоненті, егер Топ бір компонентті екіншісін есепке алмай бағалай алмаса немесе полис ұстаушы бір компоненттен пайда көре алмаса, егер басқа компонент болмаса, яғни егер шарттағы компоненттердің біреуінің қолданылу мерзімін немесе өтеу мерзімін қысқарту басқа компоненттің жарамдылық мерзімін немесе өтеу мерзімін қысқартуға әкелсе ғана бір-бірімен тығыз байланысты болады. Топ ешқандай ерекше инвестициялық компоненттерді анықтаған жоқ. Топ сақтандыру шарттарының құрамындағы айырықсыз инвестициялық компоненттерді есепке алу үшін ХКЕС (IFRS) 17-ні қолданады.

Бірыңғай сақтандыру шартының сақтандыру компоненттерін бөлу

Инвестициялық компоненттер бөлінгеннен кейін Топ шартты бірнеше сақтандыру компоненттеріне бөлу керек пе, жоқ па, соны бағалайды, олар іс жүзінде мәміленің мәнін көрсететін жеке шарттар ретінде қарастырылуы керек. Сақтандыру компоненттерін бөлек тану және бағалау керектігін анықтау үшін Топ әр түрлі өтейтін тәуекелдер арасындағы байланыстың болуын, компоненттердің бір-біріне тәуелсіз әрекетін тоқтату мүмкіндігін, сондай-ақ компоненттердің бағасы мен сатылымын бөлек белгілеу мүмкіндігін назарға алады.

Егер Топ бір-біріне тәуелсіз әрекет ететін әр түрлі сақтандыру компоненттерімен бір заңды шарт жасаса, сақтандыру компоненттері ХКЕС (IFRS) 17-ні қолданумен бөлек танылады және бағаланады.

Е. Біріктіру деңгейі

Топ портфельдерді ұқсас тәуекелдерге ұшыраған және бірлесіп басқарылатын сақтандыру шарттарын біріктіру арқылы анықтайды. Сақтандыру шарттарын портфельдерге топтастыру кезінде Топ өнім желісінің белгілі бір таңбалауын емес, тәуекелдердің ұқсастығын ескереді. Топ бір өнім желісіндегі барлық шарттар ұқсас тәуекелдерге ұшырайтынын анықтады. Сондықтан, егер шарттар бірлесіп басқарылса, олар шарттардың бір портфеліне кіреді. Топ шеңберінде әртүрлі ұйымдар шығаратын кейбір өнімдер шығарушы компаниялар деңгейінде басқарылады деп саналады. Бұл осы шарттардың шығарылуын қамтамасыз ететін төлем қабілеттілігін басқару осы компаниялар деңгейінде жүзеге асырылатындығына байланысты.

Әрбір портфель тану мен бағалауға қатысты ХКЕС (IFRS) 17 талаптарын қолданылатын шарттар топтарына бөлінеді.

Бастапқы тану кезінде Топ шарттарды шығарылуына қарай бөледі. Бір санатқа 12 ай ішінде шығарылған шарттар кіруі керек. Әрбір санат бұдан әрі шарттардың екі тобына бөлінеді:

- бастапқы тану сәтінде ауыртпалықты болып табылатын шарттар тобы;
- бастапқы тану кезінде олардың кейіннен ауыртпалықтыға айналу ықтималдығы жоқ шарттар тобы.

Шарттың немесе шарттар тобының ауыртпалықты екенін анықтау бастапқы тану күніндегі болжамдарға негізделеді, бұл ретте шартты орындау бойынша ақша ағындарының болжамдары сараланған ықтималдық негізінде айқындалады. Топ шарттардың бастапқы тану кезінде ауыртпалықты болып табылатындығын, сондай-ақ бастапқы тану кезінде ауыртпалық тудырмайтын шарттардың кейіннен осындай болу ықтималдығының бар-жоғын бағалау үшін негізделген және расталған ақпарат бар тиісті деңгейді анықтайды. Топ белгілі бір топқа кіретін барлық шарттар бір топқа қатысты болады деген қорытынды жасау үшін Топтың егжей-тегжейдің қай деңгейінде жеткілікті ақпаратқа ие екендігін анықтауда маңызды пайымдауды қолданады. Мұндай ақпарат болмаған жағдайда Топ әрбір шартты жеке бағалайды.

Бастапқы тану кезінде жасалған шарттар топтарының құрамы кейіннен қайта бағаланбайды. ХКЕС (IFRS) 17-ге көшу кезінде болған шарттар үшін біріктіру деңгейлерін есепке алу саясаты туралы ақпарат алу үшін төмендегі 16-ескертуді қараңыз.

Сыйлықақыны бөлу негізінде тәсілді қолдана отырып есепке алынатын автокөлікті сақтандыру және тұрғын үйді сақтандыру шарттары үшін Топ фактілер мен мән-жайлар керісінше болған жағдайларды қоспағанда, бастапқы тану сәтінде портфельде ауыртпалықты шарттар жоқ деген жорамалға сүйенеді. Егер бастапқы тану кезінде ауыртпалық тудырмайтын шарттардың кейіннен ауыртпалыққа айналу ықтималдығы жоқ болса, Топ тиісті фактілер мен жағдайлардың өзгеру ықтималдығын талдайды. Егер фактілер мен жағдайлар кейбір шарттардың бастапқы тану кезінде ауыртпалықты болуы мүмкін екенін немесе шарттар тобы ауыртпалықты шарттарға айналғанын көрсетсе, Топ сыйлықақыны бөлу тәсілін қолдана отырып анықталған өтеудің қалған бөлігі бойынша міндеттеменің баланстық құны Жалпы модельді қолдана отырып анықталған өтеудің қалған бөлігі бойынша міндеттемелерді орындау бойынша ақша ағындарының аз екендігін анықтау үшін сандық бағалау жүргізеді. Егер Жалпы модельді пайдалана отырып айқындалған өтеудің қалған бөлігі бойынша міндеттемелерді орындау бойынша ақша ағындары сыйлықақыны бөлу негізінде тәсілді пайдалана отырып айқындалған өтеудің қалған бөлігі бойынша міндеттеменің баланстық құнынан асып кетсе, онда айырма пайда немесе залал құрамында танылады, ал өтеудің қалған бөлігі бойынша міндеттеме сол сомаға ұлғаяды.

Егер бір портфель құрамындағы автокөлікті сақтандыру шарттары заң немесе реттеуші талаптар Топтың ерлер мен әйелдер полистерін ұстаушылар үшін әртүрлі тарифтерді немесе пайда деңгейін белгілеудің практикалық мүмкіндігін белгілі бір жолмен шектегендіктен ғана әртүрлі топтарға түссе, Топ мұндай шарттарды бір топқа қосуға құжылы.

2023 жылғы
31 желтоқсанда
аяқталған жыл іші
шоғырландырылған
қаржылық есептілігі
және Тауелсіз
аудиторлар есебі

F. Тану

Топ өзі шығаратын сақтандыру шарттарының тобын келесі күндердің ең ерте мерзіміне тануы керек:

- шарттар тобы бойынша қамту кезеңінің басталу күні;
- шарттардың тиісті тобында полис ұстаушыдан бірінші төлемді төлеу мерзімі келетін күн (егер шартта белгілі бір төлем күні көзделмесе, онда мұндай күн бірінші нақты төлем күні болып есептеледі); және
- аталған топтың ауыртпалықтыға ұшыраған күні.

Топ бір жыл ішінде шығарылған және есепті күнге тану критерийлеріне сәйкес келетін шарттарды ғана таниды. Осы шектеулерге байланысты сақтандыру шарттары тобы ағымдағы есепті кезең аяқталғаннан кейін ашық күйінде қалуы мүмкін. Жаңа шарттар топқа келесі есепті кезеңдерде тану критерийлерін қанағаттандыра бастағанда, топқа енгізіледі деп күтілетін барлық шарттар танылғанға дейін қосылады.

Дискрециялық қатысу шарттары бар инвестициялық шарттар бастапқыда Топ шарт тарабы болған сәтте танылады.

G. Шарттар шеңбері

Сақтандыру шарттары тобының есептік бағалауы топқа кіретін әрбір шарт шеңберіндегі барлық болашақ ақша ағындарын қамтуы тиіс.

Сақтандыру шартының шеңберінде қандай ақша ағындары бар екенін анықтаған кезде Топ шарт талаптарынан, сондай-ақ қолданылатын заңнамадан, нормативтік актілерден және әдеттегі іскерлік практикадан туындайтын өзінің нақты құқықтары мен міндеттерін назарға алады. Топ ақша ағындары сақтандыру шартының шеңберінде, егер олар Топ полис ұстаушыға сыйлықақыларды төлеуге міндеттей алатын немесе осы уақыт ішінде Топтың полис ұстаушыға сақтандыру шарты бойынша қызмет көрсетуге нақты міндеті бар есепті кезеңде болған жарамды құқықтар мен міндеттерге негізделген болса, айқындайды.

Сақтандыру шарты бойынша қызмет көрсетудің нақты міндеті Топтың белгілі бір полис ұстаушы бойынша тәуекелдерді қайта бағалаудың практикалық мүмкіндігі болған кезде аяқталады, нәтижесінде ол осындай тәуекелдерді толық көрсететін тарифті немесе пайда деңгейін белгілей алады. Егер шеңберді бағалау жеке шарт деңгейінде емес, портфель деңгейінде жүргізілсе, Топ осы шарт кіретін сақтандыру шарттарының портфелі бойынша тәуекелдерді қайта бағалаудың

практикалық мүмкіндігіне ие болуы тиіс, нәтижесінде ол барлық полис ұстаушылар бойынша тиісті тәуекелді толық көлемде көрсететін тарифті немесе пайда деңгейін белгілей алады. Тарифтеу кезінде Топ қайта бағалау күнінен кейінгі кезеңдерге жататын тәуекелдерді ескермеуі керек.

Барлық тәуекелдер сыйлықақыда немесе төлем деңгейінде көрсетілгенін анықтаған кезде, егер Топ қайта бағалау күніне шарттар (немесе шарттар портфелін) шығарған болса, Топ сақтанушыларға берілетін барлық тәуекелдерді қарастырады. Сол сияқты, Топтың шарт бойынша немесе шарттар портфелі бойынша барлық тәуекелдерді көрсететін тарифті белгілеудің практикалық мүмкіндігі бар-жоғын анықтаған кезде, ол қызметтердің қалған бөлігіне қатысты ұзарту күніне ұқсас шарттарға қол қою кезінде ескеретін барлық тәуекелдерді ескеруі керек. Топтың қолданыстағы шарттар бойынша тарифті қайта қараудың практикалық мүмкіндігін бағалау кезінде барлық шарттық, заңдық және нормативтік шектеулер ескеріледі. Бұл ретте Топ коммерциялық мазмұны жоқ шектеулерді назарға алмайды. Сондай-ақ, Топ нарықтық бәсекелестік пен коммерциялық ойлардың жаңа шарттарға тарифтерді белгілеу және қолданыстағы шарттарға тарифтерді қайта қарау практикалық мүмкіндігіне әсерін ескереді. Топ есепті күнге практикалық мүмкіндіктің болуы туралы қорытынды жасау үшін мұндай коммерциялық ойлардың маңызды екендігі туралы шешім қабылдаған кезде пайымдауды қолданады.

Шарттар тобы бойынша күтілетін ақша ағындарын бағалау кезінде Топ болашақ сақтанушылардың қолда бар опциондарды іске асыруға қатысты мінез-құлқын бағалай отырып, пайымдауларды қолданады. Оларға бас тарту опциондары және шарт шеңберіндегі басқа опциондар кіреді.

Ақша ағындары, егер олар Топтың ағымдағы немесе болашақ күнге қолма-қол ақша беру жәйіндегі нақты міндеттемесінің нәтижесі болса, дискрециялық қатысу шарттары бар инвестициялық шарттар шеңберінде болады.

Топ жағдайлардың өзгеруінің Топтың жарамды құқықтары мен міндеттеріне әсерін есепке алу үшін сақтандыру шартының шеңберін бастапқы тану кезінде және әрбір келесі есепті күні бағалауы керек.

2023 жылғы
31 желтоқсанда
аяқталған жыл іші
шоғырландырылған
қаржылық есептілігі
және Тәуелсіз
аудиторлар есебі

Н. Шығарылған сақтандыру шарттарын бағалау

Н.1 Сыйлықақыны бөлу негізінде тәсілді қолдана отырып бағаланатын шарттардан басқа, бастапқы тану кезінде шарттарды бағалау.

Бастапқы тану кезінде Топ сақтандыру шарттарының тобын осы шарттар шеңберінде көрсетілетін қызметтер бойынша алынбаған пайданы білдіретін шартта көзделген қызметтер үшін шарттар мен маржаларды орындау бойынша болашақ ақша ағындарының сомасы ретінде бағалауға тиіс.

Сақтандыру шарттарының шеңберінде болатын шарттарды орындау бойынша ақша ағындары

Шарттарды орындау бойынша ақша ағындары қаржылық емес тәуекелге тәуекелі бар түзетуді қоса алғанда, болашақ ақша ағындарының ағымдағы құнын бағалауды білдіреді. Болашақ ақша ағындарын бағалау бағалау күніндегі жағдайларды, соның ішінде болашаққа қатысты осы күнге жасалған болжамдарды көрсетеді.

Топ портфель деңгейіндегі шарттар тобы бойынша күтілетін ақша ағындарын бағалайды және оларды осы портфельдегі топтар арасында жүйелі және ұтымды түрде бөледі. Болашақ ақша ағындарын бағалау кезінде Топ сақтандыру шарттарындағы барлық ақша ағындарын қамтиды, соның ішінде:

- Сыйлықақылар және осы сыйлықақыларды төлеуден туындайтын кез келген қосымша ақша ағындары
- Қазірдің өзінде мәлімделген, бірақ әлі төленбеген талаптар, бұрын болған оқиғаларға қатысты туындаған талаптар, бірақ бұл оқиғаларға қойылатын талаптар әлі жарияланбаған, сондай-ақ қолданыстағы сақтандыру шарттарымен қамтылған болашақ сақтандыру жағдайлары бойынша өтемақыдан келетін барлық болашақ талаптар мен ықтимал ақша ағындары
- Шығарылған шарт тисілісі портфельге жататын аквизициялық ақша ағындарын бөлу
- Талаптармен жұмыс істеу шығындары
- Делдалдарға тек полисті жүргізу қызметтері үшін төленуі тиіс тұрақты комиссияларды қоса алғанда, полистерді жүргізу және қызмет көрсету шығындары (аквизициялық ақша ағындары болып табылатын мерзімді комиссиялар болашақ ақша ағындарын бағалау кезінде ескеріледі)

- Сақтандыру шартын орындауға тікелей байланысты тұрақты және ауыспалы үстеме шығындарды бөлу (мысалы, бухгалтерлік есеп, персоналды басқару, ақпараттық-технологиялық қамтамасыз ету және қолдау, ғимараттардың амортизациясы, жалдау ақысы, техникалық қызмет көрсету және коммуналдық қызметтер)
- Шарт талаптарына сәйкес полис ұстаушыға төленуге жататын ретінде ерекше түрде көрсетілген өзге де шығыстар.

Қайта сақтандыру шарттарын орындау бойынша ақша ағындарына қатысты ақпаратты 16-ескертуден қараңыз.

Дисконттау мөлшерлемелері

Ақшаның уақытша құны мен қаржылық тәуекел күтілетін ақша ағындарынан бөлек бағаланады, бұл ретте қаржылық тәуекелдердегі өзгерістер, Топ пайда немесе залал құрамындағы ақшаның уақытша құнын бөлек көрсетуді көздейтін есеп саясатын таңдаған жағдайларды қоспағанда, әрбір есепті кезеңнің соңындағы пайда немесе залал құрамында танылады. Топ сақтандыру шарттарының өтімділік сипаттамаларын және бақыланатын ағымдағы нарықтық бағаларға сәйкес келетін ақша ағындарының сипаттамаларын көрсететін дисконттау мөлшерлемелерін қолдана отырып, ақшаның уақытша құнын бағалайды. Олар мұндай бақыланатын нарықтық бағаларға әсер ететін факторлардың әсерін жоққа шығарады, бірақ сақтандыру шарттары бойынша болашақ ақша ағындарына әсер етпейді (мысалы, кредиттік тәуекел).

Әр түрлі өнімдерге дисконттау мөлшерлемелерін анықтау кезінде «төменнен жоғары» және «жоғарыдан төмен» тәсілдерінің үйлесімі қолданылды. «Төменнен жоғары» тәсілі шетел валютасында көрсетілген ақша ағындары үшін қолданылады. «Жоғарыдан төмен» тәсілі теңгемен көрсетілген ақша ағындары үшін пайдаланылады. Есепті күнге айқындалған дисконттау мөлшерлемелері 16-ескертуде ашылған.

Қаржылық емес тәуекелге тәуекелді түзету

Топ қаржылық тәуекелді қоспағанда, сақтандыру шарттары бойынша ақша ағындарының пайда болу сомасы мен мерзімдеріне қатысты белгісіздікті қабылдағаны үшін талап ететін өтемақыны қаржылық емес тәуекелге тәуекелді түзету ретінде бөлек бағалайды.

2023 жылғы
31 желтоқсанда
аяқталған жыл іші
шоғырландырылған
қаржылық есептілігі
және Тауелсіз
аудиторлар есебі

Тәуекелді түзету коэффициентін есептеу кезінде мынадай актуарлық жорамалдардың сақтандыру тәуекелі деңгейіне әсері ескеріледі:

- Жынысы мен жасы бойынша өлім ықтималдығы;
- Әкімшілік шығыстардың көлемі;
- Әрекетті тоқтату ықтималдығы (егер бар болса);
- Ұзарту ықтималдығы.

Есептеу тәуекелді бағалау (VaR) әдісін қолдану арқылы жүзеге асырылады. Осы тәсілге сәйкес Топ тәуекелдердің таралуын қайталау үшін әр түрлі сценарийлер бойынша болашақ ақша ағындарының ағымдағы құнын есептейді (әр сценарий қаржылық емес тәуекелдерден туындайтын белгісіздікті білдіреді). Қаржылық емес тәуекелге түзету белгілі бір сенімділік деңгейіндегі тәуекелдің құндық өлшемі мен орташа мән — оның ең жақсы бағасы арасындағы айырмашылыққа тең қабылданады. 75%-ға тең сенімділік қабылданады.

Шартта көзделген қызметтер үшін маржа

Шартта көзделген қызметтер үшін маржа - бұл сақтандыру шарттары тобы бойынша активтің немесе міндеттеменің құрамдас бөлігі, ол болашақта сақтандыру шарты бойынша қызметтер көрсетуіне қарай Топ танигын табылмаған пайданы білдіреді.

Бастапқы тану кезінде Топ шартта көзделген қызметтер үшін маржаны ауыр шарттардан басқа, келесі себептерге байланысты кірістер мен шығыстарға әкелмейтін көлемде өлшейді:

- шарттарды орындау бойынша күтілетін ақша ағындарының салдарынан;
- осы топтың аквизициялық ақша ағындарына қатысты активті тануды тоқтату салдарынан
- шарттардың осы тобына байланысты ақша ағындарына қатысты бұрын танылған кез келген басқа активтің немесе міндеттеменің салдарынан;
- көрсетілген күнге осы топтың шарттары бойынша туындаған ақша ағындарының салдарынан кірістер немесе шығыстардың туындауына әкеп соқпайтын сомада бағалайды.

Егер шарттар тобы ауыртпалықты болып табылса, Топ бастапқы тану кезінде залалды тануға тиіс, нәтижесінде осы топ бойынша міндеттеменің баланстық құны осы шарттарды орындау бойынша ақша ағындарының шамасына тең болады, ал шарттардың осы тобы бойынша шартта көзделген қызметтер үшін маржа нөлге тең болады. Шығын компоненті сақтандыру шарттары тобының бастапқы танылуы кезінде кез келген шығынға қатысты танылады, 16-ескертуді қараңыз.

Бастапқы тану кезінде Топ топтың қамту бірліктерін анықтайды. Содан кейін Топ есепті кезеңде ұсынылған қамту бірліктері негізінде шартта көзделген топ қызметтері үшін маржаны бөледі.

Аквизициялық ақша ағындары

Топ, егер олар топтағы жеке шарттарға, не топтың өзіне, не осы топқа кіретін сақтандыру шарттарының портфеліне тікелей қатысты болса, сақтандыру шарттарының тобын бағалауға аквизициялық ақша ағындарын қамтиды.

Топ портфель деңгейінде тікелей топқа жатпайтын, бірақ портфельге тікелей қатысты ақша ағындарын бағалайды. Содан кейін Топ оларды жүйелі және ұтымды негізде жаңадан жасалған және жаңартылған шарттар тобына бөледі.

Топ портфельді немесе сату және андеррайтинг шығындары сияқты сақтандыру шарттары тобын қамтамасыз ету шығындарына қатысты активті таниды, егер бұл шығындар осы шығындар жататын сақтандыру шарттары тобы танылғанға дейін жұмсалса. Топ мұндай активті аквизициялық ақша ағындары бөлінетін сақтандыру шарттарының әрбір қазіргі немесе болашақ тобы бойынша таниды. Топ аквизициялық ақша ағындарына қатысты активтің тиісті бөлігін тануды тоқтатады және оны осы топты бастапқы тану кезінде шарттардың тиісті тобы бойынша міндеттемелерді орындау бойынша ақша ағындарын бағалауға қосады. Егер есепті кезеңнің соңында топқа енгізу болжанын сақтандыру шарттарының кейбірі ғана танылса, Топ танылуы тоқтатылатын және топтың міндеттемелерін орындау бойынша ақша ағындарына енгізілетін активтің тиісті бөлігін айқындайды. Тиісті бөлік топ құрамындағы шарттарды тану уақытын ескеретін бөлімнің жүйелі және ұтымды әдісі негізінде айқындалады.

Әрбір есепті күнге Топ активтің құнсыздану белгілерінің болуына аквизициялық ақша ағындарына қатысты активтің баланстық құнын талдайды. Егер мұндай белгілер болса, Топ активтің баланстық құнын активтің баланстық құны шарттардың тиісті болашақ топтары бойынша күтілетін таза ақша ағынынан аспайтындай етіп түзетеді. Құнсызданудан болған залал пайда немесе залал құрамында танылады. Егер құнсызданудан болған залал кейіннен қалпына келтірілсе, активтің баланстық құны құнсыздануды тудырған жағдайлар өмір сүруін тоқтатқан не жақсарту жағына қарай өзгерген дәрежеде ұлғаяды, ал құнсызданудан болған залалды қалпына келтірудің жинақталған сомасы өткен жылдары осы актив бойынша танылған құнсызданудан болған залалдан аспайды.

H.2 Жалпы модель шеңберіндегі кейінгі бағалау

Болашақ кезеңдердің қызметтеріне қатысты шарттарды орындау бойынша ақша ағындарын бағалау кезінде Топ бұрыннан туындаған талаптармен байланысты және болашақ кезеңдердің қызметтерімен байланысты ақша ағындары арасындағы айырмашылықты анықтайды.

Әрбір есепті кезең аяқталған күні сақтандыру шарттары тобының баланстық сомасы осы күнге қамтудың қалған бөлігі бойынша міндеттеменің ағымдағы бағасын және туындаған талаптар бойынша міндеттеменің ағымдағы бағасын көрсетуге тиіс.

2023 және 2022 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (миллион теңгемен)

2023 жылғы
31 желтоқсанда
аяқталған жыл іші
шоғырландырылған
қаржылық есептілігі
және Тауелсіз
аудиторлар есебі

Қамтудың қалған бөлігі бойынша міндеттеме Топтың әлі болмаған сақтандыру жағдайларына қатысты қолданыстағы сақтандыру шарттары шеңберінде негізделген талаптарды төлеу, әлі ұсынылмаған сақтандыру шарты бойынша қызметтермен байланысты сомаларды төлеу (яғни болашақта сақтандыру шарты бойынша қызметтерді ұсынумен байланысты міндеттер) міндеттемелерін, сондай-ақ инвестициялық компоненттерді және болашақта сақтандыру шарты бойынша қызмет көрсетумен байланысты емес және туындаған талаптар бойынша міндеттеме құрамына енгізілмеген ақша сомаларды білдіреді. Қамтудың қалған бөлігі бойынша міндеттеме (а) болашақ кезеңдердің қызметтеріне қатысты шарттарды орындау бойынша ақша ағындарын, (б) шартта көзделген қызметтер үшін әлі алынбаған маржаны және (в) сақтандыру шарты бойынша көрсетілген қызметтер үшін кез келген төленбеген сыйлықақыларды қамтиды.

Туындаған талаптар бойынша міндеттеме Топтың бұрын болған, бірақ әлі мәлімделмеген жағдайларды қоса алғанда, орын алған сақтандыру жағдайларына қатысты негізделген талаптарды төлеу жөніндегі міндеттемелерін және сақтандыру бойынша келтірілген өзге де шығыстарды қамтиды. Талап сондай-ақ Топтың шарт бойынша полис ұстаушыға төлеуге міндетті сомаларды төлеу міндеттемелерін қамтиды. Оларға шартты тану тоқтатылған кезде инвестициялық компоненттерді төлеу жатады. Туындаған талаптар бойынша міндеттемені бағалау осы топқа есепті күнге жатқзылған осы және өткен кезеңдердің қызметтеріне қатысты ақша ағындарын қамтиды.

Шарттарды орындау бойынша ақша ағындарындағы өзгерістер

Әрбір есепті кезеңнің соңында Топ болашақ ақша ағындарының сомаларын, мерзімдерін және белгісіздіктерін, сондай-ақ дисконттау мөлшерлемелерін және басқа да қаржылық айнымалыларды ағымдағы бағалауды көрсету үшін пайда болған талаптар бойынша міндеттемелерге және қамтудың қалған бөлігі бойынша міндеттемелерге қатысты шарттарды орындау бойынша ақша ағындары туралы ақпаратты жаңартуы керек.

Таңдалған есеп саясатына сәйкес Топ қаржылық емес жорамалдардың өзгерістерін, дисконттау мөлшерлемелеріндегі өзгерістерді және қаржылық жорамалдарды ескере отырып, есепті кезеңнің соңында шарттарды орындау бойынша ақша ағындарындағы өзгерістерді есептейді. Алдымен Топ міндеттемелерді орындау бойынша ақша ағындары бойынша дисконттау мөлшерлемелері мен қаржылық болжамдардағы өзгерістерді есептейді (кезеңнің басында күтілгендей), содан кейін қаржылық емес болжамдардағы өзгерістерден осы ақша ағындарындағы өзгерістерді есептейді.

Тәжірибеге негізделген түзету:

- кезеңнің басында орындалған кезең ішінде алуға күтілетін сомаларды бағалау мен сол кезеңдегі нақты ақша ағындары (және аквизициялық ақша ағындары сияқты ілеспе ақша ағындары) арасындағы айырмашылықты; немесе

- кезеңнің басында орындалған кезең ішінде жұмсалады деп күтілетін шығыстар сомаларын бағалау мен кезең ішінде шеккен шығыстардың нақты сомалары (сақтандыру шарттары бойынша аквизициялық шығыстарды қоспағанда) арасындағы айырмашылықты білдіреді.

Ағымдағы немесе өткен кезеңдегі қызметтерге қатысты тәжірибеге негізделген түзетулер пайда немесе залал құрамында танылады. Орын алған сақтандыру жағдайларына (орын алған, бірақ талаптары әлі мәлімделмеген жағдайларды қоса алғанда) және тәжірибеге негізделген түзетулерді сақтандыру бойынша келтірілген өзге де шығыстарға қатысты әрқашан ағымдағы немесе өткен кезеңнің қызметтеріне жатады. Олар сақтандыру шығындарының бөлігі ретінде пайда немесе залал құрамына кіреді.

Болашақ кезеңдердің қызметтеріне қатысты тәжірибеге негізінде түзетулер шартта көзделген қызметтер үшін маржаны түзету жолымен жабудың қалған бөлігі бойынша міндеттемеге енгізіледі. Шартта көзделген қызметтер үшін маржаны босату шарттың көрсетілген базалық баптардың нәтижелеріне жанама немесе тікелей қатысуына байланысты болады.

Әрбір есепті кезеңнің соңында Топ қаржылық және қаржылық емес тәуекелдерге қатысты жорамалдардағы өзгерістерді ескере отырып, оларды түзете отырып, өтеудің қалған бөлігі бойынша міндеттемелерге қатысты шарттарды орындау бойынша ақша ағындарын қайта бағалауды жүргізеді.

Шартта көзделген қызметтер үшін маржаны түзету

Тікелей қатысу шартынсыз сақтандыру шарттарына қатысты сақтандыру шарттарының тобы бойынша шартта көзделген қызметтер үшін маржа болашақ кезеңдердің қызметтеріне қатысты шарттарды орындау бойынша ақша ағындарындағы өзгерістерге байланысты түзетілуге тиіс. Мұндай өзгерістерге мыналар жатады:

- Топтағы шарттарды бастапқы тану кезінде қолданылған дисконттау мөлшерлемелерін пайдалана отырып есептелетін, болашақ кезеңдердің қызметтеріне, сондай-ақ аквизициялық ақша ағындары және сыйлықақы салықтары сияқты соған байланысты ақша ағындарына қатысты кезең ішінде алынған сыйлықақыларға байланысты туындайтын тәжірибеге негізделген түзетулер
- Топтағы шарттарды бастапқы тану кезінде қолданылған дисконттау мөлшерлемелерін пайдалана отырып есептелетін қаржылық емес айнымалылармен байланысты өтеудің қалған бөлігінің міндеттемесі бойынша болашақ ақша ағындарының ағымдағы құнының есептік бағалауларындағы өзгерістер. Барлық қаржылық айнымалылар бастапқы тану кезінде тіркеледі.
- Болашақ кезеңдердің қызметтеріне жататын қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзетулерінің өзгеруі. Топ (i) қаржылық емес тәуекелге байланысты өзгерістерді және (ii) ақша құнының және ақша құнының өзгерістерінің әсерін бөлу мақсатында қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік

2023 және 2022 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (миллион теңгемен)

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тәуелсіз аудиторлар есебі

түзетудің өзгеру шамасын дезагрегацияламайды;

- осы кезеңде төленуі күтілетін инвестициялық құрамдас бөлік пен осы кезеңде төленуге жататын нақты инвестициялық құрамдас бөлік арасындағы айырмашылық. Осы кезеңде төленуге тиіс деп күтілетін инвестициялық құрамдас бөліктің сомасы ол төлеуге жататын сәтке дейін қолданыста болған дисконттау мөлшерлемелері бойынша бағаланады.

Келесі түзетулер болашақ кезеңдердің қызметтеріне жатпайды және шартта көзделген қызметтер үшін маржаны түзетпейді:

- ақша құнының және ақша құнының өзгеруінің әсері, сондай-ақ қаржылық тәуекелдің және қаржылық тәуекелдің өзгеруінің әсері;
- туындаған талаптар бойынша міндеттемеге енгізілген шарттарды орындау бойынша ақша ағындарын есептік бағалаудағы өзгерістер;
- сақтандыру қызметтері бойынша шығыстарға қатысты тәжірибеге негізделген түзетулер (аквизициялық ақша ағындарын қоспағанда).

Болашақ сақтандыру өтемімен байланысты ақша ағындарының кез келген кейінгі ұлғаюы пайда немесе залал ретінде пайда болған кезде танылады, сақтандыру шарттары тобының шығынды құрамдас бөлігін ұлғайтады. Болашақ сақтандыру өтемімен байланысты ақша ағындарының кез келген кейінгі төмендеуі топтың шығынды құрамдас бөлігі пайда немесе залал арқылы толық қайтарылғанға дейін шартта көзделген қызметтер үшін маржаны түзетпейді.

Тікелей қатысу талаптарысыз сақтандыру шарттары үшін есепті кезеңнің соңындағы шарттар тобы бойынша шартта көзделген қызметтер үшін маржаның баланстық құны:

- топқа қосылған жаңа шарттардың әсерін;
- шартта көзделген қызметтер үшін маржаның баланстық құнына есептелген, бастапқы тану кезінде айқындалған дисконттау мөлшерлерін қолдана отырып есептелген пайыздарды;
- болашақ кезеңдердің қызметтеріне қатысты шарттарды орындау бойынша ақша ағындарындағы өзгерістерді:
 - шарттарды орындау бойынша ақша ағындарының шамасын ұлғайту шартта көзделген қызметтер үшін маржаның баланстық құнынан асып түседі, бұл шығынның туындауына әкеп соғады; немесе
 - шарттарды орындау бойынша ақша ағындарының шамасын азайту өтеудің қалған бөлігі бойынша міндеттеме құрамындағы шығын компонентіне жатады;
- шартта көзделген қызметтер үшін маржаға бағамдық айырмашылықтардың әсерін; және
- ағымдағы және қалған қамту кезеңдеріне есепті кезеңде сақтандыру шарты бойынша

қызметтер көрсету салдарынан сақтандыру бойынша түсім ретінде танылған, есепті кезеңнің соңында қалатын шартта көзделген қызметтер үшін маржаны бөлу (бөлуді жүзеге асырғанға дейін) жолымен айқындалатын соманы есепке ала отырып түзетілген баланстық құнға тең.

Шартта көзделген қызметтер үшін маржаны пайда немесе залал құрамында тану

Шартта көзделген қызметтер үшін маржаның бір бөлігі сақтандыру шарты бойынша көрсетілетін қызметтерді көрсететін шамада әрбір есепті кезеңде пайда немесе залал құрамында танылады. Бұл мән мыналар арқылы анықталады:

- осы топтағы өтеу бірліктерін сәйкестендіру. Топтағы өтеу бірліктерінің саны осы топқа енгізілген шарттар бойынша ұсынылған сақтандыру шарты бойынша көрсетілетін қызметтердің көлемін білдіреді, ол әрбір шарт бойынша шарт бойынша ұсынылатын пайданың шамасын және күтілетін өтеу кезеңін талдау негізінде айқындалады;
- шартта көзделген қызметтер үшін маржаны кезеңнің соңына (оның кезеңінде көрсетілген сақтандыру шарты бойынша қызметтерді көрсету үшін пайда немесе залал құрамындағы қандай да бір сомасы танылғанға дейін) ағымдағы кезеңде берілген және болашақта ұсынуға күтілетін өтеудің әрбір бірлігіне тең үлестермен бөлу;
- пайда немесе залал құрамындағы осы кезеңде берілген өтеу бірліктеріне бөлінген шаманы тану.

Өтеу бірліктерінің саны сақтандыру шарттары бойынша қызметтер көрсетуіне, қолданылу мерзімінің аяқталуына, шарттардың қолданылуын тоқтатуға немесе одан бас тартуға, сондай-ақ топқа жаңа шарттар қосылуына қарай өзгереді. Өтеу бірліктерінің жалпы саны Топтың шарттар бойынша міндеттемелерінің күтілетін қолданылу мерзіміне байланысты. Олар сақтанушылардың мінез-құлқының әсеріне және болашақ сақтандыру жағдайларына қатысты белгісіздікке байланысты шарттың заңды қолданылу мерзімінің өзгеше болуы мүмкін. Өтеу бірліктерінің санын анықтай отырып, Топ сақтандыру жағдайларының басталу ықтималдығын және сақтанушылардың мінез-құлқын топта күтілетін өтеу кезеңіне әсер ететін дәрежеде бағалау кезінде пайымдауларды, әртүрлі кезеңдерде ұсынылатын қызметтердің әртүрлі деңгейлерін (мысалы, сақтанушы опционды орындайды және бұрын кепілдендірілген бағамен қосымша өтеуді қосады) және шарт бойынша ұсынылатын «төлемдер санын» пайдаланады.

Ақша ағындары базалық баптарға тәуелді емес шарттар

Өтеу бірліктерінің санын анықтау кезінде Топ келесі әдістерді қолданады:

Өмірді мерзімді сақтандыру полистері (сақтандыру сомасы тең немесе азаятын) және тіркелген аннуитеті бар полистер үшін күтілетін өтеу кезеңіне және әр кезеңдегі шарт бойынша максималды өтеуге негізделген әдіс қолданылады. Бұл әдіс орынды, өйткені әр кезеңдегі шарт бойынша өтеудің өзгеріштілігі және сәйкесінше әр кезеңдегі көрсетілген қызмет сомасының өзгеріштілігі бар.

2023 және 2022 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (миллион теңгемен)

2023 жылғы
31 желтоқсанда
аяқталған жыл іші
шоғырландырылған
қаржылық есептілігі
және Тәуелсіз
аудиторлар есебі

Өтеудің әрбір бірлігі үшін бөлінген, шартта көзделген қызметтер үшін маржа сомасы уақыт өте келе шартта көзделген қызметтер үшін маржа сомасының өзгеруіне қарай өзгереді. Шартта көзделген қызметтер үшін маржа сомасын өтеу бірліктері бойынша бөлу шартта көзделген қызметтер үшін маржаның барлық басқа өзгерістері (пайыздардың ұлғаюы және болашақта өтеуге байланысты болжамдардағы өзгерістердің әсері) көрсетілгеннен кейін, бірақ оның қандай да бір сомасы пайда немесе залал құрамында танылғанға дейін кезеңнің соңында жүзеге асырылады. Шартта көзделген қызметтер үшін кезең соңындағы маржа сомасы ағымдағы кезеңде ұсынылған және болашақта ұсынуға күтілетін өтеудің әрбір бірлігіне тең үлестермен бөлінеді.

Н.3 Сыйлықақыны бөлу тәсілін қолдана отырып бааланатын сақтандыру шарттары

Егер топ құрамындағы әрбір шарт бойынша өтеу кезеңі бір жыл немесе одан аз болса, Топ автокөлікті сақтандыру және мүлікті сақтандыру шарттарын бағалау үшін сыйлықақыны бөлу негізінде тәсілді қолданады. Топ, егер РАА моделі қолданылса, топтағы әрбір шартты өтеу мерзімі бір жылдан асатын автокөлік және мүлікті сақтандыру шарттарын бағалау үшін РАА моделін қолданады.

Бастапқы тану кезінде Топ өтеудің қалған бөлігі бойынша міндеттемелерді ақшалай нысанда алынған сыйлықақылар сомасы бойынша бағалайды. Сыйлықақыны бөлуге негізделген тәсіл қолданылатын барлық шығарылған сақтандыру шарттарының өтеу мерзімі бір жыл немесе одан аз болғандықтан, Топ шарттың қолданылу кезеңінде барлық аквизициялық ақша ағындарының амортизациялық саясатын қолданады.

Есепті кезеңде көрсетілген, бірақ есепті кезеңнің соңында әлі алынбаған сақтандыру шарттары бойынша қызметтер үшін Топқа тиесілі сыйлықақылар өтеудің қалған бөлігі бойынша міндеттемелердің құрамына енгізіледі. Әрбір келесі есепті кезеңнің соңындағы өтеудің қалған бөлігі бойынша міндеттемелердің баланстық құны осы кезеңде алынған сыйлықақыларға түзетілген есепті кезеңнің басындағы баланстық құнды және осы кезеңде көрсетілген сақтандыру шарты бойынша қызметтер үшін сақтандыру бойынша түсім ретінде танылған соманы білдіреді.

Топ өтеу мерзімі бір жыл немесе одан аз автокөлік пен мүлікті сақтандыру шарттарында елеулі қаржылық құрамдас бөлік жоқ екенін анықтады. Топ осындай сақтандыру шарттары бойынша ақшаның уақытша құнын және қаржылық тәуекелді көрсету үшін өтеудің қалған бөлігі бойынша міндеттемелерді дисконттамайды.

Сондай-ақ, Топ мүлікті және автокөлікті қайта сақтандырудың ұсталатын квоталық-үлестік шарттарына сыйлықақыны бөлу негізінде тәсілді қолданады. Мұндай қайта сақтандыру шарттарын өтеу кезеңі 15 ай немесе одан аз мерзімді құрайды. Өтеу мерзімі бір жылдан асатындықтан, Топ бастапқы тану кезінде сыйлықақыны бөлуге негізделген тәсіл Жалпы модельге қанағаттанарлықтай жақындау болып табылатындығын бағалайды.

Өтеу кезеңі бір жылдан асатын автокөлік пен мүлікті қайта сақтандыру шарттарына қатысты Топ қаржыландырудың елеулі құрамдас бөлігінің болуын айқындау үшін пайымдауды қолданады. Қаржыландырудың елеулі құрамдас бөлігі бәр қайта сақтандыру шарттарының топтары үшін Топ бастапқы тану кезінде айқындалған дисконттау мөлшерлемелерін пайдалана отырып, ақшаның уақытша құнын көрсету үшін жабудың қалған бөлігі бойынша міндеттемені түзетеді.

Шығарылған автокөлік пен тұрғын үйді сақтандыру шарттары үшін, сондай-ақ ұсталатын қайта сақтандыру шарттары үшін өтеудің қалған бөлігі бойынша міндеттеменің баланстық құны мына төмендегілерді қоспағанда, Жалпы модельді пайдалана отырып бағаланады:

- Топ пайда болған күннен бастап бір жыл немесе одан аз уақыт ішінде төленеді деп күткен талаптар үшін Топ ақшаның уақытша құнын және қаржылық тәуекелдердің әсерін ескере отырып, болашақ ақша ағындарын түзетпейді
- реттелуі бір жылдан астам уақыт ішінде күтілетін талаптар үшін баланстық құн туындаған талап бастапқы танылған кезде дисконттау мөлшерлемесін қолдана отырып дисконтталады.

Егер Топ сыйлықақыны бөлу негізінде тәсілді қолдана, кезең ішіндегі сақтандыру кірісі инвестициялық құрамдас бөлікті алып тастайтын сыйлықақылардың күтілетін түсімдерінің сомасын білдіреді. Топ уақыттың өтуіне қарай сыйлықақылардың күтілетін түсімдерін бөлуі керек. Топ бөлу негізін анықтауда пайымдауды қолданады.

Егер фактілер мен жағдайлар шарттар тобының ауыртпалыққа айналғанын көрсетсе, Топ ауыртпалық сынағын өткізеді. Егер шартты орындауға байланысты ақша ағындарының сомасы өтеудің қалған бөлігі бойынша міндеттеменің баланстық құнынан асып кетсе, Топ пайда немесе залал құрамындағы шығын ретінде айырмашылықты таниды және өтеудің қалған бөлігі бойынша міндеттемені тиісті сомаға ұлғайтады.

Н.4. Ауыртпалықты шарттар

Егер осы шартқа жатқызылған шарттар міндеттемелерін орындау бойынша ақша ағындары, бұрын танылған аквизициялық ақша ағындары және бастапқы тану күніне осы шарт бойынша туындайтын ақша ағындары өз жиынтығында қаражаттың таза кетуін білдірсе, Топ сақтандыру шартын бастапқы тану күніне ауыртпалықты деп санайды.

Бастапқы тану кезінде ауыртпалықты бағалау қаржылық емес тәуекелге тәуекелді түзетуді қоса алғанда, болашақ күтілетін ақша ағындарын ең жақсы бағалауды ескере отырып, жекелеген шарттар деңгейінде жүргізіледі. Бастапқы тану кезінде тиімсіз болуы мүмкін шарттар топтарға біріктіріледі және мұндай топтар жеке бағаланады және ұсынылады. Шарттар бір топқа жатқызылғаннан кейін, оларға елеулі өзгерістер енгізілген жағдайларды қоспағанда, олар екінші топқа қайта жатқызылуға жатпайды.

2023 жылғы
31 желтоқсанда
аяқталған жыл іші
шоғырландырылған
қаржылық есептілігі
және Тауелсіз
аудиторлар есебі

Бастапқы тану кезінде ауыртпалықты шарттардың осы тобы бойынша шартта көзделген қызметтер үшін маржа нөлге тең болады, ал топты бағалау тек шартты орындау бойынша ақша ағындарынан тұрады. Ауыртпалықты деп танылған шарттар тобынан күтілетін қаражаттың таза кетуі топтың «шығын компоненті» ретінде қарастырылады. Ол бастапқыда шарттар тобы алғаш рет ауыртпалықты шарттар ретінде қарастырылған кезде есептеледі және сол күні пайда немесе залал ретінде танылады. Шарттар тобының шығын компонентінің сомасы ұсыну және кейінгі бағалау мақсаттары үшін бақыланады.

Топ ауыртпалықты сақтандыру шарттары тобы бойынша шығынды мойындағаннан кейін, ол шығын компоненті мен шығын компонентін қоспағанда, өтеудің қалған бөлігі бойынша міндеттеме арасында жүйелі негізде өтеудің қалған бөлігі бойынша міндеттемеге қатысты шарттарды орындау бойынша ақша ағындарының кейінгі өзгерістерін бөлуге тиіс.

Тікелей қатысу шарттары жоқ ауыртпалықты шарттар топтары үшін Топ белгіленген дисконттау мөлшерлемелерін пайдаланады. Олар болашақ кезеңдердің қызметтерімен байланысты болашақ ақша ағындарын бағалаудағы өзгерістерді (шығын компонентіндегі өзгерістер де, шығын компонентін қалпына келтіру де) есептеу үшін бастапқы тану кезінде анықталады.

Барлық шығарылған шарттарға қатысты, сыйлықақыны бөлу негізінде тәсілді қолдана отырып ескерілетіндерден басқа, өтеудің қалған бөлігі бойынша міндеттемеге қатысты шарттарды орындау бойынша бөлінуге тиіс ақша ағындарының кейінгі өзгерістері мыналар болып табылады:

- сақтандыру шарттары бойынша қаржылық кірістер немесе шығыстар;
- тәуекелді босату салдарынан пайда немесе залал құрамында танылған қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзетулердің өзгеруі;
- сақтандыру қызметтері бойынша жұмсалған шығыстардың салдарынан өтеудің қалған бөлігі бойынша міндеттеме азайтылған сомадағы талаптар мен шығыстар бойынша болашақ ақша ағындарының келтірілген құнын бағалау.

Топ шығын компонентінің өтеудің қалған бөлігі бойынша міндеттемелер құрамындағы ақша ағындарының жалпы сомасына пайыздық қатынасы негізінде сақтандыру қызметтеріне жұмсалған шығыстарды жүйелі бөледі айқындайды.

Болашақ кезеңдердің қызметтерімен байланысты осы топқа жатқызылған шарттарды орындау бойынша ақша ағындарының төмендеуі (болашақ ақша ағындарын бағалаудың өзгеруіне және қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзетуге байланысты) алдымен шығын компонентіне ғана жатады. Бұл компонент нөлге тең болған кезде, болашақ кезеңдердің қызметтерімен байланысты шарттарды орындау бойынша ақша ағындарының төмендеуі сақтандыру шарттары тобы бойынша шартта көзделген қызметтер үшін маржа белгілеуге әкеледі.

Ауыртпалықты шарттар топтары үшін түсім кезеңнің басында күтілетін сақтандыру қызметтерінің шығыстарының сомасы ретінде есептеледі, олар түсімнің бөлігі болып табылады және тек қана мыналарды көрсетеді:

- осы кезеңде тәуекелдің күтілетін босатылуына байланысты қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзетудің өзгеруі (шығын компонентіне жүйелі түрде бөлінетін соманы қоспағанда)
- осы кезеңде күтілетін талаптарға байланысты болашақ ақша ағындарының келтірілген құнын бағалау (шығын компонентіне жүйелі түрде жатқызылатын соманы қоспағанда)
- аквизициялық ақша ағындарын қалпына келтіруге қатысты сыйлықақылардың бір бөлігін өтеу бірліктеріне негізделген бөлу.

Осы сомалардың барлығы шығын компонентін есепке алмай, өтеудің қалған бөлігі бойынша міндеттемелердің төмендеуі ретінде есепке алынады.

Топ сақтандыру қызметтерінің нәтижесінде пайда болған шығындарды есепке алады, олар:

- шығын компонентін белгілейтін немесе одан әрі арттыратын болашақ кезеңдердің қызметтеріне қатысты бағалаулардағы өзгерістер нәтижесінде туындайтын міндеттемелерді орындау бойынша ақша ағындарының өзгерістері
- болашақ кезеңдердің қызметтеріне қатысты және шығын компонентін ол нөлге тең болғанға дейін азайтатын міндеттемелерді орындау бойынша ақша ағындарын кейіннен азайту
- қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзетулердің өзгерістерін де, сақтандыру қызметтері бойынша жұмсалған шығыстарды да шығын компонентіне жүйелі жатқызу нәтижесінде туындайтын шығын компонентіне қатысты сомаларды таниды.

I. Тануды өзгерту және тоқтату

Егер шарттың төмендегі талаптарының кем дегенде біреуі орындалса ғана Топ бастапқы шартты тануды тоқтатып, өзгертілген шартты жаңа шарт ретінде тануы керек.

- Егер өзгертілген шарттар оның қолданысы басталған сәтте шартқа енгізілсе және Топ осындай өзгертілген шарт деген қорытындыға келсе:
 - ХКЕС (IFRS) 17 қолдану аясынан шығарыласы;
 - Топ негізгі сақтандыру шартынан басқа құрамдас бөліктерді бөліп алса, нәтижесінде басқа сақтандыру шарты танылса;
 - өзгертілген шарттың шеңбері айтарлықтай өзгеше болса;
 - шарттардың басқа тобының құрамына енгізілсе;

2023 және 2022 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (миллион теңгемен)

2023 жылғы
31 желтоқсанда
аяқталған жыл іші
шоғырландырылған
қаржылық есептілігі
және Тауелсіз
аудиторлар есебі

- Бастапқы шартқа Топ сыйлықақыны бөлуге негізделген тәсілді қолданды, бірақ модификация шарттың осы тәсілді қолдану критерийлеріне сәйкес келмейтіндігіне әкеледі.

Егер шартты өзгерту талаптардың біріне сәйкес болса, Топ бастапқы тану кезінде қолданылатын барлық бағалауларды орындауы, бастапқы шартты тануды тоқтатуы және жаңа өзгертілген шартты бірінші рет жасалғандай мойындауы керек.

Егер шартты өзгерту талаптардың ешқайсысын қанағаттандырмай, Топ шарттарды орындау бойынша ақша ағындарының есептік бағалауларындағы өзгерістер ретінде модификациядан туындаған ақша ағындарының өзгеруін ескеруі керек.

Жалпы модельді қолдана отырып ескерілетін сақтандыру шарттары үшін міндеттемелерді орындау бойынша ақша ағындарының бағаларын өзгерту шартта көзделген қызметтер үшін маржа шамасын кезең соңына (ағымдағы кезеңде бөлінгенге дейін) қайта қарауға әкеп соғады. Шартта көзделген қызметтер үшін кезеңнің соңында қайта қаралған маржаның бір бөлігі, сондай-ақ кезеңнің басынан бастап қолданылатын, бірақ кезең ішіндегі модификацияға байланысты өтеу бірліктерінің өзгеруін көрсететін шартта көзделген қызметтер үшін маржаның қайта қаралған сомасы ағымдағы кезеңге жатады. Бұл бөлік кезеңнің соңында анықталған өтеу бірліктерінің жаңартылған сомалары арқылы есептеледі және қайта қаралған өтеудің ағымдағы кезеңнің бір бөлігінде ғана болғанын көрсету үшін өшенеді.

Сыйлықақыны бөлу негізінде тәсілді қолдана отырып ескерілетін сақтандыру шарттары үшін Топ сақтандыру бойынша түсімді шартқа өзгерістер енгізілген сәттен бастап перспективті түрде түзетеді.

Топ сақтандыру шартын тануды тек мына жағдайда ғана тоқтатуы керек:

- ол өтелген жағдайда, яғни сақтандыру шартында көзделген міндет мерзімі өткеннен кейін тоқтатылған, орындалған немесе жойылған кезде;
- ол өзгертілген және тануды тоқтату үшін кез келген талаптар орындалған жағдайда.

Топ келесі талаптарды қолдана отырып, шарттар тобына кіретін сақтандыру шартын тануды тоқтатады:

- осы топқа жатқызылған шарттарды орындау бойынша ақша ағындары болашақ ақша ағындарының дисконтталған құнын және топта танылуы тоқтатылған құқықтар мен міндеттерге байланысты қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзетуді болдырмау үшін түзетіледі;
- шарттардың осы тобы бойынша шартта көзделген қызметтер үшін маржа шығын компонентінің ұлғаюына немесе қалпына келтірілуіне әкеп соқтыратын жағдайларды қоспағанда, шарттарды орындау бойынша ақша ағындарының өзгерістерін ескере отырып түзетіледі;

- сақтандыру шарты бойынша күтілетін қалған қызметтер бойынша өтеу бірліктерінің саны топтағы өтеу бірліктерін тануды тоқтатуды көрсету үшін түзетіледі. Кезең ішінде пайда немесе залал құрамында танылған шартта көзделген қызметтер үшін маржа мөлшері жабын бірліктерінің түзетілген саны негізінде айқындалады.

Егер Топ сақтандыру шартын үшінші тарапқа берсе және бұл тануды тоқтатуға әкеп соқтырса, Топ шартты тануды тоқтатуға байланысты сақтандыру шарттары тобының баланстық құнының өзгеруі мен үшінші тарапқа төленген сыйлықақы арасындағы айырмашылықтан тану тоқтатылған шарт тиесілі шарттар тобы бойынша шартта көзделген қызметтер үшін маржаны түзетуі тиіс.

Егер Топ сақтандыру шартының өзгеруіне байланысты оны тануды тоқтатса, онда ол бастапқы сақтандыру шартын тануды тоқтатып, жаңа шартты тануы тиіс. Топ тануы тоқтатылған шарт тиесілі шарттар тобы бойынша шартта көзделген қызметтер үшін маржаны – шартты тануды тоқтатуға байланысты шарттарды орындау бойынша ақша ағындарын түзету нәтижесінде сақтандыру шарттары тобының баланстық құнының өзгеруі мен Топ шарт өзгертілген күні өзгерту үшін алынатын қосымша сыйлықақыларды шегергенде, жаңа шартқа ұқсас талаптармен шарт жасап, төлеуді талап ететін сыйлықақы арасындағы айырмашылыққа түзетуге тиіс.

J. Ұсыну

Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте Топ активтерді білдіретін және міндеттемелерді білдіретін шығарылған сақтандыру шарттарының портфельдері бойынша, сондай-ақ активтерді білдіретін және міндеттемелерді білдіретін ұсталатын қайта сақтандыру шарттарының портфельдері бойынша баланстық құнды бөлек ұсынды.

Топ сақтандыру бойынша кірістер мен шығыстарға шоғырландырылған пайда мен шығын туралы есепте танылған сомаларды бөлшектейді. Топ өз еркімен «Таза қаржылық кірістер немесе сақтандыру шығындары» жолын сақтандыру кірістеріне енгізді.

Топ сақтандыру қызметтерін көрсету нәтижесіне қатысты сомаға және сақтандыру бойынша қаржылық кірістерге немесе шығыстарға қатысты сомаға қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзетудің өзгеру шамасын бөлшектеуге міндетті емес. Ол сақтандыру қызметтерін көрсету нәтижесінің бір бөлігі ретінде қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзетудің өзгеруінің барлық шамасын ескеруі тиіс.

J.1 Сақтандырудан түсетін түсім

Топ шығарылған сақтандыру шарттары тобы бойынша қызмет көрсететіндіктен, ол өтеудің қалған бөлігі бойынша міндеттемесін азайтады және сақтандырудан түсетін түсімді таниды, бұл Топ осы қызметтерге айырбастау үшін алатын сыйақы сомасы бойынша бағаланады.

2023 және 2022 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (миллион теңгемен)

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тауелсіз аудиторлар есебі

Жалпы модельге сәйкес бағаланатын сақтандыру шарттарының топтары үшін сақтандырудан түсетін түсім өтеудің қалған бөлігі бойынша міндеттеменің өзгеруінің жалпы шамасы ретінде анықталуы мүмкін. Мұндай өзгерістерге мыналар жатады:

- Мыналарды қоспағанда, кезеңнің басында күтілетін сомалар бойынша өлшенген кезеңдегі сақтандыру қызметтері бойынша шығыстар:
 - шығын компонентіне жатқызылған сомалар
 - инвестициялық құрамдас бөліктердің төлемдері
 - сақтандыру шарттары бойынша аквизициялық шығыстар
 - қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзетуге байланысты сомалар
- Қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзетуді өзгерту, мыналарды алып тастағанда:
 - шартта көзделген қызметтер үшін маржаны түзететін өзгерістер, өйткені олар болашақ кезеңдердің қызметтеріне жатады;
 - шығын компонентіне жатқызылған сомалар;
- Шартта көзделген қызметтер үшін пайда немесе залал құрамында танылған маржа сомасы.

Топ осындай ақша ағындарын қалпына келтіруге арналған сыйлықақылардың бір бөлігін уақыттың өтуіне қарай жүйелі түрде әрбір есепті кезеңге жатқызу арқылы аквизициялық ақша ағындарымен байланысты сақтандырудан түсетін түсімді айқындауға тиіс.

Сыйлықақыны бөлу негізінде тәсілді қолдану кезінде Топ қызмет көрсетудің әрбір кезеңіне сыйлықақылардың күтілетін түсімдерін, соның ішінде сыйлықақылардың түсуіне қатысты тәжірибе негізінде түзетулерді бөле отырып, уақыттың өтуіне қарай сақтандырудан түсетін түсімді таниды.

J.2 Сақтандыру қызметтері бойынша шығыстар

Шығарылған сақтандыру шарттары тобы бойынша туындайтын сақтандыру қызметтері бойынша шығыстарға мыналар жатады:

- Инвестициялық құрамдас бөлік бойынша төлемдерді қоспағанда, кезең ішінде туындаған талаптар мен шығыстарға байланысты туындаған талаптар бойынша міндеттемелердегі өзгерістер
- Алдыңғы кезеңдерде (өткен кезеңдердің қызметтерімен байланысты) туындаған талаптар мен шығыстарға байланысты өтеудің қалған бөлігіндегі өзгерістер

- Есепті кезеңде сақтандыру қызметтері бойынша өзге шығыстар
- Сақтандыру қызметтері бойынша шығыстар құрамында да, сақтандыру шарттары бойынша түсімдер құрамында да бірдей сомада танылатын аквизициялық ақша ағындарының амортизациясы
- Бастапқыда кезең ішінде танылған ауыртпалықты шарттар топтарының шығын компоненті
- Шартта көзделген қызметтер үшін маржаны түзетпейтін болашақ кезеңдердің қызметтеріне байланысты өтеудің қалған бөлігіндегі өзгерістер, өйткені олар ауыртпалықты шарттар топтары бойынша шығын компоненттеріндегі өзгерістер болып табылады.

J.3 Ұсталатын қайта сақтандыру шарттары бойынша кірістер немесе шығыстар

Топ ұсталатын қайта сақтандыру шарттары тобы бойынша кірістерді немесе шығыстарды және қайта сақтандыру бойынша қаржылық кірістерді немесе шығыстарды осы кезеңдегі пайда немесе залал түрінде бөлек ұсынады. Ұсталатын қайта сақтандыру шарттары бойынша кірістер немесе шығыстар екі сомаға бөлінеді:

- Қайта сақтандырушылардан алынған сома;
- Төленген сыйлықақыларды бөлу.

Базалық шарттар бойынша талаптарға тәуелді емес қайта сақтандыру комиссиялары қайта сақтандырушыға төленуге тиіс сыйлықақыларды азайту ретінде есепке алынады, содан кейін пайдаға немесе шығынға жатқызылады.

Сыйлықақыны бөлу негізінде тәсілді пайдалана отырып бағаланатын шарттар

Сыйлықақыны бөлу негізінде тәсілді қолдану кезінде Топ бір жыл немесе одан аз өтеу мерзімімен көлікті сақтандыру және тұрғын үйді сақтандыру полистері бойынша ақшаның уақытша құнын және қаржылық тәуекелді көрсету үшін өтеудің қалған бөлігі бойынша міндеттемелерді дисконттамайды. Топ пайда болған күннен бастап бір жыл немесе одан аз уақыт ішінде төлеуді күтетін талаптар үшін Топ ақшаның уақытша құнын және қаржылық тәуекелдердің әсерін ескере отырып, болашақ ақша ағындарын түзетпейді. Алайда, реттелуі бір жылдан астам уақытты алады деп күтілетін талаптар туындаған талапты бастапқы тану сәтінде дисконттау мөлшерлемесін қолдана отырып дисконтталады.

Қатысу талаптары жоқ шарттар

Ақша ағындары базалық баптарға тәуелді емес шарттарға қатысты Топ сақтандыру бойынша барлық қаржылық кірістер мен шығыстарды пайда немесе залал ретінде көрсетуге шешім қабылдайды.

2023 және 2022 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (миллион теңгемен)

2023 жылғы
31 желтоқсанда
аяқталған жыл іші
шоғырландырылған
қаржылық есептілігі
және Teyuclia
аудиторлар есебі

Бағамдық айырмашылықтар

Шығарылған сақтандыру шарттары топтарының және ұсталатын қайта сақтандыру шарттарының баланстық құнының өзгеруі нәтижесінде туындайтын бағамдық айырмашылықтар олар туындаған кезеңдегі пайда немесе залал құрамында танылады.

Ақша ағындары әртүрлі шетел валюталарында көрсетілген сақтандыру шарттарының тобы бір валютада көрсетілген деп бағаланады. Тиісінше, қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету және сақтандыру шарттары тобында көзделген қызметтер үшін маржа шарттар тобының валютасында айқындалады.

Әрбір есепті кезеңнің соңында шетел валютасында көрсетілген сақтандыру шарттары тобының баланстық құны функционалдық валютаға қайта есептеледі.

Шарттар тобының валютасы мен функционалдық валюта арасындағы айырбас бағамдарының өзгеруінен туындайтын сомалар бағамдық айырма ретінде қаралады және олар пайда болған кезеңдегі пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

К. Ауысу күніндегі шарттар

К.1 Өзгертілген ретроспективті тәсілді пайдалана отырып бағаланатын шарттар

Топ өмірді сақтандырудың барлық түрлері бойынша қолда бар тарихи ақпаратқа бағалау жүргізді және толық ретроспективті тәсілді қолдану үшін қажетті барлық негізделген және расталған ақпарат 2019-2021 жылдар аралығында көшу күніне дейін шығарылған сақтандыру шарттары топтары үшін қолжетімді емес деген қорытындыға келді. Өмірді сақтандырумен байланысты емес бизнестің барлық түрлері бойынша Топ қолда бар тарихи ақпаратқа баға берді және толық ретроспективті тәсілді қолдану үшін қажетті барлық ақпарат 2021 жылға дейін жасалған сақтандыру шарттары топтары үшін қол жетімді емес қорытындыға келді. Топ өзгертілген ретроспективті тәсілді қолдануға шешім қабылдады. Бұл қолда бар ақпаратты барынша пайдалана отырып, толық ретроспективті қолдануға барынша жақын нәтижеге қол жеткізу мақсатында жасалды.

Топ модификацияларды келесі салаларда қолданды:

- Сақтандыру шарттарын немесе сақтандыру шарттарының топтарын бағалау, ол іс-әрекет басталған немесе алғашқы танылған күні жасалуы керек, мысалы, сақтандыру шарттарының кірістілігін бағалау, және тікелей қатысу талаптары жоқ шарттар үшін дискрециялық ақша ағындарын анықтау;
- Күтілетін болашақ ақша ағындарын, дисконттау мөлшерлемелерін және бастапқы тану күніндегі қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзетуді бағалау;
- Шартта көзделген қызметтер үшін маржаны айқындау;
- Сақтандыру бойынша қаржылық кірістерді немесе шығыстарды анықтау.

Жинақтау деңгейі

Бастапқы тану күніне негізделген және растайтын ақпарат болмағандықтан, Топ ауысу күніне қол жетімді және расталған ақпаратты ескере отырып, болжамдарды әзірлеу кезінде жеңілдетілген әдісті қолданды.

Топ шарттардың келесі үш кірістілік тобының біріне жататындығын анықтау үшін бастапқы тану күнінде шартта көзделген қызметтер үшін маржаны бағалады: ауыртпалықты шарттар топтары, кейіннен ауыртпалық түсіруге айтарлықтай мүмкіндігі жоқ шарттар топтары және ауыртпалығы жоқ және кейіннен ауыртпалық түсіруге айтарлықтай мүмкіндігі жоқ топтар.

Іс-әрекеттің немесе бастапқы танудың басталу күніндегі бағалау

Топ іс-әрекеттің басталу немесе бастапқы тану күнінде келесі бағалауларды жүргізу үшін негізделген және растайтын ақпарат жоқ деп есептеді және сәйкесінше ауысу күніндегі келесі ақпаратты пайдалана отырып бағалаулар жүргізді.

Күтілетін ақша ағындары

Топ бастапқы тану күніндегі болашақ ақша ағындарын бастапқы тану күні мен ауысу күні арасында пайда болғаны белгілі ақша ағындарына түзетілген ауысу күніндегі (немесе ауысу күнінен ертерек) осы ақша ағындарын бағалау арқылы бағалады. Оларға ауысу күніне дейін тоқтатылған шарттар бойынша ақша ағындары жатады.

Топ ауысу күніндегі күтулер дұрыс және бастапқы тану күні деп жеңілдетілген болжамды қолданды, сондықтан тек бастапқы тану күнінде пайда болғаны белгілі ақша ағындары түзетілді.

Дисконттау мөлшерлемелері

Шарттар тобының бастапқы танылған күніне дейін қолданылатын дисконттау мөлшерлемелерін анықтау үшін Топтың негізделген және расталған ақпараты болмаған жағдайда, Топ дисконттау мөлшерлемелерін ауысу күніне дейін кемінде үш жыл бойы (яғни 2019-2021жж.) ХҚЕС (IFRS) 17 көмегімен кейінгі бағалау үшін пайдаланылатын кірістілік қисығына шамамен тең болатын бақыланатын кірістілік қисығын қолдану арқылы есептеді. Бақыланатын кірістілік қисығының болмауына байланысты Топ 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 2019 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі бағалау күндеріне дисконттау мөлшерлемелерін қолданды.

2023 жылғы
31 желтоқсанда
аяқталған жыл іші
шоғырландырылған
қаржылық есептілігі
және Teyuclsa
аудиторлар есебі

K.2 Әділ құн негізінде тәсілді қолдана отырып бағаланатын шарттар

Топ 2019 жылға дейін шығарылған жұмыс берушінің жауапкершілігі шеңберінде зейнетақы аннуитеті мен аннуитет шарттарына қатысты өзгертілген ретроспективті тәсілді қолдану үшін негізделген және расталған ақпаратты ала алмайды, сондықтан осы шарттарға қатысты әділ құн негізіндегі тәсілді қолданды.

Топ ауысу күнінде қол жетімді негізделген және расталған ақпаратты мыналарды анықтау үшін пайдаланады:

- сақтандыру шарттарының топтарын қалай сәйкестендіру керек;
- сақтандыру шарты тікелей қатысу талаптарымен сақтандыру шартының анықтамасына сәйкес келе ме;
- тікелей қатысу талаптарынсыз сақтандыру шарттары бойынша дискрециялық ақша ағындарын қалай сәйкестендіру керек; және
- инвестициялық шарт ХҚЕС (IFRS) 17-ні қолдану саласына қатысты дискрециялық қатысу талаптары бар инвестициялық шарттың анықтамасына сәйкес келе ме.

Жинақтау деңгейі

Топ шарттарды бір шарттар тобына енгізді, өйткені Топта бөлу үшін негізделген және расталған ақпарат болған жоқ.

Ауысу күніндегі бағалау

Әділ құн негізінде тәсілді қолдану үшін Топ шартта көзделген қызметтер үшін маржаны немесе ауысу күніндегі өтеудің қалған бөлігі бойынша міндеттеме құрамындағы шығын компонентін осы күнге арналған сақтандыру шарттары тобының әділ құны мен осы күнге есептелген шарттарды орындау бойынша ақша ағындары арасындағы айырма ретінде айқындауға тиіс. Әділ құнды айқындау кезінде Топ ХҚЕС (IFRS) 13 «Әділ құнды бағалау» (талап бойынша өтеу шарттарына қатысты) талаптарын қолданбайды. Бұл ХҚЕС 17-нің ақша ағындарын ықтималдық-өлшенген негізде есепке алу туралы талабына қайшы келетіндігімен түсіндіріледі.

Дисконттау мөлшерлемелері

Топ бастапқы тану күніне дисконттау мөлшерлемелерін пайдаланды.

Аквизициялық ақша ағындары

Ауысу күні Топ сақтандыру шарттарының кез келген тобын бағалаудан аквизициялық ақша ағындарына қатысты активтің шамасын алып тастады.

Сегменттік есептілік

Сегмент өнімдер немесе қызмет ұсынумен (операциялық сегмент) немесе тәуекелге ұрынуы мүмкін және басқа сегменттердің тәуекелдері мен пайдаларынан ерекшеленетін пайда әкелетін және тәуекелдерге ұшырау қаупі бар белгілі бір экономикалық орта шеңберінде (географиялық сегмент) өнімдер мен қызмет ұсынумен айналысатын Топтың ерекше бір компоненті болып табылады.

Қаржы кепілдіктері мен аккредитивтері

Топ ұсынатын қаржы кепілдіктері мен аккредитивтері, егер дебитор борыштық құрал түрлендірілген немесе алғашқы талаптарына сәйкес өз уақытында ақы төлеу жүргізе алмайтын болса, басталатын шығындардың өтемақысы ретінде төлемді іске асыруды қарастыратын кредит операцияларын қамтамасыз ету болып табылады. Мұндай қаржы кепілдіктері мен аккредитивтері бастапқыда әділ құны бойынша көрсетіледі. Кейіннен олар резерв ретінде көрсетілген сомаға (а) және қаржы кепілдігі немесе аккредитиві бойынша алынған сыйлық түрінде келешектегі кезең табыстарының жинақталған амортизациясына жол берілуі шегерілгеннен кейін бастапқы көрсетілген сомаға (б) қатысты көрсетілген соманың қайсысының артық екендігіне байланысты бағаланады.

2023 және 2022 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (миллион теңгемен)

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тауелсіз аудиторлар есебі

Ағымдағы жылға қатысты күшіне енген жаңа және түзетілген ХҚЕС

Төмендегі стандарттар мен түсіндірулерге түзетулер топ үшін 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданыла бастады:

- ХҚЕС (IFRS) 17 (2020 маусымдағы және 2021 желтоқсандағы ХҚЕС (IFRS) 17 түзетулерін қоса алғанда)
- ХҚЕС (IAS) 1 – «Міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді деп жіктеу» түзетулері
- ХҚЕС (IAS) 1 түзетулері және «Есеп саясатын ашу» ХҚЕС бойынша 2-практикалық нұсқаулық
- ХҚЕС (IAS) 12 – Бір операциядан туындайтын активтер мен міндеттемелерге байланысты кейінге қалдырылған салық түзетулері
- ХҚЕС (IAS) 8 – «Бухгалтерлік бағаларды анықтау» түзетулері

Жоғарыда аталған стандарттар мен түсіндірмелер Топ басшылығы тарапынан қаралды, бірақ «Сақтандыру шарттары» ХҚЕС 17-ні қоспағанда, Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер етпеді.

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енген жаңа және қайта қаралған ХҚЕС стандарттары

Осы қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті бекіту сәтінде Топ шығарылған, бірақ әлі күшіне енген мынадай жаңа және қайта қаралған ХҚЕС қолданбаған:

Жаңа немесе қайта қаралған стандарт немесе түсіндірулер	Күшіне енетін күні - келесіден ерте басталмайтын жылдық кезеңдер үшін
ХҚЕС (IFRS) 16 – Кері жалдау арқылы сату кезінде жалдау міндеттемесі түзетулері	2024 жылғы 1 қаңтар
ХҚЕС (IAS) 1 – Ковенанттармен ұзақ мерзімді міндеттемелер түзетулері	2024 жылғы 1 қаңтар

Топ жоғарыда аталған стандарттарды қолдану болашақта Топтың қаржылық есептілігіне елеулі әсер етеді деп күтпейді.

4.

4а. ЕЛЕУЛІ БУХГАЛТЕРЛІК БАҒАЛАУЛАР

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау, басшылықтан есептілікте шоғырландырылған қаржылық есептілігі жасалатын күнгі жағдайға сәйкес көрсетілген активтер және міндеттемелер сомасына және есеп берілетін кезең ішінде көрсетілген кірістер мен шығындар сомасына әсерін тигізетін бағалау мен тұжырымдар жасауды талап етеді. Басшылық үнемі өз бағалаулары мен жорамалдарын тұрақты қарастырып отырады. Басшылық өз бағалаулары мен жорамалдарын осы жағдайда ақылға қонымды деп саналатын тарихи тәжірибеге және басқа әртүрлі факторларға негіздейді. Нақты нәтижелер басқаша жорамалдар мен жағдайларда берілген бағалаулар мен тұжырымдардан ерекшеленуі мүмкін. Келесі бағалаулар мен жорамалдар Топтың қаржылық жағдайын көрсету үшін маңызды деп саналады.

Кредит тәуекелінің едәуір ұлғаюы

3-ескертуде келтірілгендей, ККЗ шамасы 12 айдың ішінде (1-сатыдағы активтер үшін) немесе бүкіл кредиттеу ішінде (2-ші және 3-ші сатылардағы активтер үшін) күтілетін кредиттік залалдарға тең есептелген бағалау резервінің сомасында бағаланады. Актив бастапқы тану сәтінен бастап кредит тәуекелінің елеулі ұлғаюымен екінші кезеңге ауысады. Жеке актив бойынша кредиттік тәуекелдің ұлғаюының маңыздылығын бағалау кезінде Топ ақылға қонымды және растауға болатын сапалы және сандық болжамды ақпараттарды ескереді. Толығырақ ақпарат 31-ескертуде келтірілген.

Өнімнің/нарықтың әрбір түрі үшін болжанған сценарийлердің санын және салыстырмалы салмағын анықтау және әрбір сценарийге қатысты болжамдық ақпаратты анықтау

Қазынашылық операциялар бойынша Топ есепті күндегі контрагент/эмитенттің кредиттік сапасының ағымдағы бағалауларына ғана емес, сондай-ақ болашақта контрагент (эмитент) ортасының қолайсыз макроэкономикалық факторларының салдарынан қаржылық жағдайының ықтимал нашарлауын ескере отырып, ККЗ-ны қаржы активі бойынша есептейді. Атап айтқанда, қазынашылық операциялар бойынша ККЗ-ның деңгейіне дефолт ықтималдығына (PD) әсер ететін халықаралық рейтингтік агенттіктер тарапынан белгіленетін (позитивтік, тұрақты, жағымсыз) рейтингтік болжам ықпал етеді.

2023 жылғы
31 желтоқсанда
аяқталған жыл іші
шоғырландырылған
қаржылық есептілігі
және Тәуелсіз
аудиторлар есебі

Банктік қарыздар бойынша ККЗ-ның есебі болжалды ақша ағындарына, ұжымдық қарыздардың көші-қонына және кепілмен қамтамасыз етумен өтеуге макроэкономикалық көрсеткіштердің өзгеруіне ықтимал бағалау әсерін есепке алады.

ККЗ-ны бағалағанда Топ негізделген болжамды ақпаратты пайдаланады, ол ақпарат әртүрлі экономикалық факторлардың болашақ қозғалысына қатысты және аталған факторлардың бір-біріне қалай әсер ететініне қарай негізделген. Толығырақ ақпарат алу үшін 31-ескертуді қараңыз.

ККЗ-ны бағалау үшін пайдаланылатын негізгі бастапқы деректері мыналардан құралады:

- Дефолттың ықтималдығы («PD»);
- Дефолт жағдайында болатын шығындар («LGD»);
- Дефолт тәуекеліне ұшырағыш болып келетін кредит талабының көлемі («EAD»).

Дефолттың ықтималдығы

Дефолттың ықтималдығы ККЗ бағалауының негізгі кіріс параметрі болып табылады. Дефолт ықтималдығы – бұл есебі тарихи деректерден, болжамдар мен болашақ талаптарды күтуден тұратын берілген уақыт шегіндегі бағалау.

Қазынашылық операциялар бойынша дефолттың ықтималдығы дефолт ықтималдығының мәндері бар кестелік деректерді жариялайтын халықаралық рейтингтік агенттіктердің (S&P, Fitch, Moody's) дефолтты зерттеу деректеріне (Default Study) сәйкес анықталады. Дефолт ықтималдығы өзекті күйде болуы қамтамасыз етіледі және дефолт статистикасының жаңартылуына қарай мерзімді негізде жаңартылады.

Корпоративтік, шағын және орта бизнестердің жеке қарыздары бойынша дефолт ықтималдығы қарыз алушының санды және сапалы сипаттамаларының негізінде ішкі рейтингтік үлгі көмегімен бағаланады. Ұжымдық негізде бағаланатын банктік қарыздар бойынша дефолттың ықтималдығын есептеу көші-қон және roll-rates матрицаларын қолдану арқылы тарихи деректер негізінде жүзеге асырылады.

Дефолт жағдайында болатын шығындар

Дефолт жағдайында болатын шығындар дефолт кезінде туындайтын шығындардың бағалануы болып табылады. Ол құнсыздандырудан және интегралдық кредиттік жақсартулардан болған ақша ағындарын есепке алғанда, шарт бойынша тиесілі және кредитор алуды күтетін ақша ағындары арасындағы айырмаға негізделген.

Қазынашылық операциялар бойынша дефолт кезіндегі шығындың деңгейі (LGD) халықаралық рейтингтік агенттіктердің (S&P, Fitch, Moody's) дефолттарды зерттеу деректеріне (Default Study) сәйкес анықталады және қаржы активі бойынша борыш түріне байланысты: үлкен қамтамасыз етілген/ қамтамасыз етілмеген, реттелген, тәуелсіз. Сонымен қатар LGD, егер актив бойынша қамтамасыз ету қарастырылған болса, сондай-ақ қаржы активі бойынша құнсыздандыру белгілері бар болған жағдайда (2-саты немесе 3-саты), түзетілуі мүмкін.

Ұжымдық негізде бағаланатын банктік қарыздар бойынша LGD есебі кепілмен қамтамасыз етуді іске асыру мерзімдеріне сәйкес келетін дисконттау мерзімдерін қолдана отырып кепілмен қамтамасыз ету іске асырылған жағдайда, міндеттемелердің қайтарымдылығын бағалау негізінде жүзеге асырылады.

Дефолт тәуекеліне ұшырағыш болып келетін кредит талабының көлемі

«Дефолт тәуекеліне ұшырағыш болып келетін кредит талабының көлемі» көрсеткіші борыштың негізгі сомасы мен пайыздарды қоса, есепті кезеңнен кейін тәуекелдердің күтілетін өзгертулерін, сонымен қатар мақұлданған кредит қаражатының күтілетін таңдауларын есепке ала отырып, болашақта дефолт күніне тәуекелдің бағалануы болып табылады. Топтың осы көрсеткішті модельдеуге деген көзқарасы амортизация профильдері, мерзімінен бұрын өтеу немесе артық төлеу, кредиттік міндеттемелер бойынша таңдалмаған сомаларды пайдаланудағы өзгерістер және дефолт басталғанға дейін тәуекелдерді жеңілдету үшін қабылданған шаралар сияқты ағымдағы шарттық талаптармен рұқсат етілген өтеу мерзімі ішінде өтелмеген соманың күтілетін өзгерістерін ескереді. Дефолт тәуекеліне ұшыраған кредиттік талаптарды бағалау үшін Топ тиісті портфельдердің сипаттамаларын көрсететін модельдерді пайдаланады.

2023 жылғы
31 желтоқсанда
аяқталған жыл іші
шоғырландырылған
қаржылық есептілігі
және Тәуелсіз
аудиторлар есебі

Қолданылатын модельдер мен болжамдар

Қаржы активтерінің әділ құнын бағалағанда, сондай-ақ ККЗ бағалағанда Топ әртүрлі модельдер мен болжамдарды пайдаланады. Активтің әрбір түрі үшін ең лайықты модельді анықтау үшін, сондай-ақ кредит тәуекелінің негізгі факторларына жататын болжамдарды қоса, осы модельдерде пайдаланылатын болжамдарды анықтау үшін пайымдау қолданылады. Күтілетін кредиттік залалдарға резервтер туралы толығырақ ақпарат алу үшін 5, 8, 9, 10, 11 және 31-ескертулерді, ал әділ құнын бағалау туралы толығырақ ақпарат алу үшін 34-ескертуді қараңыз.

Топ статистикалық деректер, нақты және болжамды ақпарат, сондай-ақ ағымдағы жағдайларда негізделген болып табылатын болашақ оқиғаларға қатысты күтулерді қоса алғанда, басшылық тәжірибесі негізінде үнемі талданатын бағалаулар мен пайымдаулар жасайды.

Басым макроэкономикалық жағдайлардың әсерін объективті түрде көрсету үшін және Халықаралық қаржы есептілігінің стандарттары жөніндегі Кеңестің ұсынымдарына сәйкес Топ 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржы есептілігінде көрсетілген сомаларға неғұрлым елеулі әсер ететін күтілетін кредиттік залалдардың деңгейін бағалаудың негізгі тәсілдерін түзетті:

- Топ 31-ескерте ашылғандай, қарыз алушылардың дефолт ықтималдығының макроэкономикалық параметрлерін есептеу тәсілін пысықтады. Макроэкономикалық көрсеткіштердің әсері бағаланады, олар өзгертін экономикалық жағдайларды дәл көрсетеді және ең өзекті ақпарат негізінде макроэкономикалық көрсеткіштердің жаңартылған болжамы қолданылады.

2023 жылы шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі қаржылық активтер бойынша ККЗ бойынша резервтер қазіргі экономикалық және саяси жағдайлар мен қолжетімді болжамды ақпарат негізінде айқындалды.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша клиенттерге берілген ККЗ бойынша резервтердің баланстық құны 489,926 миллион теңгені құрады (2022 жылғы 31 желтоқсан – 422,388 миллион теңге).

Әділ құнын бағалау және бағалауды жүргізу тәртібі

Қаржы активінің немесе міндеттемесінің әділ құнын бағалағанда Топ қадағаланатын нарықтық деректерді олардың қолжетімді болу шамасына қарай пайдаланады. Егер мұндай 1-ші деңгейдегі шығыс деректер болмаса, Топ қаржы құралдарының әділ құнын анықтау үшін бағалау модельдерін пайдаланады. Әділ құнды бағалау туралы қосымша мәліметті 34-ескертеу қараңыз.

Салық салу

Қазақстанның салық, валюталық және кедендік заңнамасына әртүрлі өзгерістер мен түсіндірмелер айтарлықтай жиі енгізіледі деуге болады. Басшылықтың мұндай заңнамаға қатысты түсіндірмесі және оның Топ қызметі мен мәмілелеріне қатысты қолданылуы тиісті өңірлік немесе мемлекеттік органдар тарапынан дау туғызуы мүмкін. Салықтық кезеңдер тиісті органдардың тексеру жүргізуі үшін қарастырылатын жылға дейінгі алдыңғы күнтізбелік бес жыл бойынша ашық қалады.

2023 ж. 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша басшылық өзінің тиісті заңнамалық түсіндірмесін қолдануға ыңғайлы әрі Топтың салық, валюталық және кедендік мәртебесі тиісінше расталады деп есептейді. Тиісті тексеру органдары жүргізетін тексеруден кейін қосымша салықтар, айыппұлдар мен өтемақы есептелуі мүмкін, бұл Топтың тапқан таза пайдасына елеулі әсер етіп, тиісінше көрініс табуы мүмкін.

46. ТҮЗЕТУЛЕР

2022 жылғы 31 желтоқсандағы және 2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепке және 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы пайда мен шығын туралы тиісті шоғырландырылған есепке ХҚЕС 17-ні қолдануға байланысты өзгерістер енгізілді.

	ХҚЕС (IFRS) 4 бойынша қалдық	Қайта санау	ХҚЕС (IFRS) 17 бойынша қалдық
Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп	2022 ж. 31 желтоқсан	2022 ж. 31 желтоқсан	2022 ж. 31 желтоқсан
Сақтандыру шарттары бойынша активтер	53 233	(49 139)	4 094
Қайта сақтандыру активтері	-	22 809	22 809
Сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер	292 344	(69 036)	223 308
Қайта сақтандыру бойынша міндеттемелер	-	1 711	1 711
Басқа активтер	160 097	2 297	162 394
Басқа міндеттемелер	189 343	4 062	193 405
Клиенттердің қаражаты	10 487 615	24 433	10 512 048
Бөлінбеген пайда және басқа резервтер*	1 954 767	14 797	1 969 564

	ХҚЕС (IFRS) 4 бойынша қалдық	Қайта есептеу	ХҚЕС (IFRS) 17 бойынша қалдық
Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есеп	2022 ж. 1 қаңтар	2022 ж. 1 қаңтар	2022 ж. 1 қаңтар
Сақтандыру шарттары бойынша активтер	54 111	(50 794)	3 317
Қайта сақтандыру активтері	-	25 423	25 423
Клиенттерге берілетін заемдар	5 872 228	(402)	5 871 826
Сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер	240 281	(46 085)	194 195
Қайта сақтандыру бойынша міндеттемелер	-	3 535	3 535
Басқа активтер	134 394	148	134 542
Басқа міндеттемелер	155 147	15 283	170 430
Бөлінбеген пайда және басқа резервтер*	1 614 824	1 642	1 616 466

* Бөлінбеген пайда және басқа резервтер 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ХҚЕС (IFRS) 17-ні қолдануға және төменде көрсетілген пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдарына байланысты түзетуге байланысты қайта есептеуді ескере отырып, 2,055,775 миллион теңгені құрайды.

2023 және 2022 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (миллион теңгемен)

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тәуелсіз аудиторлар есебі

Пайда мен шығын туралы шоғыландырылған есеп	ХҚЕС (IFRS) 4 бойынша қалдық	Қайта санау	ХҚЕС (IFRS) 17 бойынша қалдық
	2022 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші	2022 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші	2022 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып есептелген пайыздық кірістер	1 220 639	4	1 220 643
Пайыздық шығыстар	(577 445)	(737)	(578 182)
Кредиттік шығындар бойынша шығыстар	(106 778)	(151)	(106 929)
Қызметтер бойынша шығыстар және комиссиялар	(96 274)	175	(96 099)
Шетел валютасымен операциялар бойынша таза пайда	178 900	(1 007)	177 893
Сақтандыру бойынша кірістер	155 760	39 116	194 876
Сақтандыру бойынша шығыстар	(133 948)	17 981	(115 967)
Қайта сақтандыру бойынша таза шығыстар	-	(51 278)	(51 278)
Операциялық шығыстар	(202 159)	9 141	(193 018)
Өзге де (шығыстар) / кірістер	(2 166)	(4)	(2 170)
ТАЗА ПАЙДА	553 752	13 240	566 992

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде Топ өздерінің қаржылық құралдарына түгендеу жүргізді. Түгендеу процесінде бұрын пайдаланылуына шек қойылған және тарихи құны бойынша дұрыс бағаланбаған пайда немесе

залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары анықталды. Топ қаржы құралдарының деректерін қайта бағалап, алдыңғы кезеңдердегі түзетулерді мойындады. Пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын осы қаржы активтері 2-деңгейге жатады.

Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есеп	Бастапқы көрсетілгені	Қайта жіктеу сомасы	Қайта жіктеуден кейін
	2022 ж. 31 желтоқсан	2022 ж. 31 желтоқсан	2022 ж. 31 желтоқсан
Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есеп	2022 ж. 31 желтоқсан	2022 ж. 31 желтоқсан	2022 ж. 31 желтоқсан
Пайда мен шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері	342 168	107 763	449 931
Кейінге қалдырылған салық міндеттемесі	52 595	21 552	74 147
Бөлінбеген пайда және басқа резервтер	1 969 564	86 211	2 055 775
Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есеп	2022 ж. 1 қаңтар	2022 ж. 1 қаңтар	2022 ж. 1 қаңтар
	1 января 2022 г.	1 января 2022 г.	1 января 2022 г.
Пайда мен шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері	283 333	104 655	387 988
Кейінге қалдырылған салық міндеттемесі	50 469	20 931	71 400
Бөлінбеген пайда және басқа резервтер	1 616 466	83 724	1 700 190

2023 және 2022 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (миллион теңгемен)

2023 жылғы
31 желтоқсанда
аяқталған жыл іші
шоғырландырылған
қаржылық есептілігі
және Тауелсіз
аудиторлар есебі

	Бастапқы көрсетілгені	Қайта жіктеу сомасы	Қайта жіктеуден кейін
Пайда және залал туралы шоғырландырылған есеп	2022 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші	2022 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші	2022 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері мен міндеттемелері бойынша таза пайда/(шығын)	(3 633)	3 108	(525)
Пайдаға салынатын салық бойынша шығыс	(105 097)	(621)	(105 718)
	Бастапқы көрсетілгені	Қайта жіктеу сомасы	Қайта жіктеуден кейін
Пайда және залал туралы шоғырландырылған есеп	2022 ж. 1 қаңтарда аяқталған жыл іші	2022 ж. 1 қаңтарда аяқталған жыл іші	2022 ж. 1 қаңтарда аяқталған жыл іші
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері мен міндеттемелері бойынша таза пайда/(шығын)	13 035	1 687	14 722
Пайдаға салынатын салық бойынша шығыс	(59 980)	(422)	(60 402)

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдардағы пайда және залал туралы шоғырландырылған есеп оны 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдың есебіне сәйкестендіру үшін жіктелді, өйткені осы жылдың есебі Топ қызметінің қаржылық нәтижелері туралы нақты түсінік береді.

5. АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТ ПЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

Ақшалай қаражат пен оның баламалары мыналардан құралады:

	2022 ж. 31 желтоқсан	2021 ж. 31 желтоқсан
Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына («ЭЫДҰ») мүше елдердің банктеріндегі корреспонденттік шоттар	360 599	493 639
ҚРҰБ-дағы қысқа мерзімді салымдар	350 310	769 907
Кассадағы қолма-қол ақша	314 055	274 961
ҚРҰБ-дағы корреспонденттік шоттар	176 766	236 507
ЭЫДҰ-ға мүше емес елдердің банктеріндегі қысқа мерзімді салымдар	57 349	6 652
ЭЫДҰ-ға мүше емес елдердің банктеріндегі корреспонденттік шоттар	40 418	40 199
Қазақстан банктеріндегі қысқа мерзімді салымдар (кері РЕПО келісімдері бойынша қарыздарды қоса алғанда)	39 052	17 152
Қазақстан банктеріндегі корреспонденттік шоттар	33 595	30 874
ЭЫДҰ-ға мүше емес елдердің банктеріндегі «овернайт» салымдары	5 171	20 138
ЭЫДҰ-ға мүше емес елдердің банктеріндегі қысқа мерзімді салымдар	-	46 266
ЭЫДҰ-ға мүше елдердің банктеріндегі «овернайт» салымдары	-	92 536
	1 377 315	2 028 831

2023 және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақшалай қаражат пен оның баламалары бойынша күтілетін кредиттік залалдар бойынша резервтер тиісінше 36 миллион теңгені және 21 миллион теңгені құрады.

2023 және 2022 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (миллион теңгемен)

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тәуелсіз аудиторлар есебі

Ақшалай қаражат пен оның баламаларына қатысты күтілетін кредиттік залалдарға жинақталған резервтердің қозғалысы былайша берілген:

	2023 ж. 31 желтоқсан	2022 ж. 31 желтоқсан
	1-кезең	1-кезең
Жыл басына	(21)	(42)
Тәуекел өлшемдеріндегі өзгерістер	(28)	202
Шетел валютасын қайта бағалаудан болған айырмашылық және басқа да түзетулер	13	(181)
ЖЫЛ СОҢЫНА	(36)	(21)

Пайыздық ақшалай қаражат пен оның баламалары көрсетілген пайыздық мөлшерлемелер мен валюталар келесідей берілген:

	2023 ж. 31 желтоқсан		2022 ж. 31 желтоқсан	
	Теңге	Шетел валютасы	Теңге	Шетел валютасы
ҚРҰБ-дағы қысқа мерзімді салымдар	14,8%-15,8%	-	15,8%	4,0%-4,5%
ЭЫДҰ-ға мүше емес елдердің банктіндегі қысқа мерзімді салымдар	-	5,7%-12,0%	-	11%-15,0%
Қазақстан банктіндегі қысқа мерзімді салымдар (кері РЕПО келісімдері бойынша қарыздарды қоса алғанда)	14,8%-17,8%	3,6%-7,1%	14,8%-22,0%	-
ЭЫДҰ-ға мүше емес елдердің банктіндегі «овернайт» салымдар	-	12,0%	-	3,0%-13,0%
ЭЫДҰ-ға мүше елдердің банктіндегі қысқа мерзімді салымдар	-	-	-	0,7%
ЭЫДҰ-ға мүше елдердің банктіндегі «овернайт» салымдары	-	-	-	2,5%

2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша кепілге берілген активтердің әділ құны және кері РЕПО келісімдері бойынша қысқа мерзімді қарыздардың баланстық құны былайша берілген:

	2023 ж. 31 желтоқсан		2022 ж. 31 желтоқсан	
	Қарыздардың баланстық құны	Кепілдің әділ құны	Қарыздардың баланстық құны	Кепілдің әділ құны
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық вексельдері	17 585	17 583	1 711	1 623
Корпоративтік облигациялар	10 766	10 788	7 815	7 331
Өзбекстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық вексельдері	6 094	6 096	-	-
Шет елдердің еурооблигациялары	2 113	2 092	-	-
Қазақстандық банктің облигациялары	1 457	1 371	-	-
«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ облигациялар	669	657	1 317	1 294
Шетелдік корпорациялардың облигациялары	356	352	-	-
ҚРҰБ ноталары	12	12	6 216	6 367
Қазақстандық корпорациялардың үлестік бағалы қағаздары	-	-	93	93
	39 052	38 951	17 152	16 708

2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша кері РЕПО келісімдері бойынша қарыздарды өтеу мерзімі бір айдан аз мерзімді құрайды.

6. МІНДЕТТІ РЕЗЕРВТЕР

Міндетті резервтер мыналардан құралады:

	2023 ж. 1 қаңтар	Борыштық бағалы қағаздар шығару	Борыштық бағалы қағаздарды өтеу және сатып алу	Бағамдағы айырма	Амортизаци яланған құнның өзгеруі	2023 ж. 31 желтоқсан
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	462 817	325 696	(140 705)	(2 157)	7 742	653 393

	Ақшалай өзгерістер			Ақшасыз өзгерістер		
	2022 ж. 1 қаңтар	Борыштық бағалы қағаздар шығару	Борыштық бағалы қағаздарды өтеу және сатып алу	Бағамдағы айырма	Амортизаци яланған құнның өзгеруі	2022 ж. 31 желтоқсан
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	499 812	127 886	(177 600)	15 649	(2 930)	462 817

21. САЛЫҚ САЛУ

Банк пен оның еншілес кәсіпорындарына Топ өз қызметін атқаратын елдің салық заңнамасына сәйкес салық салынуға жатады.

Табыс салығы бойынша шығыстар мыналардан құралады:

	2023 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2022 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Салық бойынша ағымдағы шығыстар	136 577	105 834
Кейінге қалдырылған салық бойынша үнем	(15 239)	(116)
ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫС	121 338	105 718

Кейінге қалдырылған салық бойынша шығыстар/(үнем) мынадай мезгілдік айырмалармен байланысты:

2023 және 2022 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (миллион теңгемен)

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тәуелсіз аудиторлар есебі

	2023 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2022 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын туынды құралдардың және қаржы активтерінің әділ құны	2 871	(555)
Негізгі құралдар, есептелген амортизация	687	675
Клиенттерге берілген қарыздар, күтілетін кредиттік залалдар бойынша резервтер	157	1 109
Қаржы құралдары бойынша кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	4 982	622
«Проблемалық кредиттер қоры» АҚ салымдары бойынша кейінге қалдырылған салық міндеттемесі	(22 299)	(1 676)
Басқасы	(1 637)	(291)
ПАЙДА НЕМЕСЕ ЗАЛАЛ ҚҰРАМЫНДА ТАҢЫЛҒАН, КЕЙІНГЕ ҚАЛДЫРЫЛҒАН САЛЫҚ БОЙЫНША ҮНЕМ	(15 239)	(116)

Қазақстандық заңды тұлғалар үшін 2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдар ішінде табыс салығының мөлшерлемесі 20% құрады. Мемлекеттік бағалы қағаздар мен кейбір бағалы қағаздар бойынша түскен кіріске табыс салығы салынбайды.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Грузия мен Өзбекстан Республикасында табыс салығының мөлшерлемесі тиісінше 15% және 20% құрайды (2022 жылғы 31 желтоқсанда - Кыргыз Республикасында, Грузияда және Өзбекстан Республикасында сәйкесінше 10%, 15% және 20% құрайды).

Табыс салығының тиімді мөлшерлемесі табыс салығының нормативтік мөлшерлемесінен өзгеше болады. Төменде 20% нормативтік мөлшерлемеге сәйкес есептелген табыс салығына жұмсалған шығынды нақты пайда салығының шығындарымен сәйкестендіру есебі берілген:

	2023 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2022 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Салық салынғанға дейінгі пайда	814 774	675 197
Табыс салығының нормативтік мөлшерлемесі	20%	20%
Нормативтік мөлшерлеме бойынша табыс салығы бойынша шығыстар	162 955	135 039
Мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша салық салынбайтын кіріс және өзге бағалы қағаздар және туынды құралдардан түскен, салық салынбайтын кіріс	(42 221)	(39 673)
Басқа қузыретте операциялар жүргізетін еншілес кәсіпорындардың өзге салық мөлшерлемелерінің ықпалы	(322)	(588)
Шегерімге жатқызылмайтын шығыстар:		
- өзге провизиялар	1 732	7 280
- еншілес ұйымдардың шығуы	-	3 848
- жалпы және өкімшілік шығыстар	449	759
Басқасы	(1 255)	(947)
ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫС	121 338	105 718

2023 және 2022 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (миллион теңгемен)

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелерге мыналар жатады:

	2023 ж. 31 желтоқсан	2022 ж. 31 желтоқсан
ШЕГЕРІЛЕТІН МЕЗГІЛДІК АЙЫРМАНЫҢ САЛЫҚТЫҚ ТИІМДІЛІГІ:		
Есептелген сыйлықақылар	6 387	4 853
Туынды қаржы құралдарының әділ құны	871	1 650
Есептелген демалыс шығындары	860	688
Басқасы	32	142
КЕЙІНГЕ ҚАЛДЫРЫЛҒАН САЛЫҚ АКТИВІ	8 150	7 333
САЛЫҚ САЛЫНАТЫН МЕЗГІЛДІК АЙЫРМАНЫҢ САЛЫҚТЫҚ ТИІМДІЛІГІ:		
Клиенттер қаражатының әділ құнын түзету	(16 421)	(38 721)
Негізгі құралдар, есептелген амортизация	(19 719)	(19 284)
Клиенттерге берілген қарыздар бойынша құнсыздану резерві	(1 314)	(1 406)
Өзге жиынтық кіріс арқылы және пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын туынды құралдардың және қаржы активтерінің әділ құны	(30 608)	(21 803)
Еншілес ұйымдардың шығуы	447	-
Басқасы	17	7
КЕЙІНГЕ ҚАЛДЫРЫЛҒАН САЛЫҚТЫҚ МІНДЕТТЕМЕ	(67 598)	(81 207)
КЕЙІНГЕ ҚАЛДЫРЫЛҒАН ТАЗА САЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕСІ	(59 448)	(73 874)

Ағымдағы салық активтері мен міндеттемелері:

	2023 ж. 31 желтоқсан	2022 ж. 31 желтоқсан
Өтеуге жататын табыс салығы	7 956	1 521
Табыс салығы бойынша міндеттемелер	(946)	(12 358)
АҒЫМДАҒЫ САЛЫҚ АКТИВІ/(МІНДЕТТЕМЕСІ)	7 010	(10 837)

Топ қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте өзара есепке алу құқығы бар жағдайларда мерзімі кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелерін өзара есепке алуды жүргізді. Өзара есепке алудан кейін ұсынылған сомалар мыналардан тұрады:

	2023 ж. 31 желтоқсан	2022 ж. 31 желтоқсан
Кейінге қалдырылған салық активі	351	273
Кейінге қалдырылған салық міндеттемесі	(59 799)	(74 147)
КЕЙІНГЕ ҚАЛДЫРЫЛҒАН ТАЗА САЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕСІ	(59 448)	(73 874)

Қазіргі уақытта Қазақстанда және Топ өз қызметін жүргізіп отырған басқа елдерде уәкілетті мемлекеттік және өңірлік органдар енгізген түрлі салықтарға байланысты бірқатар заңдар әрекет етеді. Мұндай салықтарға қосымша құн салығы, табыс салығы, әлеуметтік салық, т.б. жатады. Қолданылатын ережелер көпшілік жағдайда онша айқын болмайды немесе бұрынғы оқиғалар санының шектеулілігіне байланысты мүлдем жоқ. Кейде ережелерге заңдық түсінік беру мәселесіне келгенде, түрлі ведомстволар арасында немесе тіпті бір ведомствоның өз ішінде түрлі пікірлер туындап жатады, ал бұл өз кезегінде пікір қайшылығына әкеп соғады. Салықтық декларациялар, сонымен қатар заңдық реттеудің басқа жақтары (мәселен, кедендік және валюталық бақылау мәселелері) бірнеше ведомствоның қолына берілген, олардың әрқайсысы бұзушылықтарға жол берілгенге өз тараптарынан заңға сәйкес елеулі сомада айыппұлдар мен өсімпұлдар салуға құқылы. Мұндай жағдай салықтық заңнама жүйесі елеулі жетілдірілген басқа дамыған елдермен салыстырғанда, Қазақстандағы салықтық тәуекелдер қаупінің деңгейі әлі де біршама жоғары екендігін көрсетеді.

2023 жылғы
31 желтоқсанда
аяқталған жыл іші
шоғырландырылған
қаржылық есептілігі
және Тәуелсіз
аудиторлар есебі

Топ өз қызметін жүргізетін елдердің коммерциялық заңнамасы бойынша берілетін түсінік бір мәнді болмауы мүмкін. Сонымен қатар салық органдарында іскерлік қызметке қатысты еркін пікір қалыптасу тәуекелі де болады. Салық органдарының Топ қызметіне қатысты мұндай пікірлеріне байланысты басшылық тарапынан дауласу болған жағдайда қосымша салықтар, айыппұлдар мен есім-пұлдар туындауы мүмкін.

Мұндай белгісіздік, мәселен, қаржы құралдарына салықтық түсініктеме беру және мәмілелер бойынша баға көрсеткіштерінің нарықтық деңгейін анықтау мәселесіне қатысты туындауы мүмкін. Сондай-ақ клиенттерге берілген қарыздар мен қарыздарға теңестірілген берешек бойынша мүмкін болатын зиян резервін құрастыру және қалпына келтіру жөніндегі мезгілдік салықтық айырма салық органдары тарапынан салық салынатын базаны азайту ретінде қаралып, әртүрлі түсіндірілуі мүмкін.

Қазақстанда салық органдары соңғы бес жыл ішіндегі салықтық есептемеге тексеру жүргізе алады. Дегенмен, жоғарғы сатыдағы салық органы қажет болған жағдайда қосымша тексеру жүргізе алады. Мұнымен қатар сот органдарының түсініктемесіне сәйкес, сот тарапынан салық органдарының тексеру жүргізуіне кедергі келтіру фактісі анықталған жағдайда салықтық есептеме тексерілетін мерзім ұзартылуы мүмкін.

Басшылықтың пікірінше, Топ өз қызметін салықтық заңнамаға сәйкес жүргізеді, алайда тиісті органдардың салық мәселелері бойынша түсінік беруге қатысты басқаша көзқарас ұстану тәуекелі бар.

Кейінге қалдырылған таза салық міндеттемесінің қозғалысы:

	2023 ж.	2022 ж.
Жыл басындағы кейінге қалдырылған таза салық міндеттемесі	73 874	71 150
Пайда немесе залал құрамында танылған, кейінге қалдырылған салық бойынша үнем	(15 239)	(116)
Өзге жиынтық кірісте танылған, кейінге қалдырылған салық бойынша шығыс	813	2 840
ЖЫЛ АЯГЫНДАҒЫ KEЙІНГЕ ҚАЛДЫРЫЛҒАН ТАЗА САЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕСІ	59 448	73 874

22. БАСҚА МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Басқа міндеттемелер мыналардан құралады:

	2023 ж. 31 желтоқсан	2022 ж. 31 желтоқсан
Үздіксіз қатысудан міндеттемелер	104 921	95 346
Банк қызметі бойынша кредиторлар	52 130	28 521
Қызметкерлермен есеп айырысу, сыйлықақылар және демалыстар бойынша есептеу	35 110	27 380
Банктік емес қызмет бойынша кредиторлар	16 332	7 648
Алынған басқа аванстар	13 597	11 409
Табыс салығынан басқа салықтар бойынша берешек	8 416	12 021
Жалдау бойынша міндеттемелер	4 965	5 205
Коммерциялық жылжымайтын мүлік бойынша кредиторлар	3 838	2 092
Төленетін жалпы және әкімшілік шығындар	2 641	2 695
Басқалар	806	1 088
БАСҚА МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІҢ ЖИНЫ	242 756	193 405

Үздіксіз қатысу міндеттемесі «7-20-25» мемлекеттік ипотекалық бағдарламасымен және басқа да бағдарламалармен байланысты «Қазақстандық тұрақтылық қоры» АҚ («Оператор») алдындағы міндеттемелерді білдіреді. Осы бағдарламаның шарттарына сәйкес Банк қарыз алушыларға ипотекалық қарыздар береді және бағдарлама Операторына қарыздар бойынша талап ету құқықтарын береді. Бағдарламаға және сенімгерлікпен басқару шартына сәйкес Банк берілген ипотекалық қарыздар бойынша сенімгерлікпен басқаруды жүзеге асырады. Бұл ретте күнтізбелік 90 күннен астам мерзімі өткен кредиттер болған жағдайда Банк берілген ипотекалық қарыздар бойынша талап ету құқығын сатып алуға міндетті. Кері сатып алу сатып алу күніне қарыздың номиналды құны бойынша жүзеге асырылады.

2023 және 2022 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (миллион теңгемен)

Банк осы активтерге меншік құқығымен байланысты барлық тәуекелдер мен пайданы, атап айтқанда, кредиттік тәуекелді бермегенін және сақтамағанын, бірақ берілген активтерге бақылауды сақтап қалғанын және оған өзінің үздіксіз қатысу көлемінде қарыздарды тануды жалғастыратынын анықтады. Үздіксіз қатысу көлемі Банк қайтаруға міндетті болуы мүмкін өтемнің ең жоғары сомасымен шектеледі, өйткені Банктің үздіксіз қатысуы берілген актив бойынша кепілдік нысанын қабылдайды. Банк клиенттерге берілген қарыздар құрамына өзінің үздіксіз қатысу көлемінде активті тануды жалғастыратындықтан, Банк онымен байланысты міндеттемені дер таниды.

23.КАПИТАЛ

2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанындағы мәліметке сәйкес жарияланған, шығарылған және толығымен төленген акциялар саны мынадай түрде берілген:

	Шығаруға руқсат етілген акциялар	Рұқсат етілген, бірақ шығарылмаған акциялар	Толығымен төленген және айналымға шығарылған акциялар	Құны өтеліп сатып алынған меншікті акциялар	Айналымдағы акциялар
2023 ж. 31 желтоқсан:					
Жай акциялар	25 000 000 000	(11 552 455 218)	13 447 544 782	(2 545 373 191)	10 902 171 591
2022 ж. 31 желтоқсан:					
Жай акциялар	25 000 000 000	(11 552 455 218)	13 447 544 782	(2 563 676 403)	10 883 868 379

Барлық акциялар теңгеде көрсетілген. Айналымдағы акциялар қозғалысы мынадай түрде берілген:

	Акциялар саны Жай акциялар	Номинал (орналастыру бағасы) (миллион теңгеде) Жай акциялар
2021 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАН	10 896 004 850	(50 295)
Жай акцияларды құнын өтеп сатып алу		
Құны өтеліп сатып алынған акцияларды құнын өтеп сатып алу	(52 653 439)	(6 044)
Құны өтеліп сатып алынған акцияларды сату	40 516 968	4 831
2022 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАН	10 883 868 379	(51 508)
Құны өтеліп сатып алынған акцияларды құнын өтеп сатып алу	(10 653 349)	(1 509)
Құны өтеліп сатып алынған акцияларды сату	28 956 561	3 530
2023 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАН	10 902 171 591	(49 487)

Жай акциялар

2023 және 2022 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жарғылық капитал 209,027 миллион теңгені құрады.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ 258,514 миллион теңге сомасына саны 2,545,373,191 дана (2022 жылғы 31 желтоқсанда – 260,535 миллион теңге сомасына саны 2,563,676,403 данада) сатып алынған меншікті жай акцияларға ие болды.

2023 және 2022 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (миллион теңгемен)

2023 жылғы
31 желтоқсанда
аяқталған жыл іші
шоғырландырылған
қаржылық есептілігі
және Тәуелсіз
аудиторлар есебі

Айналымдағы жай акциялардың әрқайсысының бір дауысқа және дивидендке құқығы бар. Құны өтелген акциялардың дауыс беру құқығы мен дивидендке құқығы жоқ.

Өткен қаржылық жылдарда төленген дивидендтер төмендегі кестеде келтірілген:

	2023 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жылға 2023 ж. төленген	2022 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жылға 2023 ж. төленген
Кезең ішінде жарияланған дивидендтер	276 524	138 341
Бір жай акцияға ақшалай дивидендтің мөлшері	25,38	12,71

Эмиссиялық кіріс

Эмиссиялық кіріс – енгізілген қаражат сомасының шығарылған акциялардың номиналдық құнынан артық түсімі.

24. ШАРТТЫ ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Топтың шартты қаржылық міндеттемелері мыналардан құралады:

	2023 ж. 31 желтоқсан	2022 ж. 31 желтоқсан
Берілген кепілдіктер	820 260	603 028
Коммерциялық аккредитивтер	120 497	94 192
Қарыздарды беру бойынша міндеттемелер	65 207	69 122
Шартты қаржылық міндеттемелер	1 005 964	766 342
Минус — аккредитивтер бойынша ақшалай қамтамасыз ету	(45 279)	(63 730)
Минус — резервтер	(11 695)	(13 773)
ШАРТТЫ ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР, НЕТТО	948 990	688 839

Берілген кепілдіктер клиенттердің өтініштері бойынша Топ шығарған және есеп берілетін күнге әрекет ететін банктік кепілдік болып табылады. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ең ірі он клиент/клиенттер тобы үшін шығарылған өтелмеген кепілдіктер Топтың жалпы қаржы кепілдіктерінің 46%-ын құрады (2022 жылдың 31 желтоқсанында – 45%), олар Топ капиталының 16% (2022 жылдың 31 желтоқсанында – 14%) құрды.

Коммерциялық аккредитивтер клиенттердің өтініштері бойынша Топ шығарған, олар бойынша есепті күні төлем жүргізілмеген аккредитивтерді білдіреді. 2023 ж. 31 желтоқсанға, он ең ірі өтелмеген аккредитивтерге Топтың коммерциялық аккредитивтерінің барлық сомасының 57% келді (2022 ж. 31 желтоқсанда – 31%) және олар, Топ капиталынан 3% құрады (2022 ж. 31 желтоқсанда – 1%).

2023 және 2022 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (миллион теңгемен)

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тауелсіз аудиторлар есебі

Топ, қарыз алумен байланысты, егер бұл қажет болса, қаржы құралдары пайда болғанда, кепілмен қамтамасыз етуді талап етеді. Әдетте, Топ қарыз алушының кредит тәуекелін бағалау немесе топ ұстап отырған басқа депозиттерге талдау жасау арқылы, қажетсіздігі айқындалғаннан басқа жағдайларда, кепілмен қамтамасыз етуді талап етеді. Кепілмен қамтамасыз етудің түрлері көп және банктерде сақтаулы тұрған салымдардан, мемлекеттік бағалы қағаздардан және басқа да активтерден құралуы мүмкін.

Резервтер берілген кепілдіктер мен аккредитивтер бойынша резервтерді білдіреді.

Резервтегі қозғалыс былайша берілген:

	2023 ж. 31 желтоқсан			
	1-кезең	2-кезең	3-кезең	Жиыны
Жыл басына	(9)	(6 714)	(7 050)	(13 773)
1-кезеңге аудару	(5 208)	(3)	5 211	-
2-кезеңге аудару	1	(1)	-	-
3-кезеңге аудару	2 439	-	(2 439)	-
(Қосымша резервтерді қалыптастыру)/ резервтерді қалпына келтіру	931	3 287	(2 588)	1 630
Еншілес ұйымдардың шығуы	69	-	-	69
Шетел валютасын қайта бағалаудан болған айырмашылық	1	213	165	379
ЖЫЛ АЯҒЫНА	(1 776)	(3 218)	(6 701)	(11 695)

	2022 ж. 31 желтоқсан			
	1-кезең	2-кезең	3-кезең	Жиыны
Жыл басына	(306)	(6 433)	(6 454)	(13 193)
2-кезеңге аудару	3	(7)	4	-
3-кезеңге аудару	3 156	25	(3 181)	-
(Қосымша резервтерді қалыптастыру)/ резервтерді қалпына келтіру	(3 346)	446	2 978	78
Еншілес ұйымдардың шығуы	176	-	403	579
Шетел валютасын қайта бағалаудан болған айырмашылық	308	(745)	(800)	(1 237)
ЖЫЛ АЯҒЫНА	(9)	(6 714)	(7 050)	(13 773)

Күрделі шығындар бойынша алдағы кезеңдердің міндеттемелері

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың аяқталмаған құрылысқа қатысты күрделі шығындары бойынша шартты міндеттемелері 35,790 миллион теңгені құрады, оның 33,871 миллион теңгесі Астанадағы әкімшілік ғимараттардың аяқталмаған құрылысына жатады (2022 жылғы 31 желтоқсанда – 1,595 миллион теңге).

Операциялық жалдау шарттары бойынша алдағы кезеңдердің міндеттемелері

2023 және 2022 жж. 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Топтың кейінге шегерілмейтін операциялық жалдау шарттары бойынша елеулі міндеттемелері болған жоқ.

25. ТАЗА ПАЙЫЗДЫҚ КІРІС

2023 жылғы
31 желтоқсанда
аяқталған жыл іші
шоғырландырылған
қаржылық есептілігі
және Тәуелсіз
аудиторлар есебі

	2023 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2022 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл
ПАЙЫЗДЫҚ КІРІСТЕРГЕ МЫНАЛАР КІРЕДІ:		
Клиенттерге берілген қарыздар	1 349 836	983 419
- Корпоративтік бизнес	599 633	435 286
- Бөлшек бизнес	527 606	402 568
- ШОБ	222 597	145 565
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бааланатын қаржы активтері	155 145	97 309
Күтілетін кредиттік залалдар бойынша резервтерді шегергенде амортизацияланған құны бойынша бааланатын борыштық бағалы қағаздар	66 175	91 388
Ақшалай қаражат пен оның баламасы және кредит мекемелеріндегі қаражат	49 319	41 026
Басқа қаржы активтері	6 543	7 501
ТИІМДІ ПАЙЫЗДЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ ӨДІСІН ҚОЛДАНЫП ЕСЕПТЕЛГЕН ПАЙЫЗДЫҚ КІРІСТЕР	1 627 018	1 220 643
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бааланатын қаржы активтері	42 764	27 005
БАСҚА ДА ПАЙЫЗДЫҚ КІРІСТЕР	42 764	27 005
ПАЙЫЗДЫҚ КІРІСТЕРДІҢ ЖИЫНЫ	1 669 782	1 247 648

	2023 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2022 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл
ПАЙЫЗДЫҚ ШЫҒЫСТАРҒА МЫНАЛАР КІРЕДІ:		
Клиенттердің қаражаты	(771 460)	(477 839)
- Жеке тұлғалар	(361 449)	(227 747)
- Заңды тұлғалар	(410 011)	(250 092)
Кредит мекемелерінің қаражаты	(46 723)	(63 982)
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	(40 284)	(35 317)
Басқа қаржы міндеттемелері	(708)	(827)
Басқа да пайыздық шығыстар және ұқсас шығыстар	(110)	(217)
ПАЙЫЗДЫҚ ШЫҒЫСТАРДЫҢ ЖИЫНЫ	(859 285)	(578 182)
КРЕДИТТІК ШЫҒЫНДАР БОЙЫНША ШЫҒЫСҚА ДЕЙІН ТАЗА ПАЙЫЗДЫҚ КІРІС	810 497	669 466

Басқа да пайыздық және ұқсас шығыстарға ұзақ мерзімді қаржылық дебиторлық берешекті бастапқы танудан болатын шығын кіреді.

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін ТПМ әдісі бойынша есептелген жалпы пайыздық кіріс амортизацияланған құн бойынша көрсетілетін қаржы активтері үшін 1,471,873 миллион теңге (2022 ж. 31 желтоқсан: 1,123,334 миллион теңге).

2023 және 2022 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (миллион теңгемен)

26. ҚЫЗМЕТТЕР МЕН КОМИССИЯЛАР БОЙЫНША КІРІСТЕР

Қызметтер мен комиссиялар бойынша кірістер мынадай табыс көздерінен алынған:

	2023 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2022 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Жеке тұлғалардың транзакциялық кірісі	139 948	129 232
Заңды тұлғалардың транзакциялық кірісі	44 403	38 343
Берілген кепілдіктер және аккредитивтер	20 036	13 863
Басқасы	9 016	10 849
Ниеттестік бағдарламасы	(13 343)	(12 221)
ҚЫЗМЕТТЕР МЕН КОМИССИЯЛАР БОЙЫНША КІРІСТЕРДІҢ ЖИЫНЫ	200 060	180 066

Қызметтер мен комиссиялар бойынша шығыстарға мыналар кіреді:

	2023 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2022 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Жеке тұлғалардың транзакциялық кірісі	(76 518)	(78 983)
Заңды тұлғалардың транзакциялық кірісі	(5 304)	(7 420)
Депозиттерді сақтандыру	(13 357)	(6 265)
Басқасы	(4 525)	(3 431)
ҚЫЗМЕТТЕР МЕН КОМИССИЯЛАР БОЙЫНША ШЫҒЫСТАРДЫҢ ЖИЫНЫ	(99 704)	(96 099)

Жеке заңды тұлғалардың транзакциялық кірістеріне есеп айырысу шоттары мен жалақы бойынша банктік аударымдар бойынша комиссиялық кірістер, клиенттердің шоттарына қызмет көрсету және клиенттердің пластикалық карталары бойынша операциялар бойынша комиссиялық кірістер, сондай-ақ кассалық операциялар мен клиенттерге зейнетақы төлеу бойынша кірістер кіреді.

Жеке және заңды тұлғалардың транзакциялық шығындарына клиенттердің пластикалық карталары, банктік аударымдар және кассалық операциялар бойынша комиссиялық шығындар кіреді.

27. ПАЙДА НЕМЕСЕ ЗАЛАЛ АРҚЫЛЫ ӘДІЛ ҚҰНЫ БОЙЫНША БАҒАЛАНАТЫН ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ БОЙЫНША ТАЗА ПАЙДА/(ШЫҒЫН)

Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері мен міндеттемелері бойынша таза пайда/(шығынға) мыналар кіреді:

	2023 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2022 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл
САУДАҒА АРНАЛҒАН ДЕП ЖІКТЕЛГЕН ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ БОЙЫНША ТАЗА ПАЙДА/(ШЫҒЫН):		
Туынды құралдармен операциялар бойынша жүзеге асырылған таза пайда	28 831	12 798
Сауда операциялары бойынша таза пайда/(шығын)	34 255	(10 262)
Туынды құралдар бойынша жүзеге асырылмаған таза пайда/(шығын)	9 508	(3 061)
САУДАҒА АРНАЛҒАН ДЕП ЖІКТЕЛГЕН ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ БОЙЫНША ТАЗА ПАЙДАНЫҢ/(ШЫҒЫННЫҢ) ЖИЫНЫ	72 594	(525)

28. ШЕТЕЛ ВАЛЮТАСЫМЕН ЖАСАЛҒАН ОПЕРАЦИЯЛАР БОЙЫНША ТАЗА ПАЙДА

Шетел валютасымен жүргізілетін операциялар бойынша таза пайда мыналардан құралады:

	2023 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2022 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Сауда операциялары, нетто	107 271	172 982
Бағам айырмалары, нетто	(17 157)	4 911
ШЕТЕЛ ВАЛЮТАСЫМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР БОЙЫНША ТАЗА ПАЙДАНЫҢ ЖИЫНЫ	90 114	177 893

29. САҚТАНДЫРУ ҚЫЗМЕТІНЕН АЛЫНҒАН КІРІСТЕР МЕН ШЫҒЫСТАР

Келесі кестелерде осы кезеңде танылған сақтандыру түсімінің талдауы келтірілген.

	Жұмыс берушінің жауапкершілік аннуитеттері	Зейнетақы аннуитеттері	Жинақтаушы сақтандыру	Өмірді мерзімді сақтандыру	Қысқа мерзімді шарттар	Медициналық сақтандыру	Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру	Мүлікті жауапкершілікті сақтандыру	Автокөлікті және жауапкершілікті сақтандыру	Басқа	Жиыны
2023 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл											
Сақтандыру бойынша түсім	2 441	645	256	1 507	84 165	10 535	11 420	62 711	12 348	26 454	212 482
Тәуекелдік түзетулерді босату	69	537	2 732	201	-	-	-	-	-	-	3 539
Маржаның амортизациясы	565	5 652	2 807	129	-	-	-	-	-	-	9 153
Аквиз шығындарының амортизациясы	10	734	1 188	12 083	-	-	-	-	-	-	14 015
САҚТАНДЫРУ БОЙЫНША ТҮСІМДЕРДІҢ ЖИЫНЫ	3 085	7 568	6 983	13 920	84 165	10 535	11 420	62 711	12 348	26 454	239 189
2022 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл											
Сақтандыру бойынша түсім	1 946	752	1 736	1 420	63 244	6 207	16 506	46 463	8 363	20 784	167 421
Тәуекелдік түзетулерді босату	83	750	2 799	218	-	-	-	-	-	-	3 850
Маржаның амортизациясы	479	5 158	1 166	99	-	-	-	-	-	-	6 902
Аквиз шығындарының амортизациясы	9	366	829	15 499	-	-	-	-	-	-	16 703
САҚТАНДЫРУ БОЙЫНША ТҮСІМДЕРДІҢ ЖИЫНЫ	2 517	7 026	6 530	17 236	63 244	6 207	16 506	46 463	8 363	20 784	194 876

2023 және 2022 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (миллион теңгемен)

2023 жылғы
31 желтоқсанда
аяқталған жыл іші
шоғырландырылған
қаржылық есептілігі
және Тәуелсіз
аудиторлар есебі

2023 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл

	Жұмыс берушінің жауапкершілік аннуитеттері	Зейнетақы аннуитеттері	Жинақтаушы сақтандыру	Өмірді мерзімді сақтандыру	Қысқа мерзімді шарттар	Медициналық сақтандыру	Көлік құралдары иелерінің жауап- кершілігін міндетті сақтандыру	Мүлікті сақтандыру	Автокөлікті және жауап- кершілікті сақтандыру	Басқа	Жиыны
САҚТАНДЫРУ ҚЫЗМЕТТЕРІ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР:											
пайда болған сақтандыру шығындары және сақтандыру қызметтері бойынша келтірілген өзге де шығыстар;	(7 923)	(5 250)	886	(3 020)	(4 654)	(10 901)	(7 335)	(5 647)	(8 251)	(3 994)	(56 089)
аквизициялық ақша ағындарының амортизациясы	(9)	(366)	(829)	(15 485)	(27 719)	(646)	(4 395)	(1 656)	(3 755)	(3 355)	(58 215)
өткен кезеңдердің қызметтеріне қатысты өзгерістер	-	-	-	-	(1 746)	(142)	600	(10 245)	(474)	(370)	(12 377)
Ауыртпалықты шарттар топтары бойынша залалдар және осындай залалдарды қалпына келтіру	(2)	-	(881)	(494)	-	-	159	-	(585)	-	(1 803)
МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ БАҒАЛАУДА ЕСКЕРІЛЕТІН САҚТАНДЫРУ ҚЫЗМЕТТЕРІ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАРДЫҢ ЖИЫНЫ	(7 934)	(5 616)	(824)	(18 999)	(34 119)	(11 689)	(10 971)	(17 548)	(13 065)	(7 719)	(128 484)
Регрессиялық талап бойынша таза шығыстар/(кірістер) (АҚ)											(29)
Регрессиялық талап бойынша алынған кірістер											729
Аквизициялық шығындар - ОАР											(6 524)
Сақтандыру шығындарын реттеу бойынша шығыстар - ОАР											99
Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметіне байланысты шығыстар - ОАР											2 362
САҚТАНДЫРУ ҚЫЗМЕТТЕРІ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАРДЫҢ ЖИЫНЫ											(131 847)

2023 және 2022 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (миллион теңгемен)

2023 жылғы
31 желтоқсанда
аяқталған жыл іші
шоғырландырылған
қаржылық есептілігі
және Тауелсіз
аудиторлар есебі

2022 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл

	Жұмыс берушінің жауапкершілік аннуитеттері	Зейнетақы аннуитеттері	Жинақтаушы сақтандыру	Өмірді мерзімді сақтандыру	Қысқа мерзімді шарттар	Медициналық сақтандыру	Көлік құралдары иелерінің жауап- кершілігін міндетті сақтандыру	Мүлікті сақтандыру	Автокөлікті және жауап- кершілікті сақтандыру	Басқа	Жиыны
САҚТАНДЫРУ ҚЫЗМЕТТЕРІ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР:											
пайда болған сақтандыру шығындары және сақтандыру қызметтері бойынша келтірілген өзге де шығыстар;	(3 537)	(3 457)	(5 415)	(4 847)	(24 816)	(8 189)	(10 288)	(2 076)	(6 393)	(2 940)	(71 958)
аквизициялық ақша ағындарының амортизациясы	(10)	(734)	(1 188)	(12 083)	(11 329)	(468)	(8 497)	(929)	(2 131)	(3 902)	(41 271)
өткен кезеңдердің қызметтеріне қатысты өзгерістер	-	-	(907)	(669)	(3 421)	(412)	(699)	(2 888)	(279)	11 797	2 522
Ауыртпалықты шарттар топтары бойынша залалдар және осындай залалдарды қалпына келтіру	(2)	-	(144)	(805)	-	-	1 646	-	(854)	-	(159)
МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ БАҒАЛАУДА ЕСКЕРІЛЕТІН САҚТАНДЫРУ ҚЫЗМЕТТЕРІ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАРДЫҢ ЖИЫНЫ	(3 549)	(4 191)	(7 654)	(18 404)	(39 566)	(9 069)	(17 838)	(5 893)	(9 657)	4 955	(110 866)
Регрессиялық талап бойынша таза шығыстар/(кірістер) (АҚ)											81
Регрессиялық талап бойынша алынған кірістер											366
Аквизициялық шығындар - ОАР											(3 272)
Сақтандыру шығындарын реттеу бойынша шығыстар - ОАР											(1 256)
Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметіне байланысты шығыстар - ОАР											(1 019)
САҚТАНДЫРУ ҚЫЗМЕТТЕРІ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАРДЫҢ ЖИЫНЫ											(115 966)

2023 және 2022 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (миллион теңгемен)

30. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ШЫҒЫСТАР

Операциялық шығыстар мыналардан құралады:

	2023 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2022 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Жалақы және сыйлықақылар	126 929	108 461
Тозу және амортизация	18 534	17 011
Табыс салығын қоспағандағы салықтар	9 772	11 335
Ақпараттық қызметтер	7 905	6 856
Байланыс	6 419	6 621
Жарнама шығыстары	5 504	4 226
Жөндеу және қызмет көрсету	5 297	3 895
Күзет	5 438	6 174
Коммуналдық қызметтер	4 721	4 625
Қайырымдылық*	4 547	6 542
Жалдау	3 151	2 903
Кеңселік және офистік заттар	3 066	2 566
Кәсіби қызметтер	1 663	1 717
Басқасы	13 942	10 086
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ШЫҒЫСТАРДЫҢ ЖИЫНЫ	216 888	193 018

* Қаңтар айындағы оқиғалардың экономикалық салдарына жауап ретінде Үкімет қазіргі дағдарысты еңсеруге бағытталған бастамаларды дайындады. Қазақстан азаматтарына денсаулық сақтау, білім беру және өзге де әлеуметтік салада қолдау көрсету үшін «Қазақстан халқына» арнайы қайырымдылық қоры құрылды, ол жеке және мемлекеттік қаражаттан қаржыландырылады. 2023 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде Топ қорға қайырымдылық шығындарының бір бөлігі болып табылатын 2 миллиард теңге бөлі (2022 ж. 31 желтоқсан – 3 миллиард теңге).

31. БАНКТІК ЕМЕС ҚЫЗМЕТТЕН АЛЫНҒАН КІРІСТЕР

	2023 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2022 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Коммерциялық жылжымайтын мүлікті сатудан алынған таза пайда	17 864	19 659
Инвестициялық жылжымайтын мүлікті сатудан алынған таза пайда	166	235
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтерді сатудан алынған таза пайда	1 283	1 304
Банктік емес қызметтен алынған басқа да кіріс	4 269	4 356
БАНКТІК ЕМЕС ҚЫЗМЕТТЕН АЛЫНҒАН КІРІСТЕР	23 582	25 554

32. АКЦИЯҒА ШАҚҚАНДАҒЫ ПАЙДА

Акцияға шаққандағы базалық және ажыратылған пайда бас компанияның акционерлеріне тиесілі бір жылдағы таза пайданы жыл ішінде айналымдағы таза пайданы бөлуге қатысатын акциялардың орташа өлшемделген санына бөлу арқылы есептеледі.

Акционерлік қоғамдар туралы қазақстандық заңнамаға сәйкес, жай акциялар бойынша дивиденд мөлшері осы кезең ішіндегі артықшылықты акциялар бойынша дивиденд мөлшерінен аспауға тиіс. Ендеше, кезең ішіндегі таза пайда жай және артықшылықты акциялар арасында олардың бөлінбеген пайдаға заңдық және келісімшарттық құқықтарына сәйкес бөлінеді.

2023 және 2022 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (миллион теңгемен)

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Тәуелсіз аудиторлар есебі

Төменде бір акцияға шаққандағы базалық және ажыратылған пайда туралы мәліметтер келтірілген:

	2023 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2022 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл
АКЦИЯҒА ШАҚҚАНДАҒЫ БАЗАЛЫҚ ЖӘНЕ АЖЫРАТЫЛҒАН ПАЙДА		
Бас компанияның акционерлеріне қатысты кезең ішіндегі таза пайда	693 435	569 477
Жай акцияларды ұстаушыларға қатысты таза пайда	693 435	569 477
Акцияға шаққандағы базалық пайданы есептеу үшін акциялардың орташа саны	10 894 712 258	10 891 001 418
АКЦИЯҒА ШАҚҚАНДАҒЫ БАЗАЛЫҚ ЖӘНЕ АЖЫРАТЫЛҒАН ПАЙДА (ТЕҢГЕМЕН)	63,65	52,29

ҚҚБ талаптарына сәйкес сауда-саттық тізіміне енгізілген компаниялар үшін есептелген бір жай акцияның баланстық құны 2023 және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша мына төмендегі кестеде көрсетілген:

	2023 ж. 31 желтоқсан		
Акциялар түрі	Айналымдағы акциялар саны	Капитал (ҚҚБ ережесі негізінде есептелген)	Бір акцияның баланстық құны, теңгемен
Жай	10 902 171 591	2 463 607	225,97
		2 463 607	

	2022 ж. 31 желтоқсан		
Акциялар түрі	Айналымдағы акциялар саны	Капитал (ҚҚБ ережесі негізінде есептелген)	Бір акцияның баланстық құны, теңгемен
Жай	10 883 868 379	1 997 927	183,57
		1 997 927	

Жай акцияларға қатысты капитал сомасы капиталдың қорытынды сомасы мен материалдық емес активтердің қалдық құнының сомасы арасындағы айырма ретінде есептеледі.

Топ басшылығы есеп беріліп отырған күнгі жағдайға сәйкес ҚҚБ талаптары толығымен орындалып отыр деп есептейді.

33. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ

Топтың қаржылық қызметі үшін тәуекелдерді басқарудың маңызы зор. Топ қызметіне тән болатын негізгі тәуекел түрлері мыналар:

- Кредит тәуекелі;
- Өтімділік тәуекелі; және
- Нарықтық тәуекел.

Тәуекелдерді басқарудың пәрменді әрі тиімді саясатын қамтамасыз ету үшін Топ тәуекелдерді басқарудың негізгі қағидаттарын айқындады, бұлардың басты мақсаты Топты қазіргі бар тәуекелдерден қорғауға және жоспарланған көрсеткіштерге қол жеткізуге мүмкіндік беруді көздейді. Бұл аталған қағидаттарды Топ мынадай тәуекелдерді басқару кезінде пайдаланады.

Тәуекел-тәбетті басқару

Тәуекел-тәбет – тәуекелдердің жиынтықты деңгейі және түрлері, оларды Банк стратегиялық міндеттер мен бизнес-жоспарға қол жеткізу кезінде қабылдауға дайын.

Банктің тәуекел-тәбетін басқарудың тиімді жүйесін құру мақсатында «Қазақстан Халық Банкі» АҚ тәуекел-тәбетінің стратегиясы әзірленді және бекітілді.

Тәуекел-тәбет стратегиясы қабылданатын елеулі тәуекелдердің көлемінің анық шекарасын анықтайды, онда «Халық» тобы дамуының жалпы стратегиясын жүзеге асыру аясында Банк қызметі іске асырылады, сондай-ақ тәуекелдердің жүзеге асырылуын болдырмау не олардың Банктің қаржылық жағдайына теріс әсер етуін барынша азайту мақсатымен Банк қызметінің тәуекел-бейінін анықтайды.

Тәуекелдердің әрбір елеулі деңгейі бойынша тәуекел-тәбет стратегиясын әзірлеу және ендіру шеңберінде Директорлар кеңесі Банктің қабылданған бизнес үлгілерін, қызметінің ауқымын, операциялар түрлері мен олардың күрделілігін есепке алып, тәуекел-тәбеттің (кредит тәуекелі, нарықтық тәуекел, өтімділік тәуекелі, операциялық тәуекел бойынша) деңгейлерін бекітті.

Капитал жеткіліктілігін бағалаудың ішкі процесі

Екінші деңгейдегі банктер үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін қалыптастыру қағидаларының талаптарына сәйкес Топ Директорлар кеңесі бекіткен, капитал жеткіліктілігін бағалаудың ішкі процесін әзірледі және ендірі. Капитал жеткіліктілігін бағалаудың ішкі процесі («КЖБП») – активтер көлемі, қызметтің сипаты мен күрделілік деңгейі, ұйымдық құрылым, стратегиялық жоспарлар, тәуекел-бейін, нормативтік құқықтық база ескерілген, елеулі тәуекелдерді басқару процестерінің жинағы, осындай тәуекелдерді тұрақты қаржылық жағдайды және төлем қабілеттілікті ұстап тұру үшін Топтың капитал жеткіліктілігінің мақсатты деңгейін анықтау мақсатымен бағалау және біріктіру.

КЖБП әзірлеу мақсаты – Топ қызметіне тән тәуекелдерді, соның ішінде: кредит тәуекелін, нарықтық тәуекелді, өтімділікті жоғалту тәуекелін, операциялық тәуекелді жабу үшін жеткілікті капиталдың қажетті деңгейін анықтау мақсатында олардың елеулі түрлерін анықтау, бағалау, біріктіру және бақылау. Топ меншікті капиталдың жеткіліктілігін бағалауды тәуекел-тәбеттің ағымдағы деңгейін және даму стратегиясын есепке алумен, бекітілген бюджеттің негізінде жүзеге асырады. Меншікті капиталдың жеткіліктілігін бағалау Топқа тән тәуекелдердің стресс-тестілеу нәтижелері ескеріліп іске асырылады. Капитал жеткіліктілігін бағалаудың ішкі процесі оның нәтижелерін, тәсілдерін стресс-тестілеуге қолдануды, тәуекелдерді анықтауды және ақпарат жинау процесін, тәуекелдерді бағалау модельдерін валидтеуді қоса алғанда, сандық, сондай-ақ сапалық көрсеткіштерге үздіксіз шолу жасайды.

Кредит тәуекелі

Кредит тәуекелі – қарыз алушының/контрагенттің Топ алдындағы өз қаржы міндеттемелерін орындамауы, дер кезінде орындамауы немесе толығымен орындамауы салдарынан Топтың шығынға ұшырау тәуекелі.

Кредит тәуекелдерін басқару және бақылауда тәуекел-менеджмент бөлімшесі маңызды рөл атқарады. Бұл бөлімше кредит тәуекелін сәйкестендіру, бағалау, бақылау және мониторинг шараларын енгізуді жүзеге асырады. Кредит тәуекелін басқару жүйесі шеңберінде Топ провизиялардың жеткілікті деңгейін ұстап тұруды, шешімдер қабылдау үшін ақпараттың толықтығы мен шынайылығын қамтамасыз ету бойынша қажетті шараларды қолданумен, ішкі саясатты және бизнес бөлімшелерге тәуелді емес кредит тәуекелдерін бағалау рәсімдері бар рәсімдерді сақтаумен кредит тәуекелін бағалау процесіне бақылауды жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

Тәуекел-менеджмент бөлімшесі кредиттік шешімдер қабылдау, кредит беру ережелері мен бағдарламаларын келісу, кредит тәуекелін азайту үшін шаралар қолдану бойынша тәуелсіз нұсқаулар беру, лимиттерді бақылау, кредит тәуекелдері, кредит тәуекелі бойынша тәуекел-тәбеттің деңгейінің мониторингі, есептеме құрастыру, сондай-ақ сыртқы заңнамалық реттеу, сол сияқты ішкі талаптар мен рәсімдерге сәйкестікті бақылауды қамтамасыз ету процесіне тікелей қатысады.

Топ өзінің кредит тәуекелінің деңгейін бір қарыз алушыға /контрагентке немесе қарыз алушылар тобына қатысты, сондай-ақ салалық (және географиялық) сегменттер бойынша ең жоғары тәуекел мөлшерін анықтау арқылы айқындайды. Экономика салалары бойынша кредит тәуекелінің барынша жоғары шоғырлану лимитін Активтер мен Пассивтерді басқару (АПКМ) комитеті белгілейді және бақылап отырады. Топ кредит беру түрлері: корпоративтік бизнес, шағын және орта бизнес, Банктің кредиттік портфеліне бөлшек бизнес түрлері бойынша несиелік портфельдің шоғырлануына, Банктің 10 ірі қарыз алушылары бойынша портфельдің шоғырлануына, валюталық қарыздар бойынша портфельдің шоғырлануына, кредит беру сегменттері бойынша кредиттік портфельде шағын және бөлшек бизнесте рейтингтің рұқсат етілген деңгейі, PD деңгейі және NPL деңгейі бойынша кредит портфелінің шоғырлануына тәуекел-тәбеттің деңгейін белгілейді. Кредит беру бағдарламалары (Шағын және орта бизнеске кредит беру, бөлшек кредиттер) бойынша кредит тәуекелдерінің деңгейіне қатысты шектеулерді Басқарма бекітеді. Әрбір контрагент бойынша, оның ішінде банктер мен брокерлерді қоса алғанда, баланстық және баланстан тыс жекелеген тәуекелдер деңгейін тиісті Кредит комитеттері мен АПКМ қарастырады. Белгіленген лимитті салыстырып отыру арқылы күн сайын тәуекелдердің нақты мөлшеріне мониторинг жүргізіледі.

Әрбір контрагент бойынша міндеттемелердің орындалмау тәуекелі баланстық және баланстан тыс тәуекелдерді қамтитын лимиттермен шектеледі.

2023 жылғы
31 желтоқсанда
аяқталған жыл іші
шоғырландырылған
қаржылық есептілігі
және Тауелсіз
аудиторлар есебі

Баланстан тыс кредиттік міндеттемелер пайдаланылмаған кредит желілері, көпірдемелер немесе аккредитивтер түрінде болады. Баланстан тыс шоттарда есепке алынатын қаржы құралдары бойынша кредит тәуекелі контрагенттің келісімшарт талаптары мен мерзімін орындай алмауынан мүмкін болатын шығын ретінде анықталады. Баланстан тыс қаржы құралдарымен байланысты кредит тәуекелдеріне қатысты Топ пайдаланылмаған кредит желілерінің жалпы көлеміне тең мөлшерде шығындалады. Дегенмен, ықтимал шығын көлемі жалпы пайдаланылмаған міндеттемелер көлемінен аз болады, өйткені көпшілік жағдайда кредит беруге байланысты туындайтын міндеттемелер контрагенттердің кредит төлеудің ерекше стандарттарына сай келу мүмкіндігіне тікелей қатысты. Шартты міндеттемелерге қатысты Топ қаржы құралдарының балансында көрсетілген несие беруді бекіту, тәуекелді шектейтін лимиттер пайдалану және ағымдағы мониторинг жүргізу рәсімдеріне негізделген кредит саясатын ұстанады. Топ кредиттің өтелу мерзімін жіті қадағалайды, өйткені қысқа мерзімділерге қарағанда ұзақ мерзімді міндеттемелердің кредит тәуекелінің қаупі жоғарырақ.

Кредит комитеттерінің құрылымы мен өкілеттігі

Топтың Кредиттік саясатын жүзеге асыруды және кредиттік шешімдердің ретімен қабылдануын қамтамасыз етуші алқалық кредиттік органдарға кредит комитеттері, АПКОМ, Басқарма, Тәуекелдер жөніндегі комитет және Директорлар кеңесі жатады.

Коммерциялық Дирекция («КД»)

Кредиттік операциялар және корпоративтік клиенттердің кредиттік өтінімдері бойынша Банктің ішкі кредиттік саясатын жүзеге асыру – басты мақсаты болып табылатын Банктің алқалық органы.

Филиалдардың және филиалдар желісінің кредит комитеттері («ФКК», «ФЖКК»)

Банктің ФКК, ФЖКК - олардың негізгі мақсаты филиалдар арқылы шағын және орта бизнес субъектілеріне қаржы құралдарын беру бөлігіндегі Банктің ішкі кредиттік саясатын жүзеге асыру болып табылады.

ФКК мен ФЖКК кредит беру лимитін филиалдар бойынша Банк Басқармасы белгілейді. ФКК үшін белгіленген кредит беру лимиті шеңберінде филиал қаржы құралын беруге байланысты мәселелер бойынша өз бетімен шешім қабылдайды. ФКК лимиттен тыс жобалары бойынша және олар бойынша шешім қабылдау ФКК өкілеттілігіне кірмейтін жобалар бойынша шешімді ФЖКК қабылдайды. ФЖКК шешімдер қабылдау рәсінде сондай-ақ Банк қызметтерінің сарапшылық қорытындыларын кешенді талдау негізінде жасақталған кредиттік топтаманы қарастыруды қамтиды.

Бас Банктің бөлшек кредит комитеті («ББ БКК») және Шешімдер қабылдау орталығы («ШҚО»)

Филиалдар арқылы бөлшек бизнес субъектілеріне қаржы құралдарын беруге қатысты Банктің ішкі кредиттік саясатын жүзеге асыру – басты мақсаты болып табылатын Банктің ББ БКК және ШҚО.

ШҚО төрт көз қағидатында негізделген, шешімдерді қабылдау бойынша өкілеттігі бар кредиттік андеррайтерлерден құралады. ШҚО Банк Басқармасы бекіткен өкілеттіктер мен ББ БКК бекіткен лимиттер шеңберінде шешімдер қабылдайды. ББ БКК лимиттен тыс және нормативтен тыс өтінімдерді және Банк Басқармасы бекіткен өкілеттіктер шеңберінде басқа да мәселелерді қарастыруға уәкілетті.

ШҚО мен ББ БКК жұмыс істеуімен қатар, жеке тұлғаларға кредит беру кезінде шешімдер қабылдау үшін автоматтандырылған тәсіл бар. Шешім қабылдауды автоматтандыру тәуекелге бағытталған тәсілге, соның ішінде Risk Based Pricing (тәуекелге негізделген баға белгілеу) және клиенттердің кредитті төлеу қабілетін бағалау кезінде қосымша параметрлерді қолдануға негізделген. Өтінімдерді қарастыру нәтижелері бойынша кредиттік ұсыныстар сұратылған талаптар бойынша, сол сияқты жеке тұлғалардың өтініш берушілерінің барлық сегменттері үшін (жалақы жобасына қатысатындар/қатыспайтындар, зейнеткерлер және т.с.с.) альтернативті шешімдер ұсыну жөйімен жасалады. Мұндай тәсіл қарыз алушының тәуекел бейінін ескерді және шешім қабылдауда тәуекелдерді барынша азайтуға мүмкіндік береді.

Шағын Бизнес бойынша Шешімдер Қабылдау Орталығы («ШБ бойынша ШҚО»)

Шағын бизнес саласында 400 миллион теңгеден аспайтын мөлшердегі кредит өтінімдерін қарау — негізгі міндеті болып табылады.

ШБ бойынша ШҚО төрт көз қағидатында негізделген, шешімдерді қабылдау бойынша өкілеттігі бар кредиттік андеррайтерлерден құралады. ШҚО Банк Басқармасы бекіткен өкілеттіктер мен ФЖКК бекіткен лимиттер шеңберінде шешімдер қабылдайды.

Бас банктің, филиалдардың проблемалық кредиттер жөніндегі комитеті

Банктің алқалы органдары, олардың басты мақсаты – Банктің және оның филиалдарының проблемалық кредиттер бойынша қаражатты басқару, қызмет көрсету және олардың қайтарылуын қамтамасыз ету бойынша қызметін ұйымдастыруға және бақылауға қатысты Банктің ішкі кредит саясатын жүзеге асыру болып табылады.

Еншілес кәсіпорындардың уәкілетті/алқалы органдары

Еншілес кәсіпорындардың кредиттік өтінімдерін қарастыру және бекітуді еншілес кәсіпорының ішкі құжаттарына сәйкес еншілес кәсіпорының уәкілетті/алқалы органы жүзеге асырады. Нормативтен тыс және лимиттен тыс кредиттік өтінімдерді еншілес кәсіпорының Директорлар кеңесі Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген тәртіпте Бас Банктің тиісті Кредит комитетінде алдын ала қарау кезінде бекітеді.

2023 және 2022 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (миллион теңгемен)

АПКМ

Ақша тарту және оны орналастыруға байланысты банктік қызметтің кірістілігін ұлғайту және тәуекелдерді шектеу, сонымен қатар активтер мен пассивтерді басқару жөнінде орта мерзімді саясатты белгілеу мақсатын көздейтін Банктің алқалық органы. АПКМ-ның басты мақсаттары: өтімділікті басқару, нарық тәуекелін басқару, Банктің қаржы тәуекелдерін басқару жөніндегі атқару органдарының қызметіне тиімді бақылауды қамтамасыз ету және Банк тәуекелдерін азайтудың басым бағыттарын анықтау.

АПКМ, сондай-ақ контрагент банктерге елдік лимиттер мен лимиттер белгілеу функцияларын жүзеге асырады. АПКМ Директорлар кеңесіне есеп береді.

Банк Басқармасы

Бас Банктің кредиттік комитетінің, филиал желісі кредиттік комитетінің, Бас Банктің бөлшек бизнестің кредит комитетінің өкілеттіктері шегінен шығып кететін немесе филиал желісі кредит комитетіне, Бас Банктің бөлшек бизнестің кредит комитетіне белгіленген лимиттен асатын кредиттік өтінімдер Банк Басқармасында қаралады.

Тәуекелдер жөніндегі комитет

Комитет Директорлар кеңесі жанындағы алқалы орган болып табылады және тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін және Банкте ішкі бақылауды қалыптастыру, оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету бойынша функцияларды жүзеге асыруда көмек көрсетеді және Директорлар кеңесін Банк қабылдайтын тәуекелдердің деңгейі туралы хабардар етіп отырады.

Директорлар кеңесі

Банктің меншікті капиталының 5%-нан асатын сомаға берілген кредиттік өтінімдер, сондай-ақ Банкпен ерекше қарым-қатынаспен байланысқан тұлғалармен жасалатын мәмілелер Директорлар кеңесінде қаралады.

Кредит тәуекелінің ең жоғары мөлшері

Топтың кредит тәуекелінің ең жоғары мөлшері нақты активтерге тән жекелеген тәуекелдер мен жалпылама нарықтық тәуекелдердің әсеріне қарай елеулі өзгеріске ұшырап отырады.

Төменде беріліп отырған кестеде қаржы активтері мен шартты міндеттемелер бойынша кредит тәуекелінің ең жоғары мөлшері көрсетілген. Баланс шоттарындағы қаржы активтері үшін кредит тәуекелінің ең жоғары мөлшері активтерді есепке алуды және міндеттемелер мен қамтамасыз етуді қоспағанда осы активтердің баланстық құнына тең болады. Қаржылық кепілдіктер мен басқа шартты міндеттемелер үшін кредит тәуекелінің ең жоғары мөлшері кепілдік төлемі қажет болған

кезде немесе ашық кредит желілері бойынша несиелер талап етілген жағдайда Топ төлеуге тура келетін ең жоғары соманы білдіреді (22-ескерту). Кепілмен қамтамасыз ету осы кепіл қамтамасыз ету ретінде алынған қаржы құралының баланстық құнымен көрсетіледі.

2023 ж. 31 желтоқсан		
	Есепке алудан кейінгі кредит тәуекелінің ең жоғары мөлшері және кредит тәуекелінің таза мөлшері	Қамтамасыз ету
Ақша баламалары*	1 063 260	39 052
Міндетті резервтер	244 866	
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (үлестік бағалы қағаздар шегерілгенде)	427 415	
Кредиттік мекемелердегі қаражат	171 754	
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері	2 416 272	
Күтілетін кредиттік залалдар бойынша резервтерді шегергенде амортизацияланған құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар	725 343	
Клиенттерге берілген қарыздар	9 284 872	7 849 080
Өзге қаржы активтері	81 766	
Шартты қаржы міндеттемелері (провизиялар шегерілгенде)	994 269	45 279

* Бұл сома қысқа мерзімді қарыздар мен бастапқы өтеу мерзімі 90 күннен аспайтын салымдарды білдіреді, бұлар ақшалай қаражаты мен оның баламасының құрамына кіргізілген.

2023 және 2022 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (миллион теңгемен)

2023 жылғы
31 желтоқсанда
аяқталған жыл іші
шоғырландырылған
қаржылық есептілігі
және Тәуелсіз
аудиторлар есебі

	2022 ж. 31 желтоқсан	
	Есепке алудан кейінгі кредит тәуекелінің ең жоғары мөлшері және кредит тәуекелінің таза мөлшері	Қамтамасыз ету
Ақша баламалары*	1 753 870	17 152
Міндетті резервтер	259 544	-
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (үлестік бағалы қағаздар шегерілгенде)	290 257	-
Кредиттік мекемелердегі қаражат	135 655	-
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері	2 100 315	-
Күтілетін кредиттік залалдар бойынша резервтерді шегергенде амортизацияланған құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар	1 019 089	-
Клиенттерге берілген қарыздар	7 857 902	6 806 961
Өзге қаржы активтері	78 186	-
Шартты қаржы міндеттемелері (провизиялар шегерілгенде)	752 569	63 730

2023 және 2022 жж. 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша есепке алудан кейінгі кредит тәуекелінің ең жоғары мөлшері және кредит тәуекелінің таза мөлшері арасында айырмашылық жоқ.

* Бұл сома қысқа мерзімді қарыздар мен бастапқы өтеу мерзімі 90 күннен аспайтын салымдарды білдіреді, бұлар ақшалай қаражаты мен оның баламасының құрамына кіргізілген.

Кредит тәуекелінің айтарлықтай ұлғаюы

4-ескертуде айтылғандай, Топ құнсыздануға қатысты талап етілетін барлық қаржы активін бастапқы таныған сәттен кредит тәуекелінің айтарлықтай ұлғаю жағдайына мониторинг жүргізеді. Кредит тәуекелінің айтарлықтай ұлғаюы анықталған жағдайда Топ кезекті 12 айда ғана емес, кредит берудің бүкіл мерзімі ішінде күтілетін кредиттік залалдардың шамасы негізінде бағалау резервінің шамасын есептейді.

Топ кредит тәуекелінің бағалауын тәуекелдер үшін дефолт ықтималдылығының уақыттық құрылымын анықтаудағы негізгі үлес ретінде пайдаланады. Топ құзыреті немесе аймағы бойынша, сондай-ақ өнім мен қарыз алушы түрі бойынша, кредит тәуекелін жіктеу бойынша талданған кредит тәуекелі бойынша тиімділік және дефолт туралы ақпарат жинайды. Пайдаланылатын ақпарат бағаланатын портфельге байланысты ішкі және сыртқы болып табылады. Топ активтер портфеліне кредит тәуекелі айтарлықтай ұлғайғандығын анықтау үшін әртүрлі критерийлерді пайдаланады. Критерийлер ретінде дефолт ықтималдылығының сандық өзгерістері де сапалық өзгерістері де пайдаланылады.

